# СӘЎИТ МҰҚАНОВ

# СӘБИТ

Таңдамалы шығармалар

Он алты томдық

«ЖАЗУШЫ»
БАСПАСЫ

# Таңдамалы шығармалар

## Он екінші том

### ПОЭМАЛАР

АЛМАТЫ—1977

К 232
М 84

018331

**Мұқанов Сәбит.**
**М 84** Таңдамалы шығармалар, 16 томдық.
Алматы, «Жазушы», 1977.
т. 12. Поэмалар. 392 бет.

**М** $\frac{0733-061}{402(07)77}$ **2—71** **Қаз 2**

012

# С Ұ Л У Ш А Ш

## КІЛТ

(Толғау)

Жалғанда табынатын тәңірім табым,
Табы жоқта «тәңірі» жоқ — күні жарым,
Табым десем бұлақтай таудан аққан
Өн бойымды шымырлап билейді ағын.
Қияға өрлеп, қырандай қанат жәйып,
Табым десем — қозады «аруағым».
Түпсіз қара тұнықта суды кешсем,
Топ — қолыма медеу ғып ұстар талым,
Көзсіз көрдей басыма күндер туса
Табым қолда жарық қып ұстар шамым.
Менің табым — еңбекші — еңбек ері,
Онсыз менде көрген күн бұлдыр сағым.

Бесіктен-ақ маған тап белгі таққан
Тапты шаққан бесікте мені шаққан,
Сап-сары ала, сап-сасық жөргектерде,
«Іңгә» орнына уілдеп «тап» деп жатқам.
Есті біліп, етекті жапқан кезде,
Табыма оғын атқандар маған да атқан.
Сақылдаған өмірімнің аязында
Тапқа мұз боп қатқан кек, маған қатқан,
Менің кегім мың жылдық таптың кегі,
Ол кек құл, құл болғалы келе жатқан.
Табым кегін алуға аттанғанда,
Дүрмекке еріп, кектенгем, мен де шапқам.
Менің-дағы, мен сүйген тапты-дағы
Көгендеуден Октябрь таңы ағытқан.

Жылы суға суық қол малынғанмен,
Томағасы көзімнің алынғанмен,
Ілесе алмай қалмасам өзім шаршап,
Маған айқын жүрер жол салынғанмен,

Кеше маған кіжіңдеп қожа болған,
Бүгін құл боп, бас иіп бағынғанмен,
Кешегі күн күрмелген үнсіз тілім,
Бүгін сырын ақтарып ағылғанмен,
Кешегі күн бит тескен жауырының,
Бүгін бүтін шүберек жамылғанмен,
Кешегі күн іздеген жоғым түгел,
Бүгін қайда болса да табылғанмен,—
Кешегі өткен өмірім әлі есімде,
Ол өмірден бүгінде арылғанмен.

Өткен өмір ұқсайды соққан желге,
Оны еске аламыз — тап та, мен де.
Не көрмеді, басынан не кешпеді
Октябрьдің өткелін кешкен пенде?!
Бұл өткелде кім өліп, кім өшкен жоқ,
Кім түспеді өткелде сергелдеңге?!
Кім шопылдап батпады дарияға,
Дауыл соққан кемелер тербелгенде,
Октябрьдің өткелін өткенше тап,
Құрбан болды талайлар ерлерден де.

Домбырада бір күй бар «Көкей кескен»
«Көкей кескен» ұға алсаң шықпайды естен,
Бір кезде сол «Көкейді» алмас қанжар,
Жылы қанын ағызып шаншып тескен,
«Көкей» өлген, көш көшкен, тұрмыс көшкен,
«Көкей кескен» тұрмыспен бірге көшкен.
Домбырада зарланған күйі қалып,
«Көкей» өлген, суынған өмірі өшкен.

«Көкей кескен», шынында, Алтай зары,
«Көкейінен» Алтайдың аққан қаны,
Талай-талай жүз жылдар өтіп жатыр
«Көкей кескен» сол қанды жырлағалы.
«Өлді, өшті, жүректе кегі кетті,
Қор боп өлді сабаз» деп ымдағалы.
Қашан таптың біткенше таптық кегі,
Талай ерлер бұл күйді жырлар әлі.

Қытай менен Қырымның арасында,
Хандардың қан ағызған даласында.
Еділ, Жайық, Нұра, Есіл, Шу мен Ертіс.

Сырдария, Сарысу жағасында.
Орал, Алтай, Алатау — асқарлардың
Биік құзды салалы сағасында.
Нелер Алтай өмірмен қош айтысқан,
Хан, батыр, бек пен байдың таласында,
Менің жырлар Алтайым — сол Алтайлар.
Бір Алтай болуы анық, расында.
Ескі өмір құрысын, құмар емен,
Ескіге емес, алдағы күнге сенем.
Бірақ, ескі өмірдің мұңды зарын,
Жаңа өмірге бейнелеп айтып берем.
«Көкей кесті» өткеннің айнасындай,
Ұққандарға Алтайдың сыры терең.
Күйдің кілтін осымен бұрап ашып,
Енді күйдің тұп-тура өзіне енем.

## I БӨЛІМ
## САЙРАН
### 1

Бай болған дәулеті мол Тілеуберді,
Байлығынан меңгерген тамам елді.
Төрт түлік мал өргенде құрттай қайнап,
Құмырсқадай қыбырлап жапқан жерді.
Тор-қасқалы, қазмойын жылқыларын
Екі-үш мыңдап он шақты қосқа бөлді.
Түйелері түздерде бота тауып,
Қойы жүрген жерінен қозы терді.

Тілеуберді жасынан жігіт жиды,
Тоқсан торқа оранып киім киді.
Қыран тазы қолында жұбымен боп,
Қасқыр, түлкі, кікті тау гып үйді.
Жаз қаршыға, лашын, тұйғын салып
Дабыл қағып өзеннің бойын шүйді
Көшелі түскен кісіге қыдыр болып,
Теріс ыңғайға келгендер отқа күйді.
Ашақ майды ағызып ауызынан,
Пенде қылды елдегі батыр, биді.
Айғырындай құланның одыраңдап,
Бет алдына жан шықпай басын иді.
Есіл менен Талас сай арасынан,

Теріс аққанның теріс жақ жағасынан,
Жеті атасы мекен ғып келе жатқан
Даңқты ата болғалы о басынан.
Одан көшсе Шортанды, Теңізді өтіп,
Бір мекен ап Соналы сағасынан,
Кейін беттеп қайтатын күзге қарай,
Құлан өтпес Нұраның даласынан,
Қыс Қорғалжың басына үйін тігіп,
Кетпейтұғын ықтасын саласынан.

Жас кезінде қыз таңдап кезіп елді,
Өз бойына лайықты іздеп теңді,
Мың жылқыны біржола матап беріп,
Алтынай дейтін сұлуды алып еді.
Тоқсан нарға жүк артып безеп, жасап,
Алтынайға әкесі құл, күң берді.
Шұнақ деген жігіт пен Тезек атты
Бір жас қыз, құл, күндермен ере келді.

Шұнақ пенен Тезек те қосты көңіл,
Құлдық, күндік болса да көрген өмір,
Өздерінше қызықты дәурен сүрі›
Тәтті өмір тәрізді болды о бір.
Шөккен түйе, көгенді қозы арасы,—
Жататұғын мекені күл мен көмір.
Сөйтіп Шұнақ Тезекпен осы өмірде
Тірі жанға сездірмей жүрді үш-төрт жыл.
Содан кейін құрсақты болып Тезек,
Торсық шеке, ақ сазан тапты бір ұл.

Ұл туды деп шашулар шашылған жоқ,
Қатын жиып қалжа да асылған жоқ.
Шілдехана жасауға туған күні
Екі адамның басы да қосылған жоқ.
Жөргегі жоқ, қап-қара құрымға орап
Алса да, жанның жаны ашыған жоқ.
Алтай деп әлдекалай атын қойды.
«Азанменен» құлағы ашылған жоқ.
Шұнақтың ақжүрегі қуанғаннан
Көпке шейін дүрсілдеп басылған жоқ.

Жан туды деп еш адам елеген жоқ,
Шүмек салып бесікке бөлеген жоқ,

Көзі көрсе,— «Шұнақтан шұнақ туды,
О да не оңар дейсің» — демеген жоқ,
Қарақұрым ішінде шегі қатып,
Жылағанда, тірі жан жебеген жоқ,
Сонда-дағы өлген жоқ өсті Алтай,
Торсық шеке, ақсазан көбеген боп.

Күн-күн санап толқыды туған айдай,
Қап-қара көз, қыр мұрын, қасқа маңдай,
Қаз мойынды, кең иық, сұлу тұлға
Тіп-тік боп тауда өскен қарағайдай.
Кір-қожалақ табанын тас тілсе де,
Жүдемеді, үдеді гүл боп жайнай.

Қозы бақты, қой бақты, отын жақты,
Ерте тұрып үнемі кешке жатты.
Құлдан туған неме деп көзге шұқып,
Кім көрінген бір сабап шырылдатты.
Ит-құс төңір іркітіп оған беріп,
Бәрі де жастан үстады қысып қатты.
Сол бейнеттің бәрін де көргенімен,
Болып өсті ер Алтай ер сымбатты.

Бір дорбаң, жасынан бір бетті болды.
Кекшіл қасқыр сықылды кекті болды.
Ауызынан шыққан сөзден қайтпайтұғын,
Сол ұстағыш қажырлы, сертті болды.
Сол бірбеткей бетінен қайтпаймын деп,
Жасында талайлардан тепкі көрді,
Бала күшпен әлдінің қылығы өтіп,
Жас күшпен өзегі өртті болды.

## II

Екі-үш жылдай отасып Тілеуберді,
Түсінші, Алтынайдан бір қыз көрді,
Сұлушаң қойын атын, ұлан-асыр
Той жасап дүрілдетті бүкіл елді.

Ай мен күндей нұры бар жалғыз ару,
Бесіктен-ақ бал болып мәпелеңді.
Ержеткенде күн түсіп бұғағынан,
Таң қылды сұлулығы көргендерді.
Он алтыға келгенде қыздың жасы,

Төгіліп тізесіне түсті шашы,
Қаламмен жалғыз сызық тартқандай боп,
Қиылды қап-қара боп қиғаш қасы,
Қарақат көз, қыр мұрын, ұзын кірпік,
Тістері меруеттің тізген тасы.
Бетінен нұры бөртіп, қаны тамған,
Толқыған сұлу айдай кесер басы.
Мойыны иірілген аққу-сынды,
Тамағы торғындай боп тартты күнді.
Қып-қызыл жұқа ерін, оймақ ауыз,
Қиылып құмырсқадай белі үзілді.
Сүйрік саусақ, жұп-жұмыр жұмсақ білек,
Орта бойлы- шалқақтау ер пішінді.
Көз қарасы көргенді күндей ертіп,
Ішпей-жемей мас болып көзін жұмды.
Есіркеп, әлдеқалай құты түсіп,
Не керек, бай табиғат берген нұрды!...
Басына бәт-құндыздан киді бөрік,
Тізеден қара шашты жіберді өріп,
Шеберге шашын ылғи маржандатты.
Бір рет өргеніне бір ат беріп,
Бірі күтіп, біреуі нөкер болып,
Соңынан сұлу қыздар жүрді еріп.
Өз алдына оңаша бір ауыл боп,
Алты отауды ақ күмбез тікті бөліп.
Өңшең торы қасқалы жорғаларды,
Тұрмандатты шұп-шұбар күміс көміп,
Қай уақытта серуенге шығам десе,
Бәрі даяр керегі, өзінде ерік.
Сандалды ел мырзасы болып ғашық,
Талай жорға, ішікті төкті шашып,
Бетпе-бетте бір ауыз сөз қата алмай,
Сұлудың маңайынан жүрді қашып,
Бетіне сұлу жанды қаратпады,
Сөзге шешен, ақ жарқын, мінезі ашық.
Толған айдай толықсып гүлдей жайнап,
Күннен-күнге сұлулық өрледі асып.

## III

Сұлушаш бала еді аз жыл бұрын,
Балалық өмірдің жәй терген гүлін,
Не дегенін істетіп, еркелетіп,
Тілеуберді «қыз» демей, деді — «ұлым»...

Неше түрлі қуыршақ істеп сұлу,
Отауда отыратын жиып «жүгін...»
Сол кезде қозы баққан Алтай бала,
(Сауыс боп үсті-басы қарақұрым),
Соқтығып ойнаған боп қағып кетіп,
Көретін Сұлушаштың тартып сырын.
Сұлушаш сол мезетте күлімсіреп,
Алтайға аударатын көздің қырын.
Өйтетіні, Алтайға біткен тұлға
Байланбаған мүшелі сұлу құлын.
Ол кезде екеуі де құлын еді,
Құлындай ойнап қана күлімдеді.
Ержеткенде ол ойын у болуы
Оларға бала кезде білінбеді.
Қызарып шыға қалған қос қызғалдақ,
Суық желді өмірмен үрілмеді.
Неге екенін сезбеді өздері де,
Қарасса жүректері дірілдеді.
Ойнақшып қара көздер жаутаңдасып,
Қып-қызыл еріндері күбірледі.
Жастық-мастық, балалық бәрін жеңіп,
Өмірдің шын пердесі түрілмеді.

* * *

Май туып, жер құлпырып, шешек атты,
Даланы мың құлпырған бүліс жапты.
Сай суларға мөлтілдеп, өзен-дағы,
Сылқ-сылқ күліп бұраңдап төмен ақты.
Жылы жаздың мейірі ағаштарға
Сыдырағаң, төгілген шолпы тақты,
Ой да, қыр да сайраған әнге толып,
Бұлбұл даусын құбылтып балбыратты,
Жанды-жансыз, жаз тойын қарсы алып,
Рақатқа бөленеден келе батты.
Басталды ел ішінде жазғы сайран,
Қымыз тілер күн туды жарлы байдан.
Құрық көріп, құландай жытса-дағы,
Байланбаған аз қалды құлын-тайдан.
Жыл тәулік боп желінің басын көрді,
Лашық үйдей биелер, жалын жайған,
Талай-талай айғырдың сауырына,
Жылдағы ырым,— ақ-ала құйылды айран.
Өлеңің өнебойы елге толды,

Қыс бытырап кеткендер қоңсы қонды.
Кезек-кезек ерулік әкелісіп,
Ел менен ел жүргізді «ата жолды».
Жастау жағы қымыз бен қызды бағып,
Кәрілері кездік ап жая жонды.
Қымызы бар, еті бар, аты барлар
Рақатқа бөленіп қарық болды.

* * *

Сәске еді. Нұры балқып, қайнады күн,
Желіге Алтай әуел байлап құлын,
Үйге қарай қайтқанда, ақ отауға
Жүрші деп жүрек соқты бермей тыным,
Есікті ашып үйге кіріп келсе,
Сұлушаш шашын тарап отыр қырын.
Сүйіктей саусағымен шашын ашып,
Жымиды келгендігін көріп мұның.
Қанша арбап қылмыңдап жүрсе-дағы,
Бұлай қарап көрмеген бұдан бұрын.
Маңдайы сықылданып күміс теңге,
Жарқ етті шашын ашып жібергенде,
Бота көзі жарқылдап, жанған шамдай
Мөлтілдеді беттегі қара мең де.
Буындары әлсіреп, ғашық Алтай
Сұлушаштың қасына барды төрге:
— «Сұлушаш! -- деді ақырын езу тартып,—
Бұл үйде жан жоқ екен бізден өңге.
Сені ойлап, жүрек толқып мазамды алды,
Тиыш қыл мені сәулем көңіл бөл де,
Болмаса, өз өртіңе өзің күйіп,
Шоқ болып біраздан соң сөніп өл де».
Сұлудың ұялғаннан беті күйді,
Бірақ айтқан зарлы наз жылы тиді.
Кет әрі еместігін білгеннен соң,
Алтай кеп Сұлушашты беттен сүйді...
Не керек, ұзын сөзді қысқартқанда,
Сол түнге куә қылмақ болды ақ үйді.
Ақ үйден Алтай шыға келген кезде,
Сұлудан басқа бір ой түсті лезде:
Ата, енесін сұлудың ата, енесі
«Құл, құң» деп күнде-күнде шұқып көзге,
Ұрып-соғып, Алтайдың өзін-дағы,
Жасынан қой бақтырып қылған кезбе,

Мойнақ төсеп, иығына құрық іліп,
Денесін жарытпаған бүтін бөзге.
Табанын инедей боп шөгір тілген,
Нәлет қамыт мойнына мықтап ілген.
Баққан қойдан бір қозы жатып қалса,
Ішкен асы бойына зорға сіңген.
«Күңнен туған ит-шошқа, шұнақ құл» деп,
Тілеуберді шағатын улы тілмен.
Ер Алтайды улы ой жегідей жеп,—
«Өлген артық — дейтұғын — бүйткен күннен».
Сұлудың рас болса берген серті,
Алтайдың шықпақ бүгін іштен дерті.
Құлдық күнде қожаның қызын сүйсе,
О заманда басына алған «еркі».
Солқылдаған, мықынын басып жүрген
Мырзалардан бір озбақ өзі келкі.
Әттең «құл» деп танылған атақ қана,
Әйтпесе кем туған жоқ ақыл, көркі.
Үйіне қарай Алтай қойды бетті,
Хиял шарлап шырқады төңіректі,
«Денім сау боп, Сұлумен көңіл қоссам,
Ежелдегі алам ғой байдан кекті».
Деп үміті ұмтылып көкке өрлеп,
Бір жақ ұшы шұбалып күнге жетті.
Сол ойда келе жатып, қарақұрым,
Асқа тіккен күркеге тұрған шеткі,—
Отау жақты айналып бір шолды да,
Қасқа маңдай қасқиып кіріп кетті.
Түн болды, ауыл-аймақ, түгел жатты
Жұлдыздар әлденеге жымың қақты,
Түн күзетіп, Алтайдың жас жүрегі
Тыным бермей ойға да, қырға шапты.
Бір кезде толған айға тәжім қылып,
Отауға еніп Алтай есік жапты.
Алдынан күндей Сұлу қарсы шығып
Сыбырлап — «мұнда кел!» — деп қолдан
тартты...
Бір сүйіп бота көзді құралайды,
«Таң атты, енді жату ұнамайды» —
Деді де тұрды Алтай, Сұлу сонда:
«Жүрегім шыдамайды, шыдамайды!..» —
Дей беріп, ақ білекті Алтайға артып,
Алтайдың ыстық жаспен бетін шайды.

Есіктен шықса Алтай, алтын таң да,
Қызарған алтын сәуле берген маңға.
Сиыр мөңіреп, қой маңырап, түйе боздап,
Өріске өріп барады барлық мал да.
Ауыл өлік, түк нәрсе сезінбестей,
Малшылар жүр оянған мал жақ маңда.
Баса қарап ер Алтай бар әлемді,
Өзін бүгін санады мұңсыз жанға.

## IV

Басқаны Сұлушаштың сүйері жоқ,
Алтайдан басқа көңілі иері жоқ,
Кездескен қай мырзаға көз салса да,
Ішінде тап Алтайдай біреуі жоқ.
Алтайдың тілі оған бұлбұлға ұқсас,
Сөйлесе майдай майда, сүйегі жоқ.
Тәңірісі табынатын жалғыз Алтай,
Өзінше одан артық киелі жоқ.
Алтайды көрмегелі көптен бері,
Жүрекке сағыныштың толды шері,
Отарға жылқы айдап кеткен Алтай
Жыл болды міне елге келмегелі.
Алтайдың қосы жүрді Нұраны өрлеп,
Жылқыны салған қысқа, жайлы жер деп,
Сол бет алған жағынан жазғытұрым
Қос көшіп Құланөтпес жаққа келмек.
Сәуір туып, қар беті қабыршыққа
Айналғанша, көшті ол қосын теңдеп,
Бұл бет алған маңайда, ат жететін
Орында, қатынасар ешбір ел жоқ.
Қыс маужырап, жылқыны қысып кетпей,
Қыс тентегі — боран да зәрін төкпей,
Жылқышылар жайланды рақатта,
Бір адамға батыра суық өтпей!
Жер отты, қыс та жайлы болғандықтан,
Семіздің басы жерге қалды жетпей.
Быртиып жылқышылар семіріп ап,
Беттері қара-күрең болды өрттей.
Алтай да осылардың арасында,
Жапанның ақ кебіндей даласында.
Ойынан жатса-тұрса шықпай сұлу,
Көңілсіз, қосылып жүр қарасынға.
Түн болса «күзетке» деп қосқа келмей,

Кетеді екі іңірдің шамасында.
Жүреді түні бойы жұлдыз санап,
Ғашығын іздеп, көзін көкке қадап,
Ермегі сүмбі-сынды Торытөбел
Оқтаудай ішін тартып қатқан жарап.
Есіне сұлу түсіп кеткен кезде,
Екпінмен шырқап тұрып әнге салад...
Бір күні жүргенінде жылдай болып,
Жаз жақындап, жылыды қар да еріп.
Қыстай көшкен қос та енді кейін қарай
Бетін бұрды ел жаққа бейімделіп,
«Сұлуыма бір табан жақындадым»—
Деген жанша, Алтайға ажар еніп,
Күндіз-түні ат үстін босатпастан,
Жүре берді қуанып, көңілденіп,
Қос сол көшкен бойымен жер қарая,
Құланөтпес түбіне қарай келіп,
Тігілді де, жылқыны тоқыратты,
«Келдік» деп иесіне хабар беріп.
Түс еді, жылқы біткен жусап жатқан,
Алтай мен бір жолдасы жылқы баққан,
Аттарын қаңтарысып отыр еді,
Көрінді бір салт атты ауыл жақтан.
Алыстан аттың түсі қылаңданып,
Қара құйрық желпеңдеп бұлаң қаққан.
«Бұл кім!» деп көз тігісіп отырғанда,
Бір жігіт келе қалды жорғалатқан.
Терлеген боз жорғасы бүлкіл қағып,
Толқыған толқындай боп ырғаланып,
Аузынан ақ көбігі бұрқ-бұрқ етіп,
Тайпаңдап «ә» дегенше келе қалып.
Қараса Сейіл дейтін жігіт екен,
Атынан түсірісті бұлар танып.
Жайласып, амандыққа келгеннен соң,
Алтайды шықты Сейіл оңаша алып.
— «Келіп ем — деді Сейіл,— әдей саған,
Тапсырды бір аманат сұлу маған».
«Алдымнан жұма күні қарсы шықсын,
Алтайды сай басында тосып алам»—
Деп мені хабаршыға салып отыр,
Сөзімде жалған бар деп болма алаң.
Сенімен осы арада уәделесіп,
Ауылға көп кідірмей қайта барам.

Алтайдың тұла бойы шымырлады,
Жүрегі дүрс-дүрс соғып жыбырлады.
Жалғыз-ақ жыр сақтағыш сұрша беті,
Білдірмей сасқандығын құбылмады.
Бұл хабардың не хабар екендігі,
Әрі ойлап, бері ойланып ұғылмады,
Ой келді: «бұл сұлуға не боп кетті,
Бұл қалай тым ыстықтай сұғынғаны?» —
Ер Алтай шіміркеніп қабақ қатты,
Шыжытқан ыстық күннен тер де ақты.
Кенеттен келген хабар, түсініксіз...
Ішіне қосымша ғып тағы от жақты.
Әрі ойлап, бері ойлап келгенінде,
Шығып қарсы алуды мақұл тапты.
Сейілге жауап күтіп жаутаңдаған,
«Жарайды... Барайын!»— деп сөз ұстатты.
Қайсарды бүгін Алтай қасына ерткен,
Ол оған тату құрбы болған көптен.
Сейілдің сөзін айтып Қайсарға Алтай,
Ақтарды сырын түгел судай төккен:
— «Сұлушаш жанған жұлдыз маған бола,
Көрсетіп жарқын нұрын әуре еткен.
Жасырып сенен сырды не қылайын.
Сұлуды аламын деп мен ант еткем.
Адам болып өмірде жасау қиын,
Таятын болсам егер осы серттен.
Қане, Қайсар, айтатын ақылың не?
Жәрдем тілеп, алдына жолым шеккен»
— «Мұныңның бәрі мақұл — деді Қайсар,—
Бірақ, іске аптықпай кіріс еппен!»

## V

Кеш болды көктің жүзін бұлт жапты,
Баяу жел біраздан соң дауылдатты,
Ымыртта атын ерттеп мініп Қайсар,
Әкелді жарап жүрген екі атты.
Қос алдында жалындар жалп-жалп жанып,
Бақырда ет бұрқылдап қайнап жатты...
Ет жеді жылқышылар майлап мұртты,
Ақ майға томпаңдатып толтырды ұртты.
Алтай еттен дәм татпай отырып қап,
Сіміріп жалғыз аяқ қымыз жұтты.

Алдағы өмірлерін елестетіп,
Көзімен шолып отыр көрген сыртты.

Тортөбел қайшыланып құлақтары,
Қасынып артқы аяқпен жібек жалын,
Пысқырып тұяғымен жерді тарпып,
Шелектей желпілдетіп танауларын.
Есінеп желге қарап ішін тартып,
Керіліп төстіктей боп созды таңын...
Ер Алтай Тортөбелге көзін қадап,
Деп отыр: «Жолың болсын жануарым!»

Бір кезде Алтай, Қайсар атқа мінді,
Қаруға қарларына сойыл ілді.
«Күзетке барамыз» деп сұрағанға,
Перде ғып аттанысты қара түнді.
Бұлардың қандай жаққа баратынын
Серік боп ілесетін жел-ақ білді.

Төбеден қап-қара боп бұлт көшті.
Ысқыртып аттың жалын жел де есті.
Қараңдап қарақұрай төңіректе,
Бұларға «жол болсын» деп есендесті.
Қыл-ұшы құйрығының ағараңдап,
Жолшыбай қосаяқтар алдын кесті.

Сарлатып қос Тортөбел тартты желіп,
Тер шығып бойларына кірді желік.
Аузымен ауыздықты сүзе шайнап,
Ойнады үстерінде аппақ көбік,
Танаудан будақ-будақ дем шығарып,
Желпілдеп желбезегі делеуленіп,
Түйілтіп қайшылатып құлақтарын,
Келатқандай хауыпты көзі кәріп.
Пысқырып анда-санда бас изейді,
Шаршамай келемін деп дыбыс беріп.

Сарлатып талай-талай жерден өтті,
Жазық дала, белесті өрден өтті.
Жарысқан желмен бірге отты жүрек,
Алтайды әлденеге дірілдетті.
Қара түн қап-қара боп маужырап тұр,
Түнеріп төрт құбыладан төңіректі,
Сар желіп сол ағызған бойыменен,
Екеуі уәде қылған жерге жетті.

018331

Таң атып келе жатыр түнді қулап,
Жер жүзін шық басқан қалың булап,
Бет алып күн шығыстан күн батысқа,
Бұлттар көшіп жатыр будақ-будақ.
Өзеннің қошеметшіл көп құстары,
«Хош келдің, жолың болсын!» десті шулап,
Өзен де жар астында сар-сар ағып,

Көпіршіп әлденеге жатыр тулап.
Құлақ түрді, еш дыбыс білінбеді,
Шыдамай шерлі жүрек дірілдеді
«Асықпа, кешікпейді, келеді» деп,
Майда жел құлағына күбірледі.
«Екі жас ұяларсың, мен кетейін»—
Деп шолпан езу тартып күлімдеді.
Қоңыр қаз долы өзеннің жағасында,
«Мұншама ерте жүрген бұл кім?!» деді.
Жан-жаққа Алтай көзін сап тұрғанда,
Оң жақтан естілді аттың дүбірлері.

Дүбірге Алтай, Қайсар құлақ салды.
Со жақтан аттыларды көзі шалды.
Таң еркін бозармаған, ала сәуле,
Әуелі анықталмай, бұлдырланды.
Уқалап көзін тағы қарап еді,
Боз жорға көз алдында оттай жанды.
Үстінде Сұлушаштың ақ үкісі
Теңселіп самал желге бұлғаланды.

Екеуі Сұлушашты енді білді,
Мінісіп аттарына қарсы жүрді,
Сұлушаш жақын келіп аттан түсіп,
Алдына Алтайының тәжім қылды.
Құшақтап екеуінің көріскенін,
Өзен, таң, Қайсар, қыздар көріп тұрды.
Шөп етіп Алтай беттен сүйіп алды,
Сұлушаш езу тартып қана күлді.
Көп тұрсақ көзге ұшырап қалармыз деп,
Қайтадан бәрі тағы атқа мінді.

Жолшыбай мәз-мәйрам боп қарқ-құрқ күліп,
Қайсар да нөкерлерді сөзбен іліп,
Сұлушаш Алтаймен ат үстінде,

Келеді құшақтасып сайда жүріп.
Жол ашты шық басқан жасыл шөптер,
Майысып басып иіп, тәжім қылып.
Шуылдап өзен үсті әнге толды,
Бүгінгі шат көңілді құс та білді,
Бөлмеуге екі жастың әңгімесін,
Басылып жел жадырап болды тымық,
Жарыса аққан өзен мөлдіреніп,
Сыр бермей күп-күрең боп қалды тұнып.

Сөйлесе Қайсар қандай тілге шебер:
— «Арулар, сөзім мақұл көрінсе егер,
Сұлу менен Алтайды оңашаға
Жіберейік, кешіксек біреу көрер.
Ойнап-күліп бір жерде думан қылып,
Бұл ара емес отырып орын тебер».

Арулар айтқан сөзді қабыл алды,
Бөлініп бір тасалы жерге барды.
Қайсар да олармен бірге кетіп,
Сұлушаш Алтайменен жеке қалды.
Екеуі сол арада құшақтасты,
Жамылып үстеріне жасыл талды.
Үстінен қошаметтеп ұшты аққу,
«Қайырлы болсын» — айтып шырқап әнді.

Сығалап сұлу күн де күлімдеді,
Жел сыбырлап құлаққа күбірледі,
Қосылған жас жүрекпен қоса қабат,
Талдардың жапырағы дірілдеді.
Өзеннің қабағында қоңыр қаздар.
«Мұншама құмарланған бұл кім?!» деді.

Қарақат төне қарап мөлдіреді,
Жасыл жапырақ перде боп желбіреді.
Тал ішінде қызарып шыққан гүлдер
Шайқалып нарттай жанып үлбіреді.

Шықтар күмістей боп, жарқ-жарқ тамып,
Әр жерде бір мөлтілдеп селдіреді.
Бұтаққа қонып алып бұлбұл сайрап,
Ұзақ болсын қуаныш, сүю деді.
Бұлардан басқа, сүйген қос жүректі
Жалғыз-ақ қиядағы күн біледі.

Жүректің жалындарын басып енді,
Екеуі құшақтасып түрегелді.
Көптен бері жүректе топ боп жүрген,
Ақтарды іштерінен қалың шерді.
Сұлудан көзін алмай тесе қарап,
Ер Алтай «уһ», «Ойпырмай, уһ»—
дей берді.

Қайғысы ер Алтайдың бақ па, мал ма?
Не нәрсе күйінгендей батты жанға?
Болмаса өткен өмір уландырған,
Кәрілік келіп жеткен өлер шақ ма?
Немесе мынау сұлу табиғаттың
Алтайға ұнамаған жері бар ма?—

Жоқ! Оған бақ пен малдың керегі жоқ,
Қайғысы,— алды-артына сенері жоқ.
Өлетін халге жетсе жаны ашып,
Аузына әкеп сусын берері жоқ.
Алдында күндей күлген мынау сұлу,
Жандыра жүрегіне түскен бір шоқ.
Сол шоқты сөндірем деп жүргенінде,
Рақымсыз қандай күнге болады соқ.
Бәрін айт, бірін айт та, ит жоқшылық
Жүректі айнытады құсықтай боп.

— Алтайжан,— деді Сұлу оған қарап,—
Қарақат қара көзін тура қадап,—
Қыздың көрген қызығы бес-ақ күндік,
Мұндай дәурен басымнан өтеді әлі-ақ.
Міне мен он жетіге аяқ бастым,
Бұл өмір жиырмаға жетсе сол-ақ.
Өз алтын босағаңды аттаған соң,
Өмірге болғаның жай күйсіз қонақ.

Сүйіктің еркін басын ноқтаға ілді.
Құда түсіп айттырды бір жер дүмді,
Атастырған адамның теңі емеспін,
Сұрастырып ғашығың жаңа білді.
Өмірімде жар емес, жалын құшып.
Өткізбекпін құсамен көрер күнді,
Соны саған естіртпек болып бүгін,
Әдей келдім, төккелі іште мұңды!..»

Есіне түсіп барлық дос пен қасы,
Сұлудың мөлтілтеді көзде жасы.
Қыбырлап қызыл ерні тоңғандай боп,
Қабақта қимылдады қара қасы.
Әке де, шеше де жау, туған да жау,
Бар сенгені Алтайдың қара басы.

Неге екенін білмейді өзі-дағы,
Әйтеуір ауды соған ықыласы.
«Алтайжан, қайтемін!»— деп құшақтады,
Оралып мойынына жібек шашы.
Алтайдың мына сөзге мұздап іші,
Құбылып қырық түрленіп сұрша түсі,
Аузына айтатұғын түк сөз түспей,
Дей берді:
— «Құда болған қандай кісі?»
— «Ол атақты Байбосын, ұлы жүзде
Билік құрып аюдай батқан тісі.
Оған жесір бермеуге теңгермеуге
Үш жүзде де келмейді жанның күші.
Байбосынның жұмсары кектескенге,—
Шоқпарлы қол, сүйреген найза ұшы!»

— «Енді білдім, Сұлушаш, енді білдім!..
Қармағына түсіпсің мықты дүрдің.
Ол қармақтан құтқарып алу үшін
Қолынан не келеді мендей «құлдың!»
Мен жанымды қиямын құтқаруға,
Дерлік болсаң егерде «көзді жұмдым!»

Әкеңнің төрт құбыласы түгел дерлік,
Тізесін дәу-перінің бүгер дерлік,
Тік тұрса төбесімен көкті сүйеп,
Қолымен қос бүйірін тірер дерлік.
Сені берген қайының Байбосын да,
Үйретіп жолбарысты шідерлерлік.
Азуы алты қарыс өңшең аю,
Оңайлықпен бере ме бізге теңдік.
Мұндай іске бел байлап, көз жұмғанда,
Қайратыңнан тысқары керек ерлік.

Ойласақ малда ғана күш пенен бақ,
Кім-кімде малы болса мықты болмақ.
Кім ат пенен ас берсе, елдің бәрі

Сойылын соғып соның, тілін алмақ.
Бір мені күл ғып көкке ұшырады,
Жағынған екі байға өңшең жалдап.
Қаптаған қалың аран іштерінен,
Әкету тағы қиын көзін алдап.
Мұндай бәле басқа кеп орнағанда
Құтылмақ талмайтұғын жүйрік саңлақ».

— «Алтайжан!— деді сұлу бір заманда,—
Нелер мұңды өткен жоқ бұл жалғанда!
Өкінгенмен өткен іс бұзылмайды,
Оған кейіп қажыма, назаланба!
Кешетұғын өткел көп екені рас,
Талай әлі қиындық жатыр алда.
Мен сендік!.. Сенер болсаң сырым осы,
Қосылмасам санама тірі жанға.

Құр қажудан, қажырлы арық қайрат
Ұнатсаң мен бір амал жүрмін ойлап,
Ұрын келсін деп әдейі атасқан-ды,
Шақыртуға белімді будым байлап.
Жамандығы шын болса жасқаншақтап,
Сенсе өзіне әлемге келер жайнап.
Менсінбеймін десем ол не қылады,
Азар болса бармағын кетер шайнап.
Жамандығын көзімен көрсе өзі,
Әкем-дағы уәдесін бұзып, таймақ.

Менің әкем тек сонда бүлінеді,
Уәдеден және де шегінеді.
Байбосын көнсе егер құдай иіп,
Малдары қайырылып беріледі.
Жау жағы тұлағанмен не қылады,
Азар болса біраз мал төгіледі,
Баласы жаман болып көзге түссе,
Болса да қандай мықты жеңіледі.

Көп ойлап менің ақылым соған жетті.
Демесін жесірімді бермей кетті.
Бүгін таң осы араға шақырғаным,
Ақылдаспақ болып ем осы кепті.
Қайтеміз, айла қылмай амал бар ма,
Тағдырдың талқысы әкеп соған жекті.

Алтайжан, жарай ма осы ақылдарым?»
(Алтай ойлап) — «Мен-дағы мақұлдадым!»
— «Бұл қалай деп түбінде ойламасын
Деген ой еді сені шақырғаным.
Байбосынның мырзасын көзіңмен көр,
(Күліп айтты) жездең ғой, жақындарың!»

Серттесіп бір-біріне қолын берді,
Ер Алтай Сұлушашқа жаңа сенді.
Құмарын баса алмаған екі жастың,
Сүйісіп шөп-шөп етті тағы да ерні.
Сұлушаш бір уақытта Алтайына
Бір алмас екі жүзді қанжар берді.

Қанжарды Сұлушаштан қолына ап,
Аударып екі жүзін қарап-қарап.
Ышқына бір күрсініп алдыдағы,
Қанжарды қойды Алтай жерге қадап,
«Білтелі қара мылтық тағы берем»
Деді Сұлу, қолымен шашын тарап,
Серттесіп, сөз байласып болғаннан соң,
Шақырып жолдастарын алдырды ат.

Сұлушаш нөкерімен аттанысты,
Сүйісті, құшақтасты, қол алысты.
Бозжорға ырғаландай басып шұлғып,
Баяғы келген ізге қайта түсті.
Артынан Алтай ұзақ қарап тұрды,
Ойлары болашақтың улап іште.
Қарасын Сұлу үзіп кеткен кезде,
Бұлар да өз бетіне жөнелісті.

## VI

Аттанып Алтай қайтып келе жатты.
Бұлт жадырап, күн қайнап отын жақты.
Торғай шырлап, шарықтап қияға өрлеп,
Тұс-тұстан қанаттарын жыбырлатты.
Жан-жақтың бәрі сұлу — күлімденіп,
Денені шаттық беріп шымырлатты.

Құрайлар ақ үкілі иіп басын,
Жас талдар жап-жасыл боп жайып шашын,

Қызыл гүл қызараңдап нарттай жанып,
Құбылды нұрға бөлеп дөң арасын.
Жасыл шөп жұпар шашып, жерді жауып,
Жүректің жазарлықтай бар жарасын.
Тап сол күн дүниеге келмейтін күн,
Айнала неткен шаттық таң қаласың!..

Тортөбел басын шұлғып бүлк-бүлк желді,
Денеден домалатып шып-шып терді.
Құйрығын сипаңдатып, басын шұлғып,
Жортақтап борт-борт басып ұтты жерді.
Жасыл шөптің астынан құрғақ топырақ.
Самалдан шаңғымақ боп дөңгеленді.

Тізгінді ер басына қазықбау шап,
Қамшысын мықынынан таянып ап,
Ағытып түймелерін омыраудың,
Жеңдерін шынтағынан түріп тастап,
Қабағы жабыңқы боп Алтай ердің,
Тұңғиық көкке көзін келеді сап.

Ғашығын көріп қайтты,— қуанбады,
Сүйісті, бірақ оған жұбанбады.
Үмітті ойы алдына алыс жатыр,
Көздеген мақсаттары тұмандады,
Сұм үміт сұп-сұр болып елес беріп,
Көктің бір қиырында қылаңдады.
Болмаса сағымменен бірге толқып,
Түлкідей таудан қашқан сылаңдады.
Алтай ер ат үстінде қалды қатып,
Көп ойлап ой ұшынан шыға алмады.
Үміттің тілі ауыр, сөзі қиын,
Ол тілді Алтай еркін ұға алмады.

Түнеріп қара көк боп тұр аспан-көк,
Бетінде шұбар бұлт тұр толқындай боп,
Қадалып қанша қарап байқап еді,
Бұп-бұлдыр жатқан дария қиыры жоқ.
Айналып күнге көзін бір салып ед,
Ол-дағы телегей боп жанған тек от.
Көз жұмып өмірді де ойлап еді,
Ол-дағы зымыраған бір атқан оқ,
Не ойлап, не нәрсені қиял етсе,

Қайғыға бәрінде де болады соқ.
Бір кезде көктен көзін жерге аударды.
Төңірек ажарланып гүл-гүл жанды.
Көзіне не көрінсе жаудай болып,
Бұрынғы қайғы үстіне қайғы салды.
Жер, шөп, су, орман, дөңес... бәрі-дағы,
Бай үшін жаратылған сықылданды.

Ойлады: «жер менен су, тоғай орман...
Адамзат пайдалансын деп жаратқан.
Бірақ сол ен байлықты байлар ғана
Өзіне меншікті ғып пайдаланған.
Жалшыға, құл-құтанға дәнеме жоқ,
Жалғыз-ақ ішер тамақ оларда арман.
Дүние-ай, маған берсе бар билікті,
Күштіні етер едім көзге түрткі,
Жалшыға, құл мен күңге, кедейлерге,
Берер ем бөліп-бөліп мал-мүлікті.
Не керек, бар байлықты байлар көріп,
Кекіріп, болып отыр майға күпті!»

Әкесі жүр соры қайнап бие бағып,
Кезі келсе, қой менен түйе бағып,
Киімі өрім-өрім сауыстанып,
Шешесі жүр бүкшеңдеп отты жағып.
Інісі Ермек,— әлі жас... өзі-дағы
Жылқышы боп бейнеттен киді қамыт.
Ині сияр өмірде тескіндік жоқ,
Қайда барса алдында азап-тамық!..

Тағы да әртүрлі ой елестеді,
Бәрі ұшқыр бір-біріне ілеспеді.
Қаншама көзін жұмып ойласа да,
Ойлар көп, біреуін де түгеспеді.
Ойлатқан осыларды кедейлік қой,
Бай болса «мен еркінмін» демес пе еді?!»

Алтайдың Қайсар ойын отыр сезіп,
Ол-дағы ой сарайын тартты кезіп,
Алдында келер күнді болжағанда,
Өмірден қол сілтеді о да безіп,
Алтаймен не көрсе де бір көрмек боп,
Ішінен неге болса отыр төзіп.

Алтайды жұбатайын деді-дағы;
— «Жеткен жоқ қайғыға енер мезгіл әлі.
Ер басы еңбек үшін жаратылған,
Қашан да сыннан өтпек ердің бағы.
Не керек ойға құл боп, жаным Алтай,
Жастық күн өмірдің ол жалын шағы.

Жастықтың жалынына су сепкені
Қайғыға ер жігіттің қажығаны.
Осыны дәуде болса айтқан шығар,
Өзің шын сеніп сүйген сұлу-дағы!»

— «Қайсар-ау! — деді Алтай күрсініп ап,—
Рас, қызу уақыт қой бұл жастық шақ.
Осы істі бір бастауын бастасам да,
Ақыры не болары тәуекел-ақ.

Тілеуберді еркімен Сұлушашты,
Тап менің бұл күйімде бермеуі хақ.
Егер де Сұлушашты алып қашып,
Олардың қолдарына түсе қалсақ:
Не болмақ?.. Не боламыз?.. осы арасы
Жүректі шошытады көрсем толған.

Ар жағы не болуы өзіне аян,
Қашқанмен жоқ барар тау, басар саяң,
Жаудан қорқып үмітті тілегімді,
Өлем деп орындамай қалай қоям.
Ой мен қырым, қанатым, құйрығым жоқ,
Құлашты талпынсам да қалай жаям,
Бүйткен өмір — өмір ме, ойлашы өзің!
Осы өмірден табамын қалай баян»,—

Деді де Алтай қатты демін алды,
Қара көзден ұшқындар шашырады.
— «Өлсем де орындаймын осы істі,
Өлгенше дұшпанымнан ішем қанды!
Ардақтап жаудан қорқып, бұғып сасып,
Кәдірлеп қапқа буып қайтем жанды.
Әйтеуір ертелі-кеш бір өлім бар,
Көргем жоқ екі жүз жыл жасағанды!»
Деп жігермен шоқытып Қайсар жігіт,
Жылқыға келгенін де білмей қалды.

## II БӨЛІМ
## СЕРГЕЛДЕҢ

### I

Жұлдыз сөніп, таң атқан мезгіл еді,
Алыстан бұлдырап бір салт келеді.
Самалы қоңыр салқын толқып соққан,
Ән салып толқындатып жібереді.
Парсының масатылы кілеміндей
Құлпырған ғажайып гүл төңірегі
Аққудай сұңқылдаған сонау әнді,
Жаңғыртып ен даланы шырқағанды,
Оқтаудай жарау атты бүгілдіріп,
Күзеткен ала-бөтен атқан таңды,
Мас болып шырт ұйқыда жатқандардың
Қайсысы ән екен деп есіне алды?

Ол әнді күміс көбік көл тыңдады.
Құлпырған, астау жонды дөң тыңдады.
Бөлмейін дегендей-ақ зарлы күйді,
Тына ғап жұпар иісті жел тыңдады.
Көзінен мөлдір жасы мөлт-мөлт тамып,
Буланып шық басқан жер тыңдады.
Одан басқа, мал баққан, отын жаққан
Қақ, сауыс, қара, жыртық жең тыңдады.

Ән салып келе жатқан жалғыз жан кім?
Ішінде зарлағандай нендей бар мұң?!
Керіліп ат үстінде есінейді,
Көз шырын алмаған-ау бүгінгі түн!

Көзінен көрер таңды неге атырад?
Желдіртіп неге асығыс келеді тым?
Жер астынан сығалап бұлтты жарып,
Неліктен көзін қадап қарайды күн?
Дем алмай не себепті ішін тартты,
Самал жел көпті көрген қария сұм?

Торғайлар неге сонша шырылдады?
Неліктен үйрек көлде бырылдады?
Қоңыр қаз балапанын жайып жүрген
Біріне-бірі неге сыбырлады?
Күн жадырап, жайылып, өз-өзінен,
Не жақсылық жұмысты ырымдады?

Өсімдік жел тынғанда басын шұлғып
Қалайша себебі жоқ қыбырлады?
Не қайғы, не қуаныш көретіндей,
Аттының неге бойы шымырлады?

Осының бәріне де себеп ашық:
Қосылмақ бүгінгі күн екі ғашық.
Ән салып ен даланы өзі билеп,
Көрінген жігіт Алтай дөңнен асып.
Астында бөкен қабақ Торытөбел,
Келеді жұмсақ жерді борт-борт басып,
Құс, көл, жер, дөң, жел, сағым үндемеді,
Қарсы алды ер Алтайды амандасып.

Алтай да таза ауаны жұтып еркін,
Құбылған табиғаттың көріп көркін.
Таянып оң жақ қолын мықынына,
Шекеге артын түре киді бөркін.
Таң атпай келе жатқан бар жұмысы
Сұлуға орындамақ айтқан сертін.
Қазірде көңілі онша қаяу емес,
Таң жойды түнде өзекке түскен дертін.

Ел үсті өрген малмен азан-қазан.
Сиыр мөңіреп «өрем!» деп айтты азан.
Өрген қойды айнала шық бөлеп,
Қыбырлаған, үстері тартқан бозаң.
Қой жағалай жарысқан лақ, қозы,
Дегендей боп бірінен-бірі озам!

Көл де нұр, көлем де нұр, сайлар да нұр,
Айнала нұр, ілікпейді көзге тозаң.
Сол нұрлардың ішінде аппақ үйлер,
Дөңкиіп тұр бейне бір күміс қазан.

Түк нәрсе сезінбестей, ауыл өлік,
Таңғы тәтті ұйқыға алған еніп,
Ояулары құрт жайып, қазан қырған,
Қой-құрттаған, жүргендер тезек теріп,
Ең аяғы иттер де жалқауланып,
Маңқ етіп жата кетті дөңгеленіп,
Соның бәрін көзімен шолып Алтай,
Қарақұрым үйіне түсті келіп.
Қуанышты әкесі күле қарап,

Құлынын кіріп келген көре сала-ақ,
Құшағын ұша тұра жайып келіп,
Қысып-қысып бетінен сүйді жылап.
Шешесі де бүкшеңдеп жүгіріп кеп,
Бір беттен о да сүйді жанасалап.
Амандасып болған соң, ұйқтап жатқан,
Інісін Алтай барып өпті аймалап.
Жыртық үй шымнан соққан балағандай,
Ішінен сырттағыны санағандай.
Үй ішінде төсеніш, көрпе, жастық,
Бірі жоқ, үйді жау кеп тонағандай.
Ер жігіттің тұрмысы сондай болса,
Нағып шыдар жүрегі жараланбай.

Екі аттап Алтай төрге барды-дағы,
Жан-жағына бір қарап алды-дағы,
Шырша бойы сыймады, басын иді,
Сықылданып жылқының арғымағы,
Ойына әр немелер түсіп кетіп,
Иығы талғандай боп салбырады.

Далаға тоқырамай қайта шықты,
Өліктей ұйқтап жатқан көрді жұртты.
Бір қарап жаңа шыққан сұлу күнге,
Отауға қара көзді қадап тікті.
Алдынан ғашық сұлу елес етіп
Қозғады жүректегі нәзік жіпті.

Бармауға шыдамады жанған жүрек,
Бірақ ерте баруға себеп керек.
Күні үшін байға құл боп жағынғандар,
Көзі шалса «бұл қалай барад?» демек.
«Тірі адам көрмейді, тасалаймыз,
Бар, бар!» деп тұманданып тұр төңірек.
Тұманменен тұтасып, күннің көзін
Жасырды ер Алтайды бұлт та елеп.
Бір кезде Алтай барып есік ашты,
Денесін жерді жапқан буға бөлеп.

Сұлушаш ұйқтап жатыр болып бырдай.
(Ұйқтамас па, кездессе тұрмыс мұндай!)
Жамылып шайы көрпе, шалқасынан
Керіліп жатыр екен аппақ қудай.
Тықырды сезгеннен-ақ атып тұрды,

Шошынып ұясынан ұшқан құрдай.
Толқынды қара шашы тізеден кеп,
Алтайға құшақ жайды сабыр қылмай,
Бүктеліп құмырсқа бел бұраңдады,
Үзіліп кететұғын нәзік қылдай.
Қадалтып кара көзін қарай берді,
Кірпігін әрең қағып, көзін жұмбай.

Құшақтап Алтай қысып бұраң белден:
— «Қалқам-ау, жолым ғой бұл әдейі келген.
Тағы да сөйлесерміз, көп тұрмайық,
Көп тұрсақ біреу-міреу көрер елден.
Кешке тағы келемін, сырласып бір
Құтылу керек көптен жүрген шерден.
Қанекей, тіліңді тос, бір сүйейін,
Кел қалқаш, әкел, әкел, әкел, бермен!»

## II

Күн қайнап жалын шашты түстікке кеп,
Аспан ашық, шөкімдей бір бұлт жоқ,
Тұңғиық теңіз аспан қара-күрең,
Алыста жалтырап тұр айнадай боп.
Сілкініп әнші торғай жырлап жатыр,
«Тира-ра, тира-ра, тира-ра» деп.
Алыста шаңқылдады ақ шағала
Таңданып әлденеге күлкісі кеп.

Ауылдың сыртын ала қаққан желі.
Үйездеп байдың сауын биелері.
Түнде майса көк шөпке тойғандықтан.
Шығады ыңқ-ыңқ етіп зорға демі.
Құлындардың құйрығы жерді сабап,
Ыстықтап, солқылдайды бүйірлері.
Желіде сауыншы жүр көнек іліп,
Кеудесі ашық шынтақтан түгел жеңі.

Тік өркеш, ұзын шуда, иір мойын,
Сортаңнан сасырды жеп алған тойым.
Бөленіп толқып жатқан сағымдарға,
Жусап тұр шаттық алып тұлабойын.
Қой жатыр өзенді өрлей быр-быр күйсеп,
Ішінде қозылары салып ойын.

Пісілді күрс-күрс етіп қара саба,
Даусына жаңғырықты мидай дала,
Құйылып сары қымыз сапырылып,
Шүпілдеп көбіктене толды шара.
Ас үйде мейіздей сүр бүлк-бүлк қайнап,
Будақ бу бұрқылдады мұрын жара.

Иіндеп саба-саба жиған іркіт,
Асылып жер-ошақта қайнады құрт.
Түтіні желсіз күнде көзге ілеспей,
Көкшіл түсті жалындар жанды жылт-жылт.
Көсеуменен от түртіп кәрі кемпір,
Салқын тер маңдайынан шықты шып-шып.
Еңбегі қанша екені мағлұм ғой,
Әйтеуір байға құл боп бағынған жұрт.

Ұйқыдан түс кезінде тұрды бай да,
Бұрқылдап мыс әйнекте жатыр шай да,
Үй іші масатылы жайған кілем,
Жұмақтың дәл өзіне ұқсамай ма.
Іргеден түріп қойған есіп жатыр
Хош иісті, қоңыр салқын жел де майда.
Жастанып мамық жастық қарнын сипап,
Кекіріп бай бір кезде қанды шайға.
Бәйбіше шекесіне салып күндік,
Аэырақ сығырайтын ашып түндік,
Кеудесін көйлегінің желпе түсіп,
Ішіне шым жібектің отыр сүңгіп.
Сонда да бір нәрсеге кейігендей,
Аэырақ қабағына түскен кірбік.

Ол кірбік — бәйбішенің Сұлушашы,
Келгенде отауына бірде апасы,
«А... па!..» деп арғы жағын айта алмай,
Мөлдіреп қара көзге толған жасы.
Қып-қызыл жұқа ерні қыбыр етіп.
Қабақта қимылдаған қара қасы,
Анасы жалғызына деген: «қалқам»,
Өз ойын Сұлу жарып айта алмай,
Жүрегі дүрс-дүрс соғып болған талқан.
Анасының төсіне басын сүйеп,
Дей берген «апа, айтуға қорқам, қорқам...»
«Қалқам-ау, көз жасынан құрмалдық» деп,

Төгілген қара шашын сипап жібек.
Сүйріктей саусақтарын шөп-шөп сүйіп,
«Ойыңды айт, қалқам!» деп қылған тілек.
Бір кезде сырын шешіп, құшақтаған,
Анасын күміс — жұмыр аппақ білек.

— «Апа, мен бергеніңді ұнатпаймын,
Дейтін ең — қалқам, сені жылатпаймын.—
Сүймеген адамыма қосақтадың,
Қазірде көгендеулі лақтаймын.
Бергенің бай болғанмен неге керек,
Мен малмен өмірімді жұбатпаймын!»

Жүрегі бәйбішенің аттай тулап,
Денесін мұздай салқын қандар қулап,
Төбесі қатты шымыр ете қалып,
Тер шыққан маңдайынан будақ-будақ,
Сол сәтте не болғанын өзі сезбей,
Құлағы әлденеге кеткен шулап.
Солайша ана шіркін аяп кетіп,
Сұлумен о да көзін алған сулап.

Қадалып құлынына қалған қатып,
Айтты деп бұл сөзді ол қалай батып,
«Бармаймын бергеніңе» деген сөзі,
Кеудесін мылтықтай боп кеткен атып.

Көп сөзді қорытқанда келгендері:
«Көрген артық — естіген сөзден гөрі»
Күйеуді ұрын кел деп шақыртпақ боп,
Сұлудың осы сөзге қатқан белі.
Тап бүгін бәйбішеге ой түсуі,
Күйеуі ертең ұрын келмек еді.

Бәйбішеге Сұлудың ойы анық,
Салдыртып күйеу ертең келмек қалып,
Ойын-той, ырым-жырым өтіп болып,
Жеңгелер қалыңдықты бармақ алып.—
Ұнатса ол құдайдың оңдағаны,
Ұнатпай шықса егер кінә тағып,—

Базарға бас түсуі былай тұрсын,
Көруі екі талай сәуле жарық.
Жүрегін осы ойлар бәйбішенің
Жыландай әлсін-әлсін отыр шағып.

Шытынап, тырыстырып қабақтарын,
Ышқынып күрсінеді демін алып.
Бай бұдан түк нәрсені сезінбейді,
Қымызды сіміреді ыңыранып.

Бүгінгі қайғылының Алтай бірі,
Күн сықылды еместей көрген күні.
Өзгелердің күлкісін көтере алмай,
Ашудан шығып отыр беттен түгі.
Қанша қайрат орнаған жан болғанмен,
Бүгін түскен мойынға аз ба жүгі.

Қайғырмай қайтсін Алтай, амал бар ма!
Тізгіні бақытының отыр малда.
Тең болса терезесі байларменен,
Өлсе де күйеуді ұрын шақыртар ма?
Алтайды шын жүрекпен сүйген сұлу,
Еріксіз басын салып отыр шарға.
Өзіндік сүйген жаны біреулік боп,
Тұрғанда батпай қайтіп тұрсын жанға!

Ішінде қырық жамаулы құрым үйдің,
Дауысы күңіренеді зарлы күйдің,
Көз жұмулы, бармағы шекті құлап,
Мазасын Алтай алып отыр мидың.
Өзегін ойы құрғыр өртеп жатыр,
Деп «жарымды біреуге қалай қидым?!
Сұм жүрек тілегіңе жете алмасаң,
Қол жетпес сұлу күнді неге сүйдің?»

Сұлуға зарлы күйдің даусы жетті,
Оның да жүрегінің қылын шертті,
Қараса Сұлу ойын өрге салып,
Асудан өтетұғын мезгіл жетті.
Көз шолып осы арасын байқағанда,
Солқылдап қара көзден жасын төкті.
Көп жылап, дене шаршап, басы қатты,
Ауыр ой Сұлушашты әлсіретті.
Сол көз жасын сүртпестен зарлы сұлу
Жастанып ақ білегін қалғып кетті.

## III

Іңір боп қараңғылық жайды қанат,
Ашылды көктің жүзі бұлыт тарап,

Жарқылдап күміс жұлдыз нұрын шашып,
Қара үйге көзін тігіп тұрды қарап.
Алтай ер шалқасынан жатып алып,
Жыртықтан жұлдыздарды жатыр санап.

Қалың ой қайғылыны қоя ма ертпей,
Лауланып іші-бауыры жайнады өрттей,
Талықсып маужыраған адамдай боп,
Көз жұмып домбыраны жатыр шертпей.
Түрекеп жұрт ұйқтады-ау деген кезде,
Аяқты ақ отауға басты беттей.

Ақ таңдақ сәуле шашып сонау жоннан,
Жел тынған, ұясына ай да қонған.
Үйректің зуылдайды қанаттары,
Ауылдың түнде ұшып үстін шолған.

Түйелер ұйықтап мойнын жерге салып,
Күйсеп сиыр, ыңырсып, демін алып,
Көлбақаға үн қосып лақ-теке,
Жардан төмен құлайды домаланып.
Әупілдек ара-тұра әупілдейді,
Дауысы тымық түнде құлақ жарып.

Қысылып, әлденеге жүрген жандай,
Талықсып бір қиырда шығады айғай,
Ол — күзетте ән салған жылқышы ғой,
Түн күзеткен көзінің шырын алмай...
Осындай көркемдіктің бәрін Алтай
Тамсанып, дәмін алмай жұтты балдай.

Алақтап тәңірегін шола қарап,
Аяғын жолбарыстай басты санап,
Қырық адым жерге жолда қырық бес тоқтап,
Отауға тасаланып келді жанап.
Есіктің ілгегіне салды қолын,
Маңында жанның жоғын көре сала-ақ.
Сұлуды Алтай сүйіп, деді: «Қалқам!
Оңаша кездесіп бір кеңіді арқам.
Сонда да күйеу келед деген сөзден,
Жүрегім күні бойы болды талқан.
Сен үшін не де болса шыдамақпын,
Кінәні серттен тайсаң саған артам.

Өзеннің өткеліне жаңа келдік,
Жастықпен жеңіл ойлап жоққа сендік.
Әрі ойлап, бері ойлап келгенімде,
Әкеңнен екеумізге болмайды елдік.
Өлімге басыңды бер, беліңді бу,
Мұндайда өте қажет көзсіз ерлік!»

Басқа іс түскенде адам ашынады...
Сұлу да бұрынғыдай жасымады:
— «Егерде уәде қылған сөзден тайса,
Адам емес, айуан осы-дағы.
Менде екі жүрек жоқ, бір-ақ жүрек
Не өледі, не саған қосылады.

Достық көңіл, Алтайжан, достық көңіл!
Достық көңіл дегенге байлаулы өмір,
Анық достық табылса, айну қиын,
Достық көңіл айтуға ғана жеңіл.
Бірақ, достық қайғысын дос аршымақ,
Жалғыз қайда барады қайратпен құр.
Сен не десең, мен соған белді будым,
Көкірекке орнаған иманым бұл!»

— «Мен саған ежелден-ақ сенген жанмын,
Сен үшін неге болса, соған бармын,
Өлсем-дағы бұл істен өкінбеймін,
Өйткені өзіме-өзім тілеп алдым.
Менің мына ойыма не айтасың:
Көзіне жоғалайық түспей жанның!»

— «Алтайжан, ол ыстықтай суғынғаның,
Соншама тығыз ойлап неғылғаның?!
Көрдім деп мәз-мәйрам боп күйеу кетсін,
Асықпа, күзге дейін шыда, жаным.
Күз бола, бір қараңғы түн жалынсын
Күз болғанша жолыңның жей бер қамын!
— Осыған шыдайсың ба?
— Төздім, мақұл.
Бұ да онша қонбайтын емес ақыл.
— Қамыңды өзің әбден жеп болған соң,
Қайсарды жібер-дағы, мені шақыр.

Оған шейін өзектен бар-дағы ал,
Жалғыз терек түбінде мылтық жатыр.

— Жарайды, мұның-дағы мақұл екен,
Бірақ сен шығарыңда болма қапыл.
Ала шық өн бойыңа сыйғанынша,
Қолыңда қару болса іске татыр.

Екеуі серт байласып алысты қол,
Сөздері «сен мықты бол, сен мықты бол!»
Бүгінгі көрісуден тапқандары,
Ашылған сықылданды көмескі жол.
Ернінен бір шоп етіп сүйді-дағы,
Есік ашып далаға шықты Алтай,
Сүйгенін шығарып сап: — болсын деп жол.

Сібірлеп келеді екен таң да атып.
Барады күлімсіреп шолпан батып,
Көл де көл, дөңдер де, сайлар да көл,
Әлемді шық басқан тұмандатып.,
Аспанда түтеленген сұрғылт бұлттар,
Сіркіреп күнбатысқа көшті қалқып.
Сол сұр бұлтқа түйіле көзін қадап,
Ер Алтай жансыз жандай қалды қатып.

## IV

Қара бұлт қоюланды қабақ түйіп,
Көк жүзі отқа толды аспан күйіп.
Ысылдап айдаһардай, ұйытқи соғып,
Жел-дағы өршеленді күшін жиып.
Өзенде таудай толқын домаланып,
Жығылды жасыл құрақ басын иіп,
Шатырлап бұлтқа бұлт соғылысып,
Шүмектеп қара жаңбыр жауды құйып.

Кереге сықыр-сықыр селкілдеді,
Түндіктер тулақтай боп желпілдеді.
Жер жүзін топан қаптап, аппақ болып,
Сайларда су сарылдап көлкілдеді.
Қараша үйлер қаңбақтай ұшып кетіп,
Қирады, жел әй-пүйге келтірмеді.
Өткен дауыл қайрыла қайта соғып,
Қара бұлт бір жадырап серпілмеді.

Малдың да, адамның да құты кетті,
Жауратып бәріне де жаңбыр өтті.

Арық-тұрақ, қозы-лақ, жаңбырға ұшып,
Семіз де су сорғалап дір-дір етті.
Бір кезде бұлт — «ашуды тоқтатайын»—
Дегендей-ақ шығысқа қойды бетті.
Не нәрсеге долданды? — Өзі білед,
Әйтеуір оңдап ұрып алды кекті.

Бұлт арты — күнбатыс жанғандай боп,
Күнбатысты жалынды өрт алғандай боп,
Тұтанып, белең алып, өрлей жанып,
Жарты аспанды жалынды от шалғандай боп,
Сиреп жауған жаңбыр да қызараңдап,
Қызыл жалын тамшы боп тамғандай боп,
Не болмаса көкті де, бұлтты да,
Қызыл қанға малшылап алғандай боп,
Қызыл бұлт түтеленіп, арты сиреп,
Дауыл-дағы басылып, ашылды көк.

Қызарған сәулесі екен батар күннің,
Қызыл от бояуы екен отты нұрдың,-
Дөңгеленіп қызыл күн қанын шашып,
Төмендеді үстінде сонау қырдың.
Күндегідей күлімдеп қоштаспады,
Ізі бардай бетінде қайғы-мұңның
Деген жанша бір кезде жоғалды күн —
— «Енді қайтып шықпаймын көзді жұмдым!»

Соншама жер, жал, бұлт, күн долдануы,
Тиыштықта жүргендерді қолға алуы,
Күндегідей күмісті нұрын сеппей,
Күнбатыстың боялып қандануы,
Жер де, көк те сілкініп, буырқанып,
Жынды бура секілді шамдануы,
Неліктен?— қайғырмасқа бола ма екен,
Жасын төксе Сұлушаш,— жер аруы!..

Жаңбыр емес, сел болып әлгі жауған,
Ол Сұлудың көз жасы мөлт-мөлт тамған.
Анау дауыл қиратқан талай үйді,
Қатты ышқынып сұлудың демі алған.
Найзағай боп жарқылдап көкте ойнаған,
Жүректегі шер ғой ол от боп жанған,
Күн бата зарлы сұлу қалғыған соң,
Себебі сол: бәрі сап бола қалған!

Күн батты, көктің жүзі қоңырланды,
Бұлт сол көшкен күймен тамырланды.
Қирап қалған үйлерді күрке қылып,
Жұрт жауыннан адасқан жиды малды.
Дәл сол кезде түстіктен бір көп салтты,
Ауыл жаққа бет алып шоғырланды.

Ол шоғыр — ұрын келер күйеу еді,
Жанына ерген нөкері, биі, бегі,
Алдынан қарсы алуға аттанысты,
Күтуші Тілеуберді жігіттері,
Жүзден астам алдында салт аттылар,
Арт жағы шұбақ түйе көрінеді.

Он үйді бір қойнауға қойған тігіп,
Соған бұрды қарсы ала шыққан жігіт.
Оларда не уайым бар, амандасып
Қонақ үйге бет алды қарқ-қарқ күліп.
Түйелерге теңделіп келе жатқан
Кәде үшін әкелген болды мүлік.

Талай тоғыз айыбы тағы да бар,
Зейнетінен бай адам аяй ма мал.
Оған қоса босаға айып үшін,
Жүз жылқы тағы әкелген өңшең көкжал.
Бірер басшы ірі адам болғанымен,
Өзгесі: әнші, қу епті, шіренген сал.

Сұлуда не ой барын білмейді бай,
Мынау келген мүлікке көңілі жай.
Ұрын келіп осынша малын шашты,
Бұдан артық бай құда болмақ қандай.
Бірақ сол қонақтарға құрмет етер
Өзінен еркек кіндік адам болмай,
Байға осы ой азырақ ауыр тиіп,
Күрсінді тіршілікке көңілі толмай.

## V

Далада ерсіл-қарсыл сабылған жұрт,
Есінен шала мас боп жаңылған жұрт,
Сия алмай «қуанышы» қойынына,
Бар-жоғы бүгінгі күн табылған жұрт.
«Қайғы» жоқ, «уайым» жоқ, «өкініш» жоқ
«Шаттыққа» белшесінен «малынған» жұрт.

Бәріне сүйтерліктей көрінді не?
Өшпейтін мәңгі шаттық берілді ме?,
Болмаса молда айтатын «сегіз жұмбақ»
Ашылып «хордың қызы» көрінді ме?
Немесе мылтық атып, қылыш шапқан,
Жаулары ұқсатылып жеңілді ме?

Балқытып әнші неге шырқайды әнді?
Күйлері домбыраның неге зарлы?
Көктегі көп жұлдыздың біреуі жоқ,
Себеп не, күліп тұрмай, сөне қалды?
Қап-қара түтектеніп түсі суып,
Қара бұлт бүгін неге қоюланды?

Жел неге ысылдады ішін тартып?
Ай неге бата қалды жүрмей қалқып?
Көл неге көбіктеніп жарды соғып,
Толқынды толқын ұрып жатыр шалқып?
Солардың аяйтыны жалғыз-ақ жан:—
Сұлушаш бүгін жалғыз қайғыланған.
Ішінде сол жиналған қалың топтың,
Алтай мен Сұлушаш-ақ назаланған.

Жиып кімдер?
Ойынға жиылғандар!
Бәрі де шат, оларда не «арман» бар.
Құлақ естір маңайдан іздеп келген,
«Күйеуді көреміз» деп мырза, салдар.

Шынтақтап тізе үстін, тізе баса,
Отырған қыз, бозбала араласа.
Балалар шуылдасып жүгіріскен,
Ойыннан басқа оларға не тамаша.

Бір жақта үймелеген толған қатын,
Бастары аппақ болып шағалаша.
Жөнсуы бозбаланың шетте қалып,
Қатынға қалжыңдайды жағаласа.

Ойланып «хан жақсы ма» сайланып хан,
Көтеріп әнші жігіт салады ән.
У да шу, күбір-күбір, сыбыр-сыбыр,
Жоқ шығар үн шығармай отырған жан.

Дауысы шоп ете ғап естіледі,
Жігіттің қыз аузынан сақина алған,
Сүйгізген қыз көнбеген адамымсып,
Үкісі желкілдейді бұлғаланған.

Ойынды бозбалалар жүрген бастап,
Қолына есіп алған белбеу ұстап,
Қалжыңдап бірін-бірі қағып кетіп,
Жұлқысып әл жеткені жығып тастап.
Не десе өміріне құлдық ұрып,
«Хандығын» мақұл дейді бәрі қостап.

Күйеуді жұрттың түгел көріп бәрі,—
Десіп отыр «мырзамыз мынау ма әлі?!»
Кей кегі бар жігіттер Сұлушашты
«Мырзаңа болайын» деп табалады.
Бұрынғы от үстіне тағы от жағып,
Сұлуды одан жаман жаралады.

Ән, күй, жиын қызық қой, ойын, сауық,
Жазбады жүрегінің емін тауып,
Жиреніп естілгенмен құлағына,
Қабағы түсіп отыр қайғы жауып.
Білдірмей қасындағы тірі жанға,
Үнлеп күрсінеді ауық-ауық.

Көз ашып жоғары бір қарамайды,
Көз жасы маржандай боп домалайды.
Есінде дос дейтұғын жалғыз Алтай,
Басқаны досым бар деп санамайды.
Сорлыны қайғы басқан сал соққандар,
Неліктен «анау ма?!» деп табалайды!

Сұлудың бүгін жарға келген күні,
Не жығып, не жығылып өлген күні.
Келмеуге қанша белін буса-дағы,
Көпшілік жалғыз жанды жеңген күні.
Алтайдан басқа бір жан дос емесін
Көзімен бүгін анық көрген күні.

Сонда да білдірмеді жанға сырын,
Сезген жоқ қайғылысын адам мұның,
Бір өзі мың сан топты алдап кетіп,

Өзінше бәрінің де таппақ қыбын.
Ішінен сонда-дағы сескенеді,
Деп ойлап «жарар еді-ау болса мұным?!»

## VI

Жел тұрып таң атуға жақындады,
«Таң атад» — деп бөдене тақылдады.
Тауқұдірет — «құдірет, құдірет!..» деп,
Зар қағып көл басында қақылдады.
Көлде құстар оянып шу-шу етіп,
«Құдірет, құдіретті!» мақұлдады.

Жүгіріп Сұлушаштың жеңгелері,
(Сылдырап бұрымында теңгелері)
Сұлуға сөйлесуін жиілетті
Көрсетіп кәде алмақ боп көңілдері.
Қалай күліп жақындап келсе-дағы,
Сұлудың жылы сөзі көрінбеді.

Жанбайдың Айжан деген келіншегі,
Айжанды жандай жақын көруші еді.
Сырларын түгелімен ақтаратын.
Айжанға көп адамнан сенуші еді.
Тар жерде түпкі сырын ашса егер,
Жәрдемін беретіндей көруші еді.

Қап-қара тұнжыраған қара түнде,
Сөнгенде желден басқа дауыс, үн де.
Сұлудың ақ білегін мойнына асып,
Отауға келе жатыр Айжан бірге,
Аяғын Сұлу түзу баса алмайды,
Әл, қуат денесінен кеткен мүлде.

Жанына ақ отаудың келіп жетті,
Сұлудың буындары дір-дір етті.
«Ойпыр-ай, шаршадым-ау, жеңеше-ай! деп,
Сылқ етіп Сұлу жерге құлай кетті.
Басын сүйеп «оның не, қалқам!» деген,
Айжанға Сұлу тағы жасын төкті.

Сұлудың Айжан сүйеп жарлы басын,
Буланған орамалмен сүртіп жасын.

Саусағын қойынына тығып түрып,
Қолымен сипап жібек қара шашын.
Дей берді «Еркежан-ау, мұның қалай?
Қамығып не нәрсеге мұңданасың?»

— «Айжан-ай, жандай көрген жеңгем едің,
Саған мен жанашыр деп сенген едім,
Өзің айтшы, алдыңда тілегің бар,
Ойлашы, сол күйеу ме менің теңім?!
Бүйтерім бар, анадан неге тудым,
Құрысын бүйтіп көрген күнім менің!»

— «Қой, еркем, неге үйдейсің, олай демe!
Жай айтасың, күйеу кем болсын неге,
Ол бір елдің мырзасы сылқылдаған,
Бір өзі бір маңайға болған төбе.
Бүгін сөйлес, сырын біл, сына анық,
Күнібұрын көрмей жатып, уайым жеме.

Жанындай көретұғын жалғыз анаң,
Әдейі осы сөзді айтты маған.
Басқа жаннан дос көрер болмасыншы,
Анаң қастық айта ма сонда саған.
Жүр, еркем! Таң атады, кешікпейік,
Қанекей, отауға өзім ертіп барам
Ағаңды сүйе тұра сүймеймін деп,
Мен-дағы өп-өтірік бұлғаңдағам».

Айжанның сезді Сұлу ішкі сырын,
Бұлай деп ойламайтын бұдан бұрын,
Жақсылық қыла ма деп күтіп еді,
Есіркеудің атынан көрмеді ырым.
Дос емесін көрді де белін буды.
«Рас, дұрыс... мақұл!..— деп — Айжан мұның!»

Маңайда үн атаулы қалған өшіп,
Жалғыз-ақ самал жел-ақ жатыр есіп.
Етегін торғын көйлек жел көтеріп,
Бір кезде сықыр етіп ашылды есік.
Алды тұман, не болмақ біле алмайды
Сұлу терең теңізге кетті түсіп.

Күйеу де және оның жолдасы да,
Төсекте ұйқтап қалған киім шешіп.

— «Еркежан, ұятты қой, отыр енді,
Бұйрық солай, тілдесер заман келді,
Мынау сенің қосағың құдай қосқан,
Жолдасың көрем дейтін көптен бергі».—
Деді де Ырыстыға кездестіріп,
Ақ үйден Айжан шығып жүре берді.

«Мырзамыз» түк те жауап қата алмады,
Амандыққа амандық қайтармады.
Сұлудың мысы жеңіп, терлеп-тепшіп,
Тым болмаса «кел» деп те айта алмады.
Қасындағы жолдасы ұйқтаған боп,
Сұлуды «қарашы!..» деп сайқалдады.

— «Келіп ем,— деді Сұлу,— амандыққа,
Мен адаммын, жаным сен қорықпа, бұқпа!
Сен менің көрер жаным емес едің,
Шет болмайын деп келдім аруаққа.
Ең ақтық келген жолың осы болсын,
Бұдан былай бұл жаққа жолға шықпа!»

Деді де есік жаққа жүре берді...
Біреуі төр алдынан түрекелді.
Құшақтай ап сұлуды аш белінен,—
— «Қой сұлу, шалқақтама үйтіп енді!
Көзіңді аш, басынасың кімді сайқал,
Бұзылған, құрытқан күң күллі елді!
Мынау сенің күйеуің, сен қатыны,
Дәндеме, қол-аяғың шідерлеулі.
Сен кімсің, осыншама дардаңдайтын,
Қайдан ойлап шығардың менсінбеуді?!
Шатаспа!.. Қой!.. Дәндеме!.. көзіңді аш!..
Біз сендей үйреткеміз көп бедеуді»:

— «Сен үй деп тіл тигізбе, сыйлы қонақ,
Жаратқан мен емеспін күйеуді олақ.
Күйеу боп бір ауыз сөз қата алды ма,
Бергенде қалыңдығын үйге қамап.
Түбінде бөтен көңілім болмағанмен,
Мырзаңа әзір қылған сыйым сол-ақ!»

— «Жоқ, сайқал, ол құлығың болмайды!» деп.
(Қоя бер дегеніне қараған жоқ),
Төсекке сылқ етқізіп алып ұрды,
Белі үзіліп, көзінен жарқ етті от.
Бозарып нарттай жанған қызыл беті,
Жалп етті ұзын шашы қара жібек.
Бассалды Ырысты да білегінен,
Шынтақпен бір нұқыды жүрегінен...
«Алтай-ау, тірімісің?! Қайдасың!» деп,
Қысылып зарлы Сұлу зорға алды дем.
Сарт етіп сол уақытта ашылды есік,
Қараңғы үйді көзі оқтай тесіп,
Ілгері ұмтылды да, Ырыстыны,
Жонынан дыр қамшымен жіберді осып.
Ырысты «ойбай өлдім!» деп бақ етіп,
Жыландай белге соққан түсті шоршып.
Сұлуды талықсыған көтеріп ап,
Ал жаным, есіңді жи, шық ілесіп!»—
Деп еді, демі бар да, дәрмені жоқ,
Сормаңдай бейне өлік тұр сіресіп.

Күйеу жақ жаңа білді болған халды,
«Жауды» ұстап жабылуға үй қараңғы,
Біреулер қалқан болып, «қашпасын» деп,
Есікті жап деп іштен баса қалды.
Қорқақтар қиқушы боп, өз жандарын
Сақтайтын паналарға тасаланды.
Қызғандар намысына: «Ал, ұстайық,
Пәршалап өлтірейік осы адамды!»—
Деді де ұмтылысты.
Сонда Сұлу
Ес жиып, ауызға ап «жасағанды»,
— «Алтайжан... құтыл! — деді,— мені таста!
Жеңбейсің жалғыз, өңшең есалаңды!»

Жан-жақтап суық қолдар жабысқандай,
Қордалы жылан көрген арыстандай,
Шошынды Алтай, қолдан түсті Сұлу,
Сылқ етті ақтық демін тауысқандай...
Шошынған Алтайда күш жоқ сияқты,
Жабылған мына топпен алысқандай.
Сонда ол қанжарына берді ерік:
Кейін жарып, кейбірін жанышқандай

Болғанда, жан түршігер бір шу шықты,
Тыңдаған болды естен ауысқандай.
Сып етіп үйден Алтай шыға келді,
Арты шу, құзғын, қарға, сауысқандай.

Тұр екен Тортөбел де тігіп құлақ,
Үстіне Алтай ырғып мінді бір-ақ.
Жөнеле бергенінде, арт жағынан
Жаулар да аттанысып қуды шұбап.
Жармасқанын сойылмен бір-бір қағып,
Талайының есі ауып қалды құлап.
Тортөбел ұшқан құсқа шалдыра ма,
Қара үзіп қуғандардан шықты жырақ.

Жаулардың қуғынынан аман шығып,
Атының алды Алтай басын бұрып.
Ыза-кектен алқынды, дем ала алмай,
Ой жүректі өңешке әкеп тығып.
Зарланды айдалада жалғыз өзі,
Бозарып атқан таңға қарап тұрып:
— «Сұм өмір, маған тартқан сыйың сол ма?
Бір ісім өмірімде баспады оңға.
Адасқан айдалада ақсақ аңдай,
Кездестім қайда барсам қазған орға.
Жалғыз сенген, сүйенген Сұлушашым,
Бүгін міне күң болып қалды қолда.

Өткелге жолықтырдың Құланөтпес,
Бір тауға өрмелеттің өмір жетпес,
Мен не жаздым, не іске күнәлімін,
Неліктен маған бүйтіп болдың кектес?

Сорлы анам, сорлы ұлды неге таптың?
Тапсаң да тірі ғылып неге бақтың?
Көрсетер бір жарығың болмаған соң,
Өмірім неге әуелі таң боп аттың?!

Жасымда өлмей, не үшін көрдім жарық?
Жасық болмай, неге өстім от боп жанып?!
Адам болып, басқамен тең болмасам,
Неге жүрмін адамның атын алып?!

Сорлы көз көрмесіңді неге көрдің?!
Біреуді қасіретке неге көмдің?!

Неге бірге өлмедім сол арада,
Сұлумен, ыңырсыған «өлдім, өлдім!..»

Осылай өтпексің бе өмір құрғыр?!
Өстіп жүдей бермек пе көңіл құрғыр?!
Қаңбақша ұшып, у ішіп өткенім бе,
Үміт шіркін ілікпей қолыма бір?..»

Күн шықты нарттай жанып нұры балқып,
Бұлттар демін бүркіп өтті қалқып,
Көп ойлардың артынан, Алтай іштен
Деді — «жасық болудан жігер артық...»
«Сұлуды арашалап алу жаудан...»
Барлық ойы құйылды соған сарқып,
«Қайсарды алып аттанар заман туды»,
Деп сар желіп жылқыға кетті тартып.

## III БӨЛІМ
## ЖОРЫҚ
### I

Бұлдыр өмір, буалдыр, бұлдыр тұман,
Ой дегенің улы тіл, ол бір жылан.
Сол бұлдырда адамды булықтырмай,
Алып ұшпақ қияға қайрат — қыран.
Тапқыш ақыл қайратпен серіктессе,
Өжеттігі шығады келіп мұнан.
Сол қайратпен ақылдың жентегі боп,
Енесінен жаралған Алтай ұлан.

Алтай ер кейістіктің жүгін тартып,
Мойынға азап өмір қамыт артып,
Қайсардан басқа жұрттан бой таса ғып,
Аузынан «ah!» дегенде жалын шалқып.
Күндіз-түні тұншықтырып үстін басып,
Қайғыны қара тұман көшті қалқып.
Өмірдің арпалысқан толқынында,
Тұншығып, жанталасып жүзді малтып.
Ішке тартқан демі де удай өртеп,
Мұрнына өлім исі келді аңқып.

Адамға талыққанда ән, күй серік,
Қайғыны көкірекке алған еніп,
Жаңғыртып ен даланы шырқап әнді,
Алады лықылдатып, төгіп-төгіп.
Бұлақтай көзі ашылған ауыр қайғы,
Жүрегін топ қылады тағы керіп.
Бетінен қаны кетіп күзгі шөптей,
Боп-боз боп, қан жоқ, сөл жоқ, қатып, кеміп.

Шілде өткен,
Түн ұзақ,
Үркер туып.
«Жеті ұры үркердің қызын қуып»
Шоғыр үркер жамбаста үріккен қойдай,
Барған мезгіл жүзіген айға жуық.
Қырау алды — басталған күзгі суық.
Бұлтсыз аспан күмісті камзол киіп,
Белуардан құс жолын алған буып.

Сол түні Қайсар, Алтай күзетте еді,
(Көп болған мұндай түнді күзеткелі)
Бұларға шапқан жаудай үрей беред,
Құлаққа масаның да ыз еткені.
Сол түні бұлар баққан бір топ жылқы,
«Қара-шоқ» дейтұғын бір өзекте еді.

Алтайға Қайсар:
«Алтай, сен енді жат,
Жақындап қалған шығар таң атар шақ.
Көп түн өтті, көз шырын бір алмадым,
Қарауылдап, маңымды болам ғой сақ.
Тортөбелдің ерін ап, оттатуға,
Маңымызға шідерлеп қоям тұсап.»

«Жарайды.
Қорқақ қоян демін алсын.
Ұйқыда ар жоқ, ұйқтайын, мейірі қансын.
Жануардың иығынан ер түспеді,
Тортөбел де аунасын біраз шалсын.
Бірақ, менің бағым бар,— қатер туса,
Арашалап алатын досым барсың.
Ие... Қайсар!.. Бұның да аты тірлік...
Бүйтіп көрген тіршілік адыра қалсын!»

Аттан түсіп, көк шөпке бауырын төсеп,
(Көк шөп қандай, иіскесе жұпарға есеп)
Жата кетті. Қор етті. Нені ойлатад,
Түк нәрсені елетпес — ұйқы есек.
Қызған бойын суытып, маужыратты,
Шық баєқан сап-салқын мұздай төсек.

Түс көрді:
— Тақтай қанат қара бүркіт,
Шаңқ-шаңқ етіп, қанатын қомдап сілкіп,
Имек тұмсық иреңдеп, тіл жалақтап,
Самғағанда аузынан жалын бүркіп,
Болат тұяқ жарқылдап, шықты аспанға,
Екпінінен ыдырап, бұлттар іркіп.

Көкке шықты. Шырқады, жоғары өрлей,
Түймедей боп қарайды көз де көрмей.
Бір кезде жерге қарай сорғалады,
Атқан оқтай, екпіні соққан желдей.
Олай-бұлай қалықтап, жүйткіп өтті,
Бет алдында қарайған түкке төнбей.

Жүзген бейне ұқсап аппақ қуға,
Жүр еді Сұлу шашын жайып суда:
Өзеннің жиегінде Ермек-дағы,
Ойнап жүрген балалық, пісіп буға,
Екпіні жел тұрғызған қанды балақ,
Қалықтап қылқың қағып төнді суға.

Төнген қара қыраннан Сұлу сасып,
Шошынып, жүзген судан шыға қашып,
Жібек шашы жалбаңдап, жаны ышқынып,
Көйлегін басқа ілгенді жан таласып,
Жарқ етіп болат тұяқ тақтай қанат,
Сұлуды қара бүркіт қалды басып.
Үстіне Ермек бала түсе кетті,
Шыңғырған жеңгесіне жаны ашып.

Алтай да Тортөбелмен тұра шапты,
Тортөбел бар шабыспен құстай ақты.
Жеткенінше болған жоқ, екі жасты
Іліп ап, көкке қыран бір-ақ тартты.
Бес болатқа бүрілген қос сорлыны

Қысып қыран шыңғыртып, шырылдатты.
Тым болмаса қапыда түспес пе екен,
Деген жанша ер Алтай көкке бақты.
Көлбемей, аспанға тік өрлеп қыран,
Бұлттан өтті, бержағын тұман жапты...

«Ойпырай, не болды бұл, не болды?!» деп,
Алтай жылап жіберді ышқынып кеп.
Өз даусынан шошынып түре келсе,
Түсі екен, бүркіт те, дәнеңе жоқ.
«Не нәрседен шошындың?» деп Қайсар да
Жетіп келді. Ер Алтай:
— «Мерт болды, мерт
Сұлушаш та, Ермек те аман емес,
Бұл түс қалай дәл келді ойыма дөп?!»

«Түс түлкінің боғы ғой, оған нанба!
Не кірмейді қысылып жүрген жанға»—
«Әй, Қайсар-ай, несіне жасырасың,
Бір сұмдық бар, сеземін, біздің маңда»...
Түсті жорып екеуі отырғанда,
Күншығыстан бозарып атты таң да,

Жылқышы бір шал бар-ды Тұтқыш деген,
Жақын болып жүретін Алтайменен.
Көрген жерде Алтаймен шұрқырасып,
Дейтін: «қалқам, мен сені жақсы көрем!»
Таң ата жылқы жиып келді сол шал,
Астына бір қортықтау мініп дөнен.
«Алтайжан, сұмдық бар... деп (кемсең-кемсең),
Мен бір жаман сөз білем, маған сенсең»..
«О, не сұмдық, не ата, о не сұмдық?»
«Болып едің өзімнің баламдай сен.
Ел жақтан сені іздеп қуғын шыққан,
Қиналармын жаулардың қолында өлсең,
Бұл арадан тез жөнел, жөніңді тап,
Жаным ашып айтамын досың көрсең?»

Кескіні Алтай ердің сұрғылттанып,
Өкпе алқынып, демін де зорға алып,
Денесін мұздай салқын қандар қулап,
Көзінде қызыл шоқтай ұшқын жанып,
Тұтқыштан қайта-қайта сұрай берді,

Деп: «Анық па, ата бұл, анық па, анық?!...
«Қалқам-ау, сенер болсаң, мұным анық,
Анығын Жылқыбайдан келдім қанып,
Сұлушашты бұзыпты бұзылған құл.
Деген саған жүр дейді атақ таңып.
Жақында қалың қол кеп Сұлушашты
Еліне әкетіпті тартып алып.

Ермекті құда жаққа құл ғып берген,
Солай етпей қайтеді жаулар жеңген.
Осы істі бүлдірген Алтай бұзық,
Деп ұстауға қол шыққан біздің елден.
Кешегі күн астыртын кісі келді.
Сені алдап қолға ұстап бермек, Берден»

«Жарайды, ата, разымын келгеніңе,
Жаудан сақтан деп хабар бергеніңе,
Сәті түссе түптеп бір құтқарармын,
Болмаса қанға батып өлгенім де».

Кескіні қаратүнек ұқсап түнге,
Тыңдап Қайсар қабағы қатқан түрде.
Былай деді:
— «Алтай, мен жақсы білем,
Бір кемеге мінгеннің жаны бірге.
Қайда барсақ жұбымыз айырылмай,
Бала күннен дос болып қосылды ірге.
Достың достық борышы қайда өтелмек
Кезіп рақат іздесе тарлы күнде?

Саған дос боп, сырлас боп жүргенімде,
Ойымда жоқ бақ, дәулет, олжа, жүлде.
Сен қайда өлсең, мен сонда бірге өлем,
Бұл есіңнен шықпасын,— мұны «бір» де!

— «Екеумізді достасқан тілек қосты,
Айнымайтын, сенімді жүрек қосты.
Майданында еңбектің қайнап піскен
Құрық ілген қажырлы білек қосты.
Байдың кегін кекпенен қайтарам деп,
Сұлу сынды аққудай түлек қосты.
Саған қосып мені де сұрғылт тұрмыс,
Бәйгесіне, жарысқа сілеп қосты.

«Бір біз емес, біз-сынды — құл, жалшы көп.
Топ-топ адам бір байда жылқышы боп
Жүрген жоқ па осында? Басқа байда
Бар емес пе тағы да осындай топ?
Өмір бойы соларда көрген рақат,—
Бір аяқ саумал менен бір асым ет.
Шоқпыт, Тұтқыш, Қарақұл, Жамандарды
Ілген құрық қартайтты жетпіске кеп.
Өмірінде қайтып ап, бала сүймей,
Жасар өмірі құлдықпен өтті жай тек.
Сол құлдықты ешбірі сезінбейді,
Аты адам, жүректе санасы жоқ.

— «Мыңдаған жылқыларды солар баққан.
Дамыл жоқ, ерте тұрып, кешке жатқан,
Рулы елде, байқашы, бір бай бар ма,
Бір күн келіп күзетте азап тартқан.
Елге барсаң жүздеген тағы жалшы,
Байдың күлін сыпырып отын жаққан,
Еңбексіздер рақатта, жалшы азапта,
Сол рақат көрсеткен малды баққан.
Құл-құтанға, жалшыға байлар жылан,
Денесіне қадалып тынбай шаққан.

— «Адам қазір екі жік:
қожа мен құл.
Құл-құлдықта, құлданып қожалар жүр.
Байға қарсы тұруға басын қосып,
Құлдан әлі туған жоқ тап ондай ұл.
Берденнің сені ұстап берем деуі,
Құлдың байға жағынған белгісі бұл.
Ойламауын көрдің бе Берден сұмның,
Бай тепкісін көрсе де отыз бес жыл.
Құл қожаға бас иіп бағынбауға
Талай, талай заман бар, бірталай қыр,
Қашан құлдар оянып бас көтерсе,
Біздің өмір оларға болады жыр.

— «Міне, Алтай дос, сұрасаң менің сырым,
Мұны саған айтқам жоқ бұдан бұрын,
Саған серік болғаннан осыны ойлап.
Айырылмай келеді сенен жұбым.
Мен саған өле-өлгенше шын жолдаспын,

Көкірекке орнаған иман мұным.
Біз көретін өмірде теңшілік аз,
Тіршілікте теңдіктен болмаса ырым.
Үйтіп тірі болғаннан не қасиет,
Қысқа өмірлі, тез өлер болып шыбын.
Жүргенше, сеніменен бірге өлсін,
Бірге өскен дос денем жазбай жұбын.

«Ылғи тұман қоршамас, бір ашылар,
Бір күні күн жарқырар, нұр шашырар.
Біз ашынып қоймаспыз, нәлет артқан,
Бәйнет көрген құл біткен бір ашынар.
Біз өлерміз, көш көшер, тұрмыс көшер.
Мықты кеуде құлдарға бір бас ұрар.
— «Бір орында тоқтамас, заман зырлар,
Құлдар ылғи құл болмас, бір күн шыңдар.
Ылғи қаратүнек күн төне бермес,
Алтын күнді бір көрер көзсіз құлдар.
Құл біткендер бірігіп көтерілсе,
Паналарға жер таппас, байлар сұмдар.
Құл жастар құлшылықтан азат болса,
Бізді атаусыз тастамас, толғар, жырлар.
Біз кешірген өмірді жырлағанда,
Жай тыңдамас азат құл жылап тыңдар!!..»
— «Жан жолдасым, разымын, разымын» деп,
Жылады Алтай Қайсарды құшақтап кеп.
— Ренжір, қалса қалсын деп ойлап ем,
Серікті неге әйтпесе көрейін жек.
Сендей сенер сырласы бар жігіттің
Арманынан шығуын қылмаймын шек,
Не өлерміз, кейінгі үлгі алар,
Не қайтар, күштілерден алатын кек!»

Бір атты қылаң етті сол арада,
Қайсар қарап:
— «Берден ғой, әне қара!
Алдап қолға түсіртпек болып жүрген,
Деп Тұтқыш айтып еді-ау, бізге, мана».
— «Ие, солай. Әйткенмен қауіп қылмай,
Қалайша бұл сескенбей келді дара?»
— «Сұрқиялық сазайын тартайын деп
Келеді ғой, «сыйына» сыйын ала!»
Сыпыртып бір жиренмен келді жетіп,

Жылқыны қайырған боп ағып өтіп,
Атының басын тартып, сар-аяңдап,
Сұм Берден қастарына келді жетіп.
Түк нәрсені сезбеген адамымсып,
Күлімсіреп, баяулап өлеңдетіп.
Қалжыңдап:
— «Қосқа неге келмейсіңдер,
Жүрсіңдер безіп жұрттан неге көкіп!»

Ашулы Алтай шап берді тізгінінен:
— «Сыйқырланба бұзылған... білем... білем...!»
Берден сасып:
— «Ой, жаным, не айтасың?!
Ойының ба, шының ба, мынауың нең?!»
— «Аш көзіңді, сұрқия, кімді алдайсың,
Құлығыңды білмейтін шығармын мен.

— «Екі-үш жыл жылқы бағып болдық дәмдес.
Алып көрген күнім жоқ бетіңнен еш.
Мені жауға пенде ғып берем деуге.
Қалай қидың? Бұл жерін сен өзің шеш!
Біл, білме... Қазір сенің қаныңды ұрттап,
Сенен бастап жауымнан қайтарам өш!..»—

Деді де,
Жағасына қолын салып,
Өзіне қарай аттан тартып алып,
Сол кезде жарқылдаған алмас қанжар,
Сүйіріп қос өкпеден кірді барып,
Қорқырап, қап-қара қан көкке шапшып,
Атынан ұшты Берден домаланып.
Бір кегім қайтты білем деген жанша,
Шырадай Алтай көзі кетті жанып.

— «Жүр, Қайсар, жаудан бұрын елге барам.
Баласын ақтық сүйсін ата-анам.
Сонан шығып, жарым менен Ермегімді,
Жер шетіне кетсе де іздеп табам.
Егер бұл ниетіме бөгет болса,
Кім болса да Берндендей қанға малам»

## III

Өзеннің оң жақ беткей жағасында,
Иірілген бір қойнау, саласында,

Жапырағы сарғылттау түсі қашқан,
Шоқ-шоқ қалың талдардың арасында,
Күннің көзі түстіктен ауып кетіп,
Батыс жаққа құлаған шамасында,
Алтай, Қайсар аттарын отқа қойып,
Отырысты сол жердің жырасында.

Көпіршіп жарға соғып көбік ойнап,
Сүзгілесіп толқынды толқын айдап,
Сыр-сыр, шылп-шылп иіріп дөңгеленіп,
Шымырлап аласұрып жатыр қайнап.
Шошаң етіп, шабақтар қайта сүңгіп,
Сайрандарын құрып жүр, тойын тойлап.
Өзенді өрлей біткен жасыл құрақ
Бұлғаңдайды үкісі, гүл-гүл жайнап.
Екі аққу ақ күмбездей, суда жүзіп,
Сұңқылдап, қанатымен суды сызып,
Иірілген кез мойнын созып барып,
Көк құрақтың шашағын алды үзіп.
Шұбырысқан үйректің балапаны,
Маржан тастай өткізген жіпке тізіп.
Ән, күй, мұң жыр, көркемдік бәрі сонда,
Көзді еріксіз тартады түрлі қызық.

Шу етті бір уақытта барлық құстар,
Енесіне тығылды балапандар.
Алтай, Қайсар жан-жаққа қарай қалды
Дегендей боп:
Не болды, нендей іс бар?»
Көре қалды: аспаннан төмен қарай
Құйылған бір қараны, ноқаттай дәл,

Бір көк құс жұдырықтай ағып келіп,
Екпінімен қамыстың ішіне еніп,
Қайта шырқап аспанға шыққанында,
Тұяғына бір үйрек етті легіп.
Сұқсырдың баласы екен, сорлы анасы
Барқылдап қала берді дөңгеленіп.
Қайсарға бұрылып бір қарады да,
Ышқына күрсінді Алтай оны көріп.

— «Құс-екеш құстағы баласы үшін,
Аяғысы келген жоқ барлық күшін.

Әл келмеді. Жүрегі ойран шығар
Ана үйректің қараса жарып ішін.
Ермекжанға қалайша елжіремес,
Ата, енемнің жүрегі, менің ішім...»

Деген кезде бірдеме сыбдыр етті,
Алтай да, Қайсар-дағы шошып кетті.
Аттарына жүгіріп барған кезде,
Тал сындырып бірталай түйе өтті.
— «Әкем де келген шығар, мен танимын.
Мына біреу тапалтақ қара лөкті».
Деп Алтай, атын ерттеп мініп жылдам,
Түйенің арт жағына қойды бетті.

Бір дауыс ызың етті құлағына:
— «Тәңір-ау... Жеткізбедің мұрадыма!..
Ермекжан-ау!.. Қасқырға жемтік болдың...
Ұқсап бейне ешкінің лағына!..
Алтайжан-ау... Қайдасың?!.. Тірімісің?!..
Жау өлтіріп, жетті ме құмарына.
Екеуі де шыршадай өндір еді,
Өсіп жетпей кез келді-ау сынарына!..
Тәңір-ау... Неге алмайсын... қазаң қайда?
Шаққызбай тілі улы жыланыңа!» —

Әкесі екен, ер Алтай білді анық,
Жүрегі талқан болып кетті жанып.
Тортөбелді борбайға бір салды да,
Алдынан құйындатып шауып барып,
— «Әке!!» — деді.,
Шұнақ та тани кетіп,
Түсе қалды түйеден домаланып.
Бассалды аңсап жүрген балапанын,
Көзінен қан аралас жасы ағып.
Шерлі жүрек шер төгіп босануға
Жарай алмай, сорлы шал кетті талып.

Ыңырсып біраз жатып жиып есін,
Құлынының төсіне тақап төсін:
— «Сен жоғалдың. Ермегім қолда кетті...
Одан жаман айрылды шала есім...
Әкетерде шырылдап жалғыз бауырың,

Деп кетті: « Көкем мені іздеп келсін!..»
Құлыным-ау, өлген жоқ, тірі жүрмін,
Білмеймін, аяды екен ажал несін!»

Шұнақтың ыстық жаспен бетін жуып,
Жүгіріп денеге қан, мұздай суық.
Буынын тәлтіректеп баса алмай,
Қайғыдан бар денесін алып уыт.
Егіліп еңіреген Алтай ерді
Тоқтатты Қайсар келіп жайып-шуып.

## IV

Қайғы, мұңның құрдасы болған қара үй,
Сел болған көз жасына толған қара үй,
Албастыдай қайғының қара бұлты,
Үстін баса орнығып қонған қара үй,
Жерден қазған зындандай бой жаздырмай,
Пана қылған қу шөптей солған қара үй,
Өмірдің үскірікті ызғары орнап,
Бас сұққандар дірілдеп тоңған қара үй,—
Күндегідей көз жасын төккізген жоқ,
Шерлінің жүрегіне у сепкізген жоқ,
Ауыл-аймақ ұйқыға кіріскенде,
Жылт-жылт етіп көрінді бұл үйден от.
От басында шоқиған екі адам,
Елегізіп бірдеме күткендей боп.
Күңкілдеседі. Шұнақ пен Тезек қой бұл,
Қуанышты, Алтайы келеді деп.

Қараңғы түн, бұлт жауып жерге төнген,
Ай, жұлдыз жоқ, жарық жоқ, түгел сөнген
Дыбыс басар,— ысылдап ескен жел бар,
Жер үстін белуардан шық көмген.
Күз алды, жұрт тоңазып, шырт ұйқыда,
Түк нәрсе сезінбейтін, секілді өлген.
Сол кезде ауылға Алтай жүрді тура,
Сеніскен шын жолдасы Қайсар ермен.

Аттыларды көрсетпей шық жапты,
Маңқ етіп шабаланбай ит те жатты.
Сездірмейік адамға дегендей-ақ,
Сиыр, түйе мұрынын ыңырантты.
Ат дүбірін жел жақтан естімесін

Дегендей, бұлар орап түсті ық жақты.
Қараша үйдің түбіне келіп түсіп,
Сақ бол деп Қайсарға Алтай ат ұстатты.

Үйіне кіріп келді есік ашып,
Үй іші ең әуелі қалды сасып,
Тани сала Тезек кеп сүйіп беттен,
Құлынын аймалады құшақтасып,
Айғай салып қайғысын еркін төкпей,
Солқылдады төсіне басын басып.
Неше жылдай тас болған қос емшектен
Саулап аға жөнелді ақ сүт тасып.

Тезектің ойы айғай сап жылау еді,
Барлық мұңын жыр қылып құрау еді.
Лақылдатып, ақтарып, шерін құсып,
Ыстық жаспен Алтайды бұлау еді.
Кеше құлынын сағынып жүргенінде,
Оның ойы осылай шыдау ма еді?
— «Біреу естіп қалар — деп шалы келіп,—
Дыбысыңды шығарма, шыда!» — деді.

Үй сол қалпы, сұмдық-ай, Ермегі жоқ,
Елестеді. бүркеніп жатқандай боп.
Бір дорба асық... талдан ат... ілулі тұр,
Төрде жатыр ойнайтын сиыр жүн доп.
Орынын иіскеп Алтай етпетінен
Жата кетті төсекке еңіреп кеп.
Ата-енесі құшақтап екі жақтан,
Жас сел болып, мұң басқан тақалды бет.

Үміт кейде тұрақсыз ұшқан бу ғой,
Ой дегенің күйдіргі, ол бір у ғой.
Көздің жасы жүректе жанған отты
Сөндіретін себелеп, жай бір су ғой.
Жарға әкеліп жыққанын білгізбейтін,
Сыйқыры мол, түлкідей тағдыр қу ғой.
Сол қулыққа алданған Алтай ердің
Түсе кетті көңіліне бір кезде ой.

Жұлып ап шошынғандай басын жерден,
— «Жігіт, жігіт болмайды қайғы жеңген!

Мен бұл істі әуелде бастағанда.
Иек артып қайратқа ғана сенгем.

Ермек, Сұлу сол күймен кете барса,
Тірі болып жүргеннен, артық өлген.
Апа, әке, құр жылап бөгемеңдер,
Бата алып кетпек боп жолым келген.
— «Ақ сүтіңді еркелеп емген ана,
Түн ұйқыңды төрт мезгіл бөлген ана,
Жатып жастық, иіліп төсек болып,
Мен үшін талай бейнет көрген ана,
Құлыным жетсе, қолымды жылы суға
Маламын деп балаңа сенген ана.

«Денеңе құлдық таңба басқан әке,
Нәлет қамыт иығыңнан жанышқан әке,
Біреу үшін еңбек қып, рақатын
Өзің көрмей, бай найза шанышқан әке,
Өміріңде бойын бір жадыратпай,
Күндіз күлкі, түнде үйқың қашқан әке,
Екі құлыным ержетсе, қолым жетед
Деп алдыңнан рақатты тосқан әке.

«Жарқылдайды дейтұғын сондағы ұлың,
Шыға алмады бейнетке болып тығын.
Пайда орнына зәбірге батып белден,
Соқтықтырды біреуге мұрындығын.
Сау басына сақина тілеп алып,
Мойнына екі адамның артты құнын.
Сорлы ұлың бәйгеге басын тікті,
Сол құндарды алуға міне бүгін
«Сорлы анам, ақ сүтіңді борыш қылма!
Сорлы әке, қарғыс айтып, көзді жұмба!
Мен сендерге жоқпын,— бұл шын кеткенім,
Екіталай келуім қайтып мұнда.
Кім білсін қандай құзғын жем қыларын,
Ойда, қырда, жазықта әлде шыңда?!
Ым қағып, күзге қарай айтып өтер,
Қайда өлдім? — Аққу, қаз, қайтқан тырна!»

«Кетпе!» деп жалынысты екі сорлы,
«Кетпеуге мүмкіндік жоқ, болмайды орны.

Жан-жағым жау, арандап аузын ашып,
Көзі шалса ұстамақ жайып торды.
Ұстамасын.... аламын арашалап
Мен үшін екі адам болған қолды» —
Деп орнынан түрегеп қош айтысып,
Белін буып Алтай ер кетпек болды.

Сорлылардың көз жасы ағып сел боп,
Тезек келді: — «құлыным, қайтем мен?» деп.
Құшақтасып, шығарып екі емшегін,
Ұсынды, «мә, жан сәулем, иіске, ем», деп.
Анасының сөзіне бойы балқып,
Алтай ер аңсары ауып, кетті шөлдеп.
Аймалап ана емшегін сүті аққан,
Иіскелеп аққан сүтті сорды дендеп,
Сүйтті де әкесімен құшақтасып
Айрылды.
— Қош!
Ата-ана,
Бақыл бол!» — деп.

Шешесі бетін тырнап, шашын жұлды,
Әкесі өз маңдайын өзі ұрды.
Жалғыздан тірі айрылар емес еді,
Кірпіктері қимылдап талып тынды.
Алтай да ақылынан адасып қап,
Алақтап сықылданып бейне жынды,
Не болғанын білген жоқ, сүйретіліп
Келді де ессіз, түссіз атқа мінді.

## V

Ел көшіп қысқы мекен етер жаққа,
Екі-үш күн жаппа тікті бір бұлаққа.
Шалғын орып, малдардың бүйірі шығып,
Тынықты шаршап келген қозы, лақ та.
Көштес ел кезектесіп қонақ болып,
Көш байсалды, батысты рақатқа.
Мәз-мәйрам боп күлісіп бой көтерді,
Бөлініп әркім өзі теңді сапқа.
Бұл көште Сұлушаш-ақ қайғы басқан,
Солған шөптей кілбиген, өңі қашқан.

Өңешінен бір нәрсе тірегендей,
Қалды ұйқыдан және де ішер астан,
Жер жұтардай көрініп, басатындай
Көрінеді таудан да биік аспан.
Алтайды ертелі-кеш ойлай береді,
Бір орында отырып қозғалмастан.

Ермек те «қойшы» деген нәлет іліп,
Қой бағады табанын шөгір тіліп,
«Шұнақ құл» деп түртікілеп, көзге шұқып,
Мазақтайды сорлыны әркім күліп.
Ойы құрғыр: Сұлуға, Ермекке де
Жүрекке кеп қадалған қара сүлік.

* * *

Жайылды ел ішіне бала бақсы,
Жұрттың сөзі — «бақсының алды жақсы»,
«Көріп кел, айтқандары теріс кетпейді.
Қобызшы, жауырыншы, құмалақшы!
Құрт ауру болды деп жорып қойған,
Байбосын да, елі де Сұлушашты.
Сол бақсы қаңғалақтап өзі келді,
Байбосын боп жүргенде алдырмақшы.

Жаланбас, жалаңаяқ, үсті өрім,
Жырым-жырым жіберген балақ, жеңін
Жауырыны қақпақтай, тостаған көз,
Қарыс маңдай, қыр мұрын, жұқа ерін...
Жұрт шұласты; «шіркіннің тұлғасын-ай!
Неткен бақсы қияпат біткен керім!
Көріп кел екендігі рас шығар,
Мына түрмен бұл бақсы болмас тегін!»
Өзіне не аруағың бар дегенде,
Айтатыны «жолдасым қара перім,
Мен дауасын таппайтын ауру жоқ,
Қандай дерті болса да табам емін!»

Бай кешке меңсіз қара қойын сойды,
Лаулатып отты отауға жағып қойды,
Анда-санда ақырып, арыстандай,
Қимылдатып қояды бақсы бойды.
Ымыртта жігіттерді жиып алып,
Ақ отауда басталды бақсы ойыны.

Бір жаурынды бақсы әуел отқа салып,
Жан-жағына алара қарап алып,
Жылдамдата қобыздың қылын ысып,
Сарнады, күңіренді ыңыранып,
Бір кезде қыннан пышақ суырып ап,
Түрегелді санына жанып-жанып,
Жарқылдатып пышақты сыр жүгіртіп,
Соқтықты не кез келсе соған барып,
Бір уақытта керіліп алақ-бұлақ,
Жатты, тұрды, аунады, домаланып,
Сүйтті-дағы қобызды қайта ұстап,
Сарнап ала жөнелді тері ағып:

— «Сен қу қобыз, қу қобыз,
Зарлыға даусың у, қобыз!
Кірлеген көңіл бар болса,
Тазалап кірін жу, қобыз.
Шерліге шемен орнатқан,
Шайтанның қолын бу, қобыз!

Сен сақ қобыз, сақ қобыз!
Шерлінің шерін тап, қобыз.
Шерліні шерлі қылғанды
Жыланнан жаман шақ, қобыз.
Айы, күні батқанға,
Шырақ қып шам жақ, қобыз.
Күйіңнен қобыз жаңылма,
Сарна, қобыз, дарылда.
Мынау күшті екен деп,
Күштілерге жалынба.
Күштіменен күрессең
Сорлылар жүрсін жаныңда.

Елден жалғыз бейбақпын,
Ер-тоқымсыз жайдақпын.
Ененің сүтін ембеген,
Жетімек, арық тайлақпын.
Мені мінсең, қобызым,
Өлмеуімді ойлап мін.
Дұспанға мені мерт қылма,
Өзегімді дерт қылма.
Жолыма жусан бітіріп,
Алдымды жанған өрт қылма.

Жауымды жеңіп менімен
Бірге аттан, серт қыл да.
Ауру, мына сұлу шерліні,
Солдырған пәле белгілі.
Сол пәлені қуысу —
Міндетің сенің ендігі.
Сенімен мен болмасам,
Өзгенің жетпес ерлігі.

(Қызынып) Сәуле басуын!
Алтын күн нұрын шашуын!
Ана бір борлы әлденіп,
Ана жаудың қашуын!
Ана бір сорлы көңілдің,
Көтеріліп тасуын!

Осы балым келер-ақ,
Қайғының оты сөнер-ақ,
Сұлуды басқан пәлекет,
Көресісін көрер-ақ,
(Ақырып) Сұлу қамықпа!
Жазыласын, түсті сәт!»

Сарының аяқтады, бақсы сүйдеп.
Қобызды азынатты қайта күйлеп,
Бір кезде тағы ұшып түрегеліп,
Жүгіріп үй ішінде кетті билеп,
Тағы-тағы сарнады, сөз артынан
Сөз шұбырды ағылып түйдек-түйдек.
Үйдегінің бәрін де қуып шықты,
«Пышақпен өлтірем» — деп «тегіс түйреп».

Бақсыны көргеннен-ақ бар денесі,
Шымырлап Сұлушаштың кеткен есі,
Басында күні бойы оралған ой,—
«Жаным-ау, біздің Алтай емес пе осы?!
Егер де Алтай болса жынданған ба,
Ел ақтап, бақсы болып жүрген несі?»
Жұрт қашып шығып сыртқа, бақсы екеуі
Қалғанда, күдік ойдың бар пердесі
Түріліп, танығанда ғашық жарын
Таң болған Сұлушаштың шықты есі.

## VI

Бұрқырап, үйіріліп жерден шаңдақ
Бір топ салт қиқу салып келеді аңдап.
Ат дүрсілі бейне жер сілкінгендей,
Салған айғай шуылдап, жау мұндалап!
Астарында жараған бір-бір жүйрік,
Қолда найза, қарында ілген садақ,
Зымырап жерден биік көтеріліп,
Топтан шықты бір кезде екі боз ат.
Бұл кезде төрт сергелдең басын қосып,
Күн туғандай жадырап көңілі өсіп.
Бойлары көтеріліп, күліп-ойнап,
Өткендей шетсіз,
шексіз суды кешіп,
Отырысты аттарын қойып отқа,
Қай жаққа кетеміз біз деп кеңесіп.
Күн күлімдеп, күзгі сұр бұлт жадырап,
Төнді аспан төбеден торғын бесік.

Бұлардың әңгімесін шаңдақ бөлді,
«Бұл не?!» — деп көзін сүзіп олар төнді.
Қос боздыны көрді де «жау келеді,
Сұлушаш, Ермекпенен аттан енді!
Бұдан өлсем өмірде арманым жоқ,
Жан аямай қимылдар кезім келді.
Қане, Қайсар, отырма, атты әкеліп,
Үстіне, мықтап тұрып ертте ерді».—

Деді де, Алтай ерттеп атқа мінді,
«Не де болса тәуекел — көзді жұмды.
Сұлушаш Ермекпенен жөнелді де,
Қайсар, Алтай жауларға қарсы жүрді.
Қарсы шыққан қос адам көрінген соң,
Қос боз атты атының басын бұрды.

Садақпен Алтай бірін тартып қалды,
Оқ жаңылмай атқанға тура барды.
Кеудесіне дір етіп қадалып оқ
Бір боз атты атынан домаланды.
Сау қалғаны сол елдің батыры екен,
Жолдасы кеп Алтайдан кезек алды.

— «Оңбаған құл, мұншама неге тастың?
Қорықпай, үрікпей жерімді қалай бастың!
Тал түсте кеп төбеме ат ойнатып,
Қалайша жесірімді алып қаштың?
Қанын ішкен батырмын, талай сендей
Өлер жерін білмейтін есуастың.
Шұнақ құл, кімді тең боп басынасың,
Сен шалшықсын, мен өзен қатты тасқын!»

«Мен де өзіңдей жігітпін оза туған,
Талай кешіп өткемін от пен судан.
Алған ойға жетпеген жігіт емес,
Деп, бұл іске бекем ғып белді буған,
Сендей талай тасыған ірі кеуде,
Өз қанымен өзінің бетін жуған.
Әзілдесіп тұруға уақытым жоқ,
Сөйлеме, кезегіңді ал, қане жылдам!»

Сайысқа екі батыр буды белді,
Қайрат тасып қыздырды Алтай ерді.
Түлкі алатын бүркіттей түсі суып,
Арыстандай ақырып жауға төнді.
Найзасын сілтеп еді, анау қағып,
Ортасынан омырып екі бөлді.
Маңдайынан шұбырып тер сорғалап,
Бұрқыраған шаң қылды майдан жерді.
Қайсар қарап, ішінен тілек тілеп,
Ер Алтайға дарыған күшке сенді.

Бір кезде Алтай өкпеден найза қадап,
Өкіріп жау атынан түсті құлап.
Бұлар қашып үлгермей кейінгі жау
Келіп қалды, созылып ұбақ-шұбақ,
Мидай дала қып-қызыл майдан болып,
Ойнақтап үсті босап шықты көп ат,
Жаудың бетін қайырып жөнелісті,
Күн батуға таянған мезгілде нақ.

Қуған жау соңдарынан қалыспады,
Жақын кеп бірақ сойыл қағыспады.
Дүсір-дүсір бұрқылдап жерден шандақ,
Жер қозғалған сықылды шабыстары.
Жесір кетіп және де батыры өліп,

Жаудың қозды кеудеде намыстары,
Күн батуға таянып барған кезде,
Бұлар жаудан қара үзіп алыстады.
Өзенде Сұлушаш пен күтіп Ермек,
Тұр екен тілек тілеп «жәрдем бер» деп,
Қуған жау топ-топ болып келе жатыр,
Қайтпады, жеңгенмен алдын деңдеп.
Ендігі істер бар айла — жүзіп судан,
Ар жағына, амал жоқ, өту керек.
Гүрілдеп долы өзен жатыр ағып,
Көпіршіп иірілген тасқын суда.
Бөріктей тас барады домаланып,
Өткел жоқ, тереңдігі мәлім емес,
Жау қиқулап келеді ұран салып.
Төрт сорлыны қамады екі жақтан,
Бірі жанды, біреуі жансыз тамық.

«Кел өтейік, тәуекел!» десті бәрі,
Көп жауға өтпегенмен келе ме әлі.
Күп берісті, бойламай ат аяғы,
Құшақтап ап жөнелді өзен-кәрі.
Дөңгелетіп төрт атты, тілсіз жаудың
Сарылдағы күшейіп үдеді әні.

Арсылдап долы толқын иттей қауып,
Ат үстін жынын шашып көбік жауып,
Судағы сорлылардың көңіліне,
Кірді суға кетеміз деген қауіп,
Құр қарайған үстінде кісі қалып,
Ат құлағы көміліп ауық-ауық.
Ар жаққа тура бетін бұрғызбады,
Толқынды толқын қуып кезек шауып.
Бір кезде әлсіз Ермек талып кетіп,
Күп берді ат үстінен толқынға ауып.

Жынды толқын жынданып сылқ-сылқ күліп,
Домалатып сәбиді әкетті іліп,
Тілсіз жау жас сәбиді аяған жоқ,
Одан жаман толқыды кәрін тігіп.
Ұстаймын деп ер Алтай ұмтылғанда,
Шоп беріп жөнелді Ермек суға кіріп,

Төртеуінің біреуі суға кетіп,
Үшеуі шықты-ау судан дымы құрып.

Сол кезде күн де батып бара жатты,
Мөлдір су енді қызыл қан боп ақты.
Қызыл көбік құтырып иіріліп,
Қып-қызыл боп толқынды толқын жапты.
Сәби Ермек бөленіп қызыл суға,
Өзеннің түбін қауып, мекен тапты.
Қызарған күн, қызыл су, қанды толқын
Кімді аясын тілсіз жау кәрі қатты.

Андаған жау қабақта қалды тұрып,
«Қап, бәлем!» деп тістеніп санын ұрып.
«Бауырым!» деп Алтай ер күңіренді,
Көзінен қан аралас жас шұбырып.
Бауыр шіркін өзегін өрттей жалап,
Жер бауырлап жатты Алтай әлі құрып.
Қайғының тұманымен дегендей-ақ,
Бір кезде қап-қара боп жабылды ымырт.

## IV БӨЛІМ

## КҮЙ

### I

Көп таудың арасында арқадағы
Атақты бір сұлуы Қарқаралы;
Көркем кескін, Кербез тау адам түгіл,
Бұлтты аспандағы тарта алады.
Ол кезде мекендеген ел аз ғана,
Тайсалмай тауды кезіп жортады аңы.
Қоршаған Қарқаралы қорғанының,
Бұғылы тау отауы ортадағы...

Мезгіл күз, бар өсімдік тартқан сарғылт,
Тау төбесі аспанда буды барлық
Өзіне тартып алып, түнеріп тау
Тұрғандай түнде түгіл күндіз қалғып,
Сол кезде Сұлушаш пен Алтай, Қайсар
Бұғылыға тығылды, жаулар аңдып.
Баса алмай аяқтарын қия жайлап,
Түрмыстан соққы жеді, көрді тарлық.

Аттарын келген кезде аңдар жарды,
Аяқ артар көліксіз жаяу қалды,
Оғы біткен садақ бір — сояу таяқ,
Құрғақ қолға қожа боп азулы аң.
Ұзаққа өрістетпей мазаны алды,
Ендігі табар тамақ тұзақ құрып,
Ұстау болды жымынан қояндарды.

Қылышын сүйреп ертең келгенде қыс,
Сүруі қиын тауда мұндай тұрмыс.
Таудан тайып бір жаққа кетер еді,
Аңдып жау аттатпайды бермей тыныс.
Ақыл, айла таусылып, қажып қайрат,
Кекке толып қазандай қайнады іш,
Осындай дағдарыстың бір күнінде,
«Істелік — деді Алтай — мынадай іс:

«Сиреді алып жейтін аңдар үркіп,
Қар жауып ертең сайға толса күртік.
Шаңғы киіп аяққа, аң аулайтын
Қолымызда жоқ садақ яки мылтық.
Бізді бұл қысқан қыстан сақтайтұғын,
Қолға түссе қырағы алғыр бүркіт.
Бір бүркіт мына тұрған «самұрық» та
Күн сайын көрініп жүр түлен түртіп.

Жеуіне даяр тұрып ет пен майлар,
Бүркітті еріккеннен салса байлар,
Бүгінгі біздің тұрмыс үшін бүркіт
Әрі тамақ, аңдарға әрі айбар.
Егер де сәті түсіп ұстатпаса,
Сіле қатар кез болды бармақ шайнар.
Бұл үміт ілікпесе, суық түссе,
Дей алмаймын өлімнен басқа жай бар».

«Етпейік — деді Қайсар,— текке уайым,
«Самұрықты» шолғамын, білем жайын,
Егер де шығуға сен жүрексінсең,
Етекте қал, биікке мен шығайын.
Бер жағы күз болғанмен, арғы беті
Саусақтың саласындай жиі қайың.
Тәуекел!
Өзің айтшы: қалайша күн

Көресің?
Жаудан тайып, таудан тайып!..

Уайымда, уайымдама ажал біреу,
Керек жоқ бізге оны ойлап жүдеу,
Уайым — дауыл, адам — үй, соққанда ол
Жыққызбайтын ығында ақыл тіреу.
Неге тірлік іздейміз бітсе өлмей,
Егерде алдымызда бітсе тілеу?
Демегін бұл сөзімді: сөгу, мінеу.

«Келгенде осы тауға кездескен шал,
Бізге берген бір тор мен бір арқан бар,
Арқанды белге байлап мен шығайын
Бір ұшын ұста да сен төбеде қал.
Арқанды байлағасын құласа да
Түк қылмайды қандай құз, болғанмен жар.
Кәнекей осы қамға кірісейік,
Құр оймен басымызды қылмайық дал»

«Онысы рас — деді Сұлушаш та,—
Күн көрелік, бүркіттен амал басқа
Таусылды. Тәсіл тауып айла құрып,
Шығу керек қайткенмен қия тасқа.
Егерде сырты қою орман болса,
Емес пе тастың өзі тауға баспа!»
Қайсар, Алтай мақұлдап Сұлушашқа
Деді,—
«Бірақ, сен бұған араласпа!

Еш қауіп көңіліне келмесін ой,
Ақылын тапса тауға жетеді бой.
Біз кеткесін манағы тұзақпенен
Ұстап алған жақсылап қоянды сой.
Біз аса кешікпеспіз. Оралғанша
Жадырап ішетін бір ас қылып қой.
Сәті кеп, бүркіт қолға леге қалса
Қыс бойы қоян асып жасаймыз той!»

## II

Үмітін тіршіліктің жүктеп ауға.
Тырбиып тасты төсеп омырауға,

Кейде ұстап қайыңнан, кейде тастан,
Асылып кей мезгілде арқан бауға.
Өкпесі күйіп кейде, дем ала алмай.
Жақындап таудан төмен домалауға,—
Қайсар мен Алтай ұзақ бейнет шегіп
Алқынып бір мезгілде мінді тауға.

Дүрсілдеп шапқан аттай соқты жүрек,
Терлеген кескіндері қара түнек.
Шынтақ, тізе, төсінің терілерін
Ағызып қанын тастар түскен іреп.
Бір тасқа отырысты дамылдауға,
Бір тасты демеу қылып арқа тіреп,
Бұлардың бұл биікке шығулары
Бір емес, осыменен екінші рет.

Қарамай денесіне тастар жырған,
Бейнетпен асып нелер қия, қырдан,
«Самұрықтың» өркеші — Сандықтастың
Төбесінде ұялы қайың тұрған.
Сол ұяға өрмелеп Қайсар барып,
Бүркітке бұтақты өрлей торын құрған

Сандықтас төрт бұрышты бір биік құз,
Тасы бейне сырғанақ жып-жылтыр мұз,
Аяқ басар, қол ұстар жерлері жоқ,
Басына шыға алмайды баспалдақсыз.
Не заманнан бүркітке қонақ үй боп,
Басындағы ақ қайың өскен жалғыз.
Қайыңдағы ұяға қолы жетпей,
Талайлардың жігері қайнаған қыж.

Ар жағы Сандықтастың тұңғиық жар.
Қайың өскен сол құздың жарына дәл.
Жар қабағы сырғанақ,
Тұру қиын,
Беліне арқан байлап шықпаса әгәр.
Жар тасының қырының өткірлігі,
Қайралған, қылпылдаған пышақтай бар,
Сандықтастың өн бойы өрлегенде
Аранын ашып тұрған бейне — ажал.

«Жан керек батырға да» дегендейін,
Екі дос үндеместен көпке шейін.

Отырысты,
Алтайдың ауды көңілі
Қайтуға кейін қарай болып бейім.
Сандықтасқа шығуға олай-былай
Ойлап, онда таусылды ақыл-зейін.
«Қане, Алтай, тұрайық» деді Қайсар
Отырып дем алғаннан біраз кейін.

Екеуі түрегелді қосыменен.
«Бітті ме — дегендей — іс осыменен?»
Бір-біріне төнісіп,
Көз қарауы
Арқылы ұғысты дос досыменен.
Оқысты көздерінен жазуларды
«Өлер я тірілер жер осы» деген.
Толқыған ой тірелді деген жарға:
«Қорыққан да күн көреді несіменен!»

«Ләм десіп бір-біріне келмей сөзге,
«Қайтайық» басыңқырап тұрған кезде,
Бір нәрсе далбаңдаған Сандықтастың
Төбесінде ұшырай кетті көзге.

«Алақай!.. Бүркіт, бүркіт, бүркіт, бүркіт...!
Дегенмен тіл келмеді өзге сөзге.
Шумақталған арқанды Сандықтастан
Лақтырып түсірді Алтай лезде.

— «Қане, Қайсар,— деді ол — ұшын ұста!
Өрмелейін тұзаққа түскен құсқа»
— Жоқ, Алтай, сен бармайсың, мен барамын!»
— «Мен барамын!..»
— «Мен барам!..»
— Ол дұрыс па?

«Егерде бізде достық рас болса,
Кезектесіп кіреміз не жұмысқа!»
Ерегістің үстіне екеуі де
Ойлады, деп: «қырсық па, әлде ырыс па?»
Алтайдан қалап Қайсар кезек алды,
Өрмелеп Сандықтасқа қинап жанды,
Тер құйылып, алқынып, өлдім-талдым
Дегенде төбесіне зорға барды.

Шаңқылдатып, шекпенге орап, төмен
Жіберген бүркіт зырлап кете барды.
Сол кезде басқан бұтақ сынып кетіп,
Асылып құзға Қайсар тұра қалды.

Домалап бүркіт төмен түсті аман,
Қайсарға бірақ Алтай болып алаң.
Айғай салды биікте:
«Бар ма Қайсар,—
Деп оған — әрі сырғып түсер шамаң?»
Алтайға талусырап келді дыбыс:
«Қош бол, ажал таянды — деген,— маған!..»

Көзінен жас Алтайдың кетті ытып,
Ішіне ауа емес, жалын жұтып,
Арқанды қарағайға шырмай тастап,
Өрледі тасқа өзін-өзі ұмытып.
Тас та тіреп кеудеден жіберуге,
Төс терісін айырып түсті сытып,
Төбеге шығып төмен көзін салса,
Қиық арқан түр досын зорға тұтып.

Еңкейді, созды қолын, жетпеді қол,
Қия тас қол жетуге бермеді жол,
«Қайсар-ау енді қайттім?!»— деп зарланған
Алтайға талусырап қарады ол.
Арқанның соңғы жібі қиыларда
Айтқан сөзі:
«Жан досым, сен аман бол!
Қиылып арқан, Қайсар кетті құлап.
Тимеді тас та аяп жолда бірақ.

Құзғын мен қарғаларға шоқытпайын
Дегендей сарқырама бөлеп бұлақ.
Көмуге көлге сорлап жөнелгенде
Жолында жабырқаңқы тартты құрақ.
Не қыларын біле алмай, Алтай жарда
Бұлақтай жасы саулап тұрды жылап.

## III

Сайтанкөл Бұғылының қыр басында,
Саладай қарағайдың арасында.
Сол қарағай ішінде іші пысып,

Зар болып көзге ілігер қарасынға,
Жан-жағына жаутаңдап, үрейленіп
Екі биік қабақтың арасында,—
Сұлушаш ұзақ терең ойға кетіп,
Тұрды көлдің бір биік жағасында.

Айнала иірілген таулар жалғас,
Құзар биік басына бүркіт бармас.
Әсіресе «Самұрық» құзын көріп,
Деп ойлады Сұлушаш «бара алмас».
Жүрегі кетеді айнып қарағанда,
Шыққаны еске түсіп тауға алғаш.
Көзіне мөлтілдеген жасын іркіп
«Ә, жасаған,— деді ол — ақ-сарыбас!»

Сұлушашпен қосыла бірге жылап,
Тастардан бейне фонтан атып бұлақ.
Домалап төмен қарай көз жасындай
Іркілмей Сайтанкөлге жатыр құлап.
«Уһ» деген лебіне тау желденіп,
Белдерін бүкті көлде жасыл құрақ.
Шөп басы қимылдаса Сұлушаштың
Үрейі ұшып оған да түрді құлақ.

Зорайтып біраздан соң жел де күшін,
Үрледі өршелене тартып ішін,
Торғын аспан түнеріп мейірімсіз,
Бетіне біте қалды сұрғылт пішін.
Құндағы қабақ түйіп, бетін бүркеп,
Көзін жұмды әлдекім қайғысы үшін.
Қайтқан қаз «өтті деп жаз» Сұлушашқа
Амандасты көрдік деп күзден қысым».

Сұлушаш деді қазға:
— «Ә, қайтқан қаз!
Бітті деп бұл маңайдан барасың жаз.
Бізге де бұл маң сендей суық қарап
Не аңда, не адамда досымыз аз.
Аз емес, жоқ төңірек толған аран,
Біз түскен жол емеспе, сыз, батпақ, саз
Сондықтан қаз, мен сені досым көріп
Құлақ салсаң азырақ айтамын наз».

— «Көлге кеп қон, асығыс қанат қақпа!
Серіктерге сендерді дейін «атпа!»
Тым болмаса тоқырап жөніңді айт,
Барасың бетті бұрып қандай жаққа!
Әлі де барар жерің жарқыраған
Мәңгілік жазы туған түгел шат па?
Ондай жер болса бізге жөніңді айт,
Жетейік іздеп барып біз де баққа»

— «Ол жерде мұндай емес түзу заң ба?
Сатпай ма адамдары арды малға.
Малы жоққа малы көп зорлық қылып,
Баспай ма маңдайына құлдық таңба.
Малы көптің жүрегі қара тас па?
Сала ма олар құлақ қайғы-зарға?
Болмаса жадырай ма, жылағанды.
Итеріп есіркемей жығып жарға?

— «Онда да сүйіскенді айыра ма?
Сүйгендер сүйдім деуге тайына ма?
Сүйгендер сүйдім деген сөзі үшін,
«Бұзық жан» деген атқа жайыла ма?
Қарамай қарсылыққа малы көптер,
Сүйместің басын малмен қайыра ма?
Шығара ала ма онда сүймегендер
«Сүймеймін» деген сөзін жарияға?»

— «Болмаса ноқтаға бас сұғына ма?
Ноқтаны бостандық деп ұғына ма?
Егер де сұғынбаса соры қайнап,
Жұрт түгел дұспандыққа жұмыла ма?
Жұмылса жұрт «жазықты» атанғандар
Біздей тауға бас қорғап тығыла ма?
Тығылса тауға, ішер тамақ таппай
Тор арқалап тоғайға шұбыра ма?..»

Көзіне осы кезде алған іркіп,
Сұлушаш орамалмен жасын сүртіп
Қарады ұшқан қазға кеткен жырақ,
Біразға дейін Сұлу қақпай кірпік.
Көзінің қарашығы қадалғанда
Атса егер кетпестей болды мұлтік.
Қаздар ғайып болғанда Сұлушаштың
Есіне іздеп кеткен түсті бүркіт.

Қарады көзін сүзіп Самұрыққа.
Самұрық ұшар басын сұғып бұлтқа
Тұр екен,
Төбесінде бірдемелер
Қозғалып қыбырлады ұқсап құртқа.
«Жасаған,— деді Сұлу,— жолын беріп,
Зарыққан жолаушының жүзін жыртпа!»
Сол кезде таудан төмен ұшып түсті
Бір нәрсе зорға елестеп, ұқсап мұртқа.

Сұлудың жүрегі су ете қалды...
Кескіні бір сұрланды, бірде жанды...
Бірақ «жоқты жорамал қылмайын» деп,
Ойын бөгеп, аяңдап қосқа барды.
Етуге ермек, көңіл көтеруге,
Қолына бір мезгілде қобыз алды.
Құлағын бұрап, перне басқан кезде
Жаңғыртқан тауды лебіз шықты зарлы.

Сарнады қобыз, тауды күй кернеді,
Көркем күй, тауды асып көкке өрледі,
Өрлеген күй жағалай жортқан аңның,
Аяғына тұсау боп жол бермеді.
Қосына қайтқан Алтай күйді естіп,
Бірақ көзі, бұлдырап түк көрмеді.
Жұтқан һауа көк түтін тәрізденіп,
Инедей боп қадалды желдің лебі.

Сұлудың бармақтары қылды басты,
Басса қылдан күй шықты зарлы, ащы,
Ащы күйге шымырлап балқып бойы
Ырғытып қара көзден төкті жасты.
Сол кезде есік алды буалдыр боп,
Даланы қою қара түтін басты.
«Бұл не?» деп сұлу сыртқа шығып еді,
Өрт екен,
Тасыр-тұсыр аңдар қашты.

Ерсіл-қарсыл жүгірді жанталасты.
Өрт қосты қамағанда, паналады
Білмеді не қыларын сұлу басты.
Сайтанкөл жағасында ол жартасты:
Шарпылған, күйген яки үрейленген,

Жан-жағында ілгері аңдар қашты.
Бір кезде көзі шалды Сұлушаштың
Жолбарысты жар тастан сұққан басты.

Сүйриіп жолбарыстың найза тісі,
Жылтылдап ауызынан тілдің ұшы.
Жымиып мұқыл құлақ ыңыранып
Құлпырып ала берен — тарғыл түсі,
Белдеме бүкірейіп, секіруге
Қызынып алабұртып бойда күші,
Ұмтылып бірнеше рет Сұлушашқа,
Келді оның алма бетін тістегісі.

Жолбарыс жонын ырғай, басқа шапты,
Маңдайға қобызбенен сұлу қақты,
Бір шегініп, өшіге тағы ұмтылып
Тағы ұрған қобызды барыс қапты.
Сұлушаш ышқына бір үн шығарды,—
«Алтай, Алтай!.. Қайдасың?!..» деген катты.
Құтылмасын білген соң тістетпейін
Деді де, сұлу жардан суға атты.

Сұлушаш құшақтады құлап көлді,
Су-дағы құшақтады, дөңгеленді.
Алтай да сол минутте жарға жеткен,
Аңыраған жолбарысты ғана көрді.
Жолбарыс бұл келгенін сезінген жоқ,
Аңырып тілін жалап суға төнді.
Түтінді көзге тыққан жынды жел кеп,
Алтайға сыбырлады: «жарың өлді!..»

Жолбарыс қапелімсіз жарда тұрған
Алтайды аңдамай қап қанжар ұрған,
Бүйірге кірмей қанжар, санға кіріп,
Жалт қарап денесін де бұрды жылдам.
«Әп-бәлем қолға түстің!» деген ойын
Жолбарыстың білді Алтай ырылынан.
Төбеден бүріп тісін тигізбеді
Қарамай денесіне тұяқ жырған.

Састырды алысқан аң біраз бүріп,
Бір кезде кеудесінен қанжар кіріп,
Сылқ етіп құлағанда, үшті қанжар

Жүрегін қақ айырып түсті тіліп!
Әлсіреген жолбарыс аран ауызын
Ашты да, құлай кетті белін бүгіп.
Жанталасып аяғын серпкен кезде,
Шек-қарнын ақтарды баурын тіліп.

Жүректен кейін тартып ап қанжарды,
Қан жұтты толтыра ұрттап атқан қанды.
Жолбарысты жеңгені неге керек
Сұлушашты сақтауға болмай қалды...
Сол кезде маңайын өрт орай жанып,
Дүние қара түтін, тұманданды.
Тау үшін күңірентіп ол зарланды.

Шығып еді сорлы Алтай безіп елден,
Өзіне серіктерді ертіп сенген.
Табармын деп ойлады басқа пана,
Жауының қолы жетпес жырақ жерден
«Арқадағы құнарлы орын осы»—
Деп тауы мынау тұрған іздеп келген.
Бауырына киіктей паналаса,
Осы ма, қарсы алып сыйы берген!..

— «Жирен сақал дейтұғын әулие бар,
Береді ұлсызға ұл, малсызға мал.
Қабыры Қарқаралы тауының бір
Биігінде, ізденіп барсаң әгәр,
«Сақтайды» деп сендірген еді оларды
Осы тауда жолыққан бір қойшы шал.
Әдейі іздеп барды әулиені,
Дегендей «суға кеткен қармайды тал».

Қиядан іздеп оның тапты көрін,
Моласы бейне тастан өрген өрім.
Тау басында тостаған секілденген
Жылыжұрт дейді екен оның көлін.
Жылыжұрты — суық жұрт болып оған
Аттарына жұмсады бөрілерін.
Жылы жұртқа қонғанның ертеңінде
Үш аттың тапты пұшпақ терілерін.

Жанына балап жүрген Торытөбел
Деген жоқты Жылыжұрт басында өлер.

Өлді аты, қиылды, қос қанаты,
Жирен сақал әулие болса егер.
Есіркер орны осы емес пе еді,
Жарылқар, оны сүйер, демер, жебер?
Жібіметі, іздеді тағы аруақ,
Қысылса, жәрдем күтер, қолдар, сенер.

Көңіл қап Жылыжұрттың ырымына,
Сайтанкөл бар дегенде Бұғылыда,
«Адамға сайтан дұспан» деген елдің
Қарамай сіңіп қалған ұғымына,
О-дағы біздей қашқын, есіркер деп,
Барды ол Сайтанкөлге тығылуға,
Барлығы аппақ болса, ол сұмның да
Жүрегі оларды аяп жылыды ма?

Жылымады, көлдің де жүрегі тас,
Боп шықты алла да қас, сайтан да қас,
Қастық емей немене, қыршынынан
Қиылды жандай досы Қайсар жолдас.
Қайсармен бірге өлер еді, бірақ
Өлтірмеген панасыз бір Сұлушаш.
Сол жанының жарығы Сұлушашы
Ол үлгірмей, тереңге ұрды құлаш!..
Болашағын болжаса, жалмайын деп
Алдына келе қапты ажал сұм, аш.
Зарланды сонда Алтай қобызын ап,
«Күңіреніп,— деп қобызым,— кәне, сырлас!»

— «Сұм өмір сенен рақат табам деп ем!
Көктегі айды қол созып алам деп ем!
Тұлпар болып бәйгенің алдын бермей,
Кім де болса шалдырмай шабам деп ем!

— «Сұм өмір сенен кәусер ішем деп ем!
Тұрмыс тонын өзімше пішем деп ем.
Мен мықтыны мұқатам, мені мықты
Мұқатпайды, алдына түсем деп пе ем.
— «Маған дүние түп-түгел дос дейтін ем,
Байға дүние түп-түгел өш дейтін ем.
Егер маған дос адам аз табылса
Мен күреске бұлайша түспейтін ем.

— «Өмір шіркін алдадың, мен алдандым,
Алдады өмір, себеп не? Мен таң қалдым!
Жеміс піспей ауызға түспейтінін
Білдім, білдім, түсіндім, енді аңғардым.

— «Қош бол жер, көпті көрген кәрі ана!
Құшақта — тентегім жат!— дегін ана:
Панасыз ем, жалғыз ем өзіңе аян,
— «Жоғалғыр жоғалды ғой» деме ана.

— «Дүниеге мендей талай тентек келер,
Адам өсер, көш көшер, өсер, өнер.
Бұл күнде байлар ғана иеленсе,
Бір кезде құл ие боп сүтіңді емер!
— «Қош бол көк, көкшіл түсті жібек торғын,
Саяңда жігіт болып өсіп-өндім.
Кеше ғана қойныңда еркелеп ем,
Жалын сүйіп ақырда қойныңда өлдім.

— «Сылдыр су, сыбырлақ жел, жылтыр көк тас,
Алтын күн, сұрланған бұлт, ну қара ағаш.
Қош болыңдар шықпасын естеріңнен,
Көздеріңше мен көзден ағызған жас.

— Өлмеймін деп өмірмен арпалыстым,
Арпалысып талайдың қанын іштім.
Әлде болса тіршілік етер едім,
Ол болмайды.... қақпанға мықтап түстім!»

Өзіне әлемді Алтай жау деп ұқты,
Таппады өміріне ойлап жұпты.
Ойы көп сол тұйыққа қамалғанда,
Түтінін өрт те орап көзге тықты.
Әрі ой, әрі түтін тұншықтырып,
Қысылды Алтай, өмірден үзді үмітті.
«Дүние көпсінгенің осы болса»,—
Деді де жүрегіне қанжар сұқты.

Жүректен қан шұрылдап көкке атты,
Ол қанды жалп-жалп қызыл жалын қапты.
«Сұлушаш!.. Қайсар-ау..»— деп дөңбекшіген
Алтайдың денесін от шыжылдатты.
Жел үрлеп қобыз қылын баяулатып,

«Көкейкесті» дейтұғын күйді тартты.
От сүйіп бозаң тартқан қара көздің
Алдынан талай сурет өтіп жатты.
Алтайдың сіңірлері тыртысқанда,
Ышқынды да иегін бар-ақ қақты.

1926—1928.

## БАЛБӨПЕ

### I

Күңшаш, Күңшаш болғалы,
Күңшаштың атын алғалы
Күл-көмірмен бірге өсті.

Жабағы шаш, ірің көз,
Мінезі жаман, бейпіл сөз
Жалба-жұлба түрде өсті.
Күс қолы — қарға тұяғы,
Сол қолмен жайпап дүниені
Бір қажуды білмеді.
Бейнетпенен алысып,
Бір жеңіп бір талықсып,
Не азапты көрмеді.

Біреудің сауып сауынын,
Біреудің қауып қабуын.
Біреудің құртын қайнатты.
Біреудің теріп тезегін,
Біреудің бағып кезегін,
Біреуге бала ойнатты.

Қолынан түспей шелегі,
Қарынан түспей көнегі,
Сауыс болды денесі.
Жамыраса бұзауы,
Қойда қалса лағы,
Ішкені болды кересі.
Сіркеге толып тұлымы,
Қырық тесіліп жұлығы.
Жылтырады аяғы.
Көйлек, жаулық құрымдай

Қырық құралған жырымдай,
Битке қап қой баяғы.

Күңшаштың күнде кәсібі!
Таң сәріден есігі
Ашық болып тұрады.
Жіберіп бұзау, құрт жайып,
Азырақ, мызғып тыңайып
Қазанның түбін қырады.

Бәйбіше итке тастаған,
Шеті күйген тостаған
Күңшаштың алтын ыдысы,
Қолына алып аспабын,
Қазанның қырды қаспағын,
Жұртты оятты дыбысы.

Жабағы күпі ішінде,
Нарттай жанған пішінде
Жатыр еді Балбөпе.
Қырғыштың естіп дыбысын,
Көтеріп күпі бұрышын
(Апасына Балбөпе)

— Апа, қаспақ бер! — деді,
Даярлап еді бергелі,
Кіріп келді бәйбіше.
Балбөпені қатындап,
Күңшашқа ұрсып бапылдап,
Бүріп келді бәйбіше...

Бір бұл емес үнемі,
Ылғи сүйтіп жүреді,
Басқан ізі аңдулы.
Балбөпесі жылайды,
Таңертең қаспақ сұрайды.
Бәйбіше ылғи аңдиды.

* * *

Күңшаш нені көрмеді,
Кімге еңбегін бермеді,
Мал да бақты, шөп шапты.
Кісінің тілеп тілегін,

Кісіге жұмсап білегін,
Тезек терді, от жақты.

Кезеген аяқ атанды,
Өсекшіл ауыз аталды,
Күлкі қылды көрінген.
Бала үшін түсіп тұзаққа,
Бала үшін кіріп азапқа,
Болмады күні ерінген.

Жаны да сол Балбөпе,
Малы да бол Балбөпе,
Арқасында таңуы.
Ұлы да сол Балбөпе,
Бұлы да сол Балбөпе,
Балбөпе жалғыз қаруы.

## II

Күн мезгілі күз еді,
Күзем басар кез еді,
Күздікке ауыл орныққан.
Күземдерін басуға,
Даярлап құрт, май шашуға,
Алынды жүндер сандықтан.

Түндіктер үйден алынды,
Үйлердің іші тарылды,
Бұрқыраған жүндерден.
Алашаны қайырып,
Ортаға кілем жайылып,
Күл қалмады күлдерден.

Жібекпен орап тамағын,
Салбыратып бұғағын
Белін қыздар буынды.
Білегін түріп боэбала,
Оларға тілек қыз ғана,
Салды асыр дуылды.

Ақ сабаулар жарқылдап —
Тулақтың даусы сартылдап,
Күрс-күрс етті айнала.

Баса түсіп айғайға,
Тамшылап тер маңдайда,
Жайылды жүндер жаймаға.

Сары қымыз ішіп ап,
Қызба-қызба түсіп ап,
Қолдырады қолдары.
Бозбала, қыз көбелек,
Бір-бірін жүнге бөлемек,
Ойлаған бар арманы.

Жабағылар түтілді,
Жүн сабалып бітілді,
Басу керек киізді.
Ақ шиге салып жүндерді,
Үстіне жайды түрлерді,
Бәрі қошқар мүйізді.

* * *

Намаздыгер таянды,
Күн батыс қанға боялды,
Дөңнің үсті тобыр жан.
Саңқылдап дыбыс келеді,
Қыз бозбала күледі,
Ермегі киіз ораған.

Шулаған үнмен келіскен,
Малдар қайтты өрістен,
Ауылдың үсті ың да жың.
Қараша үйде қырық жамау,
Дер емес мұнда жан бар-ау,
Ыңырсыған шықты үн.

Естісе де дыбысты,
Желіккен жұрт күлісті.
Бұл кім?— Күңшаш ауырған.
Он күн болған жатқалы,
Шөлдеді нәр татпады,
Шыдамай жатыр жалыннан.

— «Балбөпе!»— деді ақырын,
— Су-сын, бе-е-е...рсей-ші... Алтыным»
Одан соң тілі күрмелді

Онға бөліп сөздерін.
Жаудыратып көздерін.
«Арманым сенсің бір» деді.

Күн де батып барады,
Қырылдады тамағы,
Жан кешер кез таянды.
(Апасына нәр бөпе) —
«Ап-па!!!»— деді Балбөпе,
Көзі жаспен боялды.

Далаға шықты зырылдап,
«Өлді» — деп апам шырылдап,
Зарын оның кім тыңдасын.
Жойған соң бастан ырысын,
Жетімнің күні құрысын...

* * *

Күн артынан күн туды,
Түн артынан түн туды,
Жыл артынан жыл өтті.
Көкірегін өрт шалып,
Жүрегін қайғы дерт шалып,
Күннен-күнге жүдетті.

Маңдайдан сипар адам жоқ,
Еркелейтін заман жоқ,
Кімге зарын артады.
Көлдің барып басына,
Шомылып көздің жасына,
Шері зорға тарқады.

«Әбілет!» деген ат беріп,
Арқасына қап беріп,
Даладан тезек тергізді.
Маңдайынан тер кетіп,
Күндіз бала тербетіп,
Таңертең қозы өргізді.

Не қылса да жақпады,
Сордан сор келіп қаптады
Ашылмады қабағы.

Босағаға түнеді,
Зарын кім оның біледі,
Жарымады тамағы.

Қарағым дейтін бапа жоқ,
Құлыным дейтін апа жоқ,
Еститін сөзі «қу қаншық!»
Өлмегесін тірі жүр,
Өлмешінің күні жүр,
Өмірден 'оған не таңсық.

III

Май айы туып жаз болды,
Бар мақұлық мәз болды,
Ішкендер мас, жеген тоқ.
Арық-тұрақ оңалып,
Жонын жауып торалып,
Бәрі де мәз уайым жоқ.

Жер кілемдей жайнады,
Көлде құстар сайрады.
Жасыл пүліш өсімдік,
Төрт құбыласы сайларға,
Әсіресе байларға,
Кеммін деу онда кесірлік.

Апасын Ханбөпе,
Апасына Балбөпе,
Бақыт құсын ұшырған,
Жоқтатпаған бапасын,
Жерлегелі апасын,
Ашылмады көзі қысымнан.

Ақ бетінен қан тамған,
Бұғағынан бал тамған,
Балбөпе биыл он бірде...
Жараған жүйріктей,
Саусақтары сүйріктей,
Қыз деме оны «өндір» де.

Қырға ауыл қонысқан,
Қымызға қарық болысқан,
Басы амандар көңілді,

Ішкендер мас, жеген тоқ,
Амандарға уайым жоқ,
Басуға аяқ ерінді.

Түс еді, күбір көбейді,
Қыра сөйлеп көмейі,
Қотанда топыр кісі отыр.
Бәрінікі бір кеңес,
Кеңестері тек емес,
Бітірер «үлкен» іс отыр.

Ат-шапан байға беріпті,
Келін ала келіпті,
Ол келін кім? — Балбөпе.
Жылап отыр еңіреп,
Оның зарын кім білед,
Апасына Ханбөпе.

Көкпеңбек сақал иегі,
Дәл алпыста күйеуі,
Балбөпе соған берілмек.
Күнәсіз таза періште,
Жас балдырған нәресте,
Еріксізден көнілмек.

Пар-пар аттар жегілді,
Әкетпек күйеу келінді
Жалақтады қатындар.
Күйеуден алды кәдесін,
(Көрмегенді көресін)
Көбейді айтқан ақылдар.

Құп-қу болып кескіні,
Балбөпе жылап өксіді,
Жұлмалады «киін» деп.
— «Бай адамға барасың,
Ертең адам боласың.
Жастығың жалғыз биыл» деп.
Ойыншыл жұрт күледі,

Еңгезердей біреуі:
Балбөпеге «жүр!» деді.
Ат жегіліп болынған,

Киім-кешек салынған,
Тоқтамайық «мін» деді.

Жас нәресте не білед,
Қозғалмады еңіреп.
Қуыршақтай баланы.
Көтеріп алып жөнелді,
Жұрт күлкіге кенелді.
Бір-ақ көрді далаңы.

Көрген күні бар болды,
Қой деушіге зар болды,
Апасына Ханбөпе,
Талықсыған дыбыспен
Ышқынған зарлы тыныспен
«Ап-п...а-а» деді Балбөпе!

Бар табиғат дірілдеп,
Іштерінен күбірлеп,
Сәбимен бірге жылады.
Нәлет айтып ғұрыпқа,
Көнбеді деп ырыққа
Өсімдік шашын жұлады.

## IV

Іңірде күн желдетті
Тамшысын бұлт көлдетті
Жер-көк түгел сілкінді.
Қопарып жолдың батпағын,
Лақтырып беттен қатпарын,
Қос қоңыр салды бүлкілді.

Жылтылдап от көрінді,
Әкелді деп келінді,
Қатын-қалаш у да шу.
Бозбала жасап ойынды.
Құрмандық тоқты сойылды.
Қазаннан бұрқ-бұрқ шықты бу,

Ойын тарқап жатты жұрт,
Көкшіл сақал, істік мұрт,
Жас сәбиге қадалды.

«Ап-п-а-а...» деді Балбөпе
Апасына Ханбөпе
Сілкіндіріп самалды.

Көрген күні бар болды,
Теңдікке енді зар болды
Күндесі көзге шұқыды.
Тым болмаса қатын деп,
Аяғымда жатыр деп
Болыспады тұқылы.

Сіркеге толы тұлымы,
Қырық тесіліп жұлығы
Жылтырады бақайы
Іздеп алар адам жоқ,
Қарсыласар заман жоқ.
Өмірдің уын татады.

## V

Толып қотан кеңеске
Жайылды жұртқа обеске[1]
Нарсот келді деседі.
«Балбөпе арыз беріпті,
Обеске соған келіпті»
Көбейді жұрттың өсегі.

Жылқыбайдың ауылы,
Қарақұрт боп бауыры
Жиылған жұртқа лық толы.
15 июльде
Жылқыбайдың үйінде,
Балбөпеге сот болды.

Қайырып кейін кекілін,
Жариялап жұртқа үкімін,
Түрегелді судья.
Тоқалшыл тұқыл сабаздың,
Арам қарын «буаздың»
Құны кетті құлия.

[1] Қазақ повестканы «обеске» деген.

— Мынау кім?
— Менің қатыным.
Біреудің алып ақылын.
Осы шіркін бұзылды.
— Ол бұзған кім, Сәрсен ол.
— Коммунис өзі комсомол,
Татып еді тұзымды.

— Нешеде әйел?
— 15-те.
Қой, қай мынау нәресте!
— Иланыңыз ақиқат.
Он беске осы келмесе,
Өз еркімен көнбесе,
Біледі ғой жамағат».

Балбөпеге қарады,
Қараса жасы тамады.
— Нешедесің, шырағым?
(Көзін сығып Балбөпе)
Он үштемін, ағаке,
Жауыздан құтқар — мұрадым.

Бітіп жүрттың жауабы,
Судья істі қарады,
Билікке мәжліс ашылды.
— Шалдың малы қазынаға,
3 жыл өзі жазаға...
Балбөпе көңілі басылды.

1927

## ЖЕТІМ ҚЫЗ

### I

Он саусағы жорғалап,
Домбыра күйін шертеді,
Домбыра үні нәзік үн,
Жүректі мұздай ертеді.
Тамырға ыстық қан жүріп,
Миына қарай серпеді.
Денең мұздап, шымырлап,
Көзінің жасы көлкеді.

Домбыра күйі күн болып,
Күлімдейді алдына,
Домбыра күйі мұң болып,
Мұң береді жандыға.
Домбыра күйі от болып,
Ерте білед, қарды да.
Домбыра күйі жаңбыр боп,
Баса білед шаңды да.
Домбыра күйі байлық боп,
Елестейді жарлыға.
Домбыра күйі Шолпан боп,
Қарсы алады таңды да.
Домбыра күйі кеусер ғой,
Ішіп сусын қанды ма!

Домбыра алсам қолыма,
Көзіме, жас келеді.
Ысытады, суытад,
Құбылтады денені.
Жақсылық пен жамандық.
Көз алдыма келеді,
Көздеген үміт көлденең
Келіп елес береді.

Өткен өмір сағым боп,
Алдыма иреңделеді.
Мың түрлі өзге ойлардың,
Бәрін де күй жеңеді.

Домбыра маған көптен дос,
Достығын талай білдірген.
Талай жылап жүргенде,
Көзімді сүртіп күлдірген,
Талыққанда тербетіп,
Жұбатып көзді ілдірген.
Домбыра күйі тәтті күй,
Тәттіні одан кім білген.
Домбыра тілі мың түрлі,
Мен одан талай тіл білгем.

Сұлу жаз өтіп, күз жетсе,
Өсімдік біткен солады.
Жапырағы сарғайып,
Жас қайыңдар тоңады.
Жасыл пүліш өсімдік
Құп-қу болып оңады.
Күңіреніп, жылап ақырын,
Домбыра дайын болады.

Кең жайылым өрісте,
Ақсақ қой жатып қалады.
Тар құрсағын қақ жарып
Қиналып қозы табады.
Көре сап қасқыр арсылдап,
Қойға қарай шабады.
Қысылған тар өңештен,
Жылы қан саулап ағады.
Қой өлді, қозы көденің
Арасында қалады.
Домбыра сол қозы боп,
Маңырап күйге салады.

Домбыра күйі бұлт болып.,
Түнере де біледі.
Домбыра күйі жылан боп,
Ирең-ирең жүреді.
Домбыра күйі жел болып,

Сыбырлап қана үреді.

Жазсаң саған аяу жоқ,
Тастан да қатты жүрегі.
Тербетіп барып босатып,
Жылату оның тілегі.
Егілтіп мені жылатқан,
Күйінің мынау бірі еді.

II

Қалмақтан қалың әскер кеп,
Қазақтың елін шауыпты.
Тұруға қарсы келтірмей,
Қапысын мықтап тауыпты.
Бір кісіге жүз найза,
Жаңбырдай болып, жауыпты.
Есі кеткен кемпірлер,
Емшегін көкке сауыпты.
Қып-қызыл қырғын кез болып,
Кешірген бастан науытты.
Қырылғаны қырылып,
Қалғаны қашып ауыпты.

Ақсақ-тоқсақ, кем-кетік,
Көшкен жұртта қалыпты.
Іске татыр бар болса
Олжа ғып қалмақ алыпты.
Жұртта қалған сәбидің
Найзамен қарнын жарыпты.
Қалған кетік, кемдерді
Той қылып, құрбан шалыпты.
Қысқартқанда көп сөзді
Есінен қазақ таныпты.

Ақ бетінен нұр тамған,
Күнайым қыз күн екен.
Қызыл беті шырайлы,
Қызарып шыққан гүл екен.
Ақ еті жұмсақ ақ жібек,
Шашы қара сұр екен.
Саусақтары сүйіктей,
Тал бойы тартқан сым екен.
Дәл сол кезде он үштен
Он төрт шығар жылы екен.

Жас балдырған Күнайым,
Әкесі жаста өліпті.
Сегіз жасқа келгенде
Шешесін де беріпті.
Бір аға, бір іні боп
Бұлар да күн көріпті.
Аға-інісі мәпелеп,
Ойлатпапты өлікті.
Болса да жетім тарықпай
Он төрт жасқа келіпті.

Сұлулықта бір мін жоқ,
Күнайым қыз күң еді.
Күндей күліп жайраңдап,
Далада ойнап жүр еді.
Ду ете түсті ауылы,
Дір ете қалды жүрегі.
Ақ бетінен қан кетіп,
Құп-қу болып түледі.

«Жау келді, ойбай, жау келді!
Неғайбыл елдің қалуы»
Алысқа алаңдап қараса
Қалың қол дөңнің бауыры.
Ауылға қарай анталап
Етеді жарқ-жұрқ қаруы.
Жаудың көріп қарасын,
Ақылдан ауыл адасты.
Қызғалдақтай қалтырап
Қашуға жанталасты.
«Э» дегенше болмай-ақ,
Ауылдың үстін жау басты.

Не қыларын біле алмай,
Жүрегі ұшып Күнайым.
Жаудың көріп келгенін
Көкірегін керді уайым.
Кімге күші келеді
Десе де қарсы барайын
Жан-жағына қараса,
Қаптаған өлік маңайы.
Шырылдап талып жығылды,
Сөзі — «Қайда барайын!»

Күнайым талып жатқанда,
Жұлқыды біреу басынан.
Қозғалып еді ыңырanып
Тартты жібек шашынан.
Қара көзін төңкерсе,
Жау өтіп жатыр қасынан.

Бар денесі дірілдеп,
Баса алмады табанды.
Кезерген ерні күбірлеп,
Шырайлы беті сазарды.
Қарғыс айтып ішінен,
Қаракөз жауға қадалды.
Қарауға тура шыдамай,
Сұлулыққа таң қалды.
Жібектей етін ауыртып,
Сүйрелеуге қамданды.

Күнайым сұлу күң болып,
Ат артына мінгесті.
Күлімдесіп көздері,
— Ханға алып жүр!— десті.
Ым қақпады Күнайым,
Сөйлемеді, тіл кесті.
Біріне бірі күлімдеп,
Қалмақтар «бір-бір-бір» десті.

Күнайым шолса маңайын,
Барады екен күн батып.
Қарауланып келеді,
Күншығыс жақ мұнартып.
Күн бояуы қызыл қан,
Көкжиегін қызартып.
Арманның арты алыстап
Ойды әкетті ұзартып.

Есіз қалған жұрт жатыр,
Үйлердің бәрі қирапты.
Елден қалған мүлікті
Әр жерге үйіп жинапты.
Ауылдың малы адасып,
Азан-қазан шұлапты.
Дөң астында бусанып,
Жалғыз-ақ жалтыр су қапты.

Маржандай боп тізіліп,
Домалады көзден жас.
Зорға алды демін қысылып,
Жалынды бумен аралас.
Қалшылдады суықта
Тұрғандай боп жалаңаш.
Жау сөзі «күң алдық» та,
Зарына оның қарамас.

Іңір боп, көк түнерді,
Қара бұлт жапты аспанды.
Сатырлап жарқ-жұрқ найзағай.
Сұрапыл дауыл басталды.
Оқ жыландай иреңдеп,
Жайдың оғы тасталды.
Жүрегі ұшып Күнайым,
Ердің қасын бассалды.

Бұрқыратып шаңдақты.
Желдің күші жиылды.
Демін тартып ішіне
Бұлтты қойдай иірді.
Бір оңда, бір солда боп,
Қап-қара бұлт түйілді.
Жай оғына жарқылдап,
Сорғалап жаңбыр құйылды.
Киімі жұқа Күнайым
Денесінен су өтті.
Үйпа-тұйпа жүн қылды,
Қарашаш қайран жібекті.
Сүйріктей саусақ қимылдап,
Қолы дір-дір, дір етті.

Көбіктенген ат тері,
Ашытты екі тақымын
Иығынан су өтіп,
Кетірді жаңбыр ақылын.
Не боларын көп ойлап,
Түсірді еске жақынын.
Аямайды сонда да
Зұлым жаудың батылын!
Көке дейтін ағасын:
«Көкем-ай!..» деді ақырын.

Біраз уақыт өткесін
Күн толастап ашылды.
Желдің күші бәсеңдеп,
Қара дауыл басылды.
Шып-шылып етіп шалшық су,
Жердің бетін жасырды.
Күнайым да сол кезде
Тобына өз қосылды.
«Ханға тарту-таралғы»,
Алдынан жұрт жосылды.
«Міне сізге олжамыз,
Алдияр!» деді бас ұрды.

Қабағынан қар жауған,
Ханы мосқал кісі екен.
Кескіні сұп-сұр, қан-сөл жоқ,
Таяқтай аузы тіс екен.
Екі иіні қақпақтай
Денесі салқам күш екен.

Ханның түсін көргенде,
Зәресі ұшып Күнайым,
Қарсыласар заман жоқ,
Көкірегін керді уайым.
Бір уақытта ой түсті:
«Қой, амал жоқ, шыдайын!
Не қылар екен білейін,
Сырымды бермей сынайын.
Көкем тірі қалса егер,
Босат деп ханнан сұрайын».

Не дегенін білмеді.
Бірдеме деді өздері.
Күнайымға қадалды
Мың сан болып көздері.
Ішіне түйді Күнайым,
Мен — ғой деп айтқан сөздері.
Хан қарауы өзгеше,
Оны-дағы мезгеді.
Адасқан естен Күнайым,
Бойына жиды ақылын.
Қара көзін жылжытып,
Қарап өтті ақырын.

Кесілген бас бірталай,
Шатырда екен жасырын.
Қарауға тура қадалып,
Барғызбайды батылын.

Шақырып алып жендетін,
Хан бір нәрсе ымдады.
Басын иіп шегінді,
Жарлығын екі қылмады.
Дегендей қып «мұнда кел!»
Біреуге қолын бұлғады.
Асығып-сасып жүгірді,
Анау да шыдап тұрмады.
Күнайым енді түсінді,
Шешілді қиын жұмбағы.

Қазақша сөйлеп әлгісі,
Күнайымға қарады:
«Мақұл көрсең егер де,
Хан — ием сені алады,
Күң болмайсың, тең болып,
Басың сыйлы болады.
Ханның ауды көңілі,
Ажарың оған ұнады.
Орындасаң тілегін,
Ханшадай күтіп тұрады.
Талай сендей сұлулар,
Хан алдынан тарады.
Көнсең көндің, көнбесең,
Басыңды кәзір шабады».

Суық сөз кеулеп денесін,
Құп-қу болды кескіні.
Біле алмай әуел не дерін,
Күнайым жылап өксіді.
Амал бар ма, қыз байғұс
Естімес сөзді естіді.
«Тимеймін, ханға тимеймін!!
Мінекей бас, кес!» деді.

Түксиіп бұлттай қабағын,
Жендетке хан ымдады.
«Құлдық» деді жендеті,

Әмірін екі қылмады.
Біраз басты алып кеп,
Найзамен қанға бұлғады.
Көкесінің басы екен,
Көп бастың бірі мұндағы.
Сол арада білінді
Төбесінен ұрғаны.
Көкесі өлді кім үшін?
Болды ненің құрбаны.
Күнайым талып жығылды
Көз салып шыдап тұрмады.

Талған сұлу — сәбиді,
Қосқа апарып тастады.
Арағын ішіп көпіртіп,
Қалмақтар ойын бастады.
Барабан қағып күйшілер
Биді жастар бастады.
Еліріп әбден мас болды,
Қалмады ақыл бастағы.

Біраздан соң бәрі де,
Мастықтан құлап жығылды.
Бас көтерген адамнан,
Көрместей болды ырымды.
Қалжырап жүрген ұйқыдан,
Салды қор-қор пырылды.
Талып қалған Күнайым,
Ұйықтап кетіп түс көрді.
Тітіркеніп жүрегі,
Түсінде ғажап іс көрді.

Түсінде үйде жүр екен,
Әкесі мұрқұм тірі екен.
Ел жайлауда отырған
Шілденің ыстық күні екен.

Ауылдың жаны көр екен,
Көр қаптаған жер екен,
Мың-мың адам көмілген
Екен мұнда дер екен.
Бір кезде дауыл соғыпты,
Алай-түлей болыпты.

Бет топырағын ұшырып,
Шығарған барлық өлікті.

Өліктер қойдай өріпті.
Тірінің қанын төгіпті.
Қылғып жұтып тірідей,
Ортадан бір-ақ бөліпті.
Күнайымның көкесін,
Әкесін және шешесін
Жалмап өзін ұстапты.
Деп «енді қайда кетесің?»

Күнайым көріп осыны,
Ұйқысынан шошыды.
Жатқан жері қараса,
Қалмақтың құрған құсығы.
Тұрмыс теңіз телегей,
Кез болды оған тосыны.
Есіне түсті бір кезде,
Қалмақтың қылған жосығы.

Күйіп кетті Күнайым,
Көкесі түсіп есіне,
Мас болып түк сезбестен
Қалмақтар жатыр көсіле.
Көкесінің басын ап
Мұздай ғып басты төсіне.
Ақ төсін қыздың айғыздап,
Сорғалады қызыл қан.
Бетіне бетін тақады.
Тұрсайшы деп көкежан!

Көкпеңбек болып еріні
Шашы қанға былғанған.
Күнайым көп зар қылды
Тірілмеді не арман.

Аспан айқын ашылып,
Көктегі бұлт тарады.
Жылаған жерде сұлуға,
Ай мұңайып қарады.
Көп жұлдыз көкте аяды.
Жылаған сәби баланы.

Жел жоқ, дүние тып-тыныш.
Қайғыға ортақ болады.

Көкесін басып төсіне,
Кеудесі қанға былғанды.
Өткен күн түсіп есіне,
Қайғыға қайғы жалғанды.
«Өмір деген осы ма?»—
Деді-дағы таңданды.
Жылап тұрып ақтарды,
Іштегі барлық арманды.
Өмірге сенген Күнайым,
Өлімге енді қарманды.
Ой жіберіп қараса
Алданарлық не қалды.
Қор болмау үшін жауларға,
Өлуге тәсіл ойланды.

Есін жиып қараса,
Тұрғаны таудың етегі.
Тау етегі кең өзен
Сулары сар-сар етеді.
Таудың биік шыңдары
Төбесі көкке жетеді.
Содан суға құлауға
Күнайым ойы кетеді.

Көкесінің басын ап,
Биік тауға өрледі.
Жан ұшырып Күнайым,
Түкті көзі көрмеді.
Табансыздық, қорқақтық,
Қамалап еді жеңбеді.
Өлімге қимай сұлуды,
Өсімдік жол бермеді.
Жалғыз-ақ төнген сұрша түн:
«Өмір жоқ, енді өл» деді.

Ентелей басып алқынып,
Жармасты тасқа тырбиып.
Қош бол сұлу қош десіп,
Қарады жұлдыз жылмиып.

Ақтық күші сарқылып,
Шыңға шықты бір биік.
Көкке көзін бір салса,
Тұр екен ай мұлгиіп.
Жардың асты терең су
Қап-қара тұнық, тұңғиық.
Өмірмен сұлу қоштасты,
Ішінен сөз бен у құйып.

III

«Бір кезде өмір қандай ең,
Шекер менен балдай ең.
Қызарып шыққан қызыл гүл,
Ағарып атқан таңдай ең.
Тұрмыс жұмық, кең сарай,
Ішінде жанған шамдай ем.
Құлынындай құланның,
Керілген қарыс маңдай ем.
Қызыл ала қызғалдақ,
Бұралып өскен талдай ем.
Еркін дүние ішінде
Жалғыз-ақ өзім бардай ем.
Алдадың!
Алдадың.
Таң қалдым.
Сағымсың,
Құбылдың,
Ағынсың,
Ұрылдым!
Жалынсың,
Жандырдың.
Залымсың,—
Қан қылдың!..
Әттең, өмір-ай,
Қайттың-ау көңіл-ау...

Сенімен өмір қоштасам.
Дос едім, енді қастасам.
Сен мазақ қып әкелдің
Мазақтан өзім қашпасам.
Өмір қылды келеке.
Өлімнің кілтін ашпасам.

Мен өлем, өмір бақыл бол.
Көтер кінә тастасам.
Өлемін.
Көнемін.
Өлемін.
Өлеміп!!..
Ұлимып —
Ұлимын —
Құримын,
Шіримін,
Әлсізбін,
Қансызбын,
Өңсізбін,
Жансызбып.
Эттең, өмір-ай,
Қайттың-ау көңіл-ай!
Көрер күнім көр болып,
Өлер болсам қор болып.
Не үшін көрдім жарықты.
Өзімнен басқа досым жоқ.
Мен сықылды ғарыпты
Айдаһардай арсылдап,
Құшақтап ажал алыпты.
Көкем, ботам қайдасың?
Күнайымың зарықты
Мейірімің қайда сұм тұрмыс.
Алдыма тарттың тамықты.
Таудай қайғы жүктелді,
Көтермей инім талықты.
Адасқан киік лағы
Ақтық күшін сарықты.
Сүйенер басқа түгім жоқ,
Жалғыз-ақ өлім қалыпты.
Өлемін, суда шіримін!
Жолдас қып жүзген балықты
Жылаймын,
Жылаймын.
Жылаймын,
Құлаймын!
Ағамын,
Ағамын,
Ағамын,
Қаламын.

Шіримін.
Іримін.
Шіримін,
Құримын.
Әттең, өмір-ай...
Қайттың-ау, көңіл-ай.

Берекесіз антатқан,
Жазықсыз мені зарлатқан.
Шабысқан босқа ел құрысын.
Жауызды жалмап жұтпаған,
Тымырсық қара жер құрсын.
Ағаш оқ болған хандарға
«Шауып кел» барлық ер құрсын.

Хандар, байлар, батырлар
Құлақтарың кер болсын.
Мендей болып үй ішің,
Көзінің жасы көл болсын.
Боздақтарың осындай —
Итке, құсқа жем болсын.
Ел түбіне жеттіңдер,
Түбіне жетер ел болсын.
Бар қарғысым таусылды,
Күнің түнге тең болсын.
Қажыдым,
Қажыдым!!..
Қайтты ғой,
Қажырым.
Күттім,
Күттім...
Күттім,
Біттім.
Өмірім,
Кеш!
Өмірім
Қош!

## IV

Зарланып сұлу тұрғанда
Таң сарғайып білінді.
Күншығыс жақ бозарып,

Қара көрпе түрілді.
Жардың асты кең өзен
Толқынға толқын ұрылды.
Өзеннің ұшы алыста
Жағалап тауды бұрылды.
Ыс-сс етіп, ысылдап,
Жел көбейтті сыбырды.
Жан-жағы биік асқар тау,
Сұрша бұлтты жамылды.
Ақ қайың, жасыл қарағай
Белшеден буға малынды.
Жылжып бұлттар қоштасып
Күншығысқа ағылды.
Түк көрсетпей дүние
Өз өзінен тарылды.
Сұлу ай аяп сұлуды,
Боп-боз болып бозарды.
Барлық жұлдыз бас иіп,
Сұлуға салды назарды.
Жалғыз-ақ асқар қара тас,
Есіркемей сазарды.

Кернеген ыза Күнайым,
Бір шолды тағы өмірді.
Ойлап еді өткенді
Жүрегі жүзге бөлінді.
Жер, көк, тау, су, өсімдік
Жаналғыштай көрінді.
Өмірден ләззат қалмаған
Жұбатардай көңілді.
Мөлшерлеп күшін байқап
Тұрмыстан сұлу жеңілді.

Қайғы кернеп сұлуды,
Денесі қызып, жылынды.
Бір минут өтпей тағы да
Мұздай болып суынды.
Өртенген жүрек алқынды,
Өңешіне тығылды.
Көкесінің басын ап
Жардан сәби жығылды.
Шолп-шолп сүйіп қарсы алды,
Бұйраланған ағын су.

Тітіркеніп сілкінді,
Қара ағаш, қалың ну,
Жаңғырықты қара тас,
Тұс-тұстан болып у да шу.
Сұлудың тәнін жасырып,
Көтерілді жерден бу.
Дауыс қып үнін көтеріп,
Үстінен ұшып өтті аққу.

Анда-санда қарашаш,
Қараңдап суда көрінді.
Аппақ қардай денесі
Толқынға бұйра көмілді.
Шопылдатып шортандар
Сүйді қызыл ерінді.
Жансыз дене қалықтап,
Жазылып дене керілді.
Өлерде серік кескен бас,
Өлген соң одан бөлінді.
Біраздан соң күн көзі
Ашылып тұман сөгілді.
Тұрмыстың сондай тарлығы
Қиды қыршын өмірді.

## V

Жетім қыз күйін күңрентіп,
Домбыра боздап зарлайды.
Күңренеді домбыра —
Көзінен жас парлайды.
Күңренеді домбыра —
Қырық жылғы шерді қозғайды.
Баяулатып аяғын
Ыңырсып қана боздайды.
Домбыра күйі — желді күй,
Жел береді — адамға.
Жел қазығы — кәрі аңыз
Көз салсаң өткен заманға.
Қалай тіксең де көзді
Кездесесің аранға.
Шерімді келіп түртпесе,
Осынша сөзді жазам ба.
Жаза берсең бітпейді,
Айтасың тоқтау қаламға.

Домбыра күйі күңіреніп
Көңілге мұң береді.
Сол күйлерді тартқанда
Мынадай сурет келеді:
Қанағыш қара албасты,
Қарайып келіп төнеді.
Қарыс жауып қабағын,
Аузынан жалын төгеді.
Қарсы алдына кез келген,
Күйеді де өледі.

Бірде шаққыш жылан боп,
Тілімен уын себеді.
Уланған нақақ адамдар,
Күш кетіп әлсізденеді.
Қаны қашып түсінен,
Кезеріп ерні кебеді.
Ақырындап қуарып,
Кепкен гүлдей семеді.
Жауыздықты егіндей,
Ел ішіне себеді.
Қасқыр боп шауып қойларға,
Қандарын судай төгеді.
Доңыз боп бірде қорсылдап,
Тұмсығын сазға көмеді.
Бір уақытта дажал боп,
Дүниені өбеді.
Жер шарын көріп ойыншық,
Аяғымен тебеді.

Сол уақытта алдына
Елестейді Күнайым.
Қайғы жапқан қабағын,
Көкірегін керген уайым.
Қарай қалам қадала
Деп мұны мен сынайын.
Бұлбұлдай тәтті үнімен
Ашады сырдың сарайын.
— «Өткен күнге қарасам,
Өмір емес құрысын,
Аяқ басса жау болып,
Тарылтты елдің тынысын.
Жаудан қашу, жау аңду

Болды баққан жұмысың.
Азатпын деп жүрсең де,
Біреудің ертең құлысың.
Әлі жеткен әкетті,
Өзеннің өгіп қилысын.
Жазықсыз, нахақ болсаң да,
Құрбанның сен де бірісің.
Хандардың осы ісіне,
Ішің қалай жібісін.
Хан ұры, ісі талауда,
Қосыла сен де ұрысың!».

Бір кезде тағы Күнайым,
Жібекке қызыл оралып.
Көз көрмеген сұлу боп,
Бейне күннен жаралып.
Бұлбұлдай сайрап сөйлейді.
Бір қолда күн, бір қолда ай,
Ажарға ажар жамалып,
Қуат беріп бойына,
Күлімдейді қадалып.
Кетеді қайғың таралып.
— «Құттықтаймын еңбекші,
Жасаған мынау тойыңды.
Құшақты жайып қарсы алам,
Көтерген еркін бойыңды.
Неше жылдай шаршадың
Күреске бөліп ойыңды.
Сол күресте толтырдың
Қып-қызыл қанға қойыңды.
Күрес оңай олжа емес,
Құрмалдығың сойылды..
Кекиген талай кепиет
Бағынды сұнып мойынды.
Досың, қасың барлығы,
Жеңіліп енді бой ұрды.
Одағыңның ішінде,
Озбырлық жасау қойылды.
Отаршыл, ұлтшыл төрелер,
Көздері мәңгі ойылды.
Ұлт ұлттың бәрі ағайын
Алауыздық жойылды».

Күңренген күйлі домбыра,
Өткен күнді қарғайды.
«Жетім қыз» күйі күңреніп,
Күнайым болып зарлайды.
Жылайсың күйді тыңдайсың,
Көзіңнің жасы парлайды.
Күңренеді домбыра.
Қоңыр күйді толғайды.
Өткен, кеткен, келешек,
Тұс-тұсынан аңдайды.
Жүйрік көңіл оқша ағып,
Жердің жүзін шарлайды.
Қай жерде қандай істер бар,
Көрмегені қалмайды.
Кемдікте біреу жүрсе егер,
Қайғыңа қайғы жалғайды.
Сол уақытта Күнайым
Былай деп маған жырлайды:
— «Мұңайма, аға, мұңайма!
Ағызба көздің сорасын.
Жігерлі бол, жасыма,
Қайраттың істе жорасын.
Жетекші — Компартия
Бекіткен мықтап қорасын.
Қызыләскер жаужүрек,
Байлардың қазған моласын.
Коминтерн ордаң бар
Отырған құрып жобасын.
Ағылшынмен тең қылмақ
Африканың қарасын.
Төңкеріс ертең шарлайды.
Мұхиттардың жағасын.
Байлар алып бірге өлмек,
Пәлесі мен жаласын.
Татулық, достық жапсырмақ
Ел мен елдің арасын.
Сол күресте сен-дағы,
Табыңмен сойыл соғасын.
Ойыңа алған жеріңе
Талықпай ертең барасын...

1926

# БАТЫРАҚ

## ӨЛЕҢДІ ХИКАЯ

(Қазақ жалшыларына)

Мен сендерден бір тамшы аққан жаспын,
Сол тамшы болғандықтан байға қаспын.
Сенің жүрген жеріңнен қозғалмайтын,
Жұдырықтай қарам бар, қатқан таспын.

Мен дариядай тасыған ағып келем.
Менде ақындық жалғыз сөз «Жалшы» — деген
Сол сөз менің тәңірім табынатын.
Басқаға сенен қалса ғана берем.

Мен сендерді басқадан бұрын көрем,
Мен қолымды сендерге бұрын берем.
Сендермен кеп алысар жау табылса,
Мен бәріңнен қолында бұрын өлем.

Сен жыласаң көзімнен қан ағызам.
Сен қуансаң тілімнен бал тамызам.
Сенің егер өзегің талып кетсе,,
Басқадан бұрын саған нәр тамызам.

Бұл менің иманым мен адал сырым,
Сендер үшін, мендегі барлық жұғын.
Сендердің өміріңнің бір суреті
Алдыңа тарту қылып тартқан мұңым.

Менің тілім арнаулы саған ғана,
Мен сендікпін еншіңе тиген дара,
Алдыңа тарту тартып бас иемін,
Мен сенің намысыңды қорғар бала.

## ҚАРАШҰНАҚ БАЛА

### I

Үңгір көз, мұрны қайқиған,
Табақтай бет жалпайған:
Шот маңдай, түсі қап-қара
Дүрдік ерін салпиған.

Сақал мұрты жабағы,
Түксие біткен қабағы;
Бұқа мойын, шоң желке,
Тырысып жатқан бұғағы.

Екі иіні қақпақтай
Бұлшық еті тоқпақтай;
Екі елі кір кеудесі,
Баттасып жатқан батпақтай.

Таяқтай қолдың саласы,
Тарамыс саусақ арасы:
Бір өзінің келеді
Көп жігітке шамасы.

Аупай-саупай мінезді,
Бейнетке нендей төзеді;
Он кісінің жұмысын
Істейді жеке бір өзі.

Қарашұнақ осындай,
Болып өскен жалшы еді,
Есіркеудің орнына,
Жейтіні ылғи қамшы еді.

Күңшаш оның қатыны,
Сол-ақ жалғыз жақыны,
Адам болып жүргені,
Жалғыз соның ақылы.

Қарашұнақ болғалы,
Соңынан «қырсық» қалмады,
Отыз жылдай кісіге,
Адал күшін жалдады.

45-ке басты аяғын,
Бір ашпады қабағын.
30 жылдай асырап,
Келеді жалғыз тамағын.

Сақал, шашқа ақ кірді.
Буынға сарсық дақ кірді;
Тері ұстап ылғи ауырып
«Құяң» деген «бақ» кірді.

Күш те қайта бастады.
Қажыған қайрат таспады;
Қанша еңбек етсе де,
Өмірде көзін ашпады.

Екі-үш жасар арасы,
Өлді талай баласы,
Жасынан оны қартайтқан —
Көп баланың азасы.

Асырайтын туған жоқ,
Өзіне мал жиған жоқ;
Содан басқа ол маңда
Сормаңдай болған бір жан жоқ.

Қарашұнақ бір кезде,
Шаттыққа түсті бір өзге;
Екі қабат қатыны,
Зарығып жылап жүргенде.

Бір күні Күңшаш толғатты,
Түні бойы зар қақты;
Таң алдында босанып
Тілегі болды — ұл тапты.

Шұнақта ес қалмады,
«Түгелденді» арманы;
Бір қой сойып қалжаға
Бес айға күшін жалдады.

Молданы да шақырып,
Қалжадан дәм таттырып.
Былай деп сөз бастады
Қасына жақын отырып.

«Мына бір тері орамал,
Ырым қып көпке балап ал.
Ат қойып бер балаға,
Жалғызға тәңірі болсын жар!»

Молданың күліп қабағы,
Бүлкілдеп қана тамағы;
Қозыбақ болсын балаң деп,
Атады туған баланы.

Қарашұнақ күлімдеп,
Күр-күр етіп дүрілдеп.
Буындары қатайды,
Сары су басқан іріңдеп.

«Қозыжан» қойды баласын,
Көріп оның қарасын;
Ішпей, жемей тоқ болды,
Жазып ескі жарасын.

Көкпеңбек болып иегі,
Жұмыста үнемі жүреді;
Талықсып шаршап келгенде,
Қозыжанын сүйеді.

Үйіне келсе әлдилеп,
Домбыра алып күй күйлеп;
Дүрдиген ерні қыбырлап,
Бүлкілдейді «сүй, сүй» деп.

Бірге келіп Қозыжан,
Болды піскен балдырған!
Екіге аяқ басқанда,
Шамдай болды жандырған.

Келгенде үшке домалап,
Жүгірді ылғи ағалап;
Қарашұнақ сүйеді,
Мың балаға бағалап.

Төртке келіп күн болды,
Қызарып шыққан гүл болды;
Беске аяқ басқаны,
Ер жеткенмен бір болды.

## ҚАРАШҰНАҚ ҚАЛАЙ ӨЛДІ

### II

Қарашұнақ сорлыда
Жалғыз қара болды ма?
Жалданып байға күнелту,
Басқан таңба жарлыға.

Ес біліп етек жапқалы,
Жем болды байға тапқаны;
«Соқаң адал адам!» деп,
Кімге тұрса мақтады.

Биылғы жыл тұрғаны,
Айдарбектің Құрманы,
Өзіне деген түгі жоқ,
Сол үйдікі бар малы.

Құрман асқан бай еді,
Жегені ылғи май еді,
Төрт түлік мал түп-түгел,
Төрт құбыласы сай еді.

Жүздеген оның биесі,
Алпыс-жетпіс түйесі,
Бес жүз қой, үш жүз сиыр бар,
Жалғыз бай соның иесі.

Отыздап жалшы жалдайды,
Аз бұлмен көңлін аулайды,
Қарашы, қоңсы кедейлер
Жағынып тағы қалмайды.

Біреуі сауып биесін,
Біреуі бағып түйесін,
Тамағы үшін сақтайды
Құрмекеңнің «киесін».

Бір күні түйе желдепті,
4—5 күн ұдай келмепті,
Олай-бұлай жүргеннің
Біреуі де көрмепті.

Шұнақты Құрман шақырып,
«Қайда,— деп,— түйе?» ақырып.

Малға ие болмайсың!
«Жүресін ылғи шатылып».

Ата тегін боқтады.
Шошқалап сөзбен қаптады,
Қарашұнақ мелшиіп
Бір ауыз сөз қатпады.

Әкеліп атын ерттеді,
Бай оған кісі ертпеді.
Күрсініп, кейіп, буынып,
Жатыр еді кеткелі,

Қозыбағы жылады,
Қатыны жөнін сұрады.
«Түйе желдеп кетіпті,
Бармасам бай ұрады».

«Барма!» — деді қатыны,—
Мал ғана байдың жақыны,
Ажалға жалғыз айдаған.
Не керек оның шатуы.

«Арам қатқыр жыланбас,*
Кісі көрсе қаны қас;
Осы күні құтырып,
Көпіріп жүрген есуас.

Жалғыз жан қалай айдайды,
Біреуге ол болмайды,
Жыны түссе ұстап ап.
Мылжалап сені шайнайды.

Азар болса шығарар,
Күрекке жұмыс табылар.
Егер бар деп қыстаса,
Біреуді тағы ертіп ал!»

Қатынның тілін алмады,
Алуға бай болмады.
Аттанғанда Күңшашы
«Сақтай гөр» деп зарлады.

* Жыланбас — келедегі бура.

Кеш еді ымырт жабылды,
Бұлт бар ала-шабырлы.
Жайлау жаққа бет алып
Түн бойы іздеп сабылды.

Бір уақытта күн шықты,
Серпілтті тұман ашықты.
Оң қол жақта алыста,
Бақырған бір үн шықты.

Дөңге шығып қарады,
Түйелер 60 шамалы,
Күн батысқа бет алып,
Желдеп тартып барады.

Атының бұрып мойынын,
Көлденең ұстап сойылын,
Түйеге шаба жөнелді,
Дөңнің ала қойынын.

Жыланбас бұған қарады,
Өркешке басын сабады;
Талтиып тұрып шабынып
Бұрқырай жыны борады.

Қарашұнақ жақындап,
Қорқытып ойы ақырмақ,
Айдауға, бетін қайтарып
Сойылды әбден батырмақ.

Бураға Шұнақ тап берді,
Бура да қарсы шап берді,
Сойылмен ұра бергенде
Долданып бура «ап» деді.

Арандай аузын аңырайтып,
Жұтардай көзін бадырайтып,
Кеп еді, перді сойылмен
Дәл шекеден нығайтып.

Және перді жағынан,
Бұрылды оң жағынан
Қай тұсынан соқса да,
Қалар емес соңынан.

Күшіне көңлі сүйінді,
Бура неше түйілді;
Ұмтылайын десе де,
Жасқанып мойын, иілді.

Түйені айдап келеді,
Бура тап-тап береді.
Қарсы келсе маңдайдан.
Сойылмен келіп береді.

Басын бура шайқайды,
Сойылмен тағы жайқайды.
Қорқытпақ боп айбынмен
Көбейтеді айғайды.

Бір кезде бура тап берді,
Шоқаң да қарсы шап берді;
Сойылмен бастан ұрғанда
Ортасынан қақ бөлді.

Түбімен басқа сабады,
Буранық жыны борады;
Қаймығар оған болмады,
Құрыды енді амалы.

Енді соры қайнады.
Тауысты істер айланы;
Жынын шашып бұрқырап
Шоқаңды бура шайнады.

Қолымен ұрды шекеге,
Жұдырық оған өте ме?
Ойбай салды бақырып,
Елге дауыс жете ме!

Ырс-ырс етіп тамағы,
Өркешіне сабады,
Шопақ құрлы көрмеді,
Үйіргендей баланы.

Есі ауып, құлақ шулады,
Жүрегі аттай тулады;
Көзінен қанды жас ағып
Қарғады іштен бураны.

Тіземенен басқалы,
Бір кезде жерге тастады;
Төсіменен үйкелеп,
Енді езе бастады.

Түсірді еске қатынын,
Алмаған оның ақылын;
Күрмеліп тілі ыңырсып
«Қ.о.о..з.. ы... ж... а... н!..» деді ақырын

## ҚОЗЫБАҚ ЖЕТІМ

### III

Құрман жатты алаңсыз,
Қарашұнақ хабарсыз,
Сол кеткеннен жоқ болды,
Іздеді Құрман амалсыз.

Іздеген жұрт сабылды,
Кезді сайды, адырды;
Он бес шақты күн өтіп,
Сүйегі зорға табылды.

Жатқан жері сасыпты,
Сүйегін ит-құс шашыпты,
Әр жерде жатқан бір сүйек
Етін жеп аңдар таусыпты.

Бір қап қылып сүйекті,
Арбаға әкеп тиетті,
«Тағдырда солай жазылған»,
«Осылай жалғыз ие етті».

Деп құдайға аударды,
Сүйекті алып барған-ды.
Көргенде Күңшаш ойбайлап,
Шашын жұлып зарланды.

Құрманды қарғап-сіледі,
«Осылай өзің қал!» деді.
Қайырлы болсын айтқанды
Құлағына ілмеді.

Ер жетпеген баласы,
Көзінің ақты сорасы.

Жерді соғып қарғады
Қолынан келген шамасы.

Қарғады Күңшаш өмірді,
Көзінің жасы төгілді,
Салдырлаған қу сүйек
Ертеңіне көмілді.

Жылау-сықтау айғаймен,
Бетін жыртқан ойбаймен;
Тағы да бірер жыл өтті,
Алысып сорлы маңдаймен.

...Елге сүзек тарады,
Естіліп жаман хабары,
Күңшаштың барлық уайымы,
«Қашан келіп қалады!»

Өлгені артық өзіне,
Жалғызы күйік көзіне.
Жетсе арман қылмас ед,
Ұлының жігіт кезіне.

Бір күні ерте тұрды да,
Міндетті ісін қылды да,
Отырды, басы ауырды,—
— «Шынымен құдай ұрды ма!»

Ауру үдей бастады,
Басына жастық жастады.
Қорқайын деді жүрегі
«Не пәлені тастады?»

Екі шеке зырқылдап,
Денеден тер бұрқылдап,
Жанған оттай қызынып
Жатып алды ыңқылдап.

«Қозыжан, келші, қарағым,
Шөлдеп, сусап барамын.
Қаласың ба зар қағып
Қалқам-ай, не боламын?!»

Сол жатқаннан меңдеді,
Күшейіп ауру деңдеді,
Жан таласып жатқанда
Үйіне бір жан келмеді.

Күңшашта күшті сандырақ,
Екі беті албырап,
Оттай күйіп денесі
Әлсізденді қалжырап.

Ұлының ұшты жүрегі,
Күңшаштың кетті сүреңі,
Жан ашыр жалғыз баласы,
Басқа кім аяп келеді.
Бірер күн жатып шала есті,
Мезгілінде күн кешкі.
Бет терлеп, ерні қыбырлап,
Ышқынып Күңшаш жан кешті.

## ҚОЗЫБАҚ ҚОЗЫШЫ

### IV

Қозыбақ зарлап жылады,
Көзінің жасын бұлады,
Әке-шеше, туған жоқ,
Енді кімде тұрағы.

Барар тау, басар жері жоқ,
Асырарлық елі жоқ,
Жасы биыл жеті де,
Сүйенетін белі жоқ.

Бұғанасы қатпаған,
Таңы еркін атпаған.
Жалғыз болып дардаңдап,
Ойынды ғана жаттаған,—

Жас бала нені біледі,
Неге әлі келеді.
Зарлап жылап жүрсе де,
Ешкім обал демеді.

Көрінген көзге шұқыды,
Жұдырықпен нұқыды.
Әркімге бір телміріп,
Болмады ешбір күтімі.

Сөнгені Құрман жалғыз-ақ,
Құрман оған өгей, жат.
Қозылардың соңына
Жас жетімді қойды сап.

Күн шыға қой өреді,
Үйқысын Қозы бөледі.
Күн сәскеге жеткенде,
Ауылға зорға келеді.

Басқан дүние тар болды,
Аяушыға зар болды.
Таң біліне түрегеп,
Күзеткені мал болды.

Басына қотыр білінді,
Аяқтары тілінді.
Шөгір кіріп ақсаңдап,
Қозымен бірге жүгірді.

Балағы жырым, жырылып
Түрілген ышқыр бүріліп,
Басында таз кепеш бар
Тозған терсі қырылып.

Басы киіз қотыр боп.
Кигені көң-қоқыр боп,
Азды, елден іздесе
Бұл сықылды жетім көп.

Безге толған тамағы,
Сасық боп ағады;
Бас-сарала қанды ірің
Сауыс қылды жағаны.

Жұрт жеркенді маңынан,
Аққан ірің қағынан,
Жататын мекен жасады,
Ақтабанның жанынан.

Бай ұлы ойын бағады,
Басқа ісі шамалы,
Қозыбақ көріп оларды
Ішінен ызаланады.

Көзі құрғыр қызығып,
Ойнауға көңілі бұзылып,
Жақындаса бай ұлы,
Салады соған жұдырық.

Арашалар адам жоқ,
Қарсыласар заман жоқ.
Жер тепкілеп жылайды,
Бұрынғыдан жаман боп.

Бәйбіше де күтпейді,
Бұл істер ісі бітпейді,
Ер жеткен үлкен жігіттей
Қиынды да жүктейді.

Жарымайды тамағы,
Айранның да шалабы
Аузына еркін тимейді,
Ірімшік ұрлап алады.

Қатады аштан .бұралып,
Өзгермеді бұл қалып,
Ақырында ұры деп,
Жіберді Құрман шығарып.

## ҚОЗЫБАҚ ҚОЙШЫ

### V

Он үшке аяқ аттады,
Қойшы болды, мақтады.
Қойынан шығын шығармай
Алған бұлын ақтады.

«Таз қойшы» деген ат алды,
«Сұр таңдай» «қу жақ» атанды.
Епті болды баладан
Өзімен өскен қатарлы.

Бір көрмеді дамылды,
Ертелі-кеш сабылды.
Қол-аяғы тілініп,
Қап-қара болып жарылды.

Таң сіберлеп атқанда,
Бозторғай қанат қаққанда,
Жердің үсті шық болып,
Боп-бозғыл болып жатқанда.

Ұйқысы шайдай ашылып,
Басын тыр-тыр қасынып,
Өргізеді қойларын
Иығына дорба асынып.

Бір аяқ айран тамағы,
Бір аяқ құрт алады.
Қой жүн күпі жамылып,
Қоймен кетіп қалады.

Шыққа белден түседі,
Быртиып аяқ іседі,
Табанына шөгірлер,
Инедей болып піседі.

Тыр-тыр қасып арқасын,
Кеміріп тіспен малтасын,
Ермек қылып ойнайды,
Арқалап жүрген қалтасын.

Ауыздары бүлкілдеп,
Құйрықтары іркілдеп,
«Шай, бұлай!» деген дауысқа
Жапырылып дүркіреп.

Жайылып қойлар өреді,
Соңында қойшы келеді,
Қоймен бірге жүгіріп,
Жидекті бұл да тереді.

Сәскеде қойлар тояды,
Енді оттауды қояды.
Қойшының да көп жүрген
Ауырады аяғы.

Жусайды қойлар жатады,
Рақатқа қойшы батады.
Шалқасынан жатып ап,
Шымшықты жақпен атады.

Сыбызғысын алады,
Күңірентіп даланы.
Әуендетіп дауысын
Шырқап әнге салады.

Жауында соры қайнайды.
Бүрсеңдеп қойды айдайды.
Иығынан су өтіп,
Берекесі қалмайды.

Денеге су өтеді,
Құты мүлде кетеді.
Ерні-басы бозарып,
Тісі сақ-сақ етеді.

Күз болса күлкі көрмейді,
Өңі тіпті енбейді.
Сүйретіліп итшілеп
Сонда да сорлы өлмейді.

Қозыбақ қойшы сорлыда,
Бір рақат болды ма?
Көрінгеннен сөз естіп,
Жемеген таяқ қалды ма.

Таз қойшы атын таққалы.
Бір күн дамыл таппады.
Байға бір күн жақса да,
Бір күндері жақпады.

Тұрмыс үлкен молда ғой,
Не білем болса сонда ғой,
Жоқшылықтың зардабы,
Түсірмейді нендей ой.

Қозыбақ өсті қу болды,
Жүрген жері ду болды,
Беті күліп жұртты алдап,
Ішінде ащы у болды.

Тақпақ, өлең, ертегі....
Бұларды ермек етеді,
Жиын-тойда ән салып
Домбыраны шертеді.

Буады көзін, алдайды,
Тіл де сайрап зарлайды.
Солай еңбек етсе де,
«Таз қойшы» аты қалмайды.

## СҮЙІСКЕН КӨҢІЛ

### VI

Жыл артынан жыл өтті,
Күн артынан күн өтті;
Қозыбақ енді жігіт боп,
Қатарға кіріп ер жетті.

Кедейлік әлі қалған жоқ
Алдына мал салған жоқ,
25-тен асса да,
Әлі әйел алған жоқ.

Бүтін киім киген жоқ,
Тақымға ат тиген жоқ.
Арқасында жастықтың
Бірін де елеп көрген жоқ.

Он колдан өнер төгілді,
Балқытып соқты темірді,
Түйін түйіп ағаштан,
Өрнектеді өрімді.

Білмейтіні болмады,
Өтелді байға алғаны,
Құдайберген деген бай,
Бір жыл оны жалдады.

Атадан байлық кетпеген,
Өзіне ешкім жетпеген,
Аузынан уыз арылмай,
Еш уақыт «ырыс» теппеген.

Құдайберген бай болды,
Төрт түлігі сай болды.
Шалқиып жатып күндіз-түн
Жегені ылғи май болды.

Жалдады ондап жалшыны,
Ұстады малдай малшыны.
Оларға жалғыз қожа боп,
Үйіріп жүрді қамшыны.

Қозыбақ тағы жақты оған,
Жаздай шөпті шапты оған.
Күзде жинап отынын,
Қыс болса малын бақты оған.

Бөтенге табан аудармай,
Бөтен байға жалданбай,
Жүргендіктен бай оны,
Көрді сатып алғандай.

Тоқалсыз бай бола ма,
Кедейде ес қала ма,
Сұраса бай жас қызын
Сатпай ма үш-төрт қараға.

Құдайберген елуде,
Әлі де қызық көруге,
Көңлі бір кез кетеді
Тоқал ап көңілденуге.

Тап басты ойға аяғын,
«Мақұл» деді ағайын;
Қай кедейде қыз бар деп,
Көздеді барлық маңайын.

Онсыз да екеу қатыны,
Екеуден бар алты ұлы,
Үшіншіні алам деу,
Ен байлықтың қарқыны.

Не көп елде, кедей көп,
Өледі кедей «көмей» деп
Кедейдің қызы әкеден,
Туғандай ғой өгей боп.

Қойшығұл деген кедей бар,
Алпысқа келіп болған шал.
Он бестегі Гүлжанды,
Біреуге беріп алмақ мал.

Гүлжан сұлу ақ маңдай
Ерніне бояу жаққандай,
Құмырсқа бел, қара көз,
Төгілген қара шаш қандай.

Бай бір күн оны естіді,
«Сұлу десті кескіні»,
Қойшығұл сөзсіз көнеді,
Берсе қой мен ешкіні.

Кісі жүрді араға,
Кедейде ес қалама,
«Мал береді, мол беред
Мосқалына қарама».

Мал десе кедей өледі,
Қалыңмалды береді.
Он күн өтпей Құдекең,
Тоқалды алып келеді.

Еркімен Гүлжан келген жоқ,
Еркімен әке берген жоқ.
Үйге алып келгенше,
Күйеуін Гүлжан көрген жоқ.

Көкпеңбек сақал иегі,
Елуден асқан күйеуі.
Он бестегі балдырған
Ол шалды қалай сүйеді.

Күні сол ғой жарлының,
Бірақ білді шалдығын.
Күндіз-түні жылаумен
Шығарды іштен бар мұңын.

Оңбаған деп тұқымы,
Күндесі көзге шұқыды,
Аяғымда жатыр деп
Болыспады тұқылы.

Жылаумен білді өлмесін,
Өткен күн қайтып келмесін,
Көңлі әбден сезді де,
Гүлжан тапты теңдесін.

Қозыбақ өте епті еді,
Гүлжанға көңлі кеткелі,
Недәуір уақыт болса да,
Көп күн қолы жетпеді.

Гүлжанға ол ұнайды,
Көз қарасын сынайды.
Жұмыстан қолы босаса,
Домбыраны бұрайды.

Шырқап әнге басады,
Перделеп Гүлжан тасаны.
Екі көзі күлімдеп,
Ыңырсып әнін қосады.

Кей кезде сөзбен қағады,
Көзін де қысып қалады.
Қозыбақ енді Гүлжанға,
Анық сеніп болады.

Екеуі қосты көңілін,
Гүлдендірді өмірін.
Күннен күнге арттырды,
Бір-біріне сенімін.

Аламын дейді Гүлжанға,
Тиемін дейді Гүлжан да,
Бірақ алу қиын ғой,
Кедейлікте күн бар ма!

## БАТЫРАҚ СЪЕЗІ

### VII

Қан жайлаудың іші еді,
Күн мезгілі түс еді.
Күн көзі ысып, быршытып,
Аяқты басу күш еді.

Қозыбақ қолға қалып ап,
Пышағын қайрап жанып ап.
Тігуге етік айналды,
Саймандарын тағы да ап.

Көлеңкеге отырды,
Маңына жиды қоқымды.
«Ширатып бер тарамыс»
Деп Гүлжаннан өтінді.

Гүлжан оның сүйгені,
Көздері күліп биледі.
Қозыбақ шырқап ән салып,
Бұлғарыны түйреді.

Бір пар ат жортып келеді,
Сол үйге атын тіреді,
Қалпақты екі жас жігіт,
Тарантасқа мінгені.

Бәйбіше қымыз сапырды.
Жігіттер байды шақырды.
— Отағасы жегіп бер
Жалшыңа пар атыңды.

— Жалшы қайда барады?
— Бүгін съезд болады.
— Шырағым, бүгін бара алмас
Істері бітпей қалады.

— Жоқ, бай, оның болмайды,
Бүгін жұмыс қылмайды,
Жалшылар бірге жүреді,
Жұмысым бар деп қалмайды.

Амалы байдың құрыды,
«Артынан бір былығы,
Жарар еді болмаса,
Жақсы емес-ау ырымы» —

Деп ішкенін ойлады,
«Аналар бол!» деп қоймады
«Қозыбақ, сен барма деп,
Құдекең оны арбады.

Мен бар дейін, сен барма,
Тұқ бермейді, алданба,
Бермек түгіл қол салар,
Қайта менен алғанға.

Сен бетіммен жүрмін де,
Баласымен бірмін де,
Жалданбасам шарт жасауды,
Әлдеқашан білдім де».

— Сартың не?
— Саған не керек!
Кәмунес саған не бере...
Ауырып ертең сырқасаң,
Беремін мына мен көмек.

Қозыбақ оған «құп» деді,
Келгендер көп күтпеді,
Көндірдім деп ішінен
Бұ да атын жекпеді.

Келгендер қысып қоймады,
Бай «о, бұ», деп алдады.
Жалшыны бірақ әкетпей
Келгендер кетер болмады.

Бай атын жекті амал жоқ,
Қарсыласар заман жоқ.
Қозыбақ та артына
Кетті амалсыз алаң боп.

Бір жерге жұрт жиылды,
Алқа-қотан иірді,
Қойшы-қолаң, құл-құтан,
Қараса бұл жиынды.

Нұсқаушы сөз сөйледі:
— Кедей бұрын ел ме еді,
Байларда жүріп құлдықта,
Не азапты көрмеді,
Қанша еңбек етсе де,
Ақысын бай бермеді.
Тұзағында байлардың,

Тепкі болды көргені.
Тең ұстаса қанаушы
Ит, шошқасың,— дер ме еді!
Сол сөзді есітіп жалшының
Көзінің жасы көлдеді.
Ойлашы, кәне, жалшылар,
Сол күндерің күн бе еді?

Байға малды сен таптың,
Отынды байға сен жақтың.
Күнге күйіп далада,
Шөбін-дағы сен шаптың.

Көгерген құрт, ащы іркіт,
Бай татпады, сен таттың.
Арасында құрымның
Бай жатпады, сен жаттың.
Адал күшің арам боп,
Байларға иттей талаттың.

Ақылсыз да сен болдың,
Жақынсыз да сен болдың.
Жілігіңде майы жоқ,
Татымсыз да сен болдың.
Өмірде тізең жылымай,
Қатынсыз да сен болдың.
Көлік тимей астыңа
Тақымсыз да сен болдың.

Өзің адам болсаң да,
Айуанмен тең болдың.
Күшің адал болса да,
Тұрмысыңда кем болдың!

Өткен күн енді жойылды,
Байлардың көзі ойылды.
Біреуді біреу талап жеу,
Бұдан былай қойылды.
Міндетін білген сендейлер
Бүйірі шығып тойынды.
Теңдікке жеткің келсе егер
Осыған бөл ойыңды.

— Сендерге ұйым ашамыз,
Бастарыңды қосамыз.
Кемтігіңді толтырып,
Көңіліңді басамыз.
Теңелудің жемісін,
Теріп же деп шашамыз».

Шешен сөзін доғарды,
Есітіп мынау хабарды,
Білмегенін сұрасып,
Жиылғандар қуанды...

## БІР ЖАЛШЫНЫҢ СӨЗІ

«Жаңағы сөздің бәрі рас:
Тұк білмей болдық қараңғы.

Жалшылардың етіне,
Сүліктей байлар қадалды.
Керегі жоқ көп сөйлеп,
Өтіп кеткен заманды,
Ашуға сондай ұйымды,
Тап басар едік табанды
Білмейміз...
көз жетпейді,
Пайдалы, яки залалды?
Ең әуелі түсіндір,
Біздей жалшы наданды».

## НҰСҚАУШЫНЫҢ ТҮСІНІГІ

«Ұйымнан пайда мыналар:
Әуелі бастық сайлап ал!
Сонан соң бәрің мүше боп,
Басыңды қосып қоғамдал.

Сол ұйымың арқылы,
Жасайсын шарт қағаздар.
Шарт қағазда мынадай
Жалшылар үшін пайда бар:
«Байлар жалшы жалдайды,
Шарт қағазсыз алмайды.

Күніне он сағаттан
Артық жұмыс болмайды.
Қай уақытта шықсаң да,
Бір тиының қалмайды,
Жұмасына бір рет,
Жұмысқа жалшы бармайды.

Ауырып яки сырқасаң
Еңбекақың өлмейді.
Баймен бірдей ішесін
Сарқытын саған бермейді.
Ұрмақ түгіл қасыңа,
Ұрсып жатқың келмейді.
Есіктегі жалшым деп,
Сені бөтен көрмейді.
Бұлай етпей жалшылар
Еңбектерің өнбейді!».

Түріліп түгел құлағы,
Кедейге бұл сөз ұнады.
Түсінбеген жерлерін,
Кейбірі қайта сұрады.

Сөзді анық пісірді,
Артынан түгел түсінді.
Ашамыз деп ұйымды,
Жалшылар сөз ұсынды.

Ұйымдары ашылды,
Жалшылар көңілі басылды.
Комитетке аға қып,
Отырғызды Қасымды.

Қозыбақ түгел ұғынды,
Қатесін білді бұрынғы,
Әлгі сөзді есітіп
Жүрегі оның жылынды.

Құлдықта көп жыл байланды,
Жаны жаңа жайланды,
Уездегі съезге ол
Өкіл болып сайланды.

## НҰСҚАУШЫНЫҢ АҚЫЛЫ

### VIII

Жиылыс сөзін тоқып ап,
Ауылға қайтты Қозыбақ,
Алдынан шығып Құдекең
— Келдің бе,— деді,— саламат!

Жиылысы не екен?
Далдаңдаған неме екен,
Кешегі бір келгендер
Не бітірем деді екен.

Жә, не айтты сендерге?
— Көп сөз айтты білгенге,
Көп сөз айтты, көп айтты....
— Не айтты, айт күрмелме!

— Байлар бізді жейді екен,
Ит, шошқасың, дейді екен.
— Мына, шіркін не дейді?!
Малды кім байға берді екен!

— Кедейлер екен мал берген,
Еңбек жеп байлар дәндеген.
— Алда, сорлы-ай, ақыл жоқ.
Құрғақ сөзге желденген.
— Мен съезге сайландым,
Үйымға да байландым.
Ат мінуге әдейі,
Ауылға қайта айналдым.

Съезд осы немеге,
Неге керек ерігіп...
Саған бай ат бере ме.
— Сен бересің!
— Уа, неге?..
Шатып отырсын әлде не!
— «Сен бересін, мен алам,
Мен аламын, дәндеме!»
Келесі күн Қозыбақ,
Бір атты ұстап мініп ап,
Жанында екі-үш жалшы бар
Қалаға қарай тартты салт.

Нұсқаушы жолдан жолықты,
Сайлауын сайлап болыпты.
Жалшылармен кеңесіп
Әңгімеге молықты.

Қозыбаққа кел деді.
Қысқарсын ұзақ жол деді.
Өлең айт деп өтініп
Айтқызды біраз термені.

— Қозыбағым жарайсың,
Кешегіден қалайсың?
Құрылған мынау ұйымды,
Не нәрсеге санайсың?

— Не көрмедік өмірде,
Тиеді ұйым көңілге,
Адам боп алға басармыз
Деген келем сенімде.

— Оқу оқып көріп пе ең?
— Болған жоқ ісім оқумен;
— Олай болса, Қозыбақ,
Съезден кейін оқы сен.

Білімсіз адам болмайсың,
Білімсіз теңдік алмайсың.
— Оқуға тілім келе ме
Буыным қатып қалған соң.

— Тілің әбден келеді,
Оқу білім береді.
Оқысаң көзің тұрмысты
Айқынырақ көреді.

— Қатының бар ма үйіңде?
— Осы жүрген күйімде.
Маған қатын тие ме?
— Тоқал бар байдың үйінде.

— Онымен қалайсың?
— Оның несін сұрайсың...
Тоқалменен тәуірмін
Есікте жүрген малайсың.

Сөзімен тоқал алдайды,
Далада сөзің қалмайды...
Мал салып алмай алдына,
Кедейге қатын бармайды.

— Асықпа, әлі, барады!
Кедей де қатын алады.
Қыздардың көзі ашылса,
Бай тоқалсыз қалады.

Оқысаң былай етесің:
Өз еркіңмен кетесің.
Қатын да, мал да табасың
Дегеніңе жетесің.
Оқымасаң егер де
Осылай болып өтесің!

Байдан ақы даулайсың,
Мың сомнан кем алмайсың.
Сотқа арыз апарсаң,
Тоқалдан құр қалмайсың.

Тоқал да саған тиеді,
Кәріден жасқа иеді.
Ақылын тауып ала біл
Ол қатын сені сүйеді.

* * *

Жолшыбай соғып әңгіме
Қалаға кешке енді де,
Жалшылар тарап жайғасты
Жататын орын берді де.

Ертең съезд ашылды,
Үй іші қызыл, жасылды.
Ой мен қырдың жалшысы
Съезде басы қосылды.

Жалшылар да сөз алды,
Талай мұңдар қозғалды.
Көргендерін айтпаған
Жалшылар да аз қалды.

Жиылыс көп білгізді,
Жалшыға сана кіргізді.
Не айтса құйып құлаққа
Ой жолымен жүргізді.

Үш күнде съезд жабылды
Жалшының жоғы табылды.
Тасыған судай көңілмен
Жалшылар елге ағылды.

## ҚОЗЫБАҚ АҚЫСЫН АЛДЫ

### IX

Қозыбақ қайтты еліне,
Сене түсті көңіліне.
Өткен күнді ойласа
Кек қосылды кегіне.

Қайта байға бармады,
Қайта жалшы болмады.
Көңілі ауды көп жылғы
Ақысын даулап алғалы.

Құдакең оны көп күтті,
Қайтып келер деп күтті.
Елге қайтты, келмеді
Енді үзді үмітті.

Комсомол еді Тілеубек
Ақылдасты соған кеп.
Сөзін түгел есітіп
Ұнатты ол мақұл деп.

Көп жылдық еңбек азығын
Алмақ боп жазды арызын.
Еңбек қорғау бөлімге
Былай деді маңызын.

«Жасымда қалған жетім ем,
Қаңғырып қор боп кетіп ем.
Бейнеттің жеп таяғын
Талайға қызмет етіп ем.

Өмірде қорлық көргенім,
Бейнетті бір жеңбедім,
Кімде тұрсам ақы жоқ,
Ала бердім бергенін.

Құдайберген жалдады,
Табаным көп жыл аумады.
Жылда ақымды берем деп,
Бір тиын бермей алдады.

Сұраудың жолын білмедім,
Жуырда ғана білгенім.
Алады екен жалшылар
Байлар бермей жүргенін.

Мұңымды шағып жылаймын,
Көзімнің жасын бұлаймын.
Еңбегіме көп жылдық
Бір мың сомды сұраймын...»

Сотқа арыз берілді,
Жалшыға сот сенімді.
Сауатсыздық жоятын
Оқуға қойды көңілді.

Бір жарым айдай оқыды,
Оқуды оңдап тоқыды.
Хат танып, газет оқырлық,
Біліп алды оқуды.

Сот келді бір күн қаладан:
Шақыру қағаз тараған.
Қаралмақ екен қағазда,
Қозыбақ ақы сұраған.

Құдекең келді ырсылдап,
Маңдайы тершіп бырсылдап.
Екпіні тауды жыққандай,
Ойы жоқ соттан қымсынбақ.

Құдекең әуел тергелді,
Куә болып келген-ді.
Түгелімен шақырып,
Даулы сөздер сөйленді.

Құдекең дауға кәнігі,
Елге де бар қадірі.
Құйыршықтар куэ боп,
Аузына алды тәңріні.

Сөз алып сөйлеп Қозыбақ
Дәлелін айтты тақталап.
Беттесіп мойнын бұрғызбай,
Жаудыратып қойды сап.

Істің жөні көрінді,
Жиылған жұрт серілді.
Соттың көріп әділін
Қозыбақ қатты көңілді.

... «Қозыбаққа бір мың сом,
Бес жүз сом айып салған оң.
Тұжырымды бұл билік
Қаралмайды бұдан соң!».

Құдекең енді сүмірейді,
Жейтін сорлы кедейді.
Қарқ-қарқ күліп Қозыбақ,
Түгелденді кенейі.

Қозыбақ көңлі жайланды,
Белді бекем байланды.
Жалшыға жоқшы болуға
Енді өзі ойланды.

## ҚОЗЫБАҚ ҮЙЛЕНДІ

### X

Түс еді күн қайнады,
Кеңсенің түгел аймағы.
Жиылған жұрт лық толды
Іс болды, жоқ ойдағы.

Алыстан бір шаң бұрқырап
Көрінді пар жеккен ат.
Ә дегенше болмай-ақ,
Келіп қалды жақындап.

Кеңсеге келді жанаса
Милиция қараса.
Ортасында келіншек
Бүлдіршіндей тамаша.

Келіншек үсті құрымдай
Киімдері сұмырай,
Тұлғасы бірақ өзгеше
Жаңа туған құлындай.

Соңынан тағы үш пар ат,
Артынан тағы 4—5 салт,
Бұрқылдаған бойымен
Кеңсеге келді жақындап.

Соңғы келген Құдекең
Құп-қу болып кеткен өң.
Бастапқы келген пар атты
Милиция Гүлжанмен.

Құдекең түкті білмейді,
«Бұлар неғып жүр?!» дейді,
«Әуре қылып осынша...»
Деп Кеңсені тілдейді.

Дуалға атты байлады,
Кездесті жоқ сот ойдағы.
Бір сұмдықтың болғанын
Құдекең енді ойлады.
«Ойланбадым, білмедім»,
Деп бармағын шайнады.

Гүлжанға қарап: «Әй қатын!
Бір сөзім бар айтатын.
Мойныңды бері бұра кет,
Бері кел, не бар қорқатын!»
«Уақытым жоқ баратын!
Жауабы бар алатын.

Екіталай болуым
Саған енді мен қатын».
Қорқайын деді жүрегі
Құдайдан тілек тіледі.

«Арыз берген болар ма,
Бұл жауыз, кім біледі!..»

Гу-гу етіп жатыр жұрт,
Құдекеңді жеді құрт.
Жүрегі тулап дірілдеп
Төбесінен басты бұлт.

Жұрт жиналып отырды,
Құдекең сасып қорқулы.
Ең әуелі Гүлжанның
Арызы жазған оқылды.

— Әкем жарлы, шал еді,
Көкейін кескен мал еді.
Тамағын байлық ісірген,
Бір бақытсыз жан еді.

Мені сатып мал алмақ,
Алты, жеті қара алмақ.
Құдайберген бір жылы
Сұратты мені кісі сап.

«Әкемді құдай оңдады»
Бай айтты, ес қалмады.
«Барасың ба, жоқ па?» деп,
Ризалық менен алмады.

Кәрі шалды сүймедім,
Еркімменен тимедім.
Кете бардым еріксіз
Ол кезде заңды білмедім.

17-де жасым бар,
60-тан асқан мынау шал.
Менен басқа қолында
Тағы да екі қатын бар.

Сот сендерге жылаймын!
Көзімнің жасын бұлаймын.
Сол шалдан мені азат ет,
Деп бас иіп сұраймын.
Гүлжан».

Жүрегі ұшып Құдекең,
«Азғырған мұны кім екен!
Жасаған-ай сақтай көр,
Биыл бір жаман жыл екен!»

Куәдан жауап алынды,
Құдекең сөзден жаңылды.
«Разы болып келген» деп
Талай куә табылды.

Гүлжанның көзі жайнады,
Белін бекем байлады.
Құдекеңді сөйлетпей
Жүзі одан таймады.

Сот билікке отырды,
Әркім әр сөз өтінді .
Сот билігі ақырда
Былай болып бекілді.

«Гүлжанға теңдік берілсін,
Сүйгеніне телінсін,
Еріксіз алған байынан,
Тиісті енші бөлінсін.

Ақтық билік саналсын,
Гүлжан ертең мал алсын.
Қалың ісі қылмыс боп
Тағы бір сотта қаралсын».

Гүлжанның көзі күлімдеп,
Қып-қызыл ерні күбірлеп.
Шыға келді далаға
«Нашардың бұл күн — күні» деп.

Тыста күткен Қозыбақ,
Гүлжанға қарай жақындап.
Құдекеңнің көзінше
Бетінен сүйді құшақтап.

Қайтерін жуан білмеді,
Жұрт күлді, ол күлмеді.
Ерні-басы дірілдеп,
«Бәлем тоқтай тұр!..» деді.

Күн көзі күліп қайнады,
Жер күлімдей жайнады.
Екі жасты құттықтап
Көлде құстар сайрады.

Көбіктеніп көл күлді,
Сағымданып дөң күлді.
Екі жасқа сыбырлап
Жұмсақ жазғы жел күлді.

Көгілдір тартып көк күлді,
Көк ала болып шөп күлді.
Аспанға шығып боз торғай
Алақай-ау, деп күлді.

Жиналған өңшең «құл» күлді. .
Кешегі «өңшең жын» күлді.
Сол күлгеннің ішінде,
Қозыбақ, Гүлжан тым күлді.

Өңшең жалшы шуласты
Мәз-майрам болып дуласты.
Жеңді деп жалшы азулы
Кәрі қасқыр, қу басты.

Байлардан естіп кекесін,
Оларға айтып «не етсін!»
ЗАГСқа келді екеуі,
Қидыруға некесін.

Жабырлап жұрт жиылды,
Бұларға көзі түйілді.
Екі жастың зарыққан
Некелері қиылды.

1926

# ҚАНДЫ КӨЛ

Тақыр қоян

Бір жылы жаз басынан болды аңыз,
Үнемі сықылданып сарша тамыз.
Күн күйіп, ауа айналып жерге түсіп,
Лебізі жанған өрттей болды нағыз.

Күн шыға шыжылдатып шашты жалын,
Қадалып қара жерге төкті кәрін.
Ыстық леп топырақтың дымын сорып,
Қуратты шөптің тарам тамырларын.

Айнадай көкті шөкім бұлт шалмады,
Жаңбыр да себеленіп бір тамбады.
Түн болса түкіріктей шық түспей,
Мейірі өсімдіктің бір қанбады.

Шілдеде шөп біткеннің дәні ұшты,
Көк нәлді сіңіре алмай қайта құсты.
Июльде ойда, қырда шаңдақ болып,
Шөп біткен өрт шалғандай сынып түсті.

Аңызақ жел де шықты лебі оттай,
Күн-түні азынады тоқтау жоқтай.
Шөп түгіл ағаштардың жапырағын
Түсірді гу-гу қылып түгел жаппай.

Көп көлдің суы кеуіп, орны қалды,
Құрақтың сидиған құр формы қалды,
Мал шөлдеп, адам шөлдеп құрдым болып,
Құдықтан сусындары зорға қанды.

Түйенің тырбиып төрт саны қалды,
Жылқыда жүн жоқ, құйрық-жалы қалды.

Сиырлар күзге қарай көтерем боп,
Қойдың да қаз-қаз басар халы қалды.

Сауынның желінінен ақ тамбады,
Қой-қозы, ешкі-лақтан түк қалмады.
Құлын, бота, бұзаулар көтерем боп,
Малдардың іш тастағуы тоқталмады.

Айғырлар мәңгі болды үйір алмай,
Бұқалар мәжін болды жынды жандай.
Қорек қып топырақты кеміргенмен.
Ашықты қарны тоймай, мейірі қанбай.

Жылқылар бір-бірінің жалын жеді;
Қой, сиыр да өзінде бәрін жеді.
Ешкі, түйе кеміріп теректерді;
Ағаштың тісі өтетін қабын жеді.

Ол жұтқа 49 жыл, аты қоян.
«Тақыр қоян» деген сөз елге аян.
Сол қоянды осылай елестетіп,
Көрген бір қарт маған қылды баян.
1926

## КӨЛ ҚАНДАНДЫ

### I

Бір жерде он үй барды заты қалмақ,
Атасызды іргелі ел қыспаққа алмақ.
Жер-су жоқ, таянатын тірегі жоқ,
Сықылды да желге ұшар бос түп қаңбақ.

«Құлдардың күн көргені «көңіл» бөліп,
Көп еңбекке бай асын «тегін» беріп.
Нешелер жыл осылай өмір сүріп,
Мойындары бекіді жегін көріп.

Қоянда «көңіл» деген қалды адыра,
Байлар жем таба алмады өз малына.
Аз малға тіс шұқитын шөп таба алмай,
Зар болды он үй «құл» да жылдағыға.

Он үйдің Әлім еді шек шығары;
Аталыққа таңбалы «құл» бұл-дағы.
Әлімге он үй бір күн жиылып кеп,
Тарлықтан құтылуға жөн сұрады.

— Шабайық,— деді Әлім — күйген көлді;
Көргем жоқ бұдан басқа шөпті жерді.
Бір мыңды берсе керек артығымен,
Тең жарып екі ақсақал кеше бөлді!»

«Уә пәле,— өзгелер де, мақұл» десті.
«Осы ақылың табылмас ақыл» десті.
Үй басы он шөмеле алсақтағы,
«Еңбекке биылғы жыл татыр» десті.

Күйген көл Малдыбайдың ата жері;
Иеленген нешелер жылдан бері.
Бұдан басқа шабындық көп көлі бар,
Бұл сол көптің ішінде бірі еді.

Он үй «құл» Малдыбайға кісі салды,
Кінә тастап алдынан өтіп алды.
Атасызға аталы сөз бере ме,
Малдыбай көрсетпеді орай маңды.

## II

Күз еді жел жынданып тартты ішін;
Қыстағы жақындады қайрап тісін,
Сұп-сұр боп, жер де, көк те, өсімдік те,
Үсіген өлімтіктей кетті пішін.

Әркім де өлмеу жөнін қарастырды,
Талайды қоян естен адастырды.
Тырбанып тіршіліктің қамын ойлап
Жалпы жұрт дамыл көрмей алас-ұрды.

Жұртпенен тіршілік қып он үй «құл да»
Істеді қарсы қайрат құрғақ жылға.
Он үйден он жігіт кеп күйген көлден
Шұқылап жиегінен шапты қырма.

Көп шошақ күйген көлдің тұлабойы,
«Құлдардың» олар емес келгенде ойы,

Шапқы деп басып шауып жатқан жері,
Көл емес, көл маңайы, көл деңгейі.

Малдыбай сонадағы бермеген де,
Жалынған сөз құлаққа енбеген де,
«Ең болмаса беріңіз тең ортаққа»
Деген сөзге маңайлап көнбеген де.

Он үйдің ең байында екі-үш қара,
Талғажаулық шөп керек соған ғана.
Малдыбайдан түк өнбей сұрағанмен,
Басып шапқан қырманы ала-сала.

Он үй «құлдың» бәріне басшы Әлім,
Күйген көлге сол алып барды бәрін.
Орағына Малдыбай бөгет болса,
Торсыққа біржолата құймақ қанын.

## III

Шөпшінің таңсәріден бір күн бәрі,
Жүр еді қырма шауып келгенше әлі.
Ағаштың кезеңінен бір топ салттың
Көрінді шошаңдаған сойылдары.

«Ал сақ бол!» деді Әлім жігіттерге,
Шошынып селтең етті жігіттер де;
Малдыбай ғой, күшпенен қайтармақ қой,
«Не болса да шыдайық, бірің көнбе!»

Он бес салт ә дегенше жетіп келіп,
Аузынан ақ ит шығып, қара ит еніп,
Әлімді қарсы тұрып жауап қатқан
Жіберді сойылменен періп-періп.

Ішінде Малдыбай бар, сұп-сұр өңі,
Ойбай-ай, құлдардың қай дәндегені!
Көлімді неге басып шабасыңдар,
Жүрсіңдер ойнайтұғын кім деп мені?»

«Көріп ем бұл қорлықты қайда, ойбай!
Бәрін де ұстап түгел байла, ойбай,
Ұмытпаспын бұл қорлықты өмірімде,
Бірінің қара қанын ұрттап тоймай!»

Сойылдар соққан бытыр-бытыр етті,
Құлдардың есі шықты, құты кетті.
Қасқырдай Малдыбайдың азулары
Тістеніп қытыр-қытыр-қытыр етті.

Он жігіт шалғысымен қылды қайрат,
Екі-үш ат үсті босап шықты, «ойнап».
Әлімнің екі жерден басын жарып,
Дірдектеп жып-жылы қан ақты саулап.

Әлімнің екі көзі толды қанға,
Жауларын жуытпады орай маңға,
Көзіне елестеді ажал оғы
Қоштасты үміт үзіп шыбын жанға.

Баласы Малдыбайдың Алтынсары.
Сұп-сұр боп қызыл беттен қашып қаны.
Сойылын көтеріп ап ежірейіп,
Әлімді перейін деп жақындады.

Ұруға Алтынсары жетіп келді,
Әлімді бұл уақытта ашу жеңді.
«Екі өлгенше біржола өлейін» деп,
Шалғымен Әлім шалып тастай берді.

Желкесін өткір шалғы түсті қиып,
Құлады басын жерге қарай иіп.
Баласын көрген кезде жанталасқан,
Қан жұтып Малдыбай да кетті күйіп.

Ендігі істің жайы мәлім болды
Малдыбай бала өлгенін көзі көрді.
Әлімге есі шыққан төрт-бес жігіт,
Сойылын оңтайланып келіп төнді.

Жарқ етті төрт-бес сойыл бірақ жола,
Құлады Әлім-дағы жерді оба.
Дөңгелеп қара құсы ұшып кетіп,
Миы да бірге түсті домалана.

Күн батты қып-қызыл боп қанын шашып,
Жел жылады, жер жүзін қайғы басып.
Байлап ап тірі «құлды» Малдыбайлар.
Өлікті ап елге шапты жанталасып.

## ТӨКАЛА

Әлімді ел жиылып көме салды.
Алтынсары жұмысы сотқа барды.
«Құлдардың өзгесіне айып түсіп;
Өкімет барлығын да түрмеге алды.

Әлімнің қатыны бар Жаңыл деген,
Үш жасар бір ұлы бар Әбіл деген.
Малы жоқ, жалғыз сенген Әлім өлді,
Тіршілік қып күн көрмек олар немен?

Ел босты малдарына азық таппай,
Жерсіздер әсіресе болды қақпай,
Бір жерге Төкала атты Сібірдегі,
Босқандар ұбақ-шұбақ көшті қаптай.

Біреуге сауыншы боп Жаңыл кетті;
Жаңылға еріп үш жасар Әбіл кетті.
Әлім қалды бір уыс топырақ боп,
«Тақыр қоян» тақырлап түпке жетті.

## АҚ ДАМБАЛ[1]

### I

Әбіл биыл отыздың екеуінде;
Бейнеттен көз ашқан жоқ әлі күнге.
Мал дегенде бір сиыр, бір көк шолақ,
Әлі де құл, байларға әлі кірме.

Бір сөз бар құлағына тиген суық:
Әкең өлген өз қанын қанмен жуып!»
Дейді әркім, бірақ кек алу үшін
Күшіктен аспандағы бұлт жуық.

Күшік ол Малдыбайдың кенже ұлы.
Ала білсе, Әлімнің сонда құны.
Әбілге құн алудың ауылы алыс,
Күшіктің ата құлы, жалшы құлы.

---

[1] 1927 жылы ерекше декретпен ауылдарға жер бөлісіне барған бір жолдастың ақ шалбар кигенінен жұрт оны «ақ дамбал» атап кеткен.

## II

Дүңк етті бір уақытта елдің іші,
Ауылда болады-мыс жер бөлісі.
Кедейге жер беруге келіпті-мыс.
Губерниядан «ақ дамбал» деген кісі.

Тым тықыр болмағанмен биыл қоян,
Қоянның жұт болуы елге аян.
Молда, бай, би, ақсақал, атқамінер,
Жерді өздері шаппақ та өңшең ноян.

Жайылды «ақ дамбалдың» келгендігі.
«Ақ дамбал» болды кеңес елде ендігі.
Егіндік, шабындықты келген жерде,
Тең қылып кедейлерге бөлгендігі.

Ығысты зәресі ұшып бай мен молда,
Азғырып кедейлерді алды қолға.
Бұл жағын ныгыздаған болғанымен,
Қорқынып, көп қатердің көбі алда.

## III

Таңертең бие байлап жатқан кезде,
Көрінді бір арбалы түсі өзге.
Қарады Күшік оған тесірейіп,
Алақанын көлеңке қылып көзге.

Бір жігіт жетіп келді сарша бетті,
Ақ киімді, басына киген кепка.
Шертиіп Күшік жолда қала берді,
Сұр жігіт сәлемдеспей өтіп кетті.

Тірелді аттың басы төрдегі үйге,
«Мынау үй Күшік үйі деген үй ме?»
Деді де сарша жігіт қарғып түсіп,
«Жасаймын жиылысты осы үйде.

Ауылдың кісілерін тегіс шақыр,
Үй басы бір адамнан келу мақұл.
Әсіресе кедейлер тегіс келсін,
Қалмасын еркек, әйел іске татыр!»

## IV

Күн еді бұлыты бар қоңыр жайлы,
Жұрт ортаға ап ақ дамбал, ауылнайды.
Дөң басында қоздырды сөз дүкенін,
Ешкімнің бет, жүзіне қарамайды.

Әуелі түсінбей жұрт шегінгенмен,
Жер керексіз адамдай көрінгенмен,
Артынан түсініп ап шуылдасты,
Сөздері — «жер жан басы бөлінсін тең!»

Жалғыз-ақ «жер керексіз» Әбіл екен,
«Мал болса жер жетеді бөліп нетем.
Күшік мені көрген жоқ жерден қағып
Байды тастап, жерді алып қайда кетем?»

Деп күн бойы қарысып отырды Әбіл.
Бір кезде бұрқ-сарқ етіп кірді Жаңыл,
— Айтатұғын бір сөзім — мұңымды айтам:
Қарағым Ақдамбалжан ұрықсат қыл!»

Ақдамбал сөйле деді қарай қалып,
— Құлаған тезегімді қойдың жағып,—
Деп Күшіктің қатыны келіп жаңа,
Тілдеді үйіме кеп дабыл қағып.

Ол өзі мырзамыздың бәйбішесі,
Бәйбіше болғанмен бар менде несі,
Аузымды менің неге қышытады,
Бұлардың маған қылған аз ба ісі.

Байымның осы үй де қанын ішкен,
Өлтірген 15 жігіт ұрып күшпен,
Үш жасар мына Әбілді ертіп алып,
Қаңғырып Төкалаға қарай көшкем!

— Қой апа,— деп еді Әбіл,— Жаңыл тағы,
Долданып өршеленді одан әрі.
Ақдамбалға айт, әкеңнің құнын төлет,
Аузымды қышытқаны не қылғаны.

Күшіктің салбырады екі иығы,
Желкені Әбіл емес Жаңыл қиды.

Кемпірге келген өкіл көзін қадап,
Ашуын, айтқан сөзін ішке түйді.

## ҚАНДЫ КӨЛДІҢ БӨЛІМІ

### I

Топтанып кедей келді Қандыкөлге
Тұсасып арықтарын құба дөңге;
Қудалап көлдің жасыл шабындығын,
Созылта ала арқанды тартты жерге.

Арқанның бір жақ ұшын Әбіл алды,
Бір ұшын қой бағатын Кәрім алды.
Бәріне би — созылған ала арқан,
Бір адам шығармады дау-жанжалды.

Күшік кеп ерсіл-қарсыл екі өтті,
Екі өтті күйінді, келмей кетті.
Күшіксіз-ақ бөлісті өңшең кедей,
Қандыкөл он бес үйге еркін жетті.

### II

Сырылдап қанды көлде ойнады орақ,
Дөңгелеп жалп-жалп етті жасыл құрақ;
Қаз-қатар 15 жігіт тізбектеліп,
Қиратып Қандыкөлді барады орап.

Тартқан жол жатыр сұлап астау жондай,
Шөмеле жыпыр-жыпыр жайған қойдай,
Шаңғырлап өткір шалғы сілтегенде,
Көл үсті айғай, өлең бейне тойдай!

Біреуі сол 15 тің белгілі Әбіл,
Шөп шауып қимылдап жүр көрмей дамыл.
Оның сөзі: «шыққан соң ертең шөптен,
Көмменеске кедейлер бәрің жазыл!»

Әбілдің жауырыны ырғаландап,
Алдынан шөп жығылып бұлғаландап,
«Әкемнің құнын жаңа алдым ғой» деп
Қояды оқта-текте ыржаландап.

Рас ол әкесінің құнын алды,
Қосымша көп жыл еңбек бұлын алды.
Октябрьдің 10 жыл болған жылы
Күшікті шалқасынан жығып алды.

Күйгенкөл, Әлімді алған Қандыкөлде,
Қандыкөл екендігі мәлім де елге.
Бір кезде Қандыкөлде құл шалынса,
Ие, жоқ, бүгінде оған құлдан өңге.

Сентябрь, 1927 жыл.

## ҚҰЛАНЫҢ ҚҰНЫ

### I

Сұлудай қызыл шырай бітіп таңға,
Алтынды ну сәулесін шашып маңға,
Ойын сап жан иесі бар мақұлық,
Жерде құрт,
Көлде құстар,
Тоғайда аң да,
Маржандай мөлдір шық үстін баса
У-шу боп жөнелгенде өріп мал да,
Болмаса жатып ішер арам қарын
Еңбектің иелері оянғанда,
Бір атты сылаңдатып жүрді біреу,
Ауылдың маңайында,
Тізгін қолда.

Ат құла,
Күн нұрына шағылысқан
Көрінді алтындай боп түгі алыстан.
Көргенде сол құланы,
Абай жазған:
Ат сынын дерлік емес жаңылысқан.

Көтере шұлғып тастап орақ басын,
Жібек жал —
Желпіп тастап жібек шашын.
Кезекпен қайшыланып қамыс құлақ,
Көрсетті көлбең қағып жүріс нашын.
Кей кезде ойнақтады аспанға атып
Боп бейне күйі түскен алғыр лашын.
Сол кезде жетектеген жігіті де
Еркелетті «жануар!» —
Деп құласын
Оқушы бұл кім?— десе,— аты Болат.

Жасынан жеңі қысқа,
Тоны шолақ
Боп үсті. Жауыр атқа үймелеген
Шыбындай қу кедейдің қалмады орап.

Дөңгелек қара көзі жанған шамдай;
Қайратқа қарсы болып біткен маңдай
Сұрша бет, қалың қабақ, сүйір иек,
Жүзінде лаулап жанған оты бардай.

Екі иығы екі кісі мінгізерлік,
Түйілген бұлшықтары бейне бөрік.
Жүйріктей салыңқы төс,
балтыры сом
Мүшесінің біріне-бірі серік.

Жасынан қу кедейлік қалмаса да,
Үстінен бейнет жүгін алмаса да,
Сегізден кісі есігін тоздырғанмен
Еңбегі еш уақытта жанбаса да.

Біреудің бақса-дағы қозы, қойын,
Кисе де нәлет артқан қамыт мойын,
Талай жыл инеліктей аштан қатып,
Қарыны көрмесе де бір күн тойым.

Қабағын ашпаса да бір күн жайнап,
Тұрмысқа қастасса да тісін қайрап,
Тон қысқа, жеңі шолақ, оралымсыз,
Жүрсе де екі қолын бейнет байлап.

Иығы ілмесе де бүтін көйлек,
Тіл бауын ашпаса да жұртқа сөйлеп,
Зардабы жоқшылықтың бір арылмай
Дауылдап жанса да от іште кеулеп.

Осының жеңдірмеді біреуіне,
Жастық боп сүйенері,
тіреуі де,
«Сау болса денем, адал еңбек етсем»,
Жетемін деп ойлады тілеуіне.
Жасынан болды жалқы ағайынды,
Төкпеді жалғызбын деп уайымды,

Бір сертті, бір-ақ сөзді, бір-ақ бетті,
Аузынан шыққан сөзге тағайынды.

Бір атты, жоқ болса да, мінді баптап,
Үстіне шығармады бөтенді аттап.
Бірқыдыр киімдерін сыпайы ғып,
Қанша жоқтық көрседе киер сақтап.

Жалғыз-ақ шешесі бар жан дегенде,
Бір сиыр, бір аты бар мал дегенде.
Өзіндей бір кедейдің жас сұлуын
Айттырды,
Сондай бір қыз бар дегенге.

«Ақжұныстай ақ дене —
Қар» дегенге,
«Екі беті алмадай қан» дегенге —
Ол қызға тең келетін бір де қыз жоқ
Сол маңайда отырған барлық елде.

Сұлудың аты Алтын,
Жасы он бесте,
Деп ойлап «өрім талды өспей кеспе!»
Күтіп жүр Болат еркін толығуын,
Мәз болып көргеніне ерте, кеште.

Әзірге бар әңгіме құлада ғой,
(Барады басқа жаққа бұралып ой)
Ол құла тай күнінде
Жалшылықтан,
Болатқа тиген еңбек —
Сыбаға ғой.

Тайынан үміттеніп күтіп, бағып,
Құлаққа сырға,
Кекілге үкі тағып,
Өсірген.
«Құнан бәйгеде» дегендерде
Келетін оқтай зырлап алдын алып.

Бұл таңда жетектеуі құланы оның,
Бір тойға шақырғанда Болат елін,
Осы ұлы дүбірге құланы да
Сынамақ қосып, көптен алған терін.

Оқтаудай жарау атқа қарап қойып,
Жарауы, мүшесіне көңіл тойып,
Ішінен деді Болат: «Жолы болып,
Бәйгесін осы тойдың алсам ойып».

«Ат шабар!..
Уа, ат шабар!
Ат шабарлар!»
Бір жігіт үйді айнала
Қақсап, зарлап,
Жөнелді ту көтеріп,
Ауылдағы,
Тойшылар іле артынан тартты аңдап.

Күн ыстық,
Аспан айна.
Жерде барқыт,
Барқыт жердің жұпардай исі аңқып.
Қымызға қызып күрең тартқан жұртты,
Мас қылды маужыратып одан да артық.
Қайысып жердің жүзі жөнелді жұрт,
Құстай боп дарияда жүзген қалқып,
Ауылда кедей-құртаң, бала-шаға,
Қалысты жұртта қалған ішіп сарқыт.

Бөлінді тойшылар өз ұруымен,
Екіге жұрт жіктеліп тұруымен,
Айдады бәйге аттарын,
Басқа ойын,
Басталды балуанның шығуымен.

Маңдайдан жөнелерде сипап атын,
Атқа шабар балаға бар айтатын,
Ақылын айтып,
Атын айдап Болат
Балуан шығар жерге келді жақын.

Біреулер Болатқа кеп: «Шешін» деді.
— Кім балуан?
— Белгілі Есім! — деді.
— Өй тәйір-ай, Есіммен
Кім күрессін,
Одан басқа біреуі келсін» деді.

— «Олай деме, шешін тез, о да жігіт,
Бұл сөзің болар жаным кесір» деді.

Жалаңаш денесіне киіп шекпен,
Қайратынан сыртына түгі тепкен,
Майданға шықты Болат,
Оған қарсы,
Бір дәу келді,
Денелі,
Өңкең еткен.

Барыстай бір-біріне тап берісті,
Тап берісті, қолдары шап берісті.
Жұлқыса жөнелгенде екеуі де,
Шекпендерін жағадан қақ бөлісті.

Белбеуден қайта ұмтылып ұстап Болат,
Ананың екі қолын матап, орап,
Жамбасқа ала келіп сілтеп еді.
Бұрқ еткен жер топырағы кетті борап.

Маңдайдан күреңіткен ағып тері,
Танаудан делделеңдеп шығып демі,
Қайтты топқа,
Алдынан шулады жұрт,
«Көп жаса, даражаңнан тайма деді!»

Киінді.
Ат көрінді ту қиядан.
Ат түсін айыруға бермейді шаң,
Аттардың алдында бір жалғыз қара
Бұрқырап шаң ұшады тұяғынан.

Жалғызды «жерді қалқып ұшты» дерлік,
«Ат емес көріп тұрмын құсты» дерлік.
Дүбірі жерді басқан
Көкті жарып,
Тұяғы жерге
Тастан күшті дерлік.

Жақындады,
Құла екен.
Шапты Болат.
Айғайды естіп, жұлдыздай ақты құла ат,

Топты жара шалдырмай өтіп алып,
Шабысын бәсеңдетіп тартты құла ат.

Тізгіннен Болат тағы алды келіп,
Үстінде аппақ болып ойнап көбік.
Ойнақшып, елегізіп тұрмады ат,
Айқайға құлақ түріп елеуреніп.

Аяғын әсемдене серпе басып,
Құлағы қайшыланып өсіп, тасып,
Мақпалдай қара құйрық бұлаң қағып,
Шоқтығы өзге аттан жүрді асып.

Бұлт шықты көлеңкелеп ыстық күннен,
Сипады қоңыр салқын самал мен дем,
Бозторғай қошеметтеп әнге салды
Шығып ап шарық ұрып аспанға ен.

Құла ат демін алып болған кезде,
Көрінді топ-тобымен аттар өзге,
Құла ат пен Болаттың кеңесінен
Сол кезде аумады жұрт басқа сөзге.

Жұрт шулап «жігіт екен, пәлі!» деді,
«Бар екен сүйегінде дәні», деді.
«Мынау ат қанаты жоқ құспенен тең,
Мұндай ат дүниенің малы!» деді.

Ертіп ап сайдауыттай төрт жігітті
Ақ құба, талпақ мұрын, қырбақ мұртты,
Бір жігіт — құла аттың маңайынан
Қадалып олай-бұлай екі-үш өтті.

Қосшыға мынауың кім деді Болат,
— Бұл болыстың баласы мырза Жамақ.
— Ол негеториды екен?
— Себебі оның,
Құла аттың сынап жүр түрін қарап.

— Сыны оның не керек?
— Ойы бар да,
Алуға құла атты қалап, сұрап.
— Қалағанға берем бе? Дәме етпестен,
Дәме еткен ол өзі неткен дорақ.

## II

Сәскеде жылқы келе өрісінен,
Жылқыдан құла тұлпар келісімен,
Жем сұрап Болатқа кеп оқыранып,
Денесін иіскелейтін тегісінен.
Бір мешок сұлыны іліп,
Болат оның,
Сипайтын жібек жүнді терісінен.
Бір күні жылқы алдынан шығып Болат
Жылқыны олай орап,
Бұлай орап,
Қарап еді, көзіне ұшырамай
Жылқымен келмеген боп шықты құла ат...

Болғанын бір сұмдықтың іші сезді,
Қыдырып бар жылқыны түгел кезді.
Бұлдырап алыста бір мал көрінсе
Талдырды қарай, жүре аяқ, көзді.

Таба алмай Болат іздеп мінді атқа,
Қаңғырды сұрау салып сан тарапқа.
Құланы көрген де жоқ, білген де жоқ,
Кездесті бұл не деген ғаламатқа.

Бір үйге сусындауға түсті аттан,
Сөйленді жол мәнісі келе жатқан.
Болаттың сөзін тыңдап үй иесі:
— «Жарқыным атың қолды осы жақтан»

— «Кім дегеннен?!»
— «Кәдімгі Қара болыс.
Қашаннан Қара болыс ісі —
Қол іс.
Қара болыс алдына еш уақытта
Қарсы келіп көрген жоқ
Қазақ, орыс.

Болыстың баласына атың ұнап,
Бермепсің жібергенде арнап сұрап,
Қарсы келген адамға Қарекеңнің
Ежелден беретіні осы жауап!»

Болаттың қуаң тартты сұрша түсі,
Жүрекке оқтай тиді байдың күші.
«Не маған, не болысқа ажал шығар,
Деді — оның бұл зорлық, қылған ісі».

Қымызын сүйеп жерге қоя салып,
Лауланып іші оттай күйіп, жанып.
Жөнелді, бір ауылға жақындады,
Қаранікі осы ауыл, білді танып.

Төрт ақ үй, күмбездей боп
Қонған төрге,
Екі үйдің арасынан тартқан керме.
Құланы сол кермеге қойған байлап,
Тұр екен бұсын беріп құла желге.

Мініпті. Үстіне тер —
Қатқан көбік.
Орқырап қоя берді мұны көріп,
Ызаға шыдай алмай келген Болат.
Жіберді екі көзден жасын төгіп.

Көрмеген ер жасынан жаннан ығып,
Өкпені ашуды өңешке әкеп тығып.
Кермені пышақпенен шорт кесті де
Үстіне шықты аттың ырғып мініп.

Шу етті көзі көрген «мынау кім?!» деп,
Қара шықты «бозбала, атқа мін!» деп.
Қашпай Болат, анадай тұрып алып,
Қараға мына сөзді айтты тілдеп...

«Әкеңнің құны бар ма, атымды ұрлап,
Жуан ит басынасың кімді қорлап,
Семірген арамдықпен арам қарын,
Сен менен ат аласың қалай зорлап!»

Дегенде төрт-бес жігіт салды «аттан!»
Сойыл ап, ат қойысты тұс-тұс жақтан.
Бәрін де, Болат тосып, ұрып жықты,
Сойылмен тобығынан бір-бір қаққан.

Аттардың үсті босап шығып ойнап,
Көбінің басы қан боп қалды жайрап,

Келген сегіз бітті ғой деген кезде,
Құлаға «шүу!» деді де жөнелді айдап.

Бұрқырап үйірілді жерден шаңдақ,
Жануар құстай ұшып тартты зарлап.
Қарасын қуғандардан заматта үзді,
Шапқан сайын шабысқа шабыс жалғап.

III

Өзгеріп жаздың нұры айдай жарқын,
Күз келіп сұр кескінді қоңыр салқын.
Жайлаудан ел күзекке көшіп келіп,
Бозбала шөпке түсті қызу қарқын.

Болат та біреуге бір қолын жалдап,
Бір қолымен малына азық қамдап.
Бір өзекте шөп шауып,
Құла атты
Күндіз түсап, ұстады да түнде арқандап.

Бір күні таң сәріден тұрып Болат,
Жол тартып жоңышқаға салып орақ
Жүр еді,
Көз ұшында ұшырасты
Шаңдатқан, қоңыраулы жеккен пар ат.

— Бұл неткен ерте жүрген қоңыраулы ат?
Деп Болат аң-таң болып тұрды қарап,
Аттылар жақындады.
Біреу отыр,
Тастаған үсті-басын сары алалап.

Жанында Әлен деген шабарман бар,
Болаттың келді-дағы тұсына дәл,
Ақырды сап-сары ала:
«Арбаға мін!»
Бізбенен қалаға жүр, жұмысың бар!

— Не жұмыс?
— Оның саған керегі не!
— Бұл пырыстоп, сөйлеме, үлкен төре!
— Төре алдын көретін шәруам жоқ,
Жұмыс тастап жайдан-жай барам неге?!»

—Болмады. Киіндірді келген төре,
Бар беретін жауабы: «тұқ үндеме!»
Болат көнді.
Құланы қосаққа ап,
Қалаға төре сарлап тартты желе.

Жолшыбай Болат терең ойға батты.
Неге екенін білмеді, басы қатты.
Бесінде қаладағы бір сарайға,
Болатты енгізді де, есік жапты.

Таңертең сылдыр етті сырттан құлып,
Әнәугі таныс төре келді кіріп;
«Кәне бол, беретұғын жауабың бар,
Жиналды тергейтұғын сені ұлық».

Не «ұлық» екеніне түсінген жоқ,
Бейне бір кескектегі аюдай боп.
«Ұлықтардың» үйіне кіріп келді.
Көзінен ұшқынданып шашырап от.

Басы Қара,
Үй іші толған жуан.
Бәрі де шат етеді қуаң-қуаң.
Бұлар неге келді екен деген, жанша,
Бір шолды да, Болат ер болды аң-таң.

Болатқа баяндады сот «күнәсін»:
Пәленнің жылқыларын ұрлағансын.
«Ел тыйыштығын бұзған қарақшысың,
Байланды сол себептен сотқа басың!»

Рас па,— деген жанша — мыналарың?
Көзімен сот, ақсақал шолды бәрін.
Жүздері бір құбылмай
«Рас, рас!»
Деп куә болды өңшең жалдап залым.

Абайлап бәрінің де көрді түрін,
Бұл адал дегізе алмай бірде-бірін.
Ішінде өртенді кек.

Сонда-дағы
Қалшиып қата қалды бермей сырын.

Іс бітті, қол қойылды, мөр басылды,
Таба алмай бір жақынды, жан ашырды
Көзінен ұшқын ұшқан ер Болаттың
Сөзінің бір заманда кілті ашылды.

«Залымдар, сендер кімсің, білдім жаңа!
Көмірден ниеттерің екен қара.
Өз атымды өзімнен еріксіз ап,
Сау басыма салдыңдар таудай жала.

Бақташы ұлықтың да ұқтым сырын,
Байға жақ, ақшасызға екен қырын,
Бәрің ит, бәрің доңыз, бәрің зәлім,
Сендерге сөйлеп тұрған сөзім шығын.

Амал жоқ, осы күйде өлтірсе атып
Осы кек жүрегімде жүрер қатып.
Егер де босанатын күнім болса,
Шалармын талайыңды қорқыратып!»

Деді де, қыл кескендей тұра қалды,
Қара отыр, дегендей боп «табам қанды»,
Бұрынғы таныс төре «кәне, жүр!» деп,
Жетектеп абақтыға алып барды.

Кішкене көрден де тар сасық бөлме,
Темірден терезеге құрған керме.
Есігі сырт жағынан құлыптаулы,
Шығар ма одан бұзып тірі пенде.

Қуланып, кескіндері гүл-гүл жанып,
Құланы жетегіне байлап алып,
Қара да терезеден өте берді,
Жануар барады екен оқыранып.

Болаттың іші мұз боп жүре берді,
Сонда да босамады, қайрат жеңді,
Қарасы үзілгенше қарап тұрып,
Ышқынып зорға ғана алды демді.

## IV

Абақты — азап орны, жанды жейді,
Сүліктей сорып, жан мен қанды жейді.

Сүзек болған адамдай сүлде құрып,
Бойда қуат, баста ақыл, әлді жейді.

Абақты адамды естен тандырады,
Өзекті өртеп, жүректі қан қылады,
Тұншықтырып сасық иіс, дем алғызбай,
Бір жұтым таза ауаға зар қылады.

Ала қыс сол тамықта Болат жатыр,
Улы ой көкірегінде кермек татып,
Қамаудағы долданған арыстандай,
Қан жоқ, сөл жоқ, бозарып қалды қатып.

Басынан жатса-тұрса шықпайтын ой!
Шешесі, қалыңдығы, құла аты ғой.
Шешесінің дауысы құлағына
Кеп тұрғандай, зар илеп,
Деген «ойбой!»

Ананың ызыңдайды жылағаны,
Жалғызға қиын ана шыдамағы.
Болады да тұрады қасына кеп
Кісінеген сықылды құла-дағы.

Алтыны не жайда екен, о да танық,
Әлдекім барымталап қойды ма алып?
Болмаса, еркі өзінде,
Сөзін сақтап,
Болаттың шығар күнін жүр ме бағып?

Бар серік күндіз-түні ұйқы, тамақ,
Наны шикі, шайы ақ су,
Сорпа шалап,
Ашыққанда адамзат не жемейді.
Болат ішті оларды балға балап.

Бір орыс Болаттың бар серігі еді,
Болат кейде іші пысып ерігеді.
Әуелде «орыс қой» деп жат көрсе де,
Сынаса орыс тәуір көрінеді.

Сөйлесіп, кеңестерден туып кеңес!
Кейде тыңдау сөздері,
Кейде егес.

Екеуінің тоқтарлық жалғыз сөзі —
Үкімет те, байлар да әділ емес.

Біраздан кейін орыс ашты сырын:
— «Мен байға қас ем,— деді — мұнан бұрын.
Мен большевик.
Мақсаты большевиктің
Кедей мен жұмыскердің жоқтау құнын.

Бізге қас, бізді жеуші байдың табы,
Патшашыл үкімет те соның жағы.
Байдың малын, патшаның тағын билеп,
Еңбекшінің гүлденер жақын шағы.

— «Босансаң сол күреске қосылар ма ең?»
— «Қасық қаным қалғанша осылармен
Алпарысып өтер ем!»
— «Онда жігіт
Болдың сен, жігітсін деп бас ұрам мен!»

— «Сен өзің абақтыға неге түстің?»
— «Біліпіп сыры байға қастық істің.
Бір жалған дос адамның сатуымен
Жыл болды абақтыға келіп түстім».

Таң ертең түгендеуге тұрғанынан,
Орыстың шықпай Болат «жұмбағынан»
«Большевик болып байды ойран қылып,
Байлардың құтылсам деп — тырнағынан!»

Сол тастай ауыр оймен үш ай өтті,
Бір күні бір танысы «шешең кепті»
Дегенде қанша қажыр еткеніменен,
Ер Болат шыдай алмай жасын төкті.

Жүрегі көргеніне тыным бермей,
Денені бұрынғыдай қайрат жеңбей,
Түн бойы көздің шырын бір алмастан,
Көз жасын сорғалатып төкті көлдей.

Күткенде таң ата ма, жуыр маңда,
Күткен үміт денені қуырғанда,
Бір кезде бозғылданып сөгілді таң,
Көз нұрын қараңғылық суырғанда,

Не керек тақ атқанмен есік жабық.
Үстінен албастыдай басқан тамық.
Есіктің тұтқасына қолын салып,
Күзетші түгендеуін тұрды бағып.

Күзетші бір кезде кеп құлып ашты,
Түгендеп тұтқындарды өтті басшы.
Қатықсыз қара суға дағдыланған,
Шай ішпек боп тұтқындар жанталасты.

Шай ішпей Болат бүгін татпай нәрді,
Тықылдап жүрген дыбыс есік алды.
Бір кезде тар әйнектен сығалап күн,
Қадалып қайғылы ерге қарай қалды.

Абақты іші буалдыр көкшіл түтін,
Бөлмелер қара көмір, жоқ қой күтім.
Сықылды керген өрмек тарамданып
Түтіннің күн сәулесі алды құтын.

Есікте екі көзі қайғылы ердің,
— Болат деген жан бар ма?
— Менмін, менмін! —
Деп ентелеп дауысқа жетіп барса,
Естілді «шешең келді, жүр» деген үн.

Шешесі еңіреп тұр, шыға келсе,
Қояр ма еңіремей мұң-зар жеңсе,
Аз күнде өңі кетіп, жүдеп қалған,
Еңкейіп белі имиіп, түсіп еңсе.

Бассалды «Құлыным» деп құшақ жайып,
— «Аяғың неден қалқам кетті тайып.
Жұлдызым, басымдағы бақыт құсым,
Қай жаққа мені тастап болдың ғайып!

Ботам-ау, боздаттың ғой сорлы анаңды
Өзегі сорлы анаңның өрт боп жанды.
Ұры деп ақ басыңды қаралауға
Иттердің батылдары қалай барды.

Доптай ғып жоқшылықты тепкен, қалқам,
Қайтпаған бір бет алған беттен, қалқам.

Жоқ болсам да кісіден кем болмаймын,
Деп басыңа қайратың жеткен, қалқам.

Жарық шамдай жарқылдап жанған, қалқам,
Жылы суға қолымды малған, қалқам,
Бір болса да бірегей болып туып,
Сыртымда асқар пана болған, қалқам.

Қалқам-ау, сенсіз күшім көрдей екен,
Барыңда қадіріңді білмейді екем.
Арсыз жаным шықпаған орныңда,
Жылағанмен тірі адам өлмейді екен.

Көрем деген қызығым Алтынымды,
Айдай толып нұрланған жарқынымды
Қара болыс алыпты тоқалдыққа,
Бір соғып қоймай тәңірі, артық ұрды!»

Аузынан анасының шыққан жалын,
Күйдірді алпыс екі тамырларын:
Солқылдап құшағында құлақ салды
Шер басқан сорлы ананың, тыңдап зарын.

Сасық үй зарлы үнге күңіренді,
Зар илеген дауысқа тас та еріді.
«Тәртіпсіздік қылмаңдар, жыламаңдар!»
Деп ақырып біркезде күзет келді.

Мұң-зарды құлағы естіп қанған күзет,
Айрылған аяушылық ардан күзет,
Шерлінің шерлі сырын естігенде
Шімірікпей қызара жанған күзет,

Не қылсын сорлылардың мұңды күйін,
«Бұл сенің айқайлайтын емес үйің!»
Деп дікеңдеп, қабағын қарыс жауып,
Аузынан сөйлегенде соқты құйын.

Сорлы ана, өзегі өрт боп басқан қайғы,
Айрылмай қайта-қайта, қанат жайды.
Төсіне төсін басып қайта-қайта,
Болаттың ыстық жаспен бетін шайды.

— Жылама,— деді Болат анасына,—
Қылмыссыз күйдім байдың жаласына.
Ер жігітке өткелден өту керек,
Не келіп, не кетпейді ер басына.

Жылама, жалғыз ботаң жатпас мәңгі,
Көп болса енді бір жыл татар дәмді,
Осы күйге салармын тірі болсам,
Бізді бұлай жылатқан залымдарды.

Жасыма, белiңді бу, шира, пысы,
Тым жасып ауыр ойға кетпе түсіп.
Ер жігітке бұл жара — жара емес,
Бұл ерінге байқаусыз шыққан ұшық».

Жұбанып зарлы ана тұрғанымен,
Жасымай қайраттылық қылғанымен,
Денеде қайрат пенен қажырсыздық,
Боп тұрды сол уақытта нақ теңбе-тең.

Қақтаған сықылданып күміс жамбы,
Бұралған елестетіп нәзік талды.
Қадалтып қара көзін, қабақ шытып,
Алтын да қарсы алдына келе қалды.

Келе сала құшақтай алғандай боп,
Көзі жас, лебі оттай жанғандай боп,
«Мен жазықсыз, Болатжан, мені құтқар!»
Деп көз жасы мөлтілдеп тамғандай боп.

«Мені құтқар, Болатжан!» дегендей боп,
Әрбір сөзі жүрекке қадалған оқ,—
Сықылданып:
Болаттың өзегіне
Тағы түсті құла аттан молырақ шоқ.

Қарауыл Болатты алып жемс-жемге,
«Уақыт бітті, жүр!» деді қайғылы ерге.
Азалы ана баласын құшақтай ап,
Қалқам-ау, барам деді мен де бірге.

Қарауыл Болатты айдап алып кетті,
Анасы шыдай алмай талып кетті.

Болаттың да кескіні қуқылданып,
Талықсып қан тамыры зорға тепті.

## V

Көкте бұлт қоюланды, жұлдыз сөнді,
Аспан жерге жанаса келіп төнді.
Ызылдаған жалғыз-ақ желден басқа,
Жанды, жансыз дыбыс жоқ түгел «өлді».

Талай ай абақтыда жатқан Болат,
Қыс бойы құтылудың жолын қарап,
Жүретін де, ретін келтіре алмай,
Осы түн сыртта қалған жанасалап

Бір минут тарыққанда жылдан ұзақ,
Айнала тастан қорған шықпас тұзақ.
Қақпаларда күзетші.
Қорған биік,
Қалай ашар,
Қорғанды қалай бұзад?

Құба-құп,
Құтыла алса тым-ақ жақсы.
Егер де қолға түссе не болмақшы?
«Қашақ» боп күнә үстіне күнә жамап,
Жазаға қоса тағы жаза алмақшы.

Қолында күзетшінің қылыш, мылтық,
Олардан алмақ қалай оны жұлқып?!
Атпасын сол арада кім біледі.
Не көріп, не болмаса тапса тінтіп.

Төрт шамды төрт бұрышқа қойған жағып:
Түп қарацғы болғанмен,
Қорған жарық.
Төрт бұрышта төрт солдат мылтық ұстап,
Жан-жағына алақтап отыр бағып.

Астында бір қоқымның үйіп қойған
Сығалап жатыр Болат шықпай ойдан.
Маңында күзетшілер көргенінде,
Жүрегі дүрс-дүрс согып болды ойран.

Басына оның ауыр түсті бір сын,
Ер жұмса қиынға көз, солай жұмсын;
«Құтылмай!» «өлем!» ойда алпарысып,
Жүрегі ат шапқандай қақты күрсіл!..

Болғанда түн ортасы тұрды ептеп,
Қасына қақпасының келді еңбектеп.
Шап беріп қапылыста күзетшіні,
Уыстап қылғындырды кеңірдектен.

Шеңгелін жібергенде қысып қатты
Абайласа өңешін үзіп апты.
Қалтасынан жалма-жан кілтін алып
Қақпаны ашып шығып, қайта жапты.

Бұрышта қарауылдар көріп қалып,
Тоқтатпақ болды әуелі айқай салып.
Тоқтамады. Тұс-тұсынан оқ жаудырды,
Жанынан өтіп жатты жанай ағып.

Еңкейіп кеудесімен жерді құшып,
Өкпесін қолына ала жүгірді ұшып.
Құтылып аман-есен жауған оқтан,
Бір сайға домалана кетті түсіп.

Дем алып аяңдады сайды өрлей,
Маңдайдан тер құйылды болып селдей.
Қаладан ұзап шығып алған кезде
Тоқтады өз көзіне өзі сенбей.

Сағынған ен ауаны жұтып еркін,
Көз тойып, табиғаттың көріп көркін,
Үстіне жасыл шөптің аунап жатып,
Серпілтті іштегі ауыр улы дертін.

Көп жатып абақтыда кеткен әлі,
Жиналды денесіне тағы-дағы.
Жер де, көк те, жұлдыз да аспандағы
«Жаса Болат!» дегендей жамырады.

Бір нәрсе осы кезде етті қарап,
Қараса арба жеккен жолаушы адам.
Жолаушыда дыбыс жоқ,
Аты жолмен
Келе жатыр, Болат тұрған жерге таман.

Тарантас құрғақ жолда салдырады,
Салдырында тымық түн жаңғырады.
Ат үркпесін дегендей тұрды Болат
Қолына алтыатарын алды-дағы.

Ат қасынан аяңдай өтті желіп,
Жолаушы арбадағы бейне өлік,
Дыбыс жоқ,
Арбасының арт жағынан
Асыла Болат-дағы мінді келіп.

Божыны ең әуелі қолына алып,
Ұйқылы жолаушыны түртіп қалып,
Оятты да,
«Түрегел, кімсің!» деді,
Жолаушы көзін ашты ыңыранып.

Арбадан жат адамды көріп көзі,
Сескеніп ол адамнан шошып өзі,
«Сен кімсің. Түс арбамнан,
Неге міндің?
Түс кәне, қалжыңдама!»
Болды сөзі.
Саспастан «өзің кімсің?» деді Болат,
— «Мен Қараның ортаншы ұлы Орақ!» —
Дегенде кескініне төніп Болат,
Қадалтып отты көзін тұрды қарап.
— Мін кіммін?— деді Болат,— танымысың?»
— Жоқ,
Сені танымаймын.
Жарып исің
Мұрнымды барады!»
— «Түс атымнан!
Сен ұрысын. Сенің де қанық исің»..

Болатты Орақ қарап танымады,
— «Танымасаң мен Болат жаныңдағы,
Абақтыға салып ең, одан шықтым
Бар ма істерің «мырзаеке» тағы-дағы.

«Қолыма түстің» бәлем ажал айдап,
Таусылып еді тістің мөрі қайрап» —
Деді де алтыатармен тартып қалды,
«Ah» деді де сұмырай түсті жайрап.

Көзіне көкбеңбек оқ жарқ еткенде,
Жыландай пысылдақ оқ сарт еткенде,
Кешегі күн жазықсыз жара салған
Қас дұспаны алдында жалп еткенде.

Көптен бері жүректе қатқан құсық,
Арылғандай боп кетті құсып-құсып.
Желкеден көптен бері басқан салмақ,
Кеткендей болды қазір о-дағы ұшып.

Орақты қыр-қыр етіп өлмей жатқан,
Итеріп сылқ еткізіп түсірді аттан.
Мінген не жылқы екен көрейін деп,
Атқа барды еліріп жерді тарпқан.

«Құр-құрлап» маңына ол келген кезде,
Тізгінге қолын сала берген кезде,
Кісінеп жіберді ат танығандай,
Түсі жылы ұшырап кетті көзге,

Құла екен. Екі көзі жанды шамдай,
Ер Болат өз көзіне өзі нанбай
Үңіліп қарап еді,
Нағыз өзі,
«Жануар!» — деді Болат шыдай алмай.

Ағытпай құлақ бауды қиды Болат.
Сайманды тез сыпырып үйді Болат.
Құшақтап жібек жалын, жасын төгіп,
Аймалап өз құласын сүйді Болат.

— Жануар! —
деді менмін сүйген иең,
Сен үшін нәлет қамыт киген иең.
Түрме көріп, қандала, битке жем боп,
Қу тақтайға жамбасы тиген иең.

Зарығып қара суды татты иең.
Қара тұнық қайғыға батты иең.
Адам затта мұң шағар жан таба алмай,
Қалаған тасқа зарын шақты иең.

Аң болып қанжығаға байланды иең,
Байлардан құтылуды ойлады иең.

Есік, кісен, терезе, темірден тор
Айналмадай қаңғырып айналды иең.

Сол тамұқтан азат боп босанды иең,
Соның бәрін көтерген осал ма иең.
Кім өзіне озбырлық қылса, соны
Өзіндей қылмай көңлін басар ма, иең.

Сен де азат, мен де азатпын;
Алтын қайда?
О да тұтқын адамдай зар қылмай ма?
Үшеуміздің басымыз түгелденбей
Мұратқа жетіп түгел тұру қайда?

Олай болса,
мен ерттеп мінем сені,
Жүректің тарқап болмай түгел кегі,
Үстіңнен ер алмаймын,
Шабысыңды
Көрсет сен, маған енді бәйгідегі!»

Деді де, құла атқа мінді ырғып,
«Шүу!» — деді.
Тартты құла желдей сырғып.
Шабыстан қарсы алдынан соққан желді,
Ішке Болат қымыздай жұтты сыңғып.

Көрсетті таң белгісін Шолпан ымдап,
Қарсы алды таңды аспанда торғай шырлап.
Бусанып көтерілді жердің шығы,
Жасыл жібек қаланы түгел дымдап.

1928—1929 жыл.

## ЖҮЙТКІ, ҚАРА АЙҒЫРЫМ

(1931 жылдың 1 январында
Түрксиб темір жолы салынып бітіп,
мемлекетке қызмет атқаруға
кірісуіне арналды).

I

Меңіреу,
мылқау,
қимылсыз
Қалғыған мәңгі даланың,
Адыр,
белес,
құлдыр құз,
Саңғал тау,
сай, саланың,
Нелер мың жыл ұйықтап,
Сұр көрпесін тұйықтап,
Ең аяғы — ит,
құс та,
Басынып оны иықтап,
Жаздырмаған қабағын.

II

Сұлдері құрып,
суалып
Жағы, түсі қуарып,
Сыйықсыз түгін шаң басып,
Басына туып қара күн

Тұрған кезде,
Түрксиб
Жүректен қалай қан лықсып

Әл берсе талған денеге,
Нақ сондай қан —
жан берді.
Тірілді,
тұрды дала,
құм!

III

«Талықтым,
әлім таусылды,
Құшақтап ажал,
темірдей
Құрсауымен қаусырды,
Өлдім,
біттім!» —
деген зар,
Қасіретті ащы мұң
Тоқталып,
ойнап оркестр,
Туысқандық,
тіршілік,
Ерлік,
шаттық күйлерін;
Даланы асқақ
биледі үн!

IV

Шала жансар сорлыны
Шағып,
арбап,
езгілеп,
«Көтерер басын шама жоқ,
Не істесем
төзді» деп
Қуанысқан
қуылды:
Жылан,
шаян,
пері,
жын,

Бұл сұмдардың шын аты —
Отаршыл,
ұлтшыл,
бай,
молда.
Баққұмар,
қу,
пысық,
сұм.

V

Қажымас қара айғырым.
Ұрпағын мол жайғырым!
Терісі темір,
сүйегі
Болат,
шегі сым,
демі.
От
Айғырымның барында,
Кімнен кем менің байлығым!..
Айгырымның қасында
Шәуілдеген күшіктің
Үргеніндей көремін,
Ертегі ғып сөйлейтін
Арыстанның айбынын.

VI

Сол тұлпарым
«Шүу!» деді,
«Шүу» деді де,
гуледі.
Табаны тасқа тимеді,
Тер шыққан сайын өрледі,
Асқарды көзі көрмеді...
Белес-белес белді өтті,
Белестен шалқар елді өтті,
Айдын шалқар көлді өтті...
Баялышты, құмайтты.

Бүлдіргенді шыңайтты,
Керілген кең шөлді өтті...
Асқар-асқар, асқар тау,
Сарт құманы,— Қашқар тау,
Түйе мойын иір тау
Қыземшекті сүйір тау...[1]

Етегі жаз,
басы қыс,
Сирағы су,
шашы мұз,
Асусыз,
биік,
қиын тау...
Соның бәрін
Тұлпарым
Басып өтті
арқырап,
Алты күн жүріп
айлығын!..

VIII

Үйірсек жас
сәурігім,
Жазылғанын баурының,
Қызғандығын табаны,
Кісінеп еді
естірте,
Қалғыған дала
селк етті.

Қара-бұйра
қалың жал,
Жалында қызыл жалын бар.
Кекілге ілген
қызыл ту,
Шапқанда
желп-желп,
желп етіп!.

[1] Бұдан жоғарғы он бес жол өлең «Қобыланды батырдағы» Тайбурылдың шабысын сипаттауынан алынды. С. М.

## VIII

Жануар босқа шаппады.
Оятқанға мәз болып
Ағып өтпей,
жолшыбай
Ел тастамай тоқтады.
Жаяу,
атты,
түйелі,
Есітті
кәрі-жас
тегіс
Арқырауды есітті...
«Естіce құлақ,
көз көред» —
Деген
осы екен-ау!» —
Деп халайық
тұс-тұстан
Көруге оны қаптады.

## IX

«Ертегінің атында,
Бір мақтаулы
дүлділ ед,
Қанша ардақтап айтса да,
Екеу мінсе қыр аспас,
Біреулік қана құрғыр ед.
Мынау тұлпар біржола
Мың кісіні міндіред!..
Олай болса,
дүлділден
Мың есе мынау күштірек!..»
Деп жиылған мақтады

## X

Таңданған топты
өзіне
Тарту,
көзге көрсету

Білімнің қандай екенін
Біддіруді жануар,
Се-Се-Се-Р-дың
сарайын
Аттап сапар шеккенде
Өзіне мықты
серт етті.

XI

Қиялшыл,—
сасық ойшылдар.
Байбаламшыл байшылдар
Бетін тырнап бақырды,
Бақырғанда не деді:
«Сарыарқа,—
сары белімнен,
Балпаң басқан
байларым,
Мыңдап жылқы айдаған
Ата-мекен,—
жерімнен,
Темір жол атты
өрт өтті...»

XII

Шыңдалған болат,—
тұяққа
Сүрінсін деп
тастаған
Сасық нәжіс
бөгеу ме?
Байшыл түгіл
байлардың
Келе ме әлі,
тұлпардың
Социалистік жорықта —
Жолын тосып бөгеуге?..
Бөгеуді білмей
жас тұлпар,
Жау қастығын
табанға

Таптай басып,
дамылсыз
Жүйтки шауып күні-түн.
Үйірін бастап жөнеуде.
Іші күйген сұмрайлар
Топырақ шашты,
жер тепті.

## XIII

Осы ұлы шабыста,
Жаяулықтың
зары өткен
Жұмысшы
қара шаруаны
еңбегімен күн елткен
Мінгізді,
барар жеріне
Апарды.
Шапса, желсе де,
Шоқытса да
жүрісі
Денеге майда,
ойға шат!..
Мейлі аяңда,
мейлі шат!..
Мейлі аяңда,
мейлі шап!
Мейлі жел...
тайпалған
Бір жорға жәйлі,
Мінгенді
Шаттандырды,
күлгізді.

## XIV

Қырқын мінсе
қыр аспас,
Қырғыш жонды
мәстектің
Миллионына
тұлпардың

Татитынын біреуі,
Жортқан жерге
жануар
Аз-ақ күнде білгізді.
Түйе,
ат,
сиыр,
өгізді,
Алысқа арық,
жақынға —
ғана жүрдек,—
семізді,
«Жеңіл жүктік,
я
жерлік
Ет»
деп,
елде еңбекші
Бордақыға тұрғызды.

## XV

Аз-ақ жылда
тұлпардың
Тұқымы өсті,
көбейді,
Бір ұста соққан бәрін де,
Жолға шықса,
жүйткітіп
Бірінен-бірі үдейді,
Бірі күтіп қорасын,
Бірі жүрер жобасын
Тазалап,
бірі суарып,
Бірі жемдеп,
тізгінін
Бірі ұстап,
жөн тартып
Қиыр шетке
қияға,
Демей,—
«жаңбыр,
борасын»,

Мәз-мәйрам қылды
жануар,
Жұмысшы,
орта кедейді.

## XVI

Күннің жаңбыр,
борапын
Ойлап,
аяп шолағын
Шығарда жолға жылайтын.
Батрақ пен кедейлер
Турксибтей тұлпарды,
Астына берік мінген соң,
«Жүгім қалар далада»
Деп,
уайымды жемейді,
Несіне жесін уайымды:
Осы қара айғырмен,
Осы күшті айбынмен,
Жұмыскермен қолдасып,
Еңбекші кілең шаруа,
Коммунизм өріне
Аршындай аттап жөнейді!..

## XVII

Жүйткі,
қара айғырым!
Жарысып тізе қағысса,
Жағадан алып сілкемін,
Ызасы өткен
бай ұлын!..
Мінсе арғымақ,—
биігім!..
Шапса дауыл,
құйыным!..
Ерсілі-қарсылы алдымда
Шапқанда, топ боп үйірдің,
Көкке төбем жақындап,
Шығады шоқтық —
иығым.

Сен қолымда барыңда,
Кімнен кем,
менің байлығым!

## XVIII

Бұл байлығым
байлық па...
«Красный Путилов»
Тармағын жайса
жан-жаққа
Құмырсқадан кем емес,
Тұлпарымның соңынан,
Күні ертең
тай,
құлын!..
Еңбекші кілең шаруа,
Өсуіңді тағы да
Тілейді
және сенеді,
Мен де сенем,
сондықтан
Ұмыттық бәрін
қайғының.

## XIX

Әлденеше рулы,
Социалистік өмірді,
Күшін қосып құрулы,
Тілегі бірге,
бір тулы
Се-Се-Се-Р-ді
арала,
Алты басып айлығын!..
Сен басқан жер ашады
Жасырынған байлығын.
Кешегі өлік далада,
Өркендетіп өндіріс,
Қазылып
алтын,
қорғасын,

Қалайы,
жез,
күміс,
мыс,
Артель,
колхоз,
совхозға
Еңбекші шаруа
қосып күш,
Тілесе
мол трактор,
Машина-сайман,
Комбайн,
Бәрін жеткіз!..
Құлпырсын!..
Жайнасын гүлдей
кең дала!..
Өнер тасы,
жай
білім!..

31 декабрь, 1930.

# АҚ АЮ

Қазақстан Үкіметі 1935 жылы жариялаған конкурста екінші бәйге алған поэма.
(«Социалистік Қазақстан», 1 июль, 1935 жыл, № 124).

## I — АТТАНЫС

Июльдің жиырма бір күні
Балтық
Лепірді әлденеге тасып, шалқып.
«Арыстанның жалындай бұйра толқын
Айдаһардай толғанды»
сұңғіп, қалқып.

Бірінің белін басып, бірі ырғып,
Араның ашты, бірін бірі қылғып.
Бүктетіліп, тік қарғып,
шалқасынан
Жығылды, арыны ұстап, кейін сырғып.

У-шу боп сапырылды, араласты.
Кейі күлді, кейінің көзі жасты,
Ыңқылдап, сарнап, зарлап,
екі иінінен
Демін алды, қысылды, жанталасты.

Таң сәріден лек-лек боп жарға бетті
Түзеді. «Ұралады!»,
ұрды, тепті.
Толқынға құл болмасын білген халық
Бір топан еске түсіп, ойға кетті:
«Аттаныс. Қамау. Толқын толқып қаптап,
Терезеден аңдардай түсті аттап.
Бой бермеген шыныға,
көпірлердің
Сынығын лақтырды, ұйтқып, шаптап.

Талқандап талайлардың үйшік,
үйін.
Суға ағып саудагерлер жиған бұйым,
Қарық болмай қалған жоқ,
ең аяғы
Кедейлер қайыршылап жиған тиын.

Қалқыды кебінімен көрден өлік.
Халықтың құты ұшты мұны көріп.
Тәңрінің күні туды десті олар,
Ызаланған пендесіне қаһар төгіп.

Ол кезде марқұм патша тірі еді,
Бағының ұшып тұрған күні еді.
Балконға шықты.
Көрді тасқын суды
Орданы орап толқын жүгіреді.

Меңіреу күшін көріп табиғаттың
Сөз жоқ — деп әміріне —
жалғыз хақтың,
Ақ патша, ауыр оймен көзін сүзіп
Долданған рақымсыз күшке бақты.

Ол дәуір өтті — десті халық — бірақ,
Петербор емес, қазір — Ленинград.
Қалтылдақ қайық емес,
ер «Челюскин»
Шығуға тұр, теңізде, жолға жырақ.

«Челюскин» шым болаттан құйған құрыш,
Жемі көмір, алады оттан тыныс.
Жазық бауыр, құрыш бел, кең жоталы,
Сүзеген бас,
тістері — алмас қылыш.

Мұндай емес, әрине, байлық, ырыс.
Долы Балтық үстінде тұрып тыныш:
«Қалжақтама,
сен мені оба алмайсың!»—
Дегендей қатты өкіріп берді дыбыс.

Сол күні зым-зия боп тұман мен бұлт.
Күн ашық, жадырады бұйықпай жұрт.

«Челюскин» тұрған жаға
құмырсқаның
Илеуіндей қайнаған адамға лық.
Кәрі, жас, әйел еркек —
бәрі сонда.
Жоқ дейсің, нелер халық, не ұлт онда?!
Бәрінің кескінінде күлкі...
Өлең...
Музыка...
Желбірейді тулар қолда.

Бір кезде, қайнаған жұрт тына қалды.
Бейне бір арыстандай жалбыр жалды;
Бұйра, ұзын сақалды, қошқар тұмсық,
Шүңірек көз, зор дене,
түсі ызбарлы.

Бір адам, шықты да бір биік тасқа,
Маңдайын күнге қарай бере, қасқа:
«Жолдастар!»
деді қатты.
«Жолдастар!»—
деп
Қаңқ етті байтақ теңіз, шыңырау тас та.
Эфир де
«Жолдастарды!»

ұшты алып.
Шмиттің жердің шары даусын танып,
«Не дер екен?» деп түгел түрді құлақ,
Жердің бес құрғағында тұрған халық.
— «Жолдастар!
Біз шығамыз ұзақ жолға.
Бұл жүріс бір қиын жол, бұрын-соң да
Бірақ біз большевикпіз, жеңетұғын,
Алсақ та қандай қиын істі қолға.

Табиғат бізге ана. Бірақ, сараң,
Бір түйір дән бермейді
«мә,— деп — балам!»
Ішінде көп перзенттің
сүтті ананың
Емшегін еме білген жалғыз адам.

Біз оның суын кештік жүзіп, сүңгіп,
Асау желін осқыртып ұстап міндік.
Қалың қара орманын отап, жол сап,
Бауырдай, асқар, алып тауын тілдік.

Орал, Алтай, Қазбек, Алатауды,
Біздің қол идірді де сүтін сауды,
Турксибтей айғырлар үйір жинап
Үдетті құла дүзде арқырауды.

Жер астында қазына барын білдік.
Оған да кірдік қулап, терең ін ғып,
Кенді адамнан жасырған ұры тасты
Қопарып ап уаттық талқан күл ғып.

Жасырынған электр күшін тауып,
Ол күштен жерді жиі жұлдыз жауып.
Машинаны өргізіп малдай, біздің
Дүние жүзіндегі ән, күй, сауық.

Балтық пен Ақ теңізді жырдық қосып,
Бетпақдала, Қарақұм шөлін жосып.
Волхов пен Днепрдей асуларды
Бөгедік бұғалық сап, алдын тосып.

Жер түгіл қолды созып жұлдыз,
күнге,
Жиырма шақырымға шармен бірге
Аспанға ұштық. Дүние қайран қалды
«Бұлай ұшып көрмеген — деп —
еш пенде!»

Біз сауа біліп едік, ана иді,
Иіп еді жаңбырдай байлық құйды.
Бірақ кеше байлықты тапқан аш боп,
Таппаған арамтамақ болды сыйлы.

Сол сұмдар ұзақ уақыт қолды бөгеп
Кеп еді,
Октябрьдей елекке елеп
Ұшырдық,
арам тұқым арылғасын
Жайқалып егісіміз шықты ерек.

Россия — тасбақа, шабан, шибұт,
Большевикке тигесін тізгін, билік,
Озықтардың талайын басып озып
«Бәйгемді бер!»
боп отыр, бүгін жүйрік.

Капитал дүниесі шіріп, бажып,
Күн санап қаны қашып, барады азып.
Жас алып пролетар,
көмуге оны
Даярлап жатыр, кәзір көрін қазып.

Дегенмен, жалмауыз сұм жанын тегін
Бермейді,
ышқына ап сасық демін
Алыпты тұншықтырмақ, әлі жетсе,
Келгесін есік қағып өзіне өлім.

Соқа ғып жер шарына зеңбірегін,
Сеппек оған қорғасын оқтан егін.
Тұншықтырмақ боп барлық тірілерді
Өсімдіктен шығармақ удың демін.

Қас қылса да жасармақ емес шірік.
«Жер жүзі жұмыскері, қосыл, бірік!»
Деген Маркс ұраны
жаңа өмірді
Жасамақ,
ескі өмірді талқан қылып.

Жаңа өмірде адамға адам қастық,
Бітпек,
Адам бірлігін мықты, тас қып
Алғасын, табиғатқа бұйда тағып
Жалған тәңрі орнына болмақ бастық.

Біздік әзір
алтыдан бірі шардың.
Бірақ, бар планетті қолға алар күн
Жуықта.
Жүрегі бір, жолында нұр
Табым бар айқын болжап тұрған алдын.

Дегенмен, жер, су, ауа,
әлі де асау.
Онда әлі байлық көп шыққан шашау,
Біздің міндет тықса іздеп,
қашса қуып,
Сараң, долы, дүлейден байлық жасау.

Құрғақ жер жер шарының төрттен бірі.
Құрғақты қоршап алған сулар ірі.
Қанша байлық жасырып тұр солардың
Толқынды су,
тұңғиық, терең түбі.

Кейбір судың кеудесін өрлей басып
Жүрміз жүзіп, азды-көп байлық ашып.
Бірақ бір су,
«Мұз теңіз» дейтін
елі
Маңына беттетпейді sahar шашып.

Көрпесі, мың метр мұз, демі үскірік.
Демінен айдаһардай жел ысқырып
Ұйықтауда мәңгі,
көрпе тұйықталған
Тұншығып өзі ашпаса, кейде ышқынып,

Маңына жуығанның бетін қарып,
Басындың деп долданып, мұзын жарып,
Құшағына қысып ап, тұншықтырып,
Тереңіне батырып қылған ғарық.

Міне, біз аттанамыз, сол долыға.
Жеңеміз деп сенемін, біз оны да.
Өйткені бір бұл емес,
талай сондай
Түскен таппыз, тайсалмай тың, соныға.

Партия —
«большевиктік берік қолдан,
Болса да бұзылады нендей қорған!»
Деген,
Ұлы басшының осы сөзін
Ақтап біздер қайтамыз шыққан жолдан.

Жарық, жаңа өмірдің үш жыл құсы,
Социалды қоғамның біз тұңғышы.
Тайғақ кешу, тар жолға кел жүзейік,
Кәне,
маған еріңдер жүз бір кісі.

«101» ді Воронин мен Шмит бастап
«Челюскинге» міністі,
Якорь тастап
Тұрған кеме, түтіні будақталып,
Моторы быр-рылдады суды жасқап.

Теңіз беті қорыққандай етті қалш-қалш,
Жағада жер сілкінте ойналды марш.
Чапаевтай зор дауыс гудок,
қиқу
Салды келіп,
кемеге
деп:
«Шагом марш!»

## II — МҰЗ ҚҰЗ

Болғасын қалың, тұйық көрпе үсті,
Мұхиттың тұмшаланып іші пысты.
Бұлшық еттер түйіліп,
алып дене
Кеудесін демін ала керді күшті.
Мұз көрпе граниттей берік тісті
Серпілмеді. Мұхитты енді ашу қысты
«Һауп!»—
деп тағы долданып серпіп еді,
Мұз талқан боп, сынығы аспанға ұшты.

Жыртылған жерден толқын шықты ырғып.
Сеңдерді кесек-кесек жұтты қылғып,
Екі езуі көпіршіп,
айғай-сүрен
Салып еді, бас иді сеңдер шұлғып.

Қара бұлт көкті қоршап түйді қабақ.
Ашулы көзін жерге тіге қадап:

«Не болды?» деп қараса мұхит тулап
Бұрқан-талқан боп жатыр сеңді сабап.

Ол қара бұлт мұхитпен көптен сырлас.
Сырласың сол, бір күні туған құрдас.
Әрі дос. Қайғы менен қуанышы
Ортақтас, тілегі бір, жолдас, жымдас.

Сол достың долданғанын бұлт көрді.
«Мен сенен қалам ба?» деп досына ерді.
— «Біз қайғырсақ,
күлетін неме екен?» деп
Сәулесін бүркеп, сұлу күнді көмді.

Астан-кестен бұрқанды, күшін жиды,
Көкті жара күркіреп жаңбыр құйды.
Жалтылдаған найзағай, алмас қылыш,
Сықылды бытырлатып мұзды қиды.

Тау толқынды жетектеп жел ысқырып,
Жерге от шашты, дамылсыз бұлт пысқырып,
Астан теңіз,
үстінен жел сабалап
Қысылды сең, зорға алды демді
ышқынып.

Мұзды жеңіп долы қарт ашу басты,
Бұлт ыдырап, түнерген пердені ашты.
Кеудеге ай үстінде жұлдыз қадап,
Қара жібек киінді аспан нашты.

Ашуын басқаннан соң мұхит тұнды,
Кетті қалың ұйқыға, көзді жұмды.
Қуылған соң біріне бірі мініп
Асқар тауға айналды биік шыңды.
Мұхиттың долданғанын бұлай налып,
Судағы сайрандаған білді балық.
Сең соққаны иленді нандай болып.
Тереңіне сүңгіген аман қалып,

Бұл ашуға және бір аю лекті.
Жел ұрды, су шымшыды,
сеңдер тепті.

Өлдім-талдым дегенде дымы құрып
Жаңағы мұз тауға кеп зорға жетті.

Ішінен пана тапты өркеш мұздың
Етегінде бір шыңырау
биік құздың.
Жатты тығып тұмсығын қолтығына.
Бірде шошып оянып, бірде мызғып

Жұмған көзін кейде ашып,
көкке қарап.
Әлденеге тамсанып, ернін жалап.
Бірдеме түсе ме деп дәме еткендей.
Жіп-жиі жұлдыздарды жатыр санап.

Әр жұлдыз, бір тюленьнің көзі болып,
Әр сирек бұлт,
тюленьнің өзі болып.
Түн ортасы ауғанша ойы құрғыр
Көкке оны шарлатты,—
мезі қылып.

— «Па, шіркін,— деді аю —
шықсам көкке,
Келмесе мұздағыдай еш жан бетке.
Әр балықты шүйдеден бір-бір қыршып,
Қарынды сірестіріп тойсам етке.

Жер құрсын!
Күні суық, қыртысы мұз
Жем іздеп ол қыртысты
ер болсын бұз!
Бұза алмайсын. Балықтың бәрі астында,
Қарын аш,
қабақ жабық,
жатағым сыз.

Мұз бұзылса болады күнім қаран.
Туласа теңіз,
жейтін жем бе маған?
Сең сүзгілеп, толқыны тұншықтырып,
Ас түгіл өзім өлмей зорға қалам.

Осы тақыр мұхиттан келіп безгім
Бетімменен қыдырып талай кездім
Шек жоқ, шет жоқ,
бір құрғыр
қаңғырғанмен
Бұдан бөтен су жоғын енді сездім.

Бұл мұхит осыншама неткен жалпақ?
Сол жалпақта басқаның бәрі жалтақ
Мен-ақ батыр,
тюлень жеп, мұз төсеніп,
Бұлтты шапан қылатын,
күнді қалпақ!»

Бір шолып ұйқылы аю төңіректі,
Бір ойлап, бүгін тойып жейтін етті.
Ойдан қажып, танауы пысың қағып
Түн ортасы ауғасын ұйықтап кетті.

«Тауық тары,
түсінде,
түлкі тауық,
Көреді».
Түсінде аю көкке шауып
Өмірінде көрмеген рақатты,
Сонда көрді мол жатқан азық тауып.

Не тамақ керек қылса бәрі дайын.
Жұлдызы балық екен,
айы жайын.
Қашу жоқ, я қорқу жоқ, бәрі момын.
Демейді бірде-бірі қаймығайын.

Шетінен ен тамақтың кірді аю,
Бүркіттей көрінгенін бүрді аю.
Бір асап майлы жерден,
ен тамақтың
Ішінде балпаң басып жүрді аю.

Бір кезде барлық балық жылады ма?
Болмаса аспан сынып құлады ма?—
Әйтеуір,
бір қатты үн аю ердің
Сап етті бір мезгілде құлағына.

Сезімі бұл дыбысқа етпей төзім.
Сескеніп былшықтанған ашса көзін.
Жел басылған. Күн шыққан,
бұлт серпілген
Табиғат күлімсіреп тартқан езу.

Құлпырған көк торғындай айна аспан.
Үгетіп, көпіршіте күміс шашқан
Сықылды,
аппақ кіршік жалтылдап қар,
Мөлдір мұз құйылғандай гауһар тастан.

Сәулесін алтын күн де бүрке төгіп,
Төккен сәуле мұз сүйіп,
қарды өбіп.
Ақ шымылдық сықылды желбіреп тұр
Құздардың арасында тұман шөгіп.

«Жел тымықта не пәле бар — деп — мұнда?!»
Балпаңдап өрледі аю құзды шыңға.
Қарға малтып,
тайғанап мұзға,
шықты
Тау шетіне,
тауып бір жолды жымпа.

«Челюскин» сол мезгілде тауды қулап,
Аузы қыршылдатып мұзды турап
Келе жатты.
Тулаған мұз сүңгіп, қалқып,
Сүзісіп,
орғып, қарғып түсті тулап.

Тулаған соң біреуін бірі ұрып,
Тарс-тарс, гүрс-гүрс,
сатырлап, қирап, сынып,
Зеңбіректер атылған ұлы майдан
Ғып жіберді,
теңізді тұрған тымық.

Кең жота, екі жақтан сеңді кернеп,
Кернеген соң сырғыды жолды ернеп.
Тұншыққан мұз көпіршіп, сыртқа шапшып,
Әлдиледі кемені шайқап, тербеп.

Қымыздай мөлдір суды мотор жұтып,
Жұтқан сайын жүрісі мұхитты ұтып,
Гудок мас боп, ән шырқап
тұрды, шылым
Тартса түтін будақтап шықты ытып.

Ытқан түтін шұбалып көкке тартты.
Иегін көкте сиреп бұлтқа артты.
Жер мен көкті жалғаған қоңыр лента
Күн нұрына боялды қызыл нартты.

Осының бақылап тұр аю бәрін.
«Бұ не?— деп — мұзға төгіп кеткен кәрін?!
Мұндайды кездестірген емес тіпті,
Судың да көрдім талай мықтыларын.

Мәселен, көрдім талай мықты китті,
Ол мұзға ойран салып қашан бүйтті?
Киттің күші мұзда емес,
суда ғана,
Мынау одан жоталы, көшті, күйтті.

Денесі сеңдей екен тау боп шөккен.
Бітіпті қабырғасы жайма,
кеп-кең.
Бас қиратып,
қабырға керіп,
аяқ
Ұшырып түсіреді сеңді тепкен.

Дауысы теңіз бетін қылды мезі.
Өзінің үңірейген нешеу көзі?
Ішінде бірдемелер қимылдайды,
Арқалап балаларын жүр ме өзі?

Бұл пәле көз көрмеген шықты қайдан?
Түсті ме екен, аспаннан, күннен, айдан?
Кім білсін бұдан былай не істерін,
Әзірге мұхит бетін қылды ойран!»

«Челюскин» сол мезгілде тауға бетті
Қойды да,
аю тұрған шыңға жетті.

Кеме тоқтап,
ішінен мұз үстіне,
Өрген адам жан-жаққа қаптап кетті.

Көрінді ақ аюға бұлар таңсық.
Бірақ,
еттің иісіне мұрны қансып,
Өзін өзі ұмытты,
тұра ұмтылды,
Өргендердің біреуін жеуге жаншып.

Сырғыды төмен қарай биік таудан.
«Қорқам ба — деп мынадай ұсақ жаудан.
Ең үлкені тимесе,
ұсақтарын
Жемеймін бе,
тюленьдей шеттен аулап!»

Сол кезде құз-тау болған мұзға таң ғап.
Сыртында аю терісі жүндес жарғақ,
Тұрды Шмит.
Серігі қасындағы
«Ана қара!» —
деді оған аюды аңдап.

Қараса шыңды өрлеп келеді аю.
«Атар я ұстап алар»
демеді аю.
Оның жаны шикі ет.
Көзіне ет
Көрінсе құмарланып өледі аю.

Тау тіп-тік,
асқар биік, мөлдір шыңы.
Кірпіштей қолдан тізгін сеңнің жымы,
Шмиттің ойы кетті ұстамаққа
Аюды асқар шыңнан аман, тірі.

«Кәне, ат!—
деді қарап жолдасына —
Тигізбе, не жүрекке,
не басына.
Жеңіл ғана жаралап, ұстап алып.
Мәскеудегі аңдардың ордасына.—

Апарайық өлтірмей!»
анау —
«Құп!» деп
Винчестерін қолға алды қойған бүктеп.
Суырды,
Аюды болжап тұрып басып қалды
Зымырап оқ аюға ұшты тіктеп.

Ауаны бұрғылап оқ ұшты зырлап.
Екпіні саңғыратты құзды шыңдап.
Аюға бұл әдемі күй көрініп,
Қатерсіз жаны жай боп тұрды тыңдап.

Ол тірсектен тигенін білмей қалды.
Білді жалғыз сырғанай құлағанды...
Бірнеше адам түсірмей жерге оны
Сырғанаған бойымен қағып алды.

## III — ШҰҒЫЛА

«Февраль.
14.
34.
Мұз теңіз жақ
Кеше,
15,
30 да
кеме апат
Болды.
Бір жан шығын бар, басқасы аман
Мұздан қалап жатырмыз лагерь жасап!
Лагерь бейне Кремль: кең, биік, тік
Ортасына Октябрь туын тіктік.
СССР-ға сәлем де,
сағынышты
Жүрекпенен жанашыр жәрдем күттік!»

Деп Шмит қабар берді штабына.
Саспай сеңнің жан-жақтан қысқанына
Кеме батқан орында ойға кетті,
Әркімге әрбір істі нұсқады да.

«Мынау мұз,— деді іштен,— бізге тұрақ,
Егер де бұл жарылып кетсек құлап.
Түпсіз тұнған тұңғиық... меңіреу күш,
Минут сайын қорқытпақ:
«Көр — деп,— шыдап!»

Бұл жерден жаға аса емес жырақ.
Жүз елу километр,
жаяу шұбап
Жүрер ек жиырма күн
шыдамайды
Бала, әйел, әлсіздер оған, бірақ.

Алмаса арамыздан ажал қастан
Албановтай осалды мұзға тастап
Кете алмас ешкім де біздің топтан
Қиыншылық туғанда басын жасқап.

Өзге таптан біздегі өзгешелік.
Қара бұлттай келсе де қатер төніп,
Өзімшіл тап адамы сықылданып
Тілектестен қашпаймыз безіп,
жеріп.

Қуанышты қайғыны бірдей көріп,
Бірге жасап немесе бірге өліп.
Шықса төбе, жатса сай бірге болып,
Бір түйір нанды жейміз бірге бөліп.
Одақтың біз бармақта буынындай
Одақ орда, біз оның уығындай.
Сынса уық, сыздаса буын,
одақ
Тұра алмас апшысы қуырылмай.

Еңбекші тап бір дене, жүрегі бір.
Қай жеріне қадалса қылдай шөгір
Сыздамақ жүрек.
Егер сыздаса ол
Сыздамай тұрған емес дене бүкіл...

Жұтқан мұхит жорықта талай ерді,
«Челюскинді» — қиратқан жұмсап сеңді.

Дүлей ғой ол, білмейді ұлын жауға
Оңайлықпен бермейтін біздің елді.

Білмейді болат жүрек штабымды,
Естіді мұхит сенің қысқаныңды.
Әмір беріп ұшырмақ,
пятилетка
Туғызған құрыш қанат құстарымды.

«Ленин», «Литке», «Красин», «Малыгинді»
Танисың,
мұз кеудеңді талай тілді.
Үкіметтің әмірін алып олар
Қойныңа қолын салып тағы кірді.

Кеме тұрсын, біздерге болып жоқшы,
Иттерін жегіп, іздеп шықпақ чукчы
Бірі құйрық, біреуі қанат:
ит, ат,
Пароход, поезд, қыран, болат топшы.

Жаяды олақ бізге тегіс құшақ,
Жайса құшақ, ұстайсын қалай тұсап.
Ертең елге жетеміз,
біздің ерлер
Жасамақ талай жорық бізге ұсап.

Жүректе жатар мәңгі Магилевич.
Аянышты өлімге ауырса іш,
Бүгін біздің жеңдім деп масаттанған,
Мұхитқа жігерлене жұмсармыз күш.
Жарылса шар, теңізге кеме батса
Техника кемдігі ол уақытша,
Түптегенде табиғат тұсаулы ат,
Табиғат құл, түбінде,
адам патша!»

Ұшқыр ойы жер шарын шарлай ұшып,
Биік ұшып, жұлдызды, күнді құшып
Мұзға кеп қонды,
Шмит орнынан
Тұрды еске лагерьде істер түсіп.

Түктері тоғайлы тау қырау басқан
Көзі күн, түксіз беті тұнық аспан.
Жүрегі жердің шары,
Тентек теңіз
Секілді қызу қаны қайнап тасқан

Қайраты қайтпас болат, ақылы кең.
Тауды тескен қызу от — шығарған дем.
Сөзі судай тасқынды ашық үні,
Дауылша күркіреген күнменен тең.

Көтерді қырауланған түкті басты.
Кескінмен қуанышты керді қасты.
Мұхитта Кремльдей коммунизм,
Ордасын қаласуға араласты.

Күн тұмансыз, бұлтсыз, ашық, шағыл,
Ерлер істе — ағылған, көрмей дамыл.
Бір адамда уайым жоқ,
Бәрі батыр,
Дулаған той орны бейне
лагерь.

Сүйсініп жүрген жұртқа жұмыс істеп,
«Бұ неткен қайрат,
сенім,
неткен күш!» деп
Аласа қазығына арқандалып
Ақ аю жатыр екен шынжыр тістеп.

Тұтқынға түскеніне аю кекті,
Долданды ол, тыпырлап, мұзды тепті.
Түк шықпады... қажыды...
жамбасынан
Құлады да, көз жұмып ойға кетті.

— «Міне төрт ай — деді аю,— мен тұтқынмын
Жарты жылдық өмірді ұтты ұшқыр күн.
Менен осал болмады,
бекер екен
Дейтін сөзім: мықтымын,
жауды ықтырдым.

Қиядан сықылды едім құлап кеткен.
Кезінде етегіне келіп жеткен

Осы бір, қос аяқтар ұстап алып,
Байлады қарсылыққа болмай еткен.

Аяғым сынған екен әлденеден.
Қан сорғалап ес ауып, талды денем.
Кейінгісін білгем жоқ...
Жисам есті
Бір қуыста жатырмын жылы, терең.

Жаралы аяғымды орап, байлап
Тастапты,
Сол арада қаным қайнап,
Тұрдым да орнымнан
үйшігімнің
Көрінген жерін тырнап, көрдім шайнап,

Тіс бату былай тұрсын түспей таңба,
Ызамен, арпалысып.
Бұлқынғанға
Болмады, құйылды тер, құлай кеттім
Жарадан қорлық қатты батты жанға.

Деген сөз рас екен «ұйқы дүшпан»,
Бойыммен ыза кернеп, ашу қысқан
Жатып ем, ұйқтап қаппын...
дыбысқа бір
Оянсам, бейне бұйра бұлтқа ұқсап.

Басының түгі бар жан қасымда тұр.
Осымен үшінші рет кездесті бұл.
Тап беруге бір ойлап...
Көзіне көз
Түскесін.
«Болмас,— дедім,— мына құрғыр».

Содан бері бірталай өтті заман.
Тұтқыннан басқа қастық бұлар маған
Жасамайтын сықылды,
ашпай қарын
Күн сайын мезгілімен тамақтанам.

Бұрынғы бостандықты ойлап көңіл
Жүдейді аздап,
Бірақ мынау өмір.

Рақат деймін іштен, бір есептен.
Уайымың не, тамақ жеп, жат та семір!

Көндіктім...
Бірақ, маған келетін ой,
Мен бір заттың ішінде жатырмын ғой.
Ол мені жұтты дейін...
Сонда... өлмей,
Қалайша тірі болып көтерем бой.

Өзіміз бітеу жұттық талайларды,
Деместен мынау жансыз, мынау жанды.
Солардан, тап мендей боп:
ішімде мен
Көргем жоқ жанын аман сақтағанды.

Ойлаймын жатып, тұрып соны ылғи.
Суды сыңғи,
азықты кесек қылғи,
Білгенмен, жұтқанына дақ салмауын
Көргенде қайран қалам, жетпейді ми.

Сол алып бүгін суға кетті сүңгіп.
Мына бір,
мұз бетінде өрген тырбық
Қала берді.
Батады жанға қатты
Осылар ұстағаны мені құл ғып.

Кім білсін, зоры неге сүңгігенін.
Қиратып мұзға салған дүрбілеңін.
Істей ме тереңдегі балықтарға?
Бұл пәле, оңдырмайтын тиген жерін.

Мен тұтқын...
Мұзға міне арқандалдым.
Туатұғын болмады шер тарқар күн.
Кім білсін, күтіп тұр ма алдымда әлі
Бұдан жаман жүдейтін, қайғы артар күн!»

Көзімен шолды аю лагерь жақты.
Шолса сеңдер мрамор үй боп қапты.
Биік діңгек басында желбіреген
Тумен ойнап сәулесі күн де батты.

Кешкірді,
Бірақ думан лагерь басы.
Таңдақ сөнді, түнерді құбыласы.
Сол кезде самаладай бола қалды
Мұз теңіздің солтүстік шұғыласы.

Шұғыла,
атқан жаздың таңындай боп,
Сәулесі дөңгелене, тамырлай кеп
Бұлтқа шағылысты.
Боялды бұлт
Шебер шеккен кестелі шайдай боп.

Толқиды нұр
Тулаған ағындай боп,
Жайнады нұр
электр шамындай боп,
Құлпырды нұр
Тотының қанатындай.
Күлді нұр
жас гүлдердің бағындай боп.

Сонан соң,
түрі мәнер, гүлі күлген
Кілемдей жазып, керіп көкке ілген
Шұғыла ортасынан ыдырады,
Бейне бір сықылданып сара тілген.

Етегі жиырылды екі жаққа,
Тастардан түрлі қымбат соққан қақпа,
Тәрізді дөңгеленді.
Маңдайына
Мың тармақ секілденді жұлдыз таққан.

Аспанға биіктеді қақпа өрлеп,
Өрлеген сайын сұлу, артты көрнек.
Кең жайып екі етек, қанаттарын
Жағалап жер жиегін кетті көлбеп.

Нұрын төгіп ғауһар мұз құзды шыңға,
Аспаннан салбыраған алтын сырға,
Челюскиншіл ерлерді таңырқаған,
Шақырғандай болды ол
«Кел,— деп,— мұнда!.»

## IV — АСПАНДА

Қалың қайрат бойында, күйі бапты.
«АНТ-4» ұшқыш
қияға қанат қақты.
Бұлт үстін бауыры сипай сырғып,
Құлдыраған жұлдыздай зырлап ақты.
Ауаны тұмсығымен іреп, сүзді,
Балдан тәтті ұйқысын бөліп, бұзып
Жібергесін,—
томырық мінезі ұстап,
Ашу кернеп ауаның да қаны қызды.

Желдетті, желпілдеген жұлып мұртын,
Толтыра қақалтпақ боп, үрледі ұртын.
Қайшыдай дауыл тілі жалақтады
Қанатын кеспек болып түптен қырқып.

Ұшқыр «АНТ» оның бірін қылмады елең,
Ауаның теңізіне сүңгі терең.
Зырлады
Біраздан соң шөккен тұман
Сықылды қала берді бұлт төмен.

Шағылды ай нұрына болат терісі,
Дегендей, жерден көкке ұшқан елші.
Бар жұлдыз жымың қағып,
шақырғандай
Болды оны, деп «бізге жылдам келші!»

Тізгінді Анатолий қақты сермей.
Көкке өрлей, ауаны жұта шөлдей
Келе жатқан «АНТ»ына сүйсініп ол,
Салады ән,
шаттана, көкірек керней.

«Көтерме — дейді әніңде — кеудеңді, аспан!
Десең де желмен жайқап, маған
«жасқан!»
Жиырма бес жастамын.
Ес білгелі
Ер емен қиындықтан ығып, қашқан.

Үш жылдай ұстап келем «АНТ»ның басын.
Деместен: боран, тұман, жаңбыр, шашын,
Көргем жоқ содан бері
не күн, не түн.
Не құлап,
не талығып,
не адасып.
«Мұз мұхит тұтқындады біраз ерді,
Солардан құтқар деген хабар келді,
Аттан тез! деп партия, үкіметпен
Басында марттың маған әмір берді.

Қаһарлы қарт мұз теңіз жаққа қарап,
Жарлықты алғасын «АНТ» қақты қанат.
Сонда аспан сен бізді бұдан қатты
Қайырмақ боп маңдайға ұрдың сабап.

Болмады шапалағың шопақ құрлы.
Кеудеңе «АНТ»-ым құлай салды бұргы,
Сен түгіл асау мұхит қайратыма,
Таң қалып, аузын ашып, көзін жұмды.

Кешікпей орындалды берген жарлық.
Тұтылған мұз мұхитта ерді барлық,
Құтқардық,
Большевиктік біздің қайрат
Жер шарын түгелімен отыр таң гып.

Алсаң да алай-түлей дауыл демді
Шүмектеп құйсаң-дағы жаңбыр-терді.
Осқырып туласаң да асау аспан,
Үстіне аумайтұғын салдым ерді.

Сен түгіл ертең айға, күнге мінем,
Мінем күнге, әлемге күндей күлем.
Күлем күндей, көзіме көлеңкелі,
Орын түссе пердесін серпем, түрем.

Ұмыт қып тұрмыста жоқ пері құстан
Ертеде адам емес, қиял ұшқан.
Қиял құсын адамзат айдан жасап,
Алғанда, капитал сұм оған дұшпан.

Сол сұмнан құсты түгел алсақ тартып,
Топтанған тырна, үйрек, қаздай қалқып
Ұшады аэроплан, адам түгел
Ән салады аспанда мендей шалқып.

Құс та біз,
балық та біз,
адам да біз.
Бөгелмей мұхит,
таудай қамалға біз

Анық атам атын ап,
әмір етіп
Тұрамыз он сегіз мың ғаламға біз!
Меңгердік біз асаудың алуанын.
Шүу аспаным!
Үш үдеп жануарым.
Мәскеуге ертең барып көрсетейін,
«АНТ» сықылды аспанда —
балуанын!

Толық бет, қыр мұрынды, жұқа ерін,
Қалың қабақ, өткір көз жанға тегін
Бітер емес,
сары-сұр кескінінде
Толқып сыртқа теуіп тұр қайрат, сенім.

Қашан күн системасын түгел шолмай
Ұшатұғын ойы бар, жерге қонбай.
Аспан ызғар,
қайраты жалын.
Жеңіл
Киімменен келеді қызып, тоңбай.

Артында тұмшаланып жатыр
Борька,
Қараса күлімсірей, оған жорта.
Жұмады Борька көзін:
«Неге маған
Қарайды?» деп көзінен жаны қорқа.

Бұл жолы Борькада да долы ашу,
Я, ойында, тұсауды үзе қашу.

Мәңгі ғып келе жатыр басын оның
Ойдан ой туып,
ойға ой ұласу.

«Апырай,— дейді Борька — бұ не сұмдық?!
Мына бір қос аяқтар мені құл ғып.
Басынып алды әбден.
Дегеніне
Көнетін болдым қазір басты шұлғып.

Адасып әлдеқайда қалды теңіз,
Кіндіктес туысқаным еді егіз.
Құлағымды сасытты осы біреу
Беймаза,
Пырылдаған ащы лебіз.

Бырылдап, су сіміріп мұзға ұрынған
Дегенде құтылдым ба, бір бырылдан
Аспанда бірдемелер тағы бір күн,
Оянсам қанат қағып жүр дырылдап.

Ол дырыл теңіз бетін орай ұшты.
Биік ұшты,
аспанда бұлтты құшты.
Ес білгелі өз басым көрген емен,
Теңізде бұл сықылды ірі құсты.

Сол құстан қорықты ма?
Қуанды ма?
Шулады да қос аяқ,
уанды да.
Шақырды?
Я, үркітті?..
Түтіндетіп
Теңізді айналдырды буалдырға.

Екпіні дауылдатып құс та қонды.
Сытырлады қайысып қонған орны.
Құс артынан құс қаптап теңіз беті,
Бір кезде сондай ірі құсқа толды.

Көп екен көргенімнен көрмегенім
Жұтып ап,
қос аяқтап өңгелерін,

Мені де қылғыды құс,
бірақ ғажап,
Тағы да бұл қылғуға өлмегенім.

Қылғыды, әлде залал, әлде пайда!..
Мені бұл апарады ұшып қайда?
Биікте бір теңіз бар сықылды еді,
Барса соған, балығы аз ба,
бай ма?

Ол теңіз орным еді қиял еткен,
Дейтін ем, мен өмірде оған жетпен.
Әлі де мына себеп кездесуі
Кезі ме, тілек қабыл болып кеткен.

Биікте теңіз бары анық болып,
Түп-түгел жарқыраған балық болып,
Түсімде көргенімдей түнеугүні,
Тамаққа қаламын ба қарқ болып!..»

Күресіп қуаныш пен қайғы бойда,
(Ай батты, аспан тұнды), аю ойда.
Сол кезде «Ант» айналды Мәскеу үстін
Бірнеше орағытып, қонуға ойлап.

Еңбекші адамзатқа болған қорған
Маягы бостандықтың Мәскеу —
ордам.
Жігіттей жиырма бес жасқа шыққан
Денесі өскен,
алып күші толған.

Толықсып тұрды бетте қаны ойнап,
Қаланы нұрға көмді шамдар жайнап.
Атқан фонтан кілем түс, гүлді сүйіп
Шырқады радио —
бұлбұл сайрап.

Пролетар табының жүрегінде,
Бақытты түпкі қызық тірегінде,—
Шомылып электрдің жарығына
Жайқалды қызыл жалау Кремльде.

Ұлты көп, тілегі бір, азат халық,
Ән, күй, өнер, ойынға құмарланып,
Театр, кино, бақша,
тағы сондай...
Азықтан рухани жұтты қанып.

Соларды Анатолий көріп қызық,
Ойнағысы кеп кетіп,
дене қызып,
Орай ұшып,
дөңгелек қошқар мүйіз,
Қала үстіне түтіннен тартты сызық.

Теңізде еркін балпан басқандағы
Көп көзді, көретіні аспандағы
Мәскеу екен деп ұғып,
үрейлі ойы
Мынау болды аюдың сасқандағы:

Теңіз жоқ. Балық та жоқ, жоқ жайыны.
Сүңгіген суға алыптың ағайыны
Жатады екен көкте,
жолатпастан
Маңына қос аяқтан жабайыны.

Қызарып жаңа шыққан күндей жанған,
Қызыл ту желбіреген мұзда қалған.
Күшімен нендей заттың көкке келіп
Өзгермей сол күйінде орнай алған?

Көктің де алыптары зорлар екен,
Теңіз, көк, қос аяққа толған екен.
Қайда барсам алдымнан солар шығып
Ендігі күнім қаран болған екен!..»

## V — АЙТЫС

Мәскеудегі аңдардың қорасында,
Түнгі сағат төрттердің шамасында
Жатты ақ аю дөңбекшіп,
кірпік қақпай,
Торкөзде, толған аңдар арасында.

Өңге аң шырт ұйқыда, қор-қор, пыс-пыс,
Олардың есінде жоқ тұтқын-қипыс.
Жалғыз-ақ жабырқаңқы қиқылдайды,
Бақшада, көл үстінде ұйықтаған құс.

Май сұлу — алма қызыл беті бөртіп,
Қаны тасып, кеудеде сүті дертіп.
Жібек шашын тарқатып,
жасыл желек
Бүркеніп, жатты ұйқыға о да елтіп.

Майдың сұлу мүсіні түсі-дағы,
Көрген жан ғашық боп қол ұсынады.
Ақ аю мұзда өскен, бірақ олай,
Құмартпады, дөңбекшіп пысынады.

«Екен;— деп — мұнда түн де, күн де қапа!»
«Жамбасым ауырды — деп — жата-жата!»
Тұрды да торкөзді кеп ерсіл-қарсыл
Қозғады бар күшімен сықырлата.

Қара аю көршісінде мас боп тәтті
Ұйқыға
қор-қор етіп қалғып жатты.
Құлағына сымдардың сықырлауы
«Оян, оян!» дегендей ызың қақты.

Оянды.
Бірақ, көзін ұйқы басып,
Есінеп, былшық басқан көзін ашып,
Қараса сығырайып көршісіне,
Бұлқыңып жатыр екен жанталасып.

Мезгілсіз маңайына ұрынғаны
Ұнамай, қара аю ырылдады.
Бірін-бірі тістемек болып,
екі
Жақтан келіп түйісті мұрындары.

Тістері сақылдады,
тырнақтары
Тарбиды, бірақ торкөз тырнатпады.
Екеуі де шоқиды жүресінен,
Беттесіп бір-біріне тіл қатқалы.

Қара аю

Ұйқыдан неге ояттың долы, тентек.
Бір жан жоқ, сенен басқа, еткен селтек.
Осы тордан өмірде босану жоқ,
Тула, қарғы, тырнала яки жер теп!

Ақ аю

Басымды қатырмашы, босқа оттап!

Қара аю

Сен өзің басынасың кімді боқтап?!

Ақ аю

Басынса не қыласын?

Қара аю

Құтырма сен,
Мұхитта дардаңдайтын күнді жоқтап!

Дәндеме, кімнен сенің артық жаның!
Маңыңның көзбен шолып көрші бәрін.
Көзің шыққыр, көрмейсің, аңдамайсың.
Әкеңдей тұтқын болған дала аңын.

Ақ аю

Айта ғой, менен мықты қай аңың бар!

Қара аю

Пә-шикін,
мықты екен-ау,
мына мұңдар!
Әлін білмес әлектер осылар ғой...
Мықтыны мен айтайын, сен тыңда, ал!
Көрмесең әкеңдей аң бұдан бұрын,
Ана бір қалқан құлақ, ұзын мұрын.

Піл.

Аяғы бөрене, денесі құз,
Мықты болсаң кәне, бар, соған ұрын!

Ақ аю

Ұрынса не қылады?

Қара аю

Қылғаны сол:
Тұмсық пен қабырғадан бір персе ол,
Сүйегің күл болады.
Аяқ басқан
Аңда бұдан жоқ дейді күшті я зор.

Ақ аю

Қамалды мықты болса неге мұнда?

Қара аю

Кішкене саябыр ет, сөзді тыңда...

Ақ аю

Апырай қызықсың, сен, неге тұтқын
Болады біте тұра мұндай тұлға?

Қара аю

Күш, тұлға біткенімен, зады момын.
Жүз пұттан жүктер ілсе тесіп жонын
Мыңқ етпейді.

Ақ аю

Оңбайды оған көнсе,
Ендігі мықтылығын айтпа оның!

Қара аю

Ана бір сабау құйрық, жалбыр жалды,
Кіндігі көтеріңкі, төстек алды,
Аран ауыз, таяқ тіс, найза тұяқ,
Танимысын атақты арыстанды?
Бұл жақта, дейді аңдар, мұны «патша».
Егер де ашуы кеп, қабақ қатса
Жытамыз бәріміз де. Оңуы жоқ,
Қуып жетіп, біреуін ұстап қапса.

Ақ аю

Рас, ол бір тұрғанның түсі суық.
Қасына басқа біреу барса жуық
Бұрқан-тарқан болады, шабынады,
Долданады денесін ашу буып.

Қ а р а  а ю

Әне бір бола қоймас тарғыл таныс.
Оның жүрер мекені тау мен қамыс.
Арыстаннан кейінгі ауыздағы
Жолақ жүнді, жойқын күш,
ол — жолбарыс
Айласы бойында мол, шапшаң, епті.
Жүректі.—
Бір нәрсеге қойса бетті
Таймайды.
Жараланса не өледі,
Өлмесе, тынбайды ол алмай кекті.

А қ  а ю

Кететін неме екенсің кейде мыжып.
Біріне-бірі қайшы, сөзің қызық.
«Кек алмай тынбаса ол»
неге қашпай
Тұр мұнда, талқан қылып, торды үзіп?

Қ а р а  а ю
Сен өзің кім деп тұрсын,
адамзатты?
А қ  а ю
Тағы да аң бар ма еді ондай атты?

Қ а р а  а ю

Кім өзіңді мұхиттан ұстап алып,
Осы торкөз ішіне қамап жапты?

А қ  а ю

Қос аяқ.

Қ а р а  а ю

Соның атын дейді адам.
Келді ме ұстағанда оған шамаң?

А қ  а ю

Жоқ.

Қ а р а  а ю

Ендеше құтырма сен,
соның құлы —
Құрт-құмырсқа, құс, балық, барлық ғалам.

А қ  а ю

Апырай, оның рас.

Қ а р а  а ю

Рас болса,
Мықтысынып сөйлейсін неге онша!
А қ  а ю
Менікі мықтылық па, күйінгендік,
Шыдау қиын, жүрекке қайғы толса.
Жүндестеу, ұзын тұмсық, ана бір сұр,
Неткен аң?

Қ а р а  а ю

Кәне?

А қ  а ю

Әне!

Қ а р а  а ю

О ма? Қасқыр!
Тоңмойын, қайсар, өжет, ұры.
Оны
Жаратқандай деп әдей «малға қас қыл!»

А қ  а ю

Малың не? Біз сықылды о да аң ба?

Қ а р а  а ю

Түйе, жылқы, қой, ешкі, сиыр малға
Саналады.

А қ  а ю

Оларды кім көріпті.
Таныстыр болса малдар осы маңда.

## Қ а р а а ю

Бар. Анау иір мойын, найза өркеш...
(«Өркеш деген арқаға біткен кертеш»).
Мойын, саны шудалы, жоталы, зор,
Қапсырыңқы қарынды, төсі еңкеш.

Бұл зордың білмесең сен аты түйе.
Түйені ұстаған жұрт бар деп кие.
Олай дейтін себебі шөлді кезген
Адам жүгін арқалап күнге күйе.

Жүгі ауыр болғанда боздаған ол,
Боздаса мұң зарларды қозғаған ол.
Дегенмен, жылай жүре жүгін жерге
Тастамаған, ғасырлар тозбаған ол.

Қажымаған қыртысты етсе қомын,
Елемеген тамақ пен сусын жоғын.
Адамзаттың тарихи жүгін талай
Сүйреген еңбегі бар сондай оның.

Нелер ғасыр талықпай тартып жүкті,
Күндіз-түні кемде-кем тізе бүкті.
Тыныс беріп, арқамды босатар деп
Салысты ана жылы Түрксибті.
Әне бір, желкесі жал, құйрығы қыл
Жылқы.
О да адамды тыңдағыш құл.
«Ер қанаты — ат» деген атақ алып,
Адамға талай пайда тигізген бұл.

Еті, сүті, жүрісі,— бәрі де жел,
Желденбеген ертеден аты жоқ ер.
Біреуде «мың».
біреуде, «біреу» де жоқ,
«Мыңды» мұңсыз,
«бірсіздің» жүрегі шер.

Мыңға қазір «бір» емес, ие «мыңдар».
Мыңды «мың» иеленсе, кімде мұң бар.
Бас бақташы Буденный дейтін батыр.
Атқа ие табылды, сыйлар, құндар.

Көпшілікке тигесін мұндай билік
Аттан-дағы еңбекке алып сыйлық.
Бұдан былай мінеді әрбір адам
Сүйіктей сұлу:
желгір, жорға, жүйрік.

Жылқы жанға етпейді әсте залал.
Азулы аңның бірі ұмтылса әгәр.
Осқырып қаша бастау, басын қорғау,
Қолдан келер қайраты, барлық табар.

Қасқыр деп атадым ғой, сонау сұрды.
Ол жылқыдан көп осал.
Бірақ сұмды
Жылқылар жолықтырып айдалада
«Қос қолдап төбесінен, дей бер ұрды».

Қапса қасқыр алқымнан яки шаптан,
Шыңғырып құлау барлық ісі тапқан.
Егер де қайрат қылса,
қасқыр қатып
Қалар еді тұяқтан жалғыз қаққан.

Бұдан анау сайдақты сиыр аңға
Мықтырақ,
далада аң жолыққанда
Осалдарын ортаға ап, өкірісіп,
Сүзгілеп түсірмейді етке таңба.

Сиырдан — сүт.
сүт қаймақ,
қаймақтан май,
Майы көпті адамзат дейді:
«тоқ, бай».
Өгіздері алып күш, аяң жүкке
Талықпайды болса да ауыр қандай.

Қой мұнда жоқ, тұқымдас анау арқар,
Ешкі анау киіктей
көзді тартар
Болмағанмен бұлардың денелері,
Иеленсе жатқан бір байлық шалқар.

Адамзат жарымаған аңдай түкке.
Тоқылып қойдың жүні фабрикте,
Киінсе адам оны. жаны жайлы,
Етпейді сақылдаған аяз түк те.

Мал еді амандықтың бұрын алды
Себебі малсыз — құнсыз, құнды — малды.
Мал жалпының мүлкіне айналғансын
Бұл амандық бұл күнде жаңаланды.

Әлі де ұстағанмен малды бұлдап,
Бұл елде малдан қазір адам қымбат.
Бүгін ашық шешілді табушыға
«Мал ма, мен бе, кім қымбат?»
деген жұмбақ.

Таусайын айтып саған аңды қай бір.
Тақыр бет, түкті дене анау маймыл.
Аң атаулы ішінде епті осы
Істейді кейбірісті адамдай бұл.

Аң адамға қорыққаннан иеді бас,
Ал, мал деген еліккіш, көнбіс, жуас.
Қашпайды, қастаспайды, пайдасы мол,
Кисе киім, мінсе ат, ашықса ас,

Ақ аю

Менде бар тағы үлкен екі сұрау,
Олардан бұрын сұрар сөзім мынау:
Аң емес, ана біреу шумақталып
Жатқаның емес пе бір мықты дырау?

Қара аю

Осында оны халық дейді
«удав»,
Ол-дағы шыға алмайды тордан тулап,
Анау қоян жұтқанда кесектеліп
Денесін жөнеледі керіп, бунап.
Бұл тұқымдас жәндіктің аты жылан.

Ақ аю

Өзгесін айтпай-ақ қой өзім де ұғам.
Ендігі бір сұрауым: осынша құс,
Ұғындыр, пайда боп жүр қайдан бұған?

Қ а р а  а ю

Отырған қанаттарын кере сілкіп,
Кең сала, орақ тұмсық, анау бүркіт.
Қырағы көз қиядан бір нәрсені
Шалса, онда болмайды қате,
мұлтік.

Ана бір қызғыл аңды дейді түлкі.
Баққаны қулық, қалжың, ойын, күлкі.
Айлакер, төбелескек
бірақ оны
Қояндай алып жейді бүріп бүркіт.

Түлкі тұрсын қасқырды жейді алып.
Қасқырға түсерінде қанат қағып
Топшысын қысып,
төмен сорғалайды
Шырқап шығып бұлыттан әрі барып

Не қыларын білмейді қасқыр сасқан.
Көздің түбін қапсыра
алып бастан
Сықса, темір құрсаудай
сынып сүйек,
Тұяғы кіршілдейді миға шанышқан.

Бұлай дейтін көпшілік,
емес бір мен.
Аңға аман қалу жоқ бүркіт бүрген.
Талайлардан естідім құлағыммен,
Бүркітті қасқыр түгіл аю ілген.

Торғындай құлпырған көк анау лашын,
Өзінің көрдің бе сен кербез, нашын,
Анау қаз, анау үйрек, дуадақтың
О-дағы кемірген қу талай басын.

Қияғы қылпылдаған бейне пышақ
Тиіп кетсе тіледі орғанға ұсап.
Ұшқырлығы найзағай,
үйрек, қаздың
Бәрін оған қойғандай байлап, тұсап,

Ақ аю
Мына, бір ұзын мойын аппағың кім?

Қара аю
Аққу, онда бар байлық — әдемі үй.
Көңілді боп кетеді осы бақша
Ішінде ол сызылып ән салған күн.

Ақ аю
Ана бір ұзын құйрық құлпырған түс?

Қара аю
Сал, кербез, сылаңдаған ол тотықұс.
Әдемі.
Бірақ құс деп өңгелердей
Не сайра, дей алмайсың, немесе ұш!

Ақ аю
Кішкене, мына біреу, эншіл сары?

Қара аю
Бұлбұл құс
ыстық, жаз, тоғай, гүлдер жаны.
Сол кішкене қалпымен шымырлатып
Жібереді денеңді сайраганы.

Ақ аю
Екі үлкен сұрау бар, бірі оның
Емессін аң сықылды сен де момын.
Әрі білгір екенсің,
сөйте тұра
Қалайша торкөзден сен алдың орын?
Қайда және кім сенің ата-енең?
Осыны өтінемін енді сенен?

Қара аю
Дұрыс...
Былай деп жазған шежіремді
Германия ақыны «Гейне» деген:
— «Балқанның көріп жүр жұрт биік тауын.
Көтерген көкке керіп омырауын.

Еркe өскен еркесіндей тастың бетін
Сүйеді аққан бұлақ, жауған жауын.

«Созылып таудан төмен кербез дала,
Етекке мрамордан орнап қала.
Алапта базар қызып,
нелер сұлу
Келеді сол базардан азық ала.

«Базарда музыкалар тербетсе күй.
Екі аю (ұрғашы, еркек) билейді би,
Аттатроль, Момиды қызық көріп,
Болады сол маңайда халық ылғи.
. . . . . .

«Би билеп иесіне тапса да ақша,
Бар жұртқа қарайды олар дұшпан, жатша.
Өйткені түседі еске, асқар таудың
Ішінде тағы болып өскен бақша.

«Ойласа орман, тауды күйеді іш,
Зарланып шықырлайды қайраған тіс.
Бірақ,
бұғау шынжырдан ойланғанмен,
Босанып үзіп шығып кетуі күш.

«Бір күні жатыр еді қайнап базар,
Жұрт ду етті, шыққандай жерден тажал.
Нәрсесін қолындағы тастай қашып,
Секунд сайын жалтақтап күтті ажал.

«Ол қашудың мәнісі: Аттатроль
Болмаймын деп өмірлік
адамға қор,
Шынжырды үзді, бұлқынып тауға қашты.
Халық үріктi, бөгет жоқ, ашылды жол.

«Жан тұтпай, әркім басын қылды сауға.
Құтылып Аттатроль кірді тауға.
Құрысын құтылғаны!
Сүйген жары
Момиы босана алмай қалды жауда.

«Үңгірден балаларын аман тапты.
Оларды құшаққа ап, қысып қатты.

Күңрентіп тас қуысты Аттатроль
Жарының қайғы зарын тасқа шақты.

«Жан жарым,— деді ау,— қашан көрем?
Зарымды естимісін жарым деген.
Аузыңды балдан тәтті, құшырлана
Қандырып сусынымды қашан өбем?

«Мұрнымнан кетер ме екен жұпар исің,
Шекердей үнің тәтті, сазды күйшім,
Алдыма мың сұлуды қатар қойса,
Оларға ненің сендей бойым исін!

«Қалдың-ау, жау қолында сүйген жарым!
Қайтейін, өзегім өрт, кеудем жалын!
Қолымнан бақыт құсын тартып алды,
Зорлықшыл, қиянатшыл, адам залым.
. . . . . .

«Барлық аң жігерлене түгел мендей,
Бағынбайық, десе егер, адамға өлмей.
Өгіз сүзіп, ат теуіп, иттер тістеп
Жұмсаса, қару болса кімде нендей.

«Сонда біз жеңер едік адамзатты,
Тұрар ек қиянатсыз, тату, тәтті.
Не керек!
Береке жоқ!
Әй, адам-ай!
Болғасын біз бірліксіз тізең батты!»

Ақ аю
Онысы рас та ғой.

Қара аю
Бөгемеші.
Аңдардың адамменен ерегесі
Әншейін әурелік!

Ақ аю
Күшін қосса
Бар дейсін теңеспейтін неменесі.

Қ а р а  а ю
Жарқыным, қоя тұршы мықтылықты.
Адамнан аңдар түгіл жел, су ықты..
Одан-дағы сұра сен, «Аттатроль —
Деп — үңгірден ақырда қалай шықты?»

Момиға оның шыбын жаны құрбан,
Момидай боп шыңғырып біреу тұрған
Бір бақсы бақырған кеп және біреу
Мылтығын шығар жерде кезеп тұрған.

«Жанына» таяқ батып, бебеу қаққан
Шыдамай, үңгіріне кіріп жатқан
Аттатроль жүгіре шыққан кезде
Қос өкпеден аңдыған мерген атқан.

А қ  а ю
Айланы білмей қалған екен сорлы!

Қ а р а  а ю
Қандай екен деп оның жатқан орны
Кірсе мерген, табылған алты күшік,
Оларды алып, тағы болған жолды.

Сол алтаудың біреуі менің шешем,
Төртеу ек, мен-ақ тірі жүрмін есен,
Қаталеспен, егер де өмірімнің
Алды жарық, арты зар-қайғы десем.

Бір ойын ордасы бар дейді — цирк
Жасымда үйренуге соған беріп,
Әртүрлі өнер білдім, соның бірі
Арқанды бойлай билеу, қойған керіп.
Арқан деген бейне қыл жіңішке сым.

А қ  а ю
Қатерді ойын екен мынауың тым!
Ойнайтын болды онда, сенен басқа
Осындай өнерлерді тағы да кім?
Қ а р а  а ю

Бүркіт пен қоян, қой мен қасқыр онда
Бірге ойнайды. Ішінен тынып зорға.

Аттар сал, иттер әнші, жылан қамшы,
Арыстандар мүлгіген сопы, молда.

Мәселен, арыстандар аузын ашып
Тұрғанда, ойнатушы үртын қасып,
Ауызына басын тықса тістемейді.
Қайраты сол сағатта суып-жасып.

Цирк деген дөңгелек бір биік үй.
Ойнаушыны көретін адам ылғи.
Мен сонда, жоғарыда керген арқан
Үстінде дөңгелене билеймін би.

Тәртіпке үйретуші болды қатал.
Болмашы ойнағанда болса қатаң
Артынан таяқ жейсің.
Ашуланса,
Ұрыншақ адам еді «әпербақан!»

Сондықтан ойнағанда ойың барлық
Қабағын жүру ғана оның аңдып.
Оркестр дейтін, бірақ, бірдемесі
Басыңды жібереді кейде даң ғып.

Адам ол —
қайғырымпаз, қуанымпаз,
Жеркенімпаз, сүйімпаз, уанымпаз,
Дариядай шалқымпаз, шаттанымпаз,
Керкетімпаз, тасымпаз, суалымпаз.

Осындай ішіндегі сырдың бәрін
Өз үнімен шығарса, дейді —
әнім.
Әнде үнге сұлу сөз сәйкестеліп
Балдан тәтті етеді әннің дәмін.

Күй де үн.
Бірақ сөзсіз сара дыбыс.
Дыбыстан сыр ақтару қиын жұмыс.
Бірақ, адам дыбысты шебер құрап
Әннен-дағы береді артық ұғыс.

Шіркін-ай, бар-ау күйлер нелер тәтті
Дыбыспен ұқтыратын талай гәпті.

Шектен шыққан тәтті үн, алпыс екі
Тамырымды сан рет шымырлатты.

Тәтті күйге етпейді денем сабыр,
Шектер емес, ойнаған, барлық тамыр
Сықылданып адасам ылғи естен,
Сол мінезден ақырда көрдім жәбір.

Бір күні орындадым ойнақы би,
Оркестр қошеметтеп ойнады күй.
Есім шықты...
Құладым...
Сынды аяқ...
Содан бергі мекенім торкөз ылғи.

Ақ аю
Енді кеңес қылайық адамзатты,
Бағындырды дедің ол талай жатты.
Денесінің түрі анау,
сонда солар
Соншама мықтылықты қайдан тапты.

Қара аю

Біздегі барлық қару тіс пен тырнақ,
Табиғат сыры бізге түгел жұмбақ.
Әлсіздер қолға түссе, алып жейміз,
Әлділерден қашамыз, денені ұрлап.

Бізде жоқ, адамда бар қару —
сана.
Сана ол —
иландырғыш, тапқыш, дана.
Дүние кең, байлығы ұшан-теңіз
Сол байлықты табатын сана ғана.

Ақ аю

Ақыл, айла шіркінде не деген көп!

Қара аю

Саналы адам күшін дейді еңбек.
Сол еңбектің сойылын соққыш мұнда
Бір керемет қуат бар дейтұғын —от.

Тығылған жерден оны еңбек тапқан,
Алғашқы шыққан ұшқын тастан шыққан.
Адамнан басқалардың аяғына
Сарт етіп бірінші рет түскен қақпан.

Сен өскен мұзға барған алып дене
Естуімше «Челюскин» дейтін кеме.
Көкке ұшты деген құс — аэроплан,
Жансыз жүзіп, самғайды олар неге?

Сен білмейсің, соларға жан берген от.
Олар тұрсын құмалақ көлемді оқ
Жұмсаса от, не жүрек, не басыңа
Кеп қадалса өлесін, тіршілік жоқ.

Көкте түнде көреміз жиі жұлдыз,
Біз, мәселен, көк емес, жерде тұрмыз:
Жұлдыз жерге түспейді.
Жерде жанған
Электрдің жарығы нелер мың жүз.

Электр де от. Бірақ, ол — оттың оты,
Жетпейтін электрдің құдіреті
Әлемде жоқ. О-дағы адамға құл
Осы бір керек сабақ, тыңда, оқы!

Тентегім, адам деген сондай пәле.
Торды үзіп шығам деп етпе дәме.
Енді дамыл алайық, бітсін кеңес,
Сәскеге күн де барып қалды, әне!

А қ а ю

Артымыздан, десейші, енді пыстық,
Күн кешеміз, десейші, мәңгі өстіп.
Адамыңды ұғындым...
Соңғы сұрау:
Осы жақтың ауасы неткен ыстық?

Қ а р а а ю

Құс көлде, балық суда, құлан шөлде.
Туып-өспек әр жәндік, әрбір жерде,
Құсқа көлі, құланға шөлі қымбат,
Мұз теңізді көресін артық сен де.

Мұхитының көргем жоқ татып тұзын,
Татпасам да білемін, құтсыз мұзын.
Құтсыз емей немене,
күні суық,
Үскірік,
Үсті тықыр, желі ызың.

Суықбас аңнан басқа жәндік сирек.
Көкірек кеудесіне найза түйреп
Бармаса батыр адам,
басқа жәндік
Бармайды апармаса, зорлап, сүйреп.

Бұл жақта да бар ондай ызғар, суық.
Көктем, жаз, күз, қыс
бірін-бірі қуып
Ауысады.
Жәндіктер жадыраулы
Міне, қазір көктемнің күні туып.

Басқа жәндік жаз шықса болады мәз,
Ал адамға үскірік қысың да жаз.
Жанды-жансыз табиғат оның құлы,
Бар әлемнің иесі — ол өнерпаз.

Қара аюдан бұл кепті естіп барлық,
Шарасы қалмай енді тұлданарлық,
Ақ аю көзін жұмып жатты-дағы,
Ұйқыға батып терең, кетті қалғып.

3 май, 1935 жыл.

# ЖҰПАРХАН

*(Тарихи аңыз)*

*Пролог*

*Ұйғырдың көп татып ем дәм мен тұзын,*
*Пәк жаным өтемек боп сол қарызын,*
*Ұстатты қолға қалам: «Жырлап бер,— деп,—*
*Осы елдің аса аяулы батыр қызын!»*

*Бұл батыр бейне емес ойдан шыққан,*
*Сиқырлы ертегі емес, алдап ұтқан.*
*Бұл тарихта болған қыз, арғы-бергі —*
*Бар ұйғыр аруағын пірі тұтқан.*

*Оқиға болғандықтан қатал шындық,*
*Басымды ұйғырлармен қатар шұлғып,*
*Сипаттай тұра қызды жырлайтыным,—*
*Айнымас, халқын сүйген отаншылдық.*

Бірінші тарау

## СҰЛУЛЫҚҚА ШАБУЫЛ

Қытайды Манжур билеп тұрған шақта,
Бір залым — Қанси деген мініп таққа,
Тұтса да жарты жерді уысына,
Тоймады осы сұмырай мал мен баққа.
Тоймады әсіресе, қатынға ол,
Бағынған барлық уалаятында ол
Ұрғашы атаулыдан салды құрық
Түсетін көзге, іске татырға ол.

Таратып тыңшыларын елге жаппай,
Қоймайды сұлуларды іздеп таппай.

Қармақ сап қалағанын ұстай берді,
Еш адам «бұның не?!» деп қолын қақпай.

«Қағамын» дегендердің ұшты басы.
Шұлғыды құлдық ұрып досы, қасы.
Қамалған Пекиндегі сарайларда
Сұлуға толып кетті айналасы.

Қытаймен қатынасы болған өзге ел,
Қыздары болса егер Қанси мезгер,
Жіберіп сыйға, маңын қоршай түсті,
Көк көздер, қоңыр көздер, қара көздер.

Пекиннің сыймай олар сарайына,
Қытайлық қалалардың талайына
Жасалып қамал, биік қорған соқты
Жан адам жүре алмастай маңайына.

Қансиге серік залым қатар туды:
Уәзір ғып, қыбын тапқан Фын Юй-фуды
Билетіп бағынышты елдің бәрін,
Ұстады оң қолы ғып осынау құды.

Фын Юй-фу қарай қалып қабағына,
Қансидің іштегі ойын табады да,
Мұлтіксіз мақсаттарын іске асырып,
Тек қана гүл өсірді қадамына.

Сұлуды тіміскілеп табатын сол,
Қармаққа іліктіріп алатын сол,
«Тигізбей желге, күнге» дегендейін,
Бәрін де «пәк» қалпында бағатын сол.

Сұлулар сарайлардың ішін керней
Толғанмен, талайының түсін көрмей
Жүреді Қанси, «сізге сол лайық» деп,
Фын Юй-фу кейбіреуін түсіндірмей.

Сарғайып санаменен талай жазған,
Еркектен көрері тек болып азбан,
Солады семген гүлдей я жібектей,
Дымқоста ауа көрмей шіріп тозған.

Қанси де жылдан-жылға тартты егде,
Еңбексіз дене толды майлы шелге.
Бегемот я бордаққа байлап қойған
Шошқадан тең келмейтін болды өңге.

Сонда да, қанағатсыз, сөнбей нәпсі,
Құшпақ боп тағы да бір сұлу жасты,
Бір сәтте әдейілеп шақырып ап,
Бұл жайда Фын Юй-фумен ақылдасты.

Ұзынша, сіңір қара, жылан түсті,
Фын Юй-фу қалбалақтап құрақ ұшты,
«Тақсырлап» басын иіп, құлдық ұрып,
Ойланған тәрізденіп көзін қысты.

Төбеден өрген ұзын айдарына
Мойынын орай шымқап байлады да,
Тұрғанда құлдық ұрып, басын шұлғып,
Үлгерді ойлап амал-айланы да.

Деп бастап: «түссе қызға ықыласың,
Табуға теңдесі жоқ сұлу, жасын,
Ант етем, бұл сертіме жете алмасам,
Балтамен шабуыңа әзір басым!»

Соны айтып тағы да қу ұрды құлдық.
Мұртынан күліп Қанси, сирек, қырбық.
Бүлкілдеп семіз беті, сығыр көзі
Білдірді ризалық басын шұлғып.

Фын Юй-фу қылмың қағып, деді: «Ендеше.
Сандарын сәудегердің әлденеше
Өсіріп, таратайық жер бетінде
Тұратын барлық елдің үстін кесе.

Теңізден өтсін олар, мұхиттардан.
Алыста, аралдарға жытып барған
Қалмасын қыдырмаған ұсақ елдер,
Тарихта кім екенін ұмытып қалған.

Осылай араласын елдің бәрін,
Ұқыптап көрсін түгел беттің нәлін.
Табылса айта қалар ажарлы қыз,
Жар етіп құшақтауға жетеді әлің».

«Мақұл сөз екен,— деді Қанси Фынға,—
Сәудегер жүздеп емес, нелер мыңға
Жетсе де көпсінбеймін, бірақ солар
Келеді елге қайтып неше жылда?»

Фын Юй-фу деді: «Бөлмей жылға, айға,
Асықпай араласын, барса қайда.
Табылса ойдағы қыз, қолға қалай
Түсірер, ізденейік, әдіс-айла!»

Осыған екі залым келісті де,
Сәудегер кетті тарап жер үстіне.
«Кейі кеш, кейі ерте» дегендейін,
Қай жерде сұлу барын білісті де.

Оралып кейі айда, кейі жылда,
Дәттегі сұлу жайын Қанси сұмға,
Қыздыра қоймай қанын тасқынды сөз,
Ізі-тұзсыз судай болды сіңген құмға.

Кей сөзді көңілсіздеу тыңдағасын,
«Түспейтін бос мылжыңды, ықыласым.
Айттың» деп жаза беріп, талайлардың
Жендеттер балтаменен шапты басын.

Мал-мүлкін қазынаға қаратты да,
Қаматты біреулерді абақтыға.
Өткерген соның бәрін өз қолынан
Фын Юй-фу қақпай жүрді қабақты да.

Басы сау, кетіп зәре, сәудегерден,
Келместей, біреулері безіп елден,
Тас тығып аузына оралғандар,
Сұлуын айтпай қойды көзі көрген.

Жазадан онымен құтылмады,
Қансидің үдей түсіп құтырғаны,
Тірідей шайнап жеуге сыр бүккенді,
Тістері бурадай боп шықырлады.

Шыңғыртып талайларын жеді шайнап,
Құтылмас бұл пәледен ел зар айлап,
Ақылды нелер тапқыр данышпандар
Қажыды тоқтатарлық әдісті ойлап.

Құрыған шақта солай ел діңкесі,
Будданың туғандай боп «рахым кеші»
Оралып «жібек жолдан» келе қалды,
Алысқа бір керуеннің кеткен көші.

У Пэй-фан керуен басы — жиһан кезген,
Адам да нелер қиын жолға төзген,
Қаратып сан өлкені, сан халықты
Жәй-күйін бәрінің де көрген көзбен.

Пәлендей болмағанмен оқымысты,
Нақ мұндай табу қиын тоқығышты.
Естіген тарихқа да құйма-құлақ,
Біледі талай арғы, бергі тұсты.

Ол-дағы тапсырмамен өре қалды...
Бір жерде бір сұлуды көре қалды,
«Осыған қызықтырам» деген оймен,
Ажалға өзі қарсы келе қалды.

Фын Юй-фу шақырып ап у Пэй-фанды,
Тұтқандай жыртып жейтін семіз аңды,
Оны да құрбандықтың бірі көріп,
Бітірген істерінен хабар алды.

Сөзінің құлақ аспай өзгесіне,
Мақсатты әңгімеге тез көшуге
Асықты жылмаң қағып, ол, әрине,
Сұлуға елден асқан кездесуге.

Болған соң У Пэй-фанның іші майлы,
Баяндап мылжың сөзбен көрген жайды,
Сезгенмен Фын Юй-фудың тыпыршуын
Маңғазсып, сабырлымсып асықпайды....

Бұнысы секілденіп сұққан ине,
Фын Юй-фу шыдамастық келді күйге,
Тырсия арық бойын ашу кернеп,
Сыймастай болып кетті ол кең үйге.

Аздан соң айрылып шыдамынан,
Тұра сап, У Пэй-фанды құлағынан
Ұстай ап, шапалақпен соқты бетке,
«Жазаңды тарттырам,— деп,— тұр, айуан!»

Шапалақ кеткенменен бетін осып,
«Тағы да ұр!» дегендей тұрды тосып,
Фын Юй-фу қайран қалған бұл шыдамға,
«Адам ба, тас па мынау?!» деді шошып.

«Осының адам емес, тас сияқты,
Тас екені — жанына қас сияқты»,—
Деді де ол сылқ етіп құлай кетті,
«Патшаға болдым-ау,— деп,— босқа ұятты!»

Ниеттен туғанменен сұмға жағу,
Тек қана қиял болды сұлу табу,
Өтпесе бұл құлығы Фын Юй-фудың,
Оның да жақын қалды басын шабу.

Адамға бәрінен де жаны тәтті.
Жан-тәнін ашу, ыза кернеп қатты,
Құлаған Фын Юй-фуға көзін салса,
Көпіріп аузы, есін танып қапты.

У Пэй-фан оған қарап жымиды да,
— «Айтпасам, тегі, діңкең құриды да»,—
Деп бетіне су бүркіп, тірілтіп ап,
Гәп шертті аузынан сөз құйылды да.

«Бейнетке сұлуды іздеп баттым» деді.
— Жол шегіп, талай күн, түн қаттым» деді,
— «Жәннатұл ағлада кездеспесе,
Жерде жоқ бір сұлуды таптым...» деді.

Фын Юй-фу мына сөзге елең етті,
Қиялды көз алдына көлең етті,
Ішінен тілей қалды: «Тапқай да,— деп,—
Сұлудан, жан білмейтін кереметті!»

У Пэй-фан жымиды да бүлкіл қағып,
Өзендей әрмән қарай жөнелді ағып,—
Тек қана ертегіден еститұғын,
Бұл сұлу келді екен деп жерге ңағып?!

Секілді қасында оның ай — албасты,
Күннің де көре қалса өңі қашты,
Сан түсті ғажап гүлдер, ол тұрғанда,
Шешегін қауызынан бекер ашты!

Теңгермес ажарына ешбір гүлді,
Беріп-ақ баққан тәңірі сымбат, түрді.
Кескін-кейіп, мүсін өн бойындағы
Адамдық сұлулыққа таппас үлгі.

Сапырып шебер тәңірім сүт пен қанды,
Тірілтіп денесіне берген жанды!..
Талайын көре-жүре ойламап ем,
Осынша сұлу болар деп адамды!

Болуы мүмкін десең — гүлде кіршік,
Тотықты кейбіреуі,— десек — күнсіп,
Мынау қыз шығар бақыт күнін күтіп,
Қауызын ашпай тұрған таза бүршік.

Тіл қысқа сипаттауға одан әрі,
Мен түгіл Цюй Юанның жетпес әлі.
Қысқасы: садағасы кетсін оның
Дейтіннің «дүниеде сұлу бәрі!»

У Пэй-фан отырғанда кебін шертіп,
Фын Юй-фу естен тана қалды елтіп.
Әрең деп кеңес біте ашты көзін,
Онда да мол орамал бетін желпіп.

«Бұл сөзің расың ба, жай ма?» деді,
«Жай сөз айтса, түбін де ойла!» деді.
«Рас! — деді У Пэй-фан, сонда ғана,
Фын Юй-фу шын тіріліп «қайда?» деді.

Уәзірдің сыры мәлім У Пэй-фанға:
Патшасы кейде ерігіп шықпаса аңға,
Салдырған әр қалада сарайлардан
Қыдырып көрген емес жырақ маңға.

Фын Юй-фу сол патшаның көлеңкесі,
Қараңғы уақыттарда боп көрпесі,
Кейбірін естімесе, жұмбақ бұған,
Қытайдан басқа жердің бар өлкесі.

У Пэй-фан осы жайын жақсы білген,
Сұлудың көз алдында күндей күлген,
Жер-суын, ата-тегін, аты-жөнін,
Уәзірге айтты ұғар — деген тілмен.

Әуелі Фын Юй-фуға,— деді — «бірақ,
Асықпай кеңесімді тыңда шыдап,
Шығарма оғаш мінез, күйіп-пісіп,
Немесе төбелесіп яки жылап».

Фын Юй-фу басын изеп «мақұл» деді.
«Тек қана саған айтар ақыл» деді,
«Көптірме, кеңесті қой, іс жайын айт,
Өлер я тірілер күн жақын» деді.

«Тұрады сипаттар ел іргемізде,
Біз оны ерте күннен білгеміз де,
Халқымен кейде жақын, кейде шалғай,
Кей кезде араласып жүргеміз де.

Тұрағы дейтұғын құм — «Такла-Макан»,
Сол құмды ортаға ала, алқа-қотан
Қоныстап, егін сеуіп, сыбағасын
Алады табиғаттан аса қатаң.

Айнала аспанменен таласқан тау.
Аң кірсе, адам түгіл, адасқан тау.
Байлығын, ебін тауып, игере алса,
Мөлшерсіз, шетсіз, шексіз қарасқан тау.

Есімін тұрғын елдің дейді «ұйғыр»
Жалынбай сараң жерге, «бізге сый қыл»,
Бермесін тартып алып, құмға, шөлге,
Тауларға әмір беріп тұрған би бұл.

Байлап ап өзендерді таудан аққан,
Жасап ап нелер шалқар көл, бұлақтан,
Солардан шөлі қанған егін, баулар,
Демес ем «будда айтқан, кем жұмақтан».

— «Шығыста, «Алтын таудың» етегінде,
Орнаған бай өлке бар, өте гүлге,
Табылған сұлу қыздың мекені сол,
Енді мен, соны жыр ғып кетемін де».

Қалпына қарағанда, бет құбылыс,
Аса алмай уағдадан әрең тыныш
Отырған Фын Юй-фу деп жіберді,—
«Айтқаннан бөгде сөзді, соның дұрыс!»

«Айнала таудан аққан судың бәрін
Жинап ап, тіліп өткен құмнан қалың,
Өзен бар, ұйғырлардың анасындай,
Мәңгілік асырайтын, дейтін Тарым.

Тарымның бір тармағын дейді Шершен
Егерде осы өзеннен сусын берсең,
Кең тақыр сол маңайда көгалданып,
Өнеді қандай ұрық егіп көрсең.

Дейтұғын бір жазық бар Лашкар Сатма,
Шершеннен су тартпақ боп осы жаққа
Ұйғырлар қазып арық, сол өлкені
Жіберді айналдырып егін, баққа.

Арықтың сағасына қала орнап,
Көшесін, қораларын бүркеп гүл-бақ,
Халықтың ендігі ойы: судың бетін
Лобынор ойпатына қарай бұрмақ...»

Фын Юй-фу «бөгде сөзің құрысын!» деп,
Сипаттай бермей елдің қонысын көп,—
Ақырды: «Қысқа ғана баяндап бер,
Торабы толған сөздің тоғысын!» — деп.

«Арығын бастап қазған Лашкар Сатма,
Қаланы сол есімді гүлді баққа
Ораған бір мұрап бар, аты — Сейіт,
Атанған «Су тәңірісі» осынау жақта.

Шығыпты жас шағында Қашқардан ол,
Жасауды сансыз арық басқарған ол.
Билеп ап еңбегімен жерде суды,
Тамшыны тілемейді аспаннан ол.

Барлық су сол маңдағы есебінде,
Суарса қайда, нелер өсерін де
Дәл болжап, жылжығыш құм арасында
Біледі елдің қонып, көшерін де.

Қызы бар он алтыда сол мұрабтың,
Ішінде туып өскен гүлді бақтың.
Сіңірген барлық көркін бір бойына,
Әйелде теңдесі жоқ, сұлу-ақ тым!

Маңдайын «атқан арай таң ба» дер ем,
Көздерін «түнде жанған шам ба» дер ем.
Қастары қарлығаштың қанатындай,
Құлпырған бет бейнесін «алма» — дер ем.

Кірпігін «жебе» дер ем жанға атылар,—
Өтетін тасты тесіп қуаты бар.
Мұрының «таразының тілі» дер ем,—
Дәл өлшеп бет бейнені, тура тұрар.

Ауызын «гүлін ашар бүршік» дер ем.
Ерінін «жел үрлеген бір шоқ» дер ем.
Қырық тарам өрген шашын «тасқын бұлақ»
Дер едім,— шат арнасын бөлшектеген.

Иегін «жаңа ашылған ақ гүл» дер ем;
Мойынын «адам емес, аққу» дер ем.
Ішіне шәйі көйлек жасырынған
Денесін «мақтадан да ақ пұл» дер ем.

Ойнақши мың құбылып жанған оты,
Шәйіні дер едім мен «бейне тоты»
Ақ сүйрік саусағынан, жеңнен шыққан,
Дененің байқалғандай бар суреті.

Шіркін-ай, көрсе ашып «шәйі» ішін!..
Тұр екен таң қаларлық қандай мүсін!..
Ант атсын тігіншіні киім тапқан,
Денені емес, тап соны көру үшін!

Пенде емес, періштеге ұсады да!..
Тек, періште қиялда ұшады да,
Жер басқан бұл сұлуды деп ойладым:
«Патшамыз қыбын тауып құшады да».

Фын Юй-фу мына сөзге азар нанып,
Кеткендей арам ойдан тазаланып,
Болғандай өзі ғашық осы қызға,
Құбылды сиықсыз жүз ажарланып.

Есіне аздан кейін түсті Қанси.
Құмары тарқап тағы қалды қаңси.
Тек қана жүрегіне болды медет,
Деген ой: «патшасына лайық бар сый».

Фын Юй-фу: «Адам едің ақылың көп,
Жарайсың бір ісіме татыдың!» — деп,
Мадақтап У Пэй-фанды сұрау қойды,—
«Сол көрген сұлуының аты кім?» — деп.

«Жүзімдей боп өскен соң сорып жұтар,
Гүлдей боп өскеннен соң қолда тұтар,
Имамы Шамсинұр деп атағанмен,
Бар ұйғыр қасиеттеп дейді «Жұпар».

Фын Юй-фу құштарланып бейбақ қызға,
«Мұндай қыз табылар дей ойлаппыз ба?!»
Деп қуанып, сұрады У Пэй-фаңнан,—
«Бұл өзі қалыңдық па, бойдақ қыз ба?»

«Қалыңдық! — деді У Пэй фан,— күйеу жайын,
Тыңда енді, аз сөзбенен баяндайын.
Бойы да, ажары да орманда өскен,
Толығып болған сұлу, бейне ақ қайың.

Тұлғасы, бейне арлан арыстандай.
Қандай күш болса-дағы алысқандай.
Кең иық, шығыңқы төс, жотасы тік,
Үлкен көз, қоңқақ мұрын, қарыс маңдай.

Лайықты тұр-тұлғаға бар мінезі,
Қайраты — құрыш болат, жібек — сөзі.
Істе — батыр, ойланса — тапқыр ақыл,
«Сегіз қырлы» дейтіннің нағыз өзі.

Қоя ма ондай жанға қызықпай қыз?
Қызықса ерімей ме шыжықтай қыз?
Қыздардың сөйте тұра қулана ғап,
Бойына дарытпауын, біз ұқпаймыз.

Арадай бал сормақ боп қонған гүлге,
Жұпарды абайлаған жігіт, бірде,
Тұтанған жүрегінде ғашық отын,
Баяндап бір уақытта келген тілге.

Ағызып жігіт қызға тілден балын,
Бөктіріп шырынына қыздың жанын,
Торына түсірдім деп ойлағанда,
Бір сөзден тасқындаған тосылды ағын.

Жігітті Жұпар сүйген дейді — Жапар,
Екеуі бір-бірінің таңы атар
Болғанмен, Жапарына Жұпар сұлу,
Бір шартты, қосылуға, қойған қатал:

Деген қыз: «Арық қазып Шарықлықтан,
Ұйғырлар шығыстағы «шөл» деп ұққан
Ойпатын Лобынордың түрлентіп бер,
Жемісті бақша өскен, егін шыққан.

Жапары «қауышуға асығам!» деп,
Жұпары — шартты орындай қосылам» деп,
Шын сүйген бірін-бірі екі жастың
Тоқталған сөз түйіні осыған кеп.

Кіріскен елді бастап Жапар іске,
Мыңдаған кетпен соққан қалың күшке
Шыдайтын емес топырақ, жылға шақса,
Түрі бар, арық бітер «екі», «үште».

Жігіт жүр, бақ еңбекте, топтан оза.
Қызы жүр, уағдалы сөзін соза,
«Көңілі көрінбесем жабырқар» деп,
Күн сайын жұбатады беріп боза.

У Пэй-фан айтты: «Осылай қыздың жайы,
Қосылар ғашықтардың жақын айы.
Құшпаса қыз қалпында, неге керек,
Қатындар қасабалы болған байы»

Фын Юй-фу басын шұлғып «рас» деді,
«Сермейік соған енді құлаш» деді.
«Хуанди көктің ұлы мақұлдаса,
Аяқта, даяр тұрған бұл — ас» деді.

У Пэй-фан: «Жеңіл көрме,— деді,— олай,
Алмақ боп тарихында жаулар талай,
Қамалып келген шақта, тұрған ұйғыр
Міз бақпай, секілденіп Памир, Алай.

Сан рет іргемізді шапқан түріп,
Ұйғырдың арғы түбі гундік түрік.
Сол бетке ұлы қамал соғыппыз біз
Мыңдар жыл бітпеген соң осы бүлік.

Атилла аттанғанда батыс жаққа,
Әскер боп қалың гундер тұрып сапқа,
Жорыққа шеру тартып жөнелгенде,
Ұйғырлар қалып қойған мінбей атқа.

Мекені Тарбағатай, Алтай бопты.
Тұлпары алты басар алты айлықты,
Бір кезде ұйғырларды Манас шауып,
Аталық мекенінен ел тайыпты.

Тянь-Шань мен Куэнь-Луннің арасына
Тығылып, Такла-Макан жағасына
Қоныстап, содан бері, жеріне жау
Жолатпай, ұйғырлар жанталасуда.

Еңбекпен еміп жатқан жерін сүйген
Ұйғырлар шағын халық, азғана үймен
Қаптаған батысынан, сақтап қалған
Қуатты шаһ Махмуд Ғазнавиден.

Аңсары ауған бетке құлаш ұрғыш,
Жаулаған елін аңнан артық қырғыш,
Гоби жақ кең қақпадан өте алмай,
Ұйғырдан соққы көріп қайтқан Шыңғыс.

Жылдан-жыл қуат-күші, тегі үдей ме?
Аз түгі, қалың қолға болмай кейде,
Патшасы «Ақ Орданың» Пекиндегі
Ұйғырды ала алмаған Үгідей де.

Қанжұттан «Бес» атанған Далай Лама,
Жамылып Тибет тауын, ұйғырды ала
Келгенде,— айрылып қалың қолдан,
Құтылды — деген сөз бар,— өзі ғана».

Күшейіп күнгейінде Ұлы Монғыл,
Әскермен жер қайысқан, келіп шоғыр,
Қайрылған қажып кейін, Шаһ — Жиһан да,
«Жалмаушы жерқыртысын — дейтін обыр».

Боб өткен Бура ханы, Бұқа ханы,
Ішінде солардың ең Жұқа ханы
Шақырса елдік ұран, жалын-өрттей,
Халқының ар-намысын тұтатады.

Күні жоқ жат-жараға өзі тиген,
Тек қана қорғап жаудан, жерін сүйген,
Бастығы қыспақ күнде шақырса ұран,
Бір жандай табысады «мың бір үйден».

Ол пана бола алмаса сіңіп құмға,
Татиды соғысқанда бірі мыңға,
Қоршаған қалың жаттар арасында,
Тәуелсіз болып келді сансыз жылға.

Жауласып сала алмаған бұнда ірге,
Арабтар ақырында сеніп дінге,
Аттанған Саманидан «сәудегер» боп,
Насырға құран, кітәп берді бірге.

Қашқарда хан боп тұрған Есен Бура.
Насыр кеп, сарайына түсті тура.
Арбалап қалды Бура, ислам дінін
Біртіндеп үгіттеген осы қуға.

Пірі боп бұған дейін шаман бақсы,
Ұйғырлар болып келген мінсіз — уахшы,
Көнбеді Бура ханға, деп «аспаннан
Жердегі тәңірінің өзі жақсы».

Бура хан бағындырмай елді күшпен,
Шаманды шірітпек боп, ептеп іштен,
Ұйғырлық әр шәһәрдан ашып «сүлік»,
Еркімен көнді оның уын ішкен.

Ислам осылайша кетті тарап,
Аз жылда бітті оған ұйғыр қарап.
Бертінде Әппақ қожа дейтін қуды
Өзіне Мұхамметтің жүрді балап.

Пір болып алғаннан соң елге Әппақ,
Мыңдаған мүриттері оны жақтап,
Құлатты іштен шалып бір мезетте,
Хандығын ұйғырлардың келген сақтап.

Сонан соң жұртқа орда болып мешіт,
Уақиф қып жер шұрайын алды кесіп,
Изада еңбек еткен диханшының
Төлейтін салықтары кетті өсіп.

Мұншама ауырлыққа бел шыдауға
Болмай ғап, кейі құмға, кейі тауға
Қашып жүрт, қанағыш пен қаналушы,
Бітіспес бір-біріне болды жаулар.

Дүниеден өтті Қожа, артын дау ғып,
Ол өле «Ақтаулық» пен «Қаратаулық»
Болып ап мүриттері, ұйғыр халқы
Өзара тоқтатқан жоқ әлі жаулық.

Сондықтан, ұйғырдың бұл осал кезі.
Соғыстық күшінің де босаң кезі.
Ұйғырмен жауығамын дейтін елдің,
Үстінен қапылыста басар кезі!..»

Фын Юй-фу деді: «Мынау ақыл екен,
Жері де іргемізге жақын екен.
Қаперсіз қаннан тиыш жатқан елді
Қапыда баса қою мақұл екен».

У Пэй-фан: «Сонда-дағы,— деді,— ойлан!
Бұрынғы ар-намысы кетпей бойдан,
Ашулы арыстандай қарсы шауып,
Етпесін бір батыры мыңды ойран.

Тигенде жау таяғы денеге ащы,
Өлігін аттаттырмай имес басты.
Осындай қорғаныста айла табар
Бізге де, тақсыр уәзір, керек басшы».

Фын Юй-фу «жөн» дегендей қалды ойланып.
У Пэй-фан тоқыраған, аз айла ғып,
Сөзіне іркіп қалған, орағыта
Алыстан бір уақытта келді айналып.

Ол сөзі — тарихы бар мыңдар жылдық,
Ғажайып өнерлерін ақын жыр ғып
Айтатын осынау қалың қытай елін,
Келеді хан, алпауыт мәңгі құл ғып.

Құлдыққа қарсы еңбекші көтеріп бас,
Ұрыстар болып жүрді сан жанталас.
Созылған көп ғасырға бұл күресте,
Келіспес бір-біріне боп алды қас.

Бастық қып бертін кезде Ши Кэ-фаны
Еңбекші қанаушыға қарсы тағы
Шыққанда, Қанси қолы басым болып,
Төгілді көл-дария боп халық қаны.

Ши Кэ-фа сол соғыста болды құрбан,
Сонда да басын имей қарсы тұрған
Ер халық, бастық тапты — Ши Кэ-фан
Вань Ань-ши есімі бар туған ұлдан.

Ол-дағы арпалысты жолбарысша.
Амалы қанша, айдаһар орап қыссаl
Қансидің әскеріне түсті қолға,
Қан қырғын бір соғыста, арпалыста.

Сыйлайтын туған халқы сұңқар көріп,
Сол батыр содан бері Чунь фан болып,
Жатады саз зынданда, қараңғыда,
Көруге жарық сәуле іңкәр болып.

Ашитын У Пэй-фанның оған жаны,
Құтқару болатұғын оны арманы.
«Сол істің сәті түсіп қалды ма» деп,
Уәзірмен сөйлескенде қиялдады.

Қиялын баяндай кеп уәзірге еппен,
«Батыр,— деп,— күш, амалы шыққан шектен.
Егерде біздің қолды сол басқарса,
Болады дей бер оны жауға өктем.

Әне, сол бере алады жауға төтеп,
Болады қандай қалың қолға жетек.
Жатқанша зынданда ол жастай шіріп,
Жазасын, жауды жеңіп, келсін өтеп!»

Деді Фын: «Алу қиын оны ақтап,
Мойнына әнеукүні киіп тақтай,
Өлімге бұйырылған, Қанси көңілі
Көншімек емес, оның басын шаппай».

У Пэй-фан деді: «Тақсыр, оны өзің біл.
Тәңірі адамзатқа берген ғой тіл,
Сұлуды теңдесі жоқ құшар болсаң,
Босат,— деп,— Вань Ань-шиді «сен түсіндір».

Фын Юй-фу уәде берді «айтайын» деп
«Еппенен түсіндіріп байқайын» деп.
«Аранын ажал ашқан бұл жұмсаудан,
Не өліп, не тіріліп қайтайын» деп...
Қансиге уәзір ойын төрелетті.
Ғашық боп қызға патша өле кетті.
Әскерін Вань Ань-шиге бастатуға
Екі ауыз сөзге келмей көне кетті.
Болған соң,— деді патша,— бұлай ғашық,
Барсын да, осынау елді алсын басып.
Қарсылық қылам десе,
аз ұйғырды
Жіберсін топырақтай желге шашып.
Қызына ғашықтығым білінбесін,
Күн бұрын естіп халқы бүлінбесін.
Түбінде не болғанын бір-ақ көрсін,
Тұтқын боп қызы қолға ілінгенсін.
Осылай Вань Ань-шиге бұйырды енді,
Ертіп бер мыңдап емес, миллионды.
Тәубасын қоса айтқанда, бұл сұлуың
Тұтынар қолымдағы бұйым енді!»
Фын Юй-фу шақырып ап Вань Ань-шиді
««Тартты,— деп,— өз жанынан патша сыйды».
Қай жаққа жұмсалуын баяндай кеп,
«Ұйғырға алғыр құстай,— деді,— шүйгі.
Патшаға болғың келсе бейне — кіші ұл,
Уәдеге жетуіңді бастан пісір.
Ең зор шарт: елден асқан сол сұлуды
Түбінде сау-саламат қолға түсір!».
Қажытқан миын соғыс, зындан, өлім,—
Вань Ань-ши ненің барын, ненің жоғын
Ойлап та үлгере алмай, Қанси сұмның
Бастауға уәде берді қалың қолын.

Екінші тарау

## АМАЛСЫЗ АЙРЫЛУ

Деп қазақ: «шеше — кеме, әке — жезде»,
Жәбірлеп әкелерді көрер көзге,
Шығарды ұят мақал, әке болған
Күннен мен қарсы келем осы сөзге.

Талас жоқ, баласына қымбат шеше,
Сіңеді еңбегі артық әлденеше,
Бағалай тұра соны, көне алмаймын,
Жат санап әкелерді «жезде» десе.

Бұл сөзді демеймін мен, «үні ардың»,
Санаймын санасына қалың малдың,
Қыздың да әкесіне қымбатына,
Мен өзім қызға әке бола нандым.

Баланың әкеге де жаманы жоқ,
Жақынды одан жақсы табары жоқ.
Үйінен қызын зорға жөнелтеді,
Бағынып табиғатқа, амалы жоқ!..

Бұл шындық, әрі қарай қайтем қырнап,
Ұстаған ұлдан артық қызын құндап,
Үлгіге тартып жұртқа, бір әкені
Сипаттап тіл жеткенше берем жырлап.

Ұйғырда Сейіт дейтін мұраб болды,
Есімі жақын түгіл, жырақ елді
Таң қылған еңбегімен, талай тарам
Сулардың қолдан басын құрап берді.

Атанып осынау тұста «су патшасы»,
Бәрі де кетпеншінің боп жақтасы,
Түрлентіп Такла-Макан төңірегін,
Жалпайып жатты егіннің кең тақтасы.

Халқына қайда жүрсе боп жарқын жүз,
Ат тағып қайда барса, деп «алтын із»
«Жігітті жұрт мақтаған, қыз да жақтап»,
Бір кезде жары болды бір сұлу қыз.

Жалғаған жүректерді махаббаттан,
Қыз перзент туды, бір сәт, таңдай атқан,
Былай да бақытты үйге, мынау сәби
Сөнбейтін шамдай болды күн-түн жаққан.

Той жасап хал-қадарша, жұртын жиған,
Риза етті Сейіт, тартқан сыйдан.
«Болсын,— деп,— шыққан күнің, нәрестенің
Шамсинұр қойып кетті атын имам.

Шамсинұр өсті әкенің күні болып,
Күн сайын шешек атқан гүлі болып,
Жай гүл емес, иісі жұпар атқан
Гүлдердің таң қаларлық бірі болып.

Осы гүл күнде түлеп, шешек жарған,
Сапырған, жаралғандай сүт пен қаннан.
Әкенің сүюі мен иіскеуіне
Тәттірек тәрізденді шекер-балдан.

Еңбектен ұзақ, ауыр келсе талып,
Шамсиың бір иіскесе қолына алып,
Құр аттай сергіп бойы, талған дене
Күшейіп кетті Сейіт қайраттанып.

Қуаныш кіріп ойға, әлденебір
Қиялға нелер ғажап шауып көңіл,
Құлшына қалды Сейіт, жас батырдай
Үзетін, өзге түгіл, тепсе темір!

«Күн көріп аспанымда тұтарым» деп,
«Қуат қып жан-тәніне жұтарым» деп,
Иіскеген, сүйген сайын құштарлана
Сөйленді Сейіт ылғи «Жұпарым!» жеп.

Осыдан кетті Шамси — «Жұпар» болып,
«Жүзімдей, бейне, сорып жұтар болып»
Тамаша тұлғасына түрі сәйкес,
Үлбірек гүл-шешектен жұқа болып.

Жұпар қыз өсе берді талдырмаш боп,
Гүліне жүрген эке, оның мас боп,
Басуын бауырына тоқтатты әрең,
Түскенде белге тарам өрген шаш кеп.

Сабаққа берді әкесі бала жастан,
Тұтымды зирек болды жұрттан асқан.
«Білімді, қайратымен елге тұтқа
Болады» — деп жорыды бір бал ашқан.

Есейе нелер қалың кітапты ашып,
Оқыды жайды болған талай ғашық.
Сан түрлі, сан шешімді оқиғаға
Өзі де жүрді іштей араласып.

Жимайтын құшырлана сүймей есті,
Тақамай ұйықтамайтын төске төсті,
Жынысы не екенін білмей жүрген,
Сейіттің қызы қалай ілезде өсті?!

Осы оймен Сейіт біраз болып әлек,
Денені жалғастырған сынып бөлек,
Жаратқан ұрғашыны «тәңіріге»,
Кей күндер жылап жүріп айты нәлет.

Қоя алмай көрмей, бірақ «күн» мен «айын»,
Түсініп зорға әрең, жыныс жайын,
Басынан бейшара әке, көктемдегі
Бұлыттай ақырындап ауды уайым.

Сонан соң гүл жайнаған шығып жазы,
Ақылы аудырмайтын боп таразы,
Жанындай жақсы қызы секілденді
Қолынан ұшыратын аққу, қазы.

Жүретін тәтті қызын, балап балға,
Күткенін болжай алмай не күн алда,
Тіледі жаны езіліп дамыл таппай,
«Бақытты қонса екен,— деп,— бір аралға».

Әкенің осы жәйін қыз да сезіп,
Пәк қиял кеткенімен кейде кезіп,
Ашылар бүршігінен мезгіл таяу
Болғанмен, білдірмей сыр, жүрді төзіп.

Дегенмен «күн шықпайын», таң қоймайды.
Буалдыр болашағын қыз да ойлайды.
«Қандай жан бақытыма кезігер?» деп,
Суретін жасап ойдан қиялдайды.

Бірінде сондай күннің болып жиын,
Күш қосып диқаншылар жасап ұйым,
Қазбақ боп Лобынордың бас арығын,
Жүктеді мойынына істі қиын.

Еңбектің майданында «ханға» балап,
Сейітті басшылыққа жұрты қалап,
Соның жөн сілтеуімен, қалың халық
Қос-қос боп, алуан іске жатты тарап.

Басталды кешікпей-ақ іс жанталас,
Қарулы ер атаулы сілтеп құлаш,
Еңбектен терін төксе, оларға азық
Тасиды бала-шаға, қатын-қалаш.

Күндізгі ыстықтарда ми қайнатқан,
Түндегі салқындарда жан-жайлатқан,
Жарқылдақ ақ кетпендер бір тынбады,
Шаңытқан боз топырақты сілтей атқан.

Әрбір топ, әрбір тұстан қазған үңгір,
Ілезде арна болды терең кең бір.
Ернеуі құлаш жетпес, тасып топырақ,
Артылды арқаларға ауыр зембіл.

Ерлердің еңбектегі халын сұрап,
Аралап жүрді күн-түн Сейіт мұрап.
Қасына ерген ерке Жұпарына
Халықтың терін төккен ісі ұнап,—

Қалмады қайда барса қасынан ол.
Күштерді көріп, үдей тасыған ол,
Еш уақыт әкесінен жұбын жазбай,
Арықтың кетпей қойды басынан ол.

Жұмыста жүрген жастар, кетпен шауып,
Көңілін көтеретін уақыт тауып,
Жиналып «Мәшірапқа», таң атқанша,
Сан кешті өткізеді құрып сауық.

Жұпар да бұл ойынға араласып,
Бұлбұлдай балы тамған әнге басып,
Ұршықтай үйіріліп билей кетсе,
Жастарды таң қылады, өнері асып.

Сұлуға жігіттердің түсіп көзі,
«Пері я періште ме мұның өзі?!»
Деп таңданып, түрі мен тұлғасына,
Болады қоса кеңес қыз мінезі.

Тілейді: «лайымда тіл өтпесін!» деп,
«Шешегін бұл сұлу гүл төкпесін!» деп,
«Қандырып жігіттердің көз сусынын,
Ешқайда ғайып болып кетпесін!» деп.

Көзінің көркі болған қыз баланы
Жігіттер бір-бірінен қызғанады,
«Болады-ау біреуге жар!» деген оймен,
Жүрегі кейбіреудің мұзданады.

Серуендеп қыз осылай бара берді.
Көргеннің көз сусыны қана берді.
Асығып тез көруге көрмегендер,
Көргендер құмар болып қала берді.

Киіктей емін-еркін кезген түзді,
Қалдырып әр жүректе өшпес ізді,
Бір тұсқа нысаналы жеткізді әкеп,
Құрметті оқушылар, Жұпар бізді.

Дейтұғын көл бар еді Қараборан
Арықтың бір сағасын бастап содан,
Бар еді бір қалың топ Шарқылықтың
Бағыраш жақ арнасына соққан тоған.

Бет алып жүрген Сейіт осы жаққа,
Жолшыбай жұмыс жәйін айтқан шақта,
Байқамай қалды, қызы құмартқанын
Әкесі көтермелеп айтқан атқа.

«Бар,— деді,— бір жас жігіт Жапар деген.
Тауды да төңкереді «қопар» деген.
Мен өліп, ол артымда тірі қалса,
Қабырда тиыштықта жатар денем.

Мұраптық орнымды сол-ақ басар,
Күшпен де, ақылмен де жұрттан асар.
«Көп тілеуі көл» деген рас болса,
Халқының бақытына ұзақ жасар!»

Есітіп қызы әкеден мына сөзді,
Көргенше осынау ерді әрең төзді.
Көргенде тұлғасына, ажарына,
Ісіне сынамақ боп тікті көзді.

Тұлғасы бейне арлан — жолбарыстай,
Қимылға кіріскенде кетпенді ұстай,
Бұлкілдеп ойнақшыған бұлшық еттер,
Теріге қалай сыйған құс боп ұшпай!..

Тұрғандай айбат шегіп, алар қабан,
Шабатын топыраққа еппен қадам.
Басып кеп сілтегенде, болат кетпен
Кіреді сағасынан жалпақ табан.

Дарытпай алған «аңын» денесіне,
Кетпеннің уыстап ап көбесіне,
Екпінмен сілтегенде, жентек топырақ
Түседі ырғып арық төбесіне.

Ертеден қара кешке солай атып,
Тотыққан дене қалың шаңға батып,
Бастаған тобына үлгі береді екен,
Еңбекте ерте тұрып, кейін жатып.

Үлгі боп жер өзегін суырса ол,
Апшысын атқарған іс қуырса ол,
Болады көптің көркі тыныста да,
Тазарып топырақтан жуынса ол.

Қалайы түсті сұлу, биік бойлы,
Ер-сынды келбетіне көзің тойды.
Қылығы, мінезі жоқ жат көрінер,
Істе де, әдетте де абыройлы.

Бұл жігіт біздің қызға кетті ұнап.
Сыр бермей ақылды қыз жүртқа, бірақ,
Жүректе ғашық оты тұтанғанмен,
Байқатпай «түтінін» де көрді шыдап.

Өртіне ғашықтықтың булықты қыз.
Қаншама ойлағанмен қулықты қыз,
Келгіштеп жүрген шақта, жігіттерге
Жан сырын абайсызда білдіртті қыз.

Деген бар «махаббатты көз бастайды»,
Жас көздер құр-бекерге арбаспайды.
Жанары жанға оқтай қадалған көз,
Сөнбестей кей жүрекке шоқ тастайды.

Жапарға Жұпар солай қарай қалып,
Көз оғын жүрегіне қадай қалып,
Есінен адасқандай болып кетті,
Ауытқып баратқандай жер айналып.

Сол сәтте жиып Жапар, әрең есті,
Жамылып жан көрместей бұлдыр кешті,
Қызбенен қыбын тауып жолыға ғап,
Ағытып тал жібектей сырын шешті.

Қыз бойы балқығанмен, улана ғап,
Тартып ол жынысына, қулана ғап,
«Сен өзің не деп тұрсың?!» деп жекірді,
Тепсініп, қаймықпастан, тура қарап.

«Құрбым деп, шақырғанға келсем іздеп,
Аузыңнан қандай сөздер шықты тізбек?
Қарамды көрме бүйтсең бұдан былай,
Іздесең ұрғашыны, елде қыз көп!»—

Деді де жөнелді қыз жалт бұрылып,
Балықтай есін танған сеңге ұрынып,
Қалшиып жігіт артта қала берді,
Қорланған ой-сезімі мың құбылып.

Үзгенде қыз қарасын, жиып есін,
«Сөзінің ауыр алдым,— деді,— несін?!
Маңдайға жар сүюді жазса тәңірі,
Кез келген бақытыма осы үлесім!

Ендеше, тез өбем деп асықпайын,
Ерке өскен еркін жанды шошытпайын,
Мұратқа ебін тауып жетсем болды,
Естітін ертегіде ғашықтайын».

Үзілген көз қарастан, жан жалғасып,
Екі жас жолыққанда жүрді арбасып.
Қаншама бүркеншектеп жасырғанмен,
Халыққа мән-жайлары болды ашық.

Біраздан жұрт сезгенді сезді әке,
Алғашта бұлап жүріп көзді әке,
Заңынан табиғаттың аса алмай,
Ақырда «қайғысына» төзді әке.

Қатырмай бұл ойменен енді басты,
Біріне-бірі ұнаған екі жасты
Қалайша тез қосудың қамын ойлап,
Бұл жайда дос-жаранмен ақылдасты.

Біреулер: «абайлайтын көз көп» деді,
«Әлдекім теріс ойға мезгеп» деді,
«Қызыңның жаман аты тарап кетпей,
Бұйрықты бұл жұмысты тездет» деді.

Шығыста күйеу жәйлі әке мен қыз
Сырласу салты жоғын білеміз біз,
Сондықтан Сейіт мұрап, кей досынан
Өтінді деп «бұл сөзді өзің жеткіз!»

Тіл қатқан талайлардың қайтты беті.
Барын жұрт біле алмады не ниеті,
Жүгіртіп әлденеше саққа мұны,
Күн сайын қаулай түсті өсек өрті.

Шалдығып осынау өртке Жапар-дағы,
Мезгілде: таң атар, күн батардағы
Жолығып, сырдың күйін шерте қалса,
Жібімес қыз мінезі қатал әлі.

Белең ап болған шақта осынау өрт,
Үдеген шақта қызда ғашықтық дерт,
Мазасын ала берген сүйгеніне,
Жұпар қыз бұлжымастай қойды бір серт:

«Жақындат я алыстат, тіпті ілгері,
Жарының өз қолында күткен күні,
Бір жасап екі тойды, қауышайық,
Қазылған мына арық біткен күні.

Болайын оған дейін осы маңда,
Болайын алданышың дем алғанда.
Сүйгенің мені егер рас болса,
Бұл серттен қадам басып әрі барма!»

Амалсыз Жапар сертпен алысты қол,
Мақсатқа бұдан басқа жетер жоқ жол.
Кей кезде шыдамының шарасынан
Төгіле жаздап, әрең жүреді ол.

Тыныста, таңғажайып кейбір түнде,
Екеуі жұрттан аулақ жүріп бірге,
Басталған Қараборан іргесінен,
Кетеді бұйрат құмға сіңіп мүлде.

Жолшыбай жоталана көсілген құм,
Гуілдеп, аяқ басса есілген құм,
Ағашты яки шөпті қиқы-шойқы,
Тырбита өнбойына өсірген құм.

Теңізге ұқсап түнде, толқып жатқан,
Жері жоқ нық басарлық аяқ аттам,
Жырақта бұлдыраған тақыр шыңдар,
Кемедей теңселеді суға батқан.

Боранда жылжып жатқан қардай қырбық,
Жел тұрса жөнеледі құм да сырғып,
Жылан ба, кесел, батпат кесерткі ме,
Иреңдей әлденелер қашады ырғып.

Сексеуіл бұтағында сайрап бұлбұл,
Төгеді көмейінен ғажап үн бір,
Жабыса қолтықтасқан екі жасты
Тұрғандай қошеметтеп осынау жыр.

Шуласа кеңеседі шыңда ұлар,
Байғыз да ысқырады — тасқа бұғар,
Жаңғыртып үнсіз құмды тыраулайды
Тырналар әлдекайда, әнге құмар.

Жапалақ кейбір тұста жалпылдайды,
Аспанда ұшқан қаздар қаңқылдайды,
«Бұзған кім түн тыныштығын?!» дегендей боп,
Бүркіт те кей шоқыдан шаңқылдайды.

Қоян ба ақбөкен бе я киік пе?
Әлде не үрке елбеңдеп жүр биікте...
Қарайды одырая жырақ жерден,
Дегендей: «бұлар ғана жар сүйіп пе?»

Сүйриген қырат құмдай боп өркеші,
Түйелер тағы өскен — құм еркесі,
Тайраңдап ирек мойнын жерге төсей
Қашады көрінсе адам көлеңкесі.

«Мезгілсіз қайдан пайда болды бұған?!»
Дегендей, жусап тұрған үйір құлан
Сезген соң адам иісін, шұр ете ғап,
Үркеді тұяғынан бұрқап тұман.

Ұқсаған тарғыл ала жолбарысқа,
Әлде не бұлаң қағып жүр алыста.
Әлде не арсылдайды, ырсылдайды
Жан талас, ұқсап бейне, арпалысқа.

Әлде не, жырақ жерде шыңғырады,
Кейбір шу құлақты ың-жың қылады,
Қысқасы: құмды кезген екі адамнан
Шошиды құстар, аңдар өскен тағы.

Қырынан қайнасқандай екі дене,
Көп түндер аңмен, құспен бірге өре
Кезгенмен құмның ішін, еріндері
Көрген жоқ бірін-бірі әлі өбе.

Кей кезде, жүрген шақта жұрттан аулақ,
Есін ап ғашық оты жанған лаулап,
Тізгінін қара күштің босатқанмен,
Жей алмай жүрді Жапар «аңын» аулап.

Алысса әлі жетпей күшке күштің,
Боп Жұпар қаншығындай жолбарыстың
Бойына дарытпайды, ала алмастай
Зорлықпен бағындырып мұны ешкім.

Шамасы келмеуіне күйінеді,
Күшіне қыздың бірақ сүйінеді.
Жетуге шартты күнге асығады,
Деп «сонда бұл шым болат иіледі!»

Біраздан күткен күн де жақындады.
Бір кеште таңды көзден атырғалы
Ойлаған Жапар өтіл сөз айтқанда,
«Болсын» деп Жұпары да мақұлдады.

Екеуі қолтықтасып кетті құмға,
Бөлінбей көңілдері жолда ың-жыңға,
Құмды есіп аяқтары аңнан бетер,
Шығуға ниет етті биік шыңға.

Болмады ешбір бөгет екі жасқа,
Арқардай ырғып олар тастан-тасқа,
Өрмелеп шыға келді бір шоқыға,
Құс пенен шыға алмайтын аңнан басқа.

Аспанда бұлт барда ала-шабыр,
Арасын кезген айға «мені жамыл»
Дегендей лезде ол қалыңдай ғап,
Батқан ай әлдеқайда алды дамыл.

Жалқау жел жаңа ғана тымық еді,
Үн-түнсіз жусап қана тұрып еді,
Екі жас шыңға шыға ояна ғап,
«Бұларың кім?» дегендей күбірледі.

Жел түгіл, жатсын мейлі, аспан құлап,
Екі жас абайлайтын емес бірақ,
Қазықтай қағыла ғап кесек тасқа,
Тек, жүрек дүрсіліне түрді құлақ.

Жүректер жатыр тулап асау аттай,
«Үркер,— деп,— үн шығарсақ», жастар батпай,
Жабыса қалды екеуі қырларынан,
Көздері жаутаң қағып, жауап қатпай.

Сол шақта махаббат та басып көрік,
Екі жас қорғасындай кетті еріп,
Адасып ақыл-сана, байланып тіл,
Еріндер бірін-бірі қалды өбіп.

Алтынмен қайнасқандай плотина,
Қарауға «кір» дүниенің ұятына
Әлдері жетпей қалып, екі ғашық
Жетуге айналғанда мұратына,—

Кеткендей дауыл тұрып, күн шатырлап,
Қалғандай жанды алар жау жақындап,
Үрей ғып мезгілсізде құм-даланы
Қағылды ойда, қырда дап тақылдап.

Керней де ащы үнмен мөңіреді.
У да шу, азан-қазан төңірегі
Болғанда екі ғашық құлақ тіксе,
Бір пәле келіп қалған көрінеді.

Кетіріп зәрелерін мынау у-шу,
Ғашықтық жалынына себіліп су,
Орнынан Жапар, Жұпар атып тұрды,
Дірілдеп дене, кескін болып құп-қу.

Әл жетпей сұрауға да, «мынау не?!» деп,
Жүгірді мекен жаққа олар бөлек.
Дап пенен көрней даусы үдеп кетті,
Адамдай өртке күйген сұрап көмек.

Келсе ұшып, өкпелерін қолға алып,
Шуласып опыр-топыр жүрген халық...
Не болып, не қойғанын ешкімнен де
Білуі қиын болды әуел қанып.

Білгені: дүрбелеңге себеп зор тым,
Үрейге кіріп алған халық мол тым,
Бәсеңсіп аздан кейін тілге келді,
Жындана сапырылған осынау толқын.

«Қытайды билеп тұрған император,
Қолменен жер қайысқан келе жатыр.
Ұлдарды — құл, қыздарды — күңі етпек,
Әйтпесе, қырып кетпек таза-тақыр!..

Себеп не?.. Ұйғырлардың не жазығы?!
Қадалса айдаһардың қанды азуы,
Шырылдап сорлы ұйғыр кетті дей бер
Күштінің бір-ақ қылғыр боп азығы!..

Күш бар ма жалмауызды тоқтатарлық?
Ер бар ма «ел!» деп өзін отқа атарлық?
Апыр-ай, ондай дауыс естілмеді-ау,
Балықтай шықпас ауға біз маталдық!..»

Бар құлақ естігенде осы зарды,
Сұрауға жауап таппай тына қалды.
Әлгінде үрейменен сапырылған,
Қимылсыз қалың халық тұна қалды.

Жай күнде ел билейтін талай пысық,
Жоғалды бой көрсетпей, құйрық қысып,
Ертегі болып жүрген ел намысы
Кеткендей болды бойдан құс боп ұшып.

Қасқырдың естілгенде ұлығаны
Түлкілер бас сауға ғып тығылады.
Манап, бай, ишан, молда нақ солардай
Тіл қатпай әр тұста тұр бұғып әлі.

Әзірейіл келетіндей жанын алар
Жағдайда, халық сасып естен танар,
«Қансидің жауығуы — Шамсинұрдың
Ажары мен сымбаты!» деген хабар.

Ілезде тарай қалды әр ауызға,
Байтақ ел сыйғанымен бір қауызға,
Батпады осынау сөзді естіртуге,
Жапарға досы түгіл, қас-жауыз да.

Білді олар, қызды өлмей қимайтынын,
Ести қалса, өкіре тулайтынын.
«Сонда не істеу керек?» деген сұрау,
Зіл болды, жанды езіп қинайтұғын.

Өсектің өрті кеңіп кетті лаулап:
«Әйтеуір алар болса елді жаулап,
Бар ұлды — құл, бар қызды — күң еткенше,
Бір қызды қисақ,— десті,— халық сауғап!»

«Құпия» болғанымен жұртқа бұ бір,
Естілді Жапарға да сыбыр-күбір.
Ең алғаш естігенде естен танып,
Не деуге білмей қалды байланып тіл.

Сезімді аздан кейін ақыл жеңді,
Егер жау басып алса туған жерді,
Бір емес, ұйғырлық бар ұлардың
Талқан боп қирайтұғын кезі келді.

Тіреген шақта ойын соған Жапар,
Шешімге бұлжымастық келді қатал:
«Құл болып үйде өлгенше, түзде ұлы
Болайын, шама келсе, жау тоқтатар!»

Жұпарға осы ойын төрелетті.
Қарсы сөз айтпай ол да көне кетті,
Қайтеді көнбегенде, ойда жоқта,
Сөйтуді қатал тағдыр керек етті.

Соқтықса үгілетін бордай боп тұр,
Шешуге сыр түйінін күрмеліп тіл,
Булығып жасқа берген серттері тек:
«Еш уақыт ар, намысқа жақпаймыз кір!»..

Тағы да жиналып жұрт сандалғанда,
Алқымға таяу тұсқа жан барғанда,
Ақырған арыстандай дауыс шықты,—
Бар аңды жым қылғандай жүрген маңда!..

Өкірген арыстандай ішін тарта,
Айғайды салған сайын дауысы арта,
Бір адам барады өрлеп, ауызынан
Жалыны араласқан қар бората.

Қалшия қата қалып қалың дүрмек,
Дауылдай, тек, шешеннің сөзі өрлеп
Құлағы шыңылдаған қалың халық
Сұрайды бір-бірінен «мұның кім?!» деп.

Сыбырлап бір-біріне «Жапар! десті,
«Алмастай сөзі қалай қатал десті,
«Апырай, болмағай да осы жігіт,
Ұйғырдың оғы жауға атар!» десті.

Әуелі жылап Жапар, ыза буып,
Ақ бетін күн қақтаған, жаспен жуып,
Ілезде жинап бойын, ақпан менен
Қаңтардай қыраулата алды суып.

«Уа, халқым, соңғы сөз» деп салды айғай,
Тоқтасын осыменен жылау, ойбай!
Несіне шешеміздең ұл боп тудық,
Жеріне жау келгенде қарсы бармай?

Ермесе қала берсін, жан сақтаған!
Қайдасың ер-азамат, жұрт жақтаған?
Топтансаң біреуіңмін, бұл жорыққа
Еш адам шықпаса да, мен аттанам!

Еңіреп қоя берді жым-жырт халық,
Жапарға жұрт әуенін тұрған бағып,
Ду ете жауап берді ер-азамат,
«Отанды қорғаймыз,— деп, бірге барып!»

Десті олар «буынамыз белді тас қып!
Қайтпаймыз қамаласа өлім, аштық.
Осынау тар өткелден алып шығар,
Тілейміз, өзің бол деп, бізге бастық!»

Шарт та шұрт, төңіректе соғылды қол.
Әрине, «осы мақұл» дегені ол.
Жау жүрек жігіттерге жалындаған,
Халайық тілей қалды бақытты жол.

Құрыла қалды ілезде топ-топ қосын,
Дерліктей түрі болды жауға «шошын!»
Іріктеп алды Жапар табандысын,
Шығарды қатарлардан көңілі босын.

Болмады тіленгенді бетке қағу,
Жетерлік даярланды қолға қару,
Бастығы Жұпар болып, әйелдерден
Білдірді ниет — жауға қарсы бару.

Діншіл ел пірі қылып тұтқан имам,
«Болуға әйелді әскер құран тыйған» —
Деп, шырмалған сол торға, жорықтан бұл
Қалатын болды әйелдер, жасып қойған.

Жұпардан болды Жапар айырылар,
Бірақ ол болат емес майырылар.
Жыртыла жүректері екі ғашық
Тіледі күнді аман қайырылар.

Қалыңдық жасын төгіп бос қалмады,
Халықты қайғы-тұман басқандағы
Жағдайда Жапарына берді уәде,
Арттағы ауыр істі басқарғалы.

Біраз күн осылайша батпанды қол,
Күннен-күн саны өсе, топтанды қол,
Алуға қалың жауды қарсы тосып,
Майданға шеру тартып аттанды қол.

Секілді сұрлана ғап таудың тасы,
«Жамандық шақырады көздің жасы»—
Деп бөгеп бірін-бірі, қалды қатып,
Халықтың сол майданда кәрі-жасы.

Жұпар да сол қаттының болды бірі,
Нұрланды қу сүйектей түсі, түрі.
Көзінен шөл даладай жасы кеуіп,
Қимылсыз сөзге келмей қалды тілі.

Жапар да дәл осындай түрде кетті,
Дене емес, жай тірі сүлдер кетті,
Жұпарға тастап мәңгі өз жүрегін,
Қыз жүрегі онымен бірге кетті.

Үшінші тарау

## СЫНДАҒЫ СҰЛУ

Сол бетпен Жапар қолы кете берді,
Бөгеттен нелер қиын өте берді.
Табиғат өзі соққан бір қамалға
Күні-түн суыт жүріп, төте келді.

Шығыста, Шленсен мен Құрық жақта,
Бар еді ені аса тар тастан қақпа.
Екі жақ босағасы шыңды жота,
Өрмелеп шыға алмайтын жаяу да, ат та.

Оңтүстік бір босаға — Памир, Алтай,
Қаусырып солтүстігін Тянь-Шань орай,
Жасалған асу бермес бұл қамалдан,
Құлаған тайқып кейін жаулар талай.

Бекінді Жапар қолы сол қақпаға,
Ар жақтан жау да жетті бір аптада.
Талқандап тар кезеңде дұшпандарын,
Ұйғырлар бері қадам аттатпады.

Тынбады арпалысқан қанды шабыс.
Вань Ань-ши жеңе алмауын көріп намыс,
Жан-жаққа шолғыншы сап, биік таудан
Өрмелеп өтетұғын ойлады әдіс.

Ежелден қар жамылып, мұз жастанған,
Шыңы — тік, құзы — құлдыр тау — асқардан
Өтетін жердің жоғын хабарлады,
«Шолғыншы» аталатын қол басқарған.

Бұйрығы — Вань Ань-шиге Фын Юй-фудың
«Кінәңді, тек, сұлуды әкеп жуғын,
Бұл бұйрық орындалмай қалса егер,
Енеңнен адам болып деме тудым.

Жорыққа жұмсалғанның солай бәрі,
Шегінсе аяқтарын баспай әрі,
Қоштаса берсін онда тіршілікпен,
Біткені көрер күні, татар дәмі.

Қырыла берсін қолың жүздеп, мыңдап,
Соғысты үдете бер, арттан тыңды ап.
Жеңіспен қайтса қолың, бәріне де
Береді патша сыйлық ырғап-жырғап!»

Болған соң патшасынан бұйрық солай.
Өтпесін көре тұрып таудан оңай,
«Өтсең өт, өтпесең өл!»— деп Вань Ань-ши,
Қаптатты қалың қолын тауды орай.

Басталып тауға жаппай «альпинизм»,
«Өтем,— деп,— баса-көктей шыңын, құзын»
Тірі ғап мыңнан біреу, өзгесі апат
Болды да, қар мен мұзда қалдырды ізін.

«Көп» екен, сонда-дағы, «көптің» аты,
Асуға асқарлардан әл-қуаты
Жеткендер жетіп жатты, ұйғырларды
Тылынан түре тиіп, басқан қапы.

Жапардан Вань Ань-шидың айласы асты.
Қапыда желкесінен келіп басты.
Басталып қырғын соғыс, ұйғырлар да
Бермеуге жанын оңай жан таласты.

Жауының қанды шеңгел уысына
Түскенін ұғып ұйғыр, жан ұшыра
Қимылға кірген шақта, қалың қытай
Қамады таудың шықпас қуысына.

Ендігі істің жәйі болды мәлім:
Ұйғырды қалжыраған тауысып әлін,
Шығармай сол қуыстан, қан-құйлы жау,
Қыруға ниет етті түгел бәрін.

Жігітке, сонда Жапар, ту ұстаған:
«Апырай, боп кетті,— деп,— жұмыс жаман»
Арпалыс арасында тіл қатты да,
«Тапсырам,— деді,— ауыр бір іс саған:

Беріп ек қолыңа ту, «жықпас» деп біз,
Қамаған қалың жаудан аман өткіз!
Бұлт бол, жел бол, құс бол,— қайтсең-дағы,
Күрестің туын барып елге жеткіз!

Жұпарға сәлем, босқа төкпей жасын,
Тырыспай сақтауға құр қара басын,
Асынсын қару-жарақ, мінсін атқа,
Дұшпанға таптатпасын ел намысын!»

Соны айтып Жапар жауға кетті қойып,
Тигенін жай тасындай түсті ойып.
Найзаны қылышпенен қабат сілтеп,
Қармауға іліккенді өтті сойып.

Екі көз түкті көрмей қанталады,
Жан-жақтан жау қамалап анталады.
Шықпайтын темір торға шырмалғанын
Қимылда жүрген Жапар байқамады.

Алыспақ жалғыз қалай ол көппенен...
Қадалды сансыз найза түйдектелген,
Денеден ауырсынып жанталасқан
Шырылдап ақты қаны дірдектеген.

Найзалар қабаттаса жауа берді,
Қансырап Жапар есі ауа берді,
Денесін ат үстінен төңкерілген,
Боз шаңы туған жердің жаба берді.

Сананы қуып бойдан тән жарасы,
Тартылса төңкеріліп көз шарасы,
Етерде жан тәсілім «Жұпа-па-па-а-а-р,
жаным!..»
Жапардың деуге-ақ келді бар шамасы.

Сол кезде бәсеңдеді алыс, ың-жың.
Жел тұрып, борандата жөнелді құм.
Қанына өліктердің боялғандай,
Көмілді қою шаңға күп-күрең күн.

Қалғандай шәһидтерді аза тұтып,
Дауылды дала ілезде қарауытып,
Бүркегенде маңайды түн түнегі,
Тушы да елге беттей тартты жытып.

Құлдыр құз, шаншылған шың, заңғарларды,
Жынды өзен, жар-қабақты аңғарларды,
Аңдарды жыртып жеуге тұра ұмтылған,
Асығыс біздің тушы аңғармады.

Болғанмен «қайтер екен?!» деген уайым,
Бекінген берік, естіп Жапар жәйін,
Тылдағы халық жаумен арпалысқан
Әскердің керектерін етті дайын.

Жапары аттанғанда жортуылға,
Еңбекте оның орнын толтыруға
Кірісті іске Жұпар, әріптес жұрт
Оның да қайран қалды қарқынына.

Халайық күннен-күнге әлі өсіре,
Түп-түгел қолдарында барды өсіре,
Жасаса қимыл, қоршап тұрған таулар
Жарады қажет шақта жәрдемшіге.

Бұлттар қабақтарын түйе қалып,
Тастардың тамырлары ие қалып,
Қажет су диқаншыны тарықтырды,
Жайыла жатты барлық жүйені алып.

Егінге төніп шөлейт, талай тақыр,
Жайқалып танаптарда дәнді дақыл,
Түсірмей жерге жалғыз түйірін де,
Жинауға түгел халық құрды ақыл.

Істердің күш жұмсаған бәрі өніп,
Жеміс те, бау-бақша да мәуеленіп,
Жұмыста кездестірді кімді көрсе,
Бос жүрген жан болмады әуейленіп.

Қазылып бұрынғыдай жатты арық,
Кәрі-жас, әйел-еркек, барлық халық
Аямай терін төксе, еңбектері
Адымын басқан сайын жатты жанып.

Деп «бәрі жеңіс үшін, майдан үшін!»
Сарып қып бойдағы бар айла-күшін,
Ұйғырлар еңбектегі жатты үзбей,
Жорықта жүргендермен байланысын.

Кезінде тойтарылған жаудың беті
Тылдың да өрлей түсті қызыметі.
Жау жаққа жаутаңдаған үрей қалып,
Үйренді соғысқа да жұрттың еті.

Жұрт: «әзірге бет жаман емес»,— деді,
«Жау да енді жұта қоям! демес»— деді.
Хабарын қан майданның ести келе,
Үміті беріспеудің елестеді.

Майданнан бір уақытта хабар келмей,
«Не болды?» деген оймен жұрт елеңдей
Қалғанда арып-талып қиналғанмен,
Тушы да жетті тылға әрең өлмей.

Сүлдерін сүйретіп ол жетті елге,
Үрей жұрт, эскері жоқ ту көргенде,
Сең соққан балықтай боп есеңгіреп,
Байланып келмей қалды тіл не дерге?

Деуге тіл күрмеле ме, бата алмай ма?
Мұндайда сөз көмейде қақалмай ма?!?
Сақау боп қалған халық, ышқына үн
Шығарды, деп «қол қайда, Жапар қайда?»

«Қалың жау,— деді тушы,— жерге қыспақ
Қамап ап біздің қолды мықты уыстап,
Өлтірді қылғындырып көпшілігін,
Қамалап азшылығын алды ұстап.

Жапар да секілденді соның бірі,
Соғыста болды оның ісі ірі,
Кезінде арпалыстың кезіге ғап,
«Туды елге жеткіз!» деуге келді тілі»...

Бұл сөзге Жұпар қатты налып кетті,
Денесі оттай лаулап жанып кетті,
«Жапаржан!» деп ышқына айғайлап қап,
Жүрегін қолмен баса талып кетті.

Әкесі анадайдан халын көріп,
Қасына құрақ ұша келмей төніп,
«Болғанша жауға мазақ,— деп,— тіледі,—
Сол бетпен жарар еді кетсе өліп!»

Талайлар, ол ғана емес, жатты талып,
Қайғылы әр көкіректі жалын қарып,
Енді не боларына көзі жетпей,
У да шу, азан-қазан болды халық.

Десті олар: «Бастар ер жоқ, ел не болды?
Жау жайлап алса, туған жер не болды?!»
Осылай зарланған көп қор боп тірі
Жүргеннен жақсы көрді, енді өлгенді.

Халықтың ағып көзден қанды жасы,
Ұйғырдың түскен шақта ұнжырғасы,
Біртіндеп қалды бойға жиналып та,
Жұпардың қашқан қуат, ой-санасы.

Есіне сол секунтте түсті Жапар.
Қара бұлт басқандай боп, таңын атар.
«Тірі ме я өлі ме?» деген сұрау,
Басында сапырылды опар-топар.

Құтқару керек, егер тірі болса!..
Ал, егер құрбандардың бірі болса,
Бұған да қан майданда өлу керек
Жаулармен арпалыста, болып борша.

Соны ойлап шықты ырғып биік шыңға.
Халықты түсіп еңсе, батқан мұңға,
Сергітіп салды айғай, селк етті жұрт,
Селк еткен секілденді дала, құм да.

Қайғылы қалың жұртпен бірге кейіп,
Селк етті осы тұста тұрған Сейіт.
Үн қатқан кім екенін көрген шақта,
Адырақ көзі кетті тіпті үлкейіп.

Барлық жұрт осы үнге көзін тіксе,—
Жұпар қыз шаңқылдаған жас бүркітше!..
Деді ол: «Қашар қоян біз боппыз ба,
Ит қосып, құс жүгіртіп, жау үркітсе?

Жоқ, үрікпейміз, шығамыз жауға қарсы,
Беріспейміз, тірі қан барда тамшы.
Кітаптан көзін көрген, уа, халайық:
Мына бір оқиғаға құлақ салшы!..

Баяғы Бұқа ханның заманында,
Асырып күшін, айла-амалын да,
Келгенде Ки-Хұсырау, осынау ел
Оның да қалмап еді қамауында?

Кезінде арпалыстың өліп Бұқа,
Азалап қайғырғанмен, жалын жұта,
Күн ханым аттанғаны қайда жауға,
Халқының туын қолға берік тұта.

Қарулы жеңе алмаған қалың юнан,
Күн ханым Ки-Хұсырауды жерден қуған.
Талай қыз тарихында болмап па еді,
Осылай қол бастайтын ер боп туған?

Мен де сол Күн ханымның сіңлісімін.
Күш-қуат, ар-намысы бір кісінің
Бойымда бар деп білем, жүкте, халқым,
Салмағын туған елдің, бір ісінің!

Шығайын, сенер болсаң, қолды бастап.
Жауларды жерден қуу болсын мақсат.
Келмесе күш, жүргенше құл, күң болып,
Жатайық құрбан болып, жауды жастап!..»

Жұпар қыз, соны айтып, кілт қалды тынып.
Қалың жұрт, жансыз судай тұрған тұнып,
Жөнелді көтеріле көк теңіздей,
Толқыны сапырылған жағаны ұрып.

Шешіліп әлгі кезде буылған тіл,
Көбейіп жұрт ішінде сыбыр-күбір,
Деген сөз шығып жатты әр ауыздан —
«Қыз болмай ел бағына туған бұ бір!»

Біреулер болғай емес — болды десті.
«Сөзі де, тұлғасы да оңды» десті.
«Біржола бастан ұшты деген бақыт,
Қайтадан айналып кеп қонды» десті.

«Қыраны ұя басар шың мен құздың,—
Секілді болған талай батыр қыздың.
Жолына түссе Жұпар, ел тағдырын
Бастауға береу керек,— десті,— тізгін!»

Сарқылып сөз тасқыны осы сайға,
Көңіліне жауға шабар желік пайда
Боп алған қалың ұйғыр, деп сұрасты —
«Дыбысы естілмейді, Сейіт қайда?!»

Үн қатты Сейіт жұртқа «мен мұнда!» деп.
Өрмелеп шығып алып, ол шыңға кеп,
Халыққа көзін тіккен, айтты айғайлап,—
«Жорыма, ой-санасыз бос тұр ма?»— деп.

«Үн-түнсіз ойланғаным сенің қамың,
Ай, күнің тұтылғанда жанса шамың,
Оңғарып жолын тәңірім, елге пана
Болармық жарқыратып ашсын бағын.

Көңілі ел қорғауға соғып тұрса,
Мойнына артса жүкті қызым мұнша,
Оңаша бір-екі ауыз тіл қатуға,
Сұраймын халайықтан бер деп мұрша!»

Халайық дауыстады «мақұл сөз» деп,
«Уақыт аз, бітіріңдер, бірақ, тез!» деп.
Сұрады әке қыздан, қол бастарда
Мақсатын алдындағы тұрған көздеп.

Жауабы қызының да болды қысқа:
«Шығамыз жауға қарсы, біз ұрысқа.
Дұшпанды не жеңеміз, не өлеміз,
Әкежан, осы сертті берік ұста!»

Әкесі сеніп-ақ тұр берген сертке.
Себебі — ол байлаулы іште дертке.
Көріп тұр Жапар үшін әзірлігін,
Күюін өзі атылып қалың өртке.

Мөлтілдеп көзіндегі тұрған жаста
Сурет жоқ Жапарынан көрер басқа.
Дауысы естілгендей құлағына, —
«Жұпарым!.. Құтқар!..» деген —жанталаста.

Несі жар, сол қысымнан құтқармаса?
Не өлі, не тірі боп жұпталмаса,
Сүйгені неге керек? Несі өмір,
Күнелту, сай-салада бұққан аңша?..

Бұл ойдың оқылып тұр беттен бәрі,
Жыртқышқа қарсы шауып, жетпес әлі,
Шырылдаң босқа өлудің, әке ойынша,
Отаншыл батыр қызға несі дәрі?..

Ауызы сөздің әзер басын құрап,
Қызына әке осыны айтты жылап.
Дым шықпас жылтыр тастай деп ойлайтын
Бұлақтай көзінен жас кетті шұбап.

Деді «жау шыдатпайды бетпе-бетке,
Топырақты, жеңе алмайсың, шашып көпке.
Ендеше, қарашығым, босқа аптығып,
Арандап жау қолынан өлме текке.

Жаныңды, жарық-сәулем, жақсы ұғам.
Сенен кем қайғырмаймын мен де бұған.
Бірақ, бұл, сен ғана емес, туған елдің
Басына ашылмастай түскен тұман.

Тек қана өзіңді ойлап аласұрмай,
Болмайды елдің қамын қарастырмай.
Сен бол, мен бол, басқа бол,— туған елді
Тұманнан шығарайық адастырмай!»

Кең тартып демін қатты ah ұрды қыз.
Бойда бар ой-санасын шақырды қыз.
Қонған соң әке сөзі көкейіне,
Сұрады не істерін ақылды қыз.

«Кіреміз елді бастап,— деді,— құмға.
Алқап бар жан білмейтін талай мұнда.
Суы мен топырағы, еңбек етсек,
Халықты асырайды нелер жылға.

Алаңдар құм шетінен жатыр қашық.
Еш жақтан бара алмайды, жау жол ашып.
Адаспай сол тұстарға бастап барар,
Бұл елде еш адам жоқ менен машық...

Өрт болып одан кейін қауласа жау,
Тәсілмен талай түрлі ауласа жау,
Ұйғырды баса-көктеп ала алмайды,
Аспаннан жаңбыр болып жаумаса жау»...

Осыған алқа-қотан жұрт кеңесіп,
Байлады сөз түйінін бәрі «е» десіп,
Тігерге тұяқ қоймай, жау жеткенше,
Ел түгел кетпек болды құмға көшіп.

«Бір жерде баспасын,— деп,— жаулар тосын».
Жұпарды басшы ғып жұрт құрды қосын.
«Салты,— деп, ата-баба» қолбасшыға
«Хан» деген бір ауыздан берді есім.

Халқы хан көтерген соң қаны ұйып,
Желкеге Жұпар қолаң шашын түйіп,
Аш белін кемерменен қынай буып,
Киімін жауынгердің алды киіп.

Асынды асфаһанды алмас қылыш,
Шым болат найза түкті, егелген үш,
Шығыршық сайын қатқан қан тағы бар,
Торғай көз, киді сауыт, асыл құрыш.

Басына киген ауыр дулығасы,
Әрең деп көтерерлік ердің басы.
Қолына тұтқан болат қалқанының
Найзадан шұрқ-шұрқ болған айналасы.

Көтерер болса қандай ауырыңды,
Жап-жалпақ болып кетті жауырынды.
Қаршыға бейнесіндей төстек кеуде,
Сұңғақ бой, қимылы тез, адуынды.

Жасанған шақта, түрмен, міне осындай,
Ал беті сұп-сұр болып қорғасындай.
Сүйсіне қайран қалып қарады жұрт,
Деп «қас батыр бейнелі тұлғасын-ай!»

Батырға лайық атты халық тапты
Оны да жау-жарақпен тұрмандатты.
Жұпархан қонып атқа, ұйғырлардан
Лек-лек қып, әскер түзеп, құрды сапты.

Жау-жақтан сағат сайын күткен қауып,
Ұйғырлар отыра алмай тағат тауып,
Қиратып құрылысты іске асар,
Жөнелді қопарыла құмға ауып.

Біреулер кежегесі кейін тартқан,
Амалсыз сүйретіліп ерді арттан.
Түйелер кетті тізбек керуен боп,
Үстіне азық-түлік, сусын артқан.

Іздерін көшпелі құм қалды басып.
Жан жүрмес бұйраттардан кетті асып.
Жан білмес құдықтар мен бұлақтардың
Жолшыбай ішті Сейіт көзін ашып.

Барғанда алыстағы шырқап құмға,
Табылды тұрқы қысқа өзен-жылға.
Олардың тоғайына төніп өскен
Жемістер: алма, алмұрт, өрік, құрма.

Кездесті бір мезетте кеңдеу жазық,
Суларға су шығарса арық қазып,
Құнарлы топырағы босқан елге,
Түрі бар беретұғын өмірге азық.

Ұйғырлар осы араға орналасып,
Құм жапқан байлықтардың көзін ашып,
Еңбек пен терін төккен кетпеншілер
Өзекті талдырмайтын тапты нәсіп.

Жарақты жауынгерлер атқа қонған,
Тосқауыл жасап, жаулар келер жолдан.
Бекініп бар тұстағы тар кезеңге,
Жау аттап өте алмастай болды қорған...

Түп-түгел Жапар қолын қырған ұйпап,
Құтырған бурадай жау келген бұрқап,
Ұйғырдың қопарыла көшіп кеткен
Иесіз мекендерін қалды сипап.

Кеткенін босқан елдің білмей қайда,
Іздеуге қай жағынан, таппай айла,
Әр тұстан құмды кезіп тіміскілеу,
Созылды жау жағынан, бірнеше айға.

Таба алмай ұйғырлардың ізін қуып,
Бара алмай маңайына болжап жуық,
Сандалған Қанси қолы, шөлдетпек боп,
Өземді жан-жақтағы алды буып.

Алыста, өзендерден жатқан керік,
Ұйғырлар сезілмеді белгі беріп,
Вань Ань-ши қайран қалды: «Құмға сіңген
Бұл халық, қалған ба,— деп,— түгел өліп.

Естілген еміс-еміс, деген хабар
«Жұпар қыз қолбасшысы жауға шабар
Кетті екен елін ертіп қандай жаққа
Із-тозсыз сіңген құмнан қалай табар?»

Осы оймен Вань Ань-шидің басы боп дал,
Көруге қызды іштегі артып құмар
Жүргенде жаз, күз өтіп, қар ұшқындап
Қыстан да келіп қалды суық хабар.

Демесе жай әншейін «қыстың аты»,
Тек қана салқын күздей бар қуаты, —
Боп қысы бұл маңайдың жайма-шуақ
Қалыпта тұратын бар табиғаты.

Не ғажап, биылғы қыс болып басқа:
Тастай боп өзендердің мұзы қатса,
Басылмай қара дауыл, адам демін
Зорға алды құмға аралас қар боратса.

Көз буып жер де, көк те тұманданып,
Аспанды қара сұр бұлт орап алып,
Жоғалып күн, ай, жұлдыз, Такла-Макан
Қайғымен тұнжырады қара салып.

Қансиді кернегенмен іште ыза,
Жіберген қалың қолы қамал бұза,
Қыстаса қырыларын аштан бәрі,
Қайтуға жазға дейін болды риза.

Ұйғырмен біткен жоқ,— деп,— әлі егес,
Ақылгөй адамдармен құрды кеңес.
У Пэй-фан ендігі бас ақылшысы,
Жуықта Фын Юй-Чунь Фан болған емес.

Қансидің бүйтуіне болды себеп:
Вань Ань-ши аттанарда соғысқа «е» деп,
Ақылға келген шақта, У Пэй-фанда
Ұсыныс өзгелерден болды ерек.

Деді ол. «Қытай күшті десек қырда,
Күштірек өзгелерден монғол құмда.
Ұйғырлар қашса құмға, түс ізіне,
Монғолдан бір топ атты әскер құр да.

Ел бола, құмда туып, құмда өскен,
Монғолдар талай жалпақ құмды кешкен.
Байғыздай бүгін бұғып отырғанмен,
Шықпаған болар жорық әлі естен.

Әлі де ойнайды аттың құлағында.
Леспейді көргішіне қыраның да.
Шөлдерден нелер қиын жан жүрмейтін,
Табады адам түгіл, қыр аңын да».

Фын Юй-фу бұл ақылға аспай құлақ,
Сілтеді «қой оны!» деп қолын бір-ақ.
«Аз ұйғыр қанша батыр болғанменен,
Күшіне қалың қытай көрсін шыдап!

Басыңа бағасы жоқ ой кіріпті.
Бұл сөзің болып кетер елге іріткі.
Аузыңды берік бекіт, біздеп басқа
Естіртпе жан адамға бұл бүлікті!»

Қансидің тиіп бұл сөз құлағына,
Ақылы Фын Юй-фудың ұнады да,
Әскерді жорық жолға аттандырды,
Тезірек жетпек болып мұрадына.

Жорықтың ақырында түспей сәті,
Қытайдың аз ұйғырға әл-қуаты
Жете алмай, қалың қолы кейін қайтты,
Көңілден оның қалай кетер таты?

Қансиды осы таттан ыза буып.
Сарайдан Фын Юй-фуды шықты қуып.
Зынданға Чунь Фан қылып қойды қамап,
Басы да шабылар күн қалды жуық.

Әлі де қайтпай Қанси райынан,
Мақсатқа жеткізуді құдайынан
Сұранып, қалың қолмен бірге аттанды,
Көктемде, жаңа жылдың бір айынан.

Монғолдан құрды қосын кілең салтты,
Үмітін Қанси енді соған артты.
Басшы боп батыр дейтін Әмур-сәнан,
Құмына Такла-Макан тура тартты.

Бұл кезде ұйғырларға кірді бүлік.
Себепкер үйтуіне болды «сүлік».
Ірітті сүттей ұйып жүрген жұртты,
Ишандар, алпауыттар ішке кіріп.

Қалғанда көктем туып, жақындап жаз,
Егіндер құм ішінде көрініп аз,
Халықты азғырды іштен: «Алақанның
Аясындай тұраққа боп жүрміз мәз?

Жел үрсе құм қалады түгел басып,
Егінді алу қиын одан ашып,
Аранын аңырайтын аштық келсе,
Жан сақтар мекеніміз қалды қашық.

Құнарлы, қандай еді тау сағасы!
Барқынды қандай еді су жағасы!
Байлығын ала білсең, қандай еді,
Бұл құмның кең жазықты айналасы!

Мекеннен жері де мол, суы да мол,
Еңбекпен қолдан өскен нуы да мол.
Қашып кеп тығылдық біз, жан сақтарлық
Жері аз, Такла-Макан құмына — сор.

Ойламай қамын мал мен бастың да біз,
Айналдық ел боп түгел қашқынға біз.
Жан сақтар, ойламасақ, болашақты,
Қаламыз осы құмның астында біз».

Рас сөз кейбіреуге көрінді осы,
Сияқты сүлікшілдер елдің досы,
Молая берді ақырын қобалжыған,
Аңсаған мекендерін көңіл босы.

Бүліктен жаман бар ма шыққан іштен!
Ишандар болып алып, аздан үстем,
Тоқтату қиындады, Жұпарға ерген
Халыққа, азғандарды енді күшпен.

Біраздан олар быт-шыт ыдырады.
Ел туы, бүйте берсе жығылады.
Байқаса сонда Жұпар жұрт ауқымын
Халықтық негізгі күш мығым әлі.

Көпшілік жағында әлі беріспеудің,—
Құлдыққа тірі жүріп келіспеудің.
Солармен ақылдасып көрсе Жұпар,
Жолы жоқ енді мұнда өрістеудің.

Осы топ жау жағынан күткен қауіп,
Еш адам келе алмастай ізін тауып,
Алысқа, құм ішіне, Сейіт бастап,
Тағы да көтеріле жөнелді ауып.

Тапты су, тапты егін өсер ойпат.
Бермесін тағы ішті ұрттап, шайқап:
Жасанған жауынгерлер жан-жақтағы
Жау келер сай-саланы жүрді байқап...

Сол кезде жетсе қаптап Қанси қолы,
Ұйғырлық мекендердің сайы, жоны,
Кіріскен күн көрерлік кәсібіне
Боп қапты, құмнан келген елге толы.

Қуанып алғашында бұған Қанси,
Ілезде кебірленіп қалды Қаңси.
Деді ол ишандарға: «Боласын ел,
Алдымда білсең егер, кінәңді арши.

Жұпарды тірі әкеп жеткіз қолға!..
Мал, жаның өзіңдікі түгел сонда.
Әйтпесе, енді қайтып шыға алмастай,
Белшеңнен біржолата баттың сорға.

Онан соң не істеуді өзім білем!»
Ұйғырдан мұны естіген қашып сүрең,
Қансиге бас ишан кеп құлдық ұрды:
«Қармаққа,— деп,— сол қызды өзім ілем.

Соңыма берсең ертіп қарулы қол,
Жеріне мекен еткен табамын жол!»
Басшы боп Вань Ань-ши мен Әмур-Сэнан,
Құм жаққа қарулы әскер жөнелді мол.

Көп болды құмның аспас қырқалары,
Көп болды жолдың қыңыр-қиқалаңы,
Жеткенде көп азаппен, Жұпарханның
Құлазып қалған орнын сипалады.

Иісі сезілмейді бұл маңайда,
Аңырды, кеткендерін білмей қайда?
Солайша сандалуы қалың қолдың,
Созылып кетті тағы бірер айға.

Қайтуы мүмкін емес қызды таппай,
Қоймайды Қанси онда басын шаппай,
Кеткендей салы суға, дәрменсіз қол,
Қаңғырды бетіменен құмды ақтай.

Еш жерде тоқырайтын тұрағы жоқ,
Жосыды бет-бетімен құм аңы боп.
Кезігіп кейбір тобы шықпас шөлге,
Қап қойды қатал құмның құрбаны боп.

Осылай мүмкін ай жыл өтер ме еді?
Қажыған жау да қайтып кетер ме еді?
Аңсаған азаттығын елдің қолы
Мақсатты нысанаға жетер ме еді?

«Иесі шығасыға болып басшы»
Өртеген көкірегін қайғы ащы,
Жұпархан кекке сусап аласұрған,
Бір кезде жау қақпанын өзі басты.

Қашқын боп адам таппас құмды кезіп,
Жапардың қайғысына әрең төзіп,
Сандалған Жұпарханды, ой-сананың
Салмағы өлтіретін болды езіп.

Жүргеннен мағынасыз бұлай босып,
Жан-жақта жортқан жаудың алдын тосып,
Бекінді сайысуға, бұл ниетін
Соңына мақұл көрді ерген қосын.

Жауларды қаңғып жүрген іздеп тапты,
Арада қанды қырғын болды қатты.
Айтқанда нәтижесін: тігер тұяқ
Қалмастан бұл айқаста жау жайрапты.

Қанғандай болды алғаш кекке сусын.
Өтелген тәрізденді бір ауыр сын.
Жұпарды мадақтады, деп қосыны —
— «Жау жүрек батыр болса, сендей тусын!»

Кекке емес, енді қанға алды сусап,
Талай жау кез кеп қалған жатты жусап.
«Сүртеміз,— десті,— қылыш, найза қанын.
Мекеннен біржолата жауды қусақ!»

Жұпардың сезген соң жау мекен-жәйін,
Қоршап ап сол тұстағы құм маңайын.
Қатарын қалыңдатып, сақинасын
Сығымдап қыса берді күн-күн сайын.

Бір кезде тарылды да осы шеңбер,
Үйғырды қысып қатты, дерлік «дем бер!»,
Алқынып өкпе, жүрек, енді өлімнен
Қалмады дәрі-дәрмек жазып емдер.

Қалғаны — соңғы рет тұяқ сермеу,
Дұшпанға ар-намысын тірі бермеу,
Алысып қан майданда қаза табу,
Өлігін көшіп жүрген құмға жерлеу.

Осы оймен, жараланған аюдай боп,
Айқасты қалың жаумен тайынбай кеп.
Аузынан жалын атқан айдаһардың
Езуін жырта, жағын айырды-ай кеп.

Жеткендей әл-қуаты мыңға бірдің,
Жауларға жан таласта жасап қырғын,
Тықсыра шегіндіріп, әкеп тықты,
Бір сәтте арасына қалың құмның.

Қол мен қол опыр-топыр кетті аралас,
Әр адам өзін қорғап, боп жанталас,
Талайлар төңкеріле құлап аттан,
Домалап түсті талай иықтан бас.

Соғыстың қызған солай алауында,
Біле алмай қай жағына қарауын да.
Жұпархан жауларымен кескілескен,
Бір кезде қалып қойды қамауында.

Монғолдар еді оны бұл қамаған.
Бар еді сол арада Әмур-Сәнан.
Жұпархан қылыш тұтқан тұра қалды,
«Кәнекей, ажал жеткен, бас— деп,— қадам!»
Қолына Әмур-Сәнан «саспа!» деді.
«Жан-жақтан бұғалықты тастa!» деді,—
Бұйрық бар «қолға аман түсір» деген,
Айла жоқ, енді бұдан басқа» деді.
Жан-жақтан қыл арқандар кетті жауып,
Жұпарды тұзақтары тура тауып.
Тартқанда сірестіре, қозғалмастай
Боп қалды, басқан жері кетсе де ауып.
Жау жағы тартқан сайын құтырынып,
Жұпардың шудан аты ытырынып
Жұлқына жөнелгенде, арқан керген
Жұпархан қалды үстінен сыпырылып.
Тік тұрып қалды, бірақ, құлап түспей.
Сымбатты,
ажарына сонда іштей
Монғолдар қайран қалған, бұғалықты
Тартпады сірестіріп енді күштей.
Сол кезде Вань Ань-ши де келе қалып,
Естіген аңызына сонда нанып,
Қыз емес,
қыз сияқты күн көргендей,
Қарады көзін сүзе құмарланып.
Көп тұрмай, іле қарғып түсті аттан.
Қылышпен арқандарды турап тартқан,
Босатып тұзақтарын денесінен,
Көздерін ала алмады қызға баққан

Жауларға қыз да көзін оқтай атып,
Жанына жоламастай адам батып
Бейнемен, қимылдамай тұрған жерде
Қақия тас құдайдай қалды қатып.

Төртінші тарау

## НАМЫСТЫ СҰЛУ

«Яркентте, Есен — Бура сарайында,
Жеңіске шақты тұрып қалайын да»,
Деп Қанси, қатер күткен кең қорғанның
Ұстады қалың әскер маңайында.

Жорығы әлі қалың, әрі күшті
Болған соң, тез бітер деп күткен ішті
Жұпармен қауышуға асыққанмен,
Үміті шұбалаңдап ұзай түсті.

Әуелі «күн» дегені «апта» болды.
Аптадан — «ай... сонда не атқарылды?
Жорықты бастаушыға «тездет!» деген
Бұйрықпен, талай шапқын атқа қонды.

Тігіліп әр шақырымға жүйрік аттан,
Жалғаса бір-біріне оқтай атқан
Қимылмен күнде хабар келіп жатты,
Ең жырақ жерде жүрген жорық жақтан.

Алмасқан жүйріктердің шабысымен,—
Шыңғыстың найзағайлы «әдісі» мен
Үздіксіз хабар жетіп жатқанменен,
Болмады жақсылықтан әлі сілем.

Жұпарға ғашық болған дерті үдеп,
Алқынып өкпе, ауыр сыздап жүрек,
Сарғайып жүзі, бойдан майы тарап,
Сүлдері сүйретіле кетті жүдеп.

Естірі — сұрғылт құмдай сүреңсіздік.
Бар хабар — «құмды шеттен түре сүздік.
Кеткен бе жерге батып, көкке ұшып,
Бір жерде белгісі жоқ басқан із ғып»

Деп Қанси: «Батқан да жоқ, ұшқан да жоқ.
Жын-шайтан емес, көріп ұстарға жоқ.
Жан керек болса тапсын!» — деп әскерін
Бұйрықтан бұйрық сайын қысты әрмен кеп

Үдетіп Қанси солай қыстағанын,
Күн сайын «таба алмадың, ұстамадың!»
Деп зіркілдеп, өткір боп алды мүлде
Жүзіндей қыл қабатын ұстараның.

Жақындап оралуға кеңірдектер,
Балтаны «бас шабамыз» деп жендеттер,
Қайрап ап қылпылдата, қырғын жасар,
Қоршалап болғанда әзір төңіректер —

Найзағай, майдан жақтан келді шапқын:
Вань Ань-ши депті «қыздың жөнін таптым.
Хуанди — көктің ұлы, етсін сабыр,
Сұлуын құшуына қалды «аз-ақ күн!».

Әкелді бұл хабарды У Пэй-фан қу.
Болғандай көтерілген еңкейген ту,
Жадырап Қанси, бойдан ыдырауға
Айналды күшейе ашып жиналған у.

Тезірек құмар қызын құшпақ болды.
Құшса уын түгел сарқып құспақ болды.
Күн емес, сағат сайын майдан жәйін
Қансиге хабарланып штаб тұрды.

Күтпеген жаңалықты етті баян:
Алып жер, болмай шықты, қыз оңай аң.
Ақылы, айласы көп қолбасшының
Өжеттік, батырлығы болды аян.

Қызыға түсті Қанси енді тіпті.
«Түбінде тұтылар» деп болды үмітті.
«Жарасыз тірі жеткіз!» деп бұйырып,
Өзі сол «қуанышты күнді» күтті.

Күткен күн келе қоймай, кетті алыстап.
Жұқарған шыдамын ол әрең ұстап,
Жыртылар халге таяу қалған шақта,
Майданға шықты өзі тың қол бастап.

«Ауыр жол, ыстық күнде жанға жәйлі
Болар» деп, түйеге кең ашамайды.
Орнатып, адам жатар арқасында
Төсек сап, белуардан кілем жәйді.

Үстіне ақ жібектен құрды шатыр.
Шанжиып көлеңкеде Қанси жатыр.
Ұлпа-құс қанатынан, желпіншегі,
Қоршаған төңіректе кілең батыр.

Осындай салтанатпен шықты жолға.
Белшеден құмға кіре, батты сорға.
Ішінде бұйрат құмның, кейде шыңға
Шыққандай, құлағандай кейде орға.

Ырғала-теңселгенде кетті есі.
Қаңбақтай домалаған боп түйесі,
Кей кезде омақата, қалады аман
«Қасиетті көктің ұлы — бар киесі»

Бұлайша жүре алмай мінді атқа.
Мұнда да изеңдеген көп ырғаққа,
Қаны аққан ашасына жара түсіп,
Қаттырақ түйе үстінен батты азапқа.

«Болар,— деп,— мүмкін жәйлі» мінді есек.
Құмда ол көлік екен жоққа есеп.
«Болмауын эттең иттің! Оған да бұл
Мінетін!» — деп әскері таратты өсек.

Денеде қалмай жері ауырмаған,
Жүруді бұндай халде ауырлаған
Қанси сұм берді бұйрық: «Қолда жаяу
Көтеру күймеден де тәуір маған».

Деген ғой «жазған құлда бар ма шаршау»
Әскерде қалып енді босқа самсау,
Күймені кезектесе көтерісіп,
Сүйретті сүлделерін боп тек жан сау.

Жолшыбай болдырғаны қала берді.
Азапты әскер ілгері бара берді.
Солайша бірнеше күн жол шеккенде,
Жеткізген «қуаныш сөз» қара көрді.

Әкелген шапқыншының қуанышы:
Жұпархан тұтқын болды «бітіп күші!»
Деді ол «қолға аман түскенімен,
Түрі жоқ болатұғын бізге кісі».

Мұртынан мұны естіп күлді Қанси.
«Тотықса,— деді,— білем оны арши.
Жабыққан қыз көңілін жарқыратар
Қолымда жан көрмеген, талай бар сый.

Айтпай ма «қыз көңілі қызылда» деп.
Бүркіт те жығылмай ма қызылға кеп.
Құрығым бұл жолы да шықты ойдан
Сенетін «тұзақ-бауы ұзын ба» деп.

Мойнына батыр қыздың түсті тұзақ.
Енді ол бара алады қайда ұзап?
Құй көнсін, құй көнбесін, оның жары
Боламыз құдай қосқан енді біз-ақ!

Бар екен бұл арада бұлақ көгал.
Шатыр тік, дем алайын бәрің дем ал.
Жығылсын жау қыз келіп аяғыма,
Мен емес құлдық ұрып қызға барар!»

Жау жағы арпалыста болып үстем,
Жұпархан амалсыздан қолға түскен,
Тіл қатпай жан адамға жатып алды,
Мөр қалмай қышырлатқан өткір тістен.

Кеткендей ұшып мидан білер сөзі,
«Ah» ұрса жалын атып жан-лебізі.
Еш адам қарай алмай кетті тайқып.
Қадалса, үлкен, өткір қара көзі.

Бұл қызға жан болмады құмартпаған.
Сұлу қыз қасарып ап тіл қатпаған
Көруге көзі жеткен, десті іштен,—
«Құмартпай тұрар қалай шыдап адам?!»

Осындай болды ойда, Вань Ань-ши де.
Деді іштен — «өл, осындай бір жар сүй де!»
Өзі де өле ғашық бола қалып,
Жүрегі алаулаған түсті күйге.

Құрығын бұл сұлуға патша салса,
Соншама өртенгенмен амал қанша!..
«Көрмей-ақ қойсам нетті!» деген зардан
Жыртылып жүрегі оның болды пәрша.

У Пэй-фан кезіктірмей кетті алып,
Вань Ань-ши амалы жоқ, қалды налып.
Жұпархан шатырына келген шақта,
Қанси сұм кете жазды естен танып.

Бола алмай ие, баста ақылына
Күн кіріп келгендей боп шатырына,
Қажырсыз жасық бетін теріс бұрды,
Қарауға жетпей тура батылы да.

Онысын қылығы деп жеңген жаудың,
Жұпархан бүркітіндей бейне таудың,
Қадала қарап төмен түсірмеді
Еңсесін, дегендей «мен әлі жаумын!»

Түзелмей патша көзі — қарауытқан,
Орала қоймай тілге, сөз ұмытқан,
Қоймалжың қақырық боп жабыса ғап,
Сілекей аузындағы әрең жұтқан.

Жиюға жарамай ғап созған аяқ,
Қолдары секілденіп қатқан таяқ,
Қысылған жүрегінен ытқан қаны
Сұр өңін қара күрең түске бояп.

Сүйрие қадалғандай мыңдап ине,
Шаққандай құмырсқалар үйме-жүйме,
Денесі тітіркеніп шымырлады,
Жынданып кетер болды мынау күйде.

Малдай-ақ өлерінде тұяқ серпер,
Дегендей «кетірмесем, жалыны өртер!»
«Шатырдан шығар» деген ым көрсетті,
Жүрегі төмен тартып, құйылып тер.

Қыз бұны белгісі.— деп,— «басынудың»,
«Жеңгенге жорасы,— деп,— тасынудың»,
Бекінді — көрмессін,— деп,— сен белгісін
Құлдық қып, аяғыңа бас ұрудың!»

Қыз шыға Қанси келіп өзіне-өзі,
Маңайды сонда ғана көріп көзі,
Бұрынғы қисық ойды ақылменен
Кірісті түзетуге болып тезі.

Қыз жайлы естігені болды да шын:
«Мұндай да болады екен ажар, мүсін!..
Жалқынды күн екені рас болды,
Жаралған жердің жүзін жылыту үшін!»

Не болмақ жердің жүзі күн тұтылса?
Ашылмай аз уақытта, ұзақ тұрса?
Мақал бар қытайда да: «аспандағы,
Үреді ай мен күнге ит құтырса».

Қанси да не бітірмек күнге үріп?
Жегенмен не болады аңша бүріп?
Одан да тауып көңілін, көндіріп ап,
Өтсейші тату-тәтті өмір сүріп.

Құйылып осы арнаға толқыған ой,
Сұлуға хиянаттан көрсетпей бой,
Құрметке бөлеп, егер көне қалса,
Жасамақ болды әлемге әйгілі той.

Шақырып У Пэй-фанды берді бұйрық:
«Ұйғырдың жерін, елін тартам сый ғып.
Пекинге сарай салып, бар ұйғырға
Ұстаймын сол арадан өзін би ғып.

Иланған тигізбеймін дініне мен.
Салтының сұқпаймын қол біріне мен.
Мешіт пен медіресе де, берем ерік
Орхуннан келе жатқан тіліне мен.

Сарайын қалатамын мәрмәр тастан.
Боятам мұнарасын түспен аспан.
Гауһардан ай орнатам төбесіне,
Жан-жаққа күні-түні нұрын шашқан.

Жинатам қытайдың бар шеберлерін,
Таңдаулы, олардың да өрендерін.
Төктірем ішіне де бұл сарайдың
Олардың қолдан келер өнерлерін.

Көргендер көзін алмай, дейтін «не бұл?!»
Жинатам жиһаздарды сұлу не бір.
Тұратын бұтасында бұлбұл сайрап,.
Ішіне бөлмелердің өсіртем гүл.

Есігін, терезесін алтындатам,
Тастарды нелер қымбат жарқылдатам.
Жудырып жұпарменен сарай ішін,
Жанға жай хош иіспенен салқындатам.

Көңілін еріккенде көтеруге,
Беремін сұлуларды нөкеріне,
Қабағын ренішпен қақтырмаймын,
Бас болып өзім қызмет етемін де.

Суретші атаулыны алдырамын.
Жұпардың түр-тұлғасын салдырамын.
Кесте, бояу, ағаш, тас — бәрінде де
Бейнесін мәңгі өлмейтін қалдырамын.

Сарайға соқтырамын кең ғып қорған.
Терең ғып іргесіне қазған ордан
Тасқынды ағып өзен, жағасына
Өсірем ұлан-байтақ жыныс — орман.

Орнасын сол орманға мың үй ұйғыр,.
Сағынған туыстарын түссе күй бір,
Жұпархан барып тұрсын, бақылауда
Болсын тек ол жасаған әрбір қимыл.

Жасатам қора ішіне көркем таулар,
Тынбайды шың, құзынан бұлақ саулар.
Олар көп құйылатын терең көлге,
Өсірем, еріккенде, балық аулар.

Дегізбей «мынау келді, анау қалды»,
Жинатам қытайдағы барлық аңды.
Тұяғын тік басарды түгелдетем,
Ішіне қоса барлық маймылдарды.

Деместен құрт-құмырсқа, жылан-шаян,
Жаны бар мақлұқты адамға аян,
Ішіне қоса айбынды айдаһарды,
Бәрін де жорғалақтың әкеп қоям.

Келісті іші-сырты түгел сай боп,
Асылы жарастықтан аса бай боп,
Салынған сұлулықтың құрметіне,
Сарайға ат қойылсын Чан няй-няй деп.

Сенімді, жасы қартаң тап монахты
Ие боп сол басқарсын сарай, бақты.
Жан адам жат-жарадан жолатпа деп,
Қат-қабат күзет қойып, тапсыр қатты.

Біреулер жат-жарадан болса келмек,
Бастарын қырқа берсін тұрған жендет.
Тапсырсын «ондайлардың өліктерін
Қаңғыған көшедегі итке бер!» деп.

Вань Ань-ши сол бақшаны сырттан бағып,
Тастасын жолағанның басын қағып.
Мұлтіксіз қызметті орындаса,
Кешікпей фельд маршалым болуы анық!»

У Пэй-фан патшасынан бұйрық алған,
Өзінен төмендерге берді фарман.
Қолынан бір шебердің жарты жазда
Жасалып болды сарай ойға алған.

Орнаған, бейне жердің жұмағы боп,—
Кең сарай — Жұпарханның тұрағы боп,
Бастады күн кешіре, бақытсыз қыз,
Қамалған бұл қорғанның бір аңы боп.

Тамықтай болды оған «жұмақ» іші:
Түп-түгел жау көрінді аңы, құсы.
Өсімдік атаулысы у шашқандай,
Алдырды әзерге дем, тар тынысы.

От болып күйдірердей қымбат тасы,
Зәһар боп, тағам болмай, берген асы,
Ғажайып ән-күйлер мен ойындардан,
Ләззаттың орынында қатты басы.

Арықта аққан сулар, мөлдір бұған,
Көрінді жолап кетсе, шағар жылан,
Пекиннің шаңқан жарық күндіздері
Буалдыр секілденді, бозғыл тұман.

Түн болса төңірегін шайтан қаптап
Кеткендей зәресі ұшып, көз алақтап,
Жаутаңдап жан-жағына қарай қалса,
Әлде не жеп қоярдай жүр жалақтап.

Қорқыныш сондай кезде билеп сезім,
Жан сақтар сая таппай жұмса көзін,
Айнала жұлмалаған секілденіп,
Ашады көзін тағы, етпей төзім.

Ұйықтаса одан-дағы жаман болып,
Қамап ап жыртып жейтін бар аң келіп,
Шошынып түре келсе, енді кірпік
Жұма алмай, жатады жай алаң болып.

Шек қалмай ұйқысы мен ояуында,
Біле алмай жанын қайда қоярын да,
Мең-зең боп басы қатқан бейбақ сұлу,
Білмеді өзін қалай жоярын да.

Жан жоғын аңғарып ол енді аяр,
Білмеген шақта жанын қайда қояр,
Таппақ боп тәсіл, егер қимылдаса,
Күзетші тырп еткізбес, ылғи даяр.

Оларға түні бірдей күндіз бенен,
Күні-түні сақтықпен көз ілгізбеген.
Қалпымен қимыл түгіл, тынысын да
Сезеді ақырын ап, білгізбеген.

«Серігі болар» деген ұйғырларды
Көргенде, ұшыратқан жыртқыш аңды
Сияқты үрейленіп, сарайынан
Сырт жаққа қадам баспай жатып алды.

Сұлуды осылайша батқан мұңға,
Өлімге жол тапқанда, ой құбылма,
Кеудеден ұшар жаны әлде қалай
Ілініп қалды әрең жалғыз қылға.

Онысы «Жапар тірі» деген хабар.
Бұл сыбыс болмағанмен адам нанар,
Жібек жіп сияқтанды, пәршаланған
Жүрегін құрастырып қайта жамар.

Деген сөз: «кетпек емес бар жеткізбей»
Шыдамын Жұпарханның тырп еткізбей
Тұрды ұстап, содан кейін қайғылы қыз
Тіршілік құрды, үмітсіз күн өткізбей.

Ежелден қызық нәрсе «үміт» деген,
Бір жайда, етсе егер үміт елең,
Ілгері ұмтылуға қажи ма адам,
Етектен жармасқанмен «күдік» деген.

Жүргенін білмегенмен үміт қайда,
Жетекшіл сол шіркінді алса ойға,
Жөнінен көзін жазбай құштарланып,
Жетуге құрмай ма адам әдіс, айла?

Осылай үміттеніп Жұпар-дағы,
Арпын ашып ажал жұтардағы
Ілінген жалғыз қылы Жапар болып,
Шыңдалған шыдамы енді жұқармады.

Қабандай әра-тұра күрілдеп кеп,
Шабуға батпай жүрек дірілдеп кеп,
Кететін тайқып кейін Қанси сұмға,
Бекінді Жұпар іштей жүгінбек боп.

Патшаға жүрді содан жылы ұшырап,
Кетердей жеңілденіп, желге ұшып-ақ,
Дәмесі үдей түсіп күннен-күнге,
Келгіштеп Қанси бейбақ болды ысырап.

Күндерде бір күн, айлы шуақ түнде,
Сарайдан Қансиге ере, шығып бірге,
Аулақта, гүлді бақша арасында
Жұпархан бірінші рет келді тілге.

Деді ол «Сен де адам, мен де адам.
Қымбат жоқ «адам» деген сөзден маған.
Шыныңды бүкпей, ашып айтар ма едің,
Адам деп бір сұрауды берсем саған?»

Жанғандай болып бейне, оты өшкен,
«Мұратқа жетермін» деп көңілі өскен,
Жұпардың не сұрарын білмесе де,—
— Айтайын — деді Қанси іркілместен.

«Рас па деген хабар «Жапар тірі?»
Байланып қалғандай боп Қанси тілі,
Болғандай безгек, бойы қалшылдай ғап,
Өліктей құп-қу болып кетті түрі.

Қансидың бұл халдегі жанын сезіп,
Отырды үн қатпастан Жұпар төзіп.
Біртіндеп ес жинаған сұм патшаның
Көп жерді ақыл-ойы келді кезіп.

Не дерге іштей біраз қиналып ап,
Жыландай жиырыла жиналып ап,
«Тірі» деп жауап берді. Нанғыш Жұпар
Шынымен қалды бұған иланып-ақ.

«Сұрауда мақсатың не?» деді патша.
Қараңғы түні өтіп, таңы атса
Сайрайтын бұлбұлдай боп, айтар сөзін
Ағытты Жұпархан да бал-бұлақша:

«Патша бол, құл бол, еркек я әйел бол,
Адамның жүретіні жалғыз-ақ жол.
Бай болсын, кедей болсын, ақырында,
Тар көрге осы жолмен кіреді ол.

Ендеше, аз уақыттық тірі кезде,
Рақат жақсылықтан не бар өзге?
Өтінем сала гөр деп оң құлақты
Әделет күткен, патшам, мына сөзге.

Білемін сенің мені сүйгеніңді.
Таппақ боп менің көңіл-күйлерімді,
Кітапта молда айтқан жұмақтан да,
Салдырдың артық қып бау, үйлеріңді.

Орнатқан ондағы сән-салтанатың,
Тек қана ертегіден халық атын
Естітін ғажайыптар, шын өмірде
Жететін сенің ғана әл-қуатың.

Жол берсең әулымдық пен қара күшке,
Оп-оңай ойындағы тұрды іс те.
Кідірткен сол қылмыстан, деп жоримын,
Қуаты махаббаттың мендік іште».

Бұл сөзге Қанси қатты күрсініп ап,
Айтары ол емесін түсініп ақ
Тұрса да, жауап қатты «сөйлей бер» деп,
«Ірікпей-ақ қояйын сөз сыналап».

Жапарды сана менің тынысым деп,
Тұншығам, онсыз өмір құрысын деп.
Бел буған шақта өлімге, жарқ еткендей
Болып тұр қарсы алдымнан ырысым кеп.

Қалдым ба деп жорыған айрылып,
Бақытым келгендей боп қайырылып,
Тас шапсам тілетіндей көрініп тұр,
Жігерім қалған жасып, майырылып.

Жаршысы сенсің осы бақытымның,
Берсең бір тілегімді, уақытымның
Бәрін де арнап күңі болар едім,
Өзіңнің және таж бен тақытыңның.

Егерде олай күту болса керек,
Қолымнан ұйықтатар ем өзім бөлеп,
Ояуда ажырамай қасында боп,
Аузыңа тосар едім қолдан қорек.

Тыныста көңіліңді аулар едім.
Бұлбұлдай сайрап, судай саулар едім.
Шыбыннан бастап, сені мазалайтын
Махлұқтың бәрін-дағы жаулар едім...»—

Жұпардың Қанси сонда сөзін бөліп,
Жақсылық атаулыны неге теріп
Отырған жайын жылдам естімек боп,
Деп қойды: — «Бері орал, сөзден керік!»..

Құбыла қалып жүдеу ақ сүреңі,
Дірілдеп даусы, Жұпар «жақсы!» деді.
Неліктен күң болуды баяндайын,
Ұлықсат берсең егер, тақсыр енді!»

Дегендей «мақұл», Қанси изеді бас,
«Жапардың тірі екені болса рас:
Мейірімді ұлы патшам, өз қолыңнан
Қосылсын айрылған зарлы екі жас!»

Булығып жасқа Жұпар еңкілдеді,
Қансиді ыза буып селкілдеді.
Қайрылмас қаршығадай ұзай тартты
Мақсаты таяу қалған бертіндегі.

Жұпарды болмай қалып оғы атар,
Бел буып зұлымдыққа іштей қатал,
Құмыққан үні сыртқа әрең шығып,
Сұрады: «Не істейді сонда Жапар?»

«Ол сенің, жақсы көрсең — ұлың болсын.
Жек көрсең есігіңде құлың болсын.
Жауығар сеніменен дос табылса,
Бәрінен қорғаушыңның бұрын өлсін.

Болайық тұрсаң таяқ, жатсаң жастық.
Өмірі ойламайық саған қастық.
Досың боп ең сенімді күш кешуге
Байлайық уағданы берік тас қып!

Осыған сенер болсаң, мінекей қол!
Падишам, ұсақ емес, ірі адам бол.
Айтқаны имамдардың рас болса,
Бұндай іс ақиретте жұмаққа жол!»

Қансиде қалғандай-ақ тіл байланып,
Айтарын бұл арада ірікті айла ғып,
Созыла түрегелді орынынан,
«Жауабын берермін,— деп,— бір айланып».

Жауабын жіберді ол У Пэй-фаннан,—
«Мақсатқа жеткізбесе ойыма алған,
Өлтіртем көз алдыңда басын шауып,
Жапарын қолға түсіп тірі қалған.

Егерде көнсе Жұпар Жапарын да
Азат қып вандарымның қатарында
Ұстаймын, өсіремін жылдан-жылға
Байлығын, абыройын, атағын да.

Сап көрсін осыларды таразыға,
Енді мен көне алмаймын мазағына,
Мейірімді құшағымды тікен көрсе,
Қинаудың салам талай азабына.

Екінің өзі таңдап алсын бірін:
Еркімен не маған жар болсын бүгін.
Немесе басын шапқан Жапарының
Көзінше ұшыртамын, өртеп күлін».

Бұл хабар құлағына қаққан шеге —
Секілді тітіркеніп түгел дене,
«Бір күнше ойланайын» деді Жұпар,
Зорға ап демін, сөзін айтып бөле.

Тілдесіп болар емес мынау күйде.
«Айтайын,— деді У Пэй-фан, хуандиге.
Тілеймін жаным ашып: сүйгеніңді
Апаттан аман сақта ханға ти де!

Ойтпесе дүние тұр бүлінгелі.
Жетеуінің ханның саған жүгінгені.
Тіпті іске аспаса, қырғын жасап,
Отыр хан сусап қанды сіміргелі.

Менімсеп, жамандыққа бір бет алса.
Халықыңды тып-типыл ғып, қырып барша,
Өзіңді есіктегі күңі етеді,
Ойланшы, осылардан мақсат қанша?

Болады ақылсыздық мұның бәрі.
Кеш емес, қисығыңды түзеуге әлі.
Мен кетем, жылдам ойлап, тезірек шеш,
Қайрылмас, улы ханның түспей кәрі!»

У Пэй-фан соны айтты да кетті шығып,
Бұрынғы ауыр жара тіпті ұшығып,
Жүрегі жыртылардай жаншылғанмен,
Жұпархан құламады жан ұшырып.

Не өлер, не тірілер мұндай жайда,
Жылауға, талықсуға уақыт қайда?
Теңселе басып аяқ, кең бөлмеде,
Не істеу қамын қарап, батты ойға.

Патшаға жар болу ма — ең жеңілі?
Ол ойдан шошып кетті ер көңілі:
Бергенше ел намысын қатындыққа,
Жақсы ғой саси-шіріп жатса өлігі.

Толқыған ойы осыған қалды қатып.
Ойланып өлуге жоқ тағы уақыт.
Ішінен алтын тордың «соның дұрыс» —
Дегендей жымыңдады ажал жатып.

Жайынан сол «ажалдың» айтайық сөз.
Халыққа баяндайық оны да тез,
Кобра деген жылан алтын тордың
Ішінде жатыр еді жылтырап көз.

Жыланға Жұпар әуес жас күнінен,
Арбауын білмейді жұрт не тілімен,
Бар түрін жер бетінен аулау түгіл,
Шақырып алатын-ды кейде інінен.

Қисап жоқ жыландарды тапқышында,
Ұстайды доңғалана атқышын да.
Ұстайды шіміркенбей қолыменен,
Ең улы, ең ашулы шаққышын да.

Жыландар өзге адамнан безінетін,
Жұпарға әлдеқалай кезігетін
Уақытта аз арбасып, тез көнеді,
Көзінен залалсызын сезінетін.

Қолға ұстап, мойнына кейін байлап,
Ермек қып олармен Жұпар ойнап
Жүргенде, жақындаса басқа адам,
Қашады бет-бетімен тырақайлап...

Жұпархан Чан няй-няйға қамалғалы,
Аңдай боп жалғыз жүрген аралдағы,
Бәріне адамзаттың үрке қарап,
Ішінен бір де дос-жар таба алмады.

Бүктеліп төсегінде алды жатып,
Еш қыбын таба алмады жан уатып,
Қан қашып, дене арып, әлі кетіп,
Мезгілсіз солған гүлдей қалды қатып.

Бір сәтте, күтушісі төгіп уайым
Тұрғанда, айтып қалып жылан жайын,
«Соны ермек етер едім» дегеннен соң,
Кобра сала құлаш болды дайын.

О, ғажап! — төсегінде жатқан көлбеп,
Жұпархан ымдағанда «бері кел!» деп,—
Кобра мойнына асылды да...
Енді сол қалған күнге болды ермек.

Жыланның бұл бөлмеде жасап орнын,
Ішіне тиыштатып алтын тордың,
Жұпархан зеріккенде етті ермек,
Тек торға қамап, көңілі тартса солғын.

Ғажайып! — кездерінде ермек етер,
Өнерпаз адамнан да болып бетер,—
Орындап бар «бұйрығын», білмей жүрді,
Жұпархан уақытын да қалай өтер.

Ал, кобра, көрінсе адам жат-жарадан,.
Иттей боп, қарсы ұмтылып абалаған
Кей кезде қуып шығып, кейде бойын
Жазбайды бүктетіле домалаған.

Сарайда білетіндер осы қалпын,
Жатпаған шақтарында торында алтын,
Кобрадан үрейленіп, кең бөлменің
Келмейді есігінен бері жақын.

Жұпархан шақтарында батқан мұңға,
Қайғысын баяулата қосып жырға
Отырса кобрасы қасына кеп,
Болады түсінгендей осынау сырға.

Тілімен жалап көзден аққан жасын,
Мұңайса кеудесіне сүйеп басын,
Жаутаңдап жылтыраған өткір көзі,
Аңдиды Жұпарханның көз қарасын.

Көзінен жадыраған көрсе белгі,
Сорайып тіс, салбырап төменгі ерні,
Ойнақшып, қайнаң қағып, бүктетіліп,
Қылады опыр-топыр жүрген жерді.

Солайша кобраға дос болғанмен,
Сездірмес жан адамға астарменен,
Басында алдырғанда, «қазам жетсе,—
Өзгеден емес, осы достан өлем!»

Міне, енді, таяу келіп қалды қаза.
Өзіне өле қалар берсе жаза,
Алдында туған елдің тарихының
Күнәсі, кіршігі жоқ, ары таза.

Ал, сонда, өлу үшін не істемек.
Жыланға қалай айтпақ «шақ, тісте!» деп?
Шақпауға амалы жоқ айла тауып,
Қапыда жылан — досын ол күштемек.

Жұпархан келіп алып сондай күйге,
Жыланға деп бұйырып «қолда биле!»
Досының ойнақшыған кеудесіне
Батыра сұғып қалды өткір ине.

Жыланның жаны сонда ышқынып қап,
«Бұның не?!» дегендей боп ысқырып қап,
Жұпардың ақ төсіне уын төге,
Қапсыра қадай қойды тісін мықтап.

Түршігіп дене тістен, шымырлап төс,
Бақұлдық алмақ болып барында ес,—
Жыланға деді Жұпар «Басқа амал жоқ,
Сенде емес, кінә менде, өтінем, кеш!»...

Қылығын жылан сонда түсінгендей,
Бұл үйде суық соғып үсінгендей,
Сәкіге салаң етіп құлай кетті,
Жұпардан бұрып бетін, түсін көрмей...

Жұпардың денесіне жайылып у,
Халіне жеткен шақта діңке құру,
Естуге сөз түйінін жылмаң қағып,
Бөлмеге кіріп келді У Пэй-фан қу.

Ісініп жатыр екен Жұпар талып,
Кеудесін кере, әзер демін алып,
Шұбалған кобраны көрген шақта,
Ұғынды уланғанын жылан шағып.

Ұғынды болғандығын шешім қатал.
Қуатын жинап Жұпар, тек тіл қатар:
Екі-ақ сөз болды айтары: бірі — «Жапар!»
Біреуі — «Сүйегімді еліме апар?»...

Бұл халды естіп Қанси, көзбен көре,
Ілезде барса жетіп, суық денеге
Қимылсыз тына ғапты. Жылады ол —
Жұпардың шоқтай қызғылт бетін өбе.

Сүйгені рас еді патшаның да.
Ұрынып кәрі терек жас жалынға
Өртеніп, күл-көмірі қалар болды,
Күш жұмсап, ойы іске аспады да.

Жоқ екен ешбір қамал, іштен берік.
Боп шықты жүрек барлық күштен берік.
Соны ойлап Қанси патша сырттан тірі,
Қалғандай болды енді іштен өліп.

«Кешір!» деп, тірі емес, бас иетін,
Енді ұғып шын отаншыл — қасиетін,
Созыла тұрған Қанси, У Пэй-фанға —
«Орында,— деді,— айтқан өсиетін».

Жер емес тез көметін, тұрған таяу.
Не керек, бұндай жолдан эскерді аяу.
Вань Ань-ши қалың қолмен қыз сүйегін
Жеткізсін мекеніне жүріп жаяу.

Әшекей қымбат тастың әр түрлісін
Үстіне сепкен табыт, алтын болсын.
Тігіліп төбесіне жібек шатыр,
Ішіне самал соққан салқын болсын...»

Вань Ань-ши естігенде мына кепті,
Шошынып өртенерлік халге жетті.
Бейнесі Жұпарханның арманда өлген,
Тізбек боп, көз алдынан көштей өтті.

Амалсыз аттанғанда, баста күшпен,
Құмартып, бұл сұлуды көруге іштен,
Есінен адасқандай болып кеткен,
Жұпарды көрген шақта, қолға түскен.

Салғандай қызға емес, күнге құрық,
Сілейіп қарсы алдында қалған тұрып.
Қадалған өткір қара көздерінен
Жан сырын ішіндегі болған ұғып.

Өкініп содан кейін қылығына,
Рақымсыз, қарғыс айтып құрығына,
Серт етіп қалған іштей «жәрдемдесем,—
Деп ойлап,— бұл бұғаудан шығуына».

У Пэй-фан қызды лезде оңашалап,
Алуға үлгере алмай арашалап,
Көзінен гайып болған Жұпарханды,
Тәсілмен құтқармақ та жанасалап.

Маңайын күзеткенде Чан няй-няйдің,
Болғансып төңірекке қатал айбын,
Сырмінез адамдарға еппен айтқан
Мәнісін іштей ойлап жүрген жайдың.

Әуелде арқа сүйеп аз адамға,
Біраздан үміт өрті маздағанда,
Қарсаңда Жұпар өлер, оның қолы
Қалған да даяр болып қозғалаңға.

Міне, енді, Жұпар өлді... қалды қапы!
Вань Ань-ши секілденіп алмас сапы
Қайғыға қайралды да, кек алуға
Бекінді жеткенінше әл-қуаты.

Қансидың қабыл алды жарлығын да:
Әскердің бағынышты барлығын да
Лек-лек қып сапқа тізіп, Жұпарханның
Мәйітін көтерді де шықты жолға...

1963—1965

# АЛДАБЕРГЕНОВ ТУРАЛЫ АҢЫЗ

*Кіріспе*

*Бастамай-ақ бұл жырды*
*Баяғы өткен Баяннан,*[1]
*Жырлайық жаңа өмірді,*
*Бастайық бізге аяннан.*
*Аяным да емес аз*
*Әр ұлттан нелер миллион.*
*Талайының қысы-жаз.*
*Дәм де таттым үйінен.*
*Түзінде де сан рет*
*Кездестім еңбек үстінде.*
*Бір білек пен бір жүрек*
*Болғандай халға түстім де.*
*Талайынан тамаша,*
*Көңіліме түйдім сыр.*
*Сан кітап болар санаса,*
*Сырларында жатыр жыр.*
*Жырлап та келем кезекпен*
*Ол сырларды шетінен.*
*Кем емес алтын өзектен*
*Тереңде шексіз бекіген.*
*Таусылатын түрі жоқ.*
*Қазсам да қанша қиналып.*
*Қаусыратын түрі жоқ,*
*Ақын біткен жиналып.*

[1] Баян — орыс фольклорында «Жер атасы» саналатын мифологиялық образ.

*Қаусырсын қайдан, Октябрь*
*Жарқырап таңы атқалы.*
*Советтік Отан жылдан-жыл*
*Биікке шырқап аттады.*

*Бұрын «ер» деп таныса,*
*Соғыста ғана жеңгенді.*
*Азат еңбекте жарыса*
*Танылған көрдік ерлерді.*

*Біреу емес, бұл ерлер*
*Советтік шықты әр үйден,*
*Жарысқа түсті өрендер.*
*Еркекпен қатар әйелден.*

*«Білімді» бұрын десе ел*
*Оқуы көп ғалымды:*
*Тәжірибеде талай ер,*
*Үлгілі іспен танылды.*

*Бүкіл Совет еліндік*
*Кеңісе ерлер өрісі;*
*Партияның лениндік*
*Ісінің бұл жемісі.*

*Талай адам тамсанып*
*Бұл жемістің дәміне:*
*Жариялайды жар салып,*
*Суретшінің бәрі де.*

*Мен де жырлай берейін.*
*Жеткенше әл-қуатым.*
*Түгел тусам демейін,*
*Ішетін мол суатым.*

*Бұл суатқа ортақтың*
*Сусындар жерін баспайын,*
*Замандас пен ұрпақтың*
*Үлесін де тастайын.*

## АРДАҚТЫ АДАМ

Бұл жолы жырлар адамым —
Нұрмолда Алдабергенов.
Жеткізе алсам бояуын,
Жаза алсам меңгеріп.

Колхозы оның тамаша,
Ылдида емес, өрге асқан.
Асқар тау, бейне, қараса,
Жемісті еңбек ұласқан.

Еңбекте жұрт бірігіп
Қойғанда есім топқа бір,
Колхозшылар жұмылып,
Атаған оны «Октябрь».

«Нұрмолда колхоз өрені» —
Деп қойса оны ие ғып,
Жүреді ол үнемі
Сол жұртына сүйеніп.

Колхоз мүлкін бар адам
Өз мүлкіндей жинайды.
Туғандай бір анадан
Бірін-бірі сыйлайды.

«Нұрмолда айтты, бітті!» деп
Бағынады басқалар,
Он сегіз ұлт — бір білек
Нағыз интернационал.

Партия басшы, ел қосшы,
Шашау шықпай жұмылған.
Түрлі түс, жұпар иісті,
Олар букет буылған.

Осы букет советтік
Мызғымас берік қолда тұр.
Ортасында бөлек түп —
Нұрмолда біздің биік гүл.

Аспанға қолы жеткендей,
Аттап өтіп шың, құзды.

Кеуденің үстін бөктерлей
Қадаған қос жұлдызды.

Орденді тізіп қояды
Қаз-қатар тұрған жасақтай,
Құлпырған түрлі бояуы
Кәдімгі кемпірқосақтай.

Сондықтан да бұл ерді
Білмейтін жан жоқ Одақта,
Кезіне жеткен кемелді,
Санайды жемісті дараққа.

Іскерлігін теңейді,
Мақтаныш қып айтарда:
Генералов Семенге,
Не Посмитный Макарға.

Шет елдің не адамы
Құмар оны көруге.
Делиде қарсы алады,
Жабахарлал Неру де.

Мысырға барса, Ніл бойын
Аралап бірге қасында,
Біледі сұрап іс, ойын,
Гамәл Ғабдо-Әннасыр да.

«Мұхиттың бұзып қамалын,
Атағың желдей есті!» деп,
Шақырады қонаққа
Кубада Фидель Кастро.

«Көрмесем де, сыртынан
Ісіне қанық досымын!» —
Деп іздеп кеп жұртынан
Дәм татады Хо Ши-мин.

Кореядан, қытайдан,
Африкадан лек-лек боп,
Бай колхозды ұлғайған
Келеді халық көрмек боп.

Қонақтар түгіл тілектес,
Бағыттас бізге елдегі.
Келсе де ол қыңғ етпес,
Америка фермері.

Қыс демей я жаз демей,
Келсе-дағы қай күні:
Бұл колхозда жоқ кедей,
Молшылықта бар үйі.

Құлдары жоқ, қожа жоқ,
Халықтың бұндай тегісі,—
Жарыста өсірген оза кеп,
Социализм жемісі.

Туысқан елдер еңбектің,
Қайнатса ұлы қазанын,
Ортасында көрнекті
Орын ап жүр қазағым.

Талай ұл, талай қыздары,
Жүлдесін алды жарыстың.
Ұлы егесте қызғаны,
Барады шырқап, алыс тым.

Шырқаған топта Нүрекең —
Барады алдыңғы қатарда,
Сондықтан, ісі жыр екен
Шет елде де, Отанда.

Кең жайылған бұл жырға
Даусымды мен қосайын.
Тарлан тартқан боз жорға
Бүлкілдей аяқ басайын.

## ТОЙ ҚАРСАҢЫНДА

Біздің үйге жол түсіп,
Келе қалды Нұрмолда.
Әкепті қымыз бір торсық,
«Жүрмес — деп — бата құр қолға».

Қарашығы көзінің —
Қасында ұлы — Төлеген.
«Көшірмесі өзінің» —
Жан жоқ оны демеген.

Күлән мен осы Төлеген —
Тірісі туған ұл-қыздан:
Махаббатқа бөлеген
Төлеші биыл тоғызда.

Әкесіндей бұның да
Денесі молдау пішілген.
Қабағын, бетін, мұрынын,
Аудармай-ақ түсірген.

Сарғылттау өңді әкесі,
Баласы бәлкім қоңырлау:
Әкедей жалпақ шекесі,
Ерні аздап қалыңдау.

Реңі, өңі, иегі,
Ақжарқынға келіпті:
Болған соң тең сүйері,
Табиғат солай бөліпті.

Мінез — ойын байқауға
Болған ең әлі кішкене,
Жәй жобалап айтарға
Әкедей бұл да мық-шеге.

Әкесіндей бұл-дағы
Білмегенін сұрағыш:
Ненің қалай тұрғанын
Абайлағыш, сынағыш...

Сыртымен емес ішімен,
Әкесіне тартсын, тек!
Білімімен, ісімен
Әкеден де артсын, тек!

Адал, арлы ұл, қыздың
Бәріне осы айтарым!..
Сүрлеуін қумай әр іздің,
Тақырыпқа қайтамын.

Нұрмолданың бұл жолы
Бермекпіз жайын баяндап,
Демессем — «Үйге кіргені»,
Орныкпайды аялдап.

Жолыққанда эрдайым
Жүрісі оның асығыс,
«Бірдеме жетпей... саруайым»,
Жүреді ылғи басып іс.

Бұл жолы да басып ол
Кәнігі өз әніне,
Қарамады сасып ол,
Мәкеңнің бермек дәміне.

Асфальт екен көшелік
Сапарының уайымы.
Көп көшеге төселіп,
Азына жетпей дайындық,---

Абыржып батыр келіпті,
Өйтпеуіне бола ма?
Колхозында көрікті
Той болмақ жуық арада.

Отызға толған бұл тойын
Бүкіл Совет Одағы,
Мейрамдап, қызып күлкі-ойын,
Болады сыйлы қонағы.

Тойлағанда көреді.
Қора-қопсы үйлерін,
Көргісі және келеді
Жеке үйлердің күйлерін.

Нұрмолда оған қыңбайды,
Қарасын мейлі сығалап,
Бір үй де нашар тұрмайды,
Болса да қалай сынамақ.

Оқтай түзу және кең,
Көшелердің бойында,
Жайқалып өскен сәнімен
Сәулетті терек, қайың да.

Қаз-қатар қаздай тізілген
Көлеңкеде ақ үйлер:
Аулада жеміс, жүзімдер
Дәмі тілді үйірер.

Ақ үйлерге сұқса бас,
Мұнтаздай жинақ, таза іші,
Суретші мен жазушы.
Сипаттамай шыға алмас

Білетін біздей егделер
Ескі ауылдың жайларын,
«Кедей түгіл, тең келер
Жоқ,— дейді,— бұған байларың!»

Бір үйге кірсең, кең, жарық,
Әйнектен күн нұр құйған,
Бөбектер жатыр демалып,
Балапандай бұлтиған.

Бара қалса дәм айдап,
Колхоздағы клубқа,
Таңданар еді қарай ғап,
Атақты Има Сумак та.

Емханаға ең жақсы
Мағынада қызғанып,
Болар еді тұрмақшы,
Профессор Сызганов.

Салтанатты, кең, зәулім
Ғажап көркем мектебі.
Одан да ғажап гүл-баудың
Тотыдай бояу төккені.

Көп көтеріп шалқытпай,
Теңемей-ақ басқаға.
«Алматыдан артықтау,
Болғанға дейін астана!» —

Десем боп тұр ауылдың
Сипатына сиымды.
Колхоздық қана қауымның
Қолынан солай құйылды!..

Шыққысыз, кірсең тұрағы
Адам түгіл, малдардың,
(Сыртынан да ұнады,
Сарайындай хандардың.)

Ішінде семіз сиырлар,
Қайырып жатқан күйісін,
Сезбейсің мұрын жиырылар
Тезектің де иісін.

Жайылымда қойлары,
Шөмшектеп жерден терген от,
Жуандығы, бойлары
Торсиған бейне бегемот.

Мыңдаған үйрек, қаз, тауық
Шыққанда жемге шұбақтай,
Бұрқырап аққан тас жарып,
Құлаған таудан бұлақтай.

Тік өркешті түйесі
Жоталанған биіктей,
Ешкілері иесіз
Тағы боп өскен киіктей.

Автомобиль, самолет
Болғанмен көптен көлігім,
Жылқы десе елеңдеп,
Желігеді көңілім.

«Ер қанаты — ат» деген,
Жасымнан бойға сіңген сөз:
Сондықтан атты кем демен
Ракетадан — ұшқан тез!

Бұл колхоздың жылқысы
Шетінен түгел сайгүлік.
Бейілмін болсам жылқышы,
Бағуға да тай мініп.

Бұл сөзім, бірақ балалық
Секілді, жәй, сағынған...
Десек те, қайда баралық,
Машина көп ағылған.

Гараждарда тізіліп
Тұр олардан бір қора.
Бәріне де қызығып,
Мінесің жолға, далаға.

Тасымаса машине,
Теңкиіп астық жондардай,
Сарайдың сыймай ішіне,
Боп кетер еді Жоңғардай.

Сендерге кіріре кетейін,
О, сарайлар, сарайлар!
Таңданбай мен де петейін,
Таңданған соң талайлар!

Секілді бұлар ордасы
Хандардың емес, патшаның,
Қымбатты іші — қоймасы
Нанбасаң есігін аш та үңіл!

Үңілгенде көрерің
Тау-тау бидай үйілген.
Жемістен де мол өнім,
Шырыны тілді үйірген.

Жүгерінің ұзынша
Дәндері тізген меруерт,
Бал татып қанттық қызылша,
Анарын жарсаң — қызыл өрт.

Сарайда барлық тау-тау боп
Үйіліп түрлі жатыр дән.
Бұл колхозда жоғы жоқ,
Өнетін жерге дақылдан.

Жекешеде дорбадан
Аспаған астық құйылып,
Бұл колхоздай болмаған
Жетісу бұрын жиылып.

Өсіруге мұнша астық,
Машинені ұстаған.
Отыз жыл бұрын таппадық,
Бүкіл Қазақстаннан!

Атамауға бола ма,
Электрдің қуатын,—
Ауылда да, қалада
Сан байлық, қолынан туатын?

Бұл колхоз да сүйенген
Электрдің күшіне.
Тау-тау болып тиелген
Нелер ауыр ісіне,—

Жұмсаса билей кетеді
Кідірместен жасқанып.
Қимылын ермек етеді,
Тұрған адам басқарып.

Істің жеңіл-қиынын,
Күні жоқ тұрған атқармай.
Жұлдызды аспан қиығын
Түнде ауылға жапқандай.

Мол дәулеттің, несіне,
Сипаттап бәрін тізейін.
«Жазыпты,— десең,— өсіре»,
Колхоздың көр музейін.

Барлығын барлай баяндап,
Қайда шың барып, қайда құз,
Айтады кідіре аялдап,
Қызметінде тұрған қыз.

Сайрап тұр экспонаттар
Тарихын талдап колхоздың,
Қалғанын артта қанша жар,
Екенін қандай шыққан шың.

Көркем шың, бойы тым биік
Коммунизм өрінде,
Тұрады Нұрмолда жымиып,
Кім келсе де көруге.

Шаруасы биыл да,
Бар тараудан түрлі тым.
Өтеген тартып сыйын да,
Мемлекеттік міндетін.

Артығымен орындап,
Егісі мен мал басын.
Колхоздың өтеп, дамыл ап,
Ортақ жеке жарнасын.

Жайғасып өзге жұмысы,
Алынып қолға құрылыс,
Болмайды жай тұрысы,
Күні-түні қайнап іс.

Алдағы жылдың анықтап,
Тағы бір рет жоспарын.
Ұшуға тағы шарықтап,
Даярлау қажет аспабын.

Бір ғана түйткіл: «Көшенің
Асфальт боп бәрі бітпеген».
Болып та қапты өсудің
Отыз жылы күтпеген.

Байланысты осыған
Ұлан-асыр той болмақ.
Мол дәулеттің тасыған
Нұрмолда кемін көрсе ойлап:

Жиналғанда қалың жұрт,
Біле алмастық есебін,
Жоңғардан жылжи келіп бұлт.
Төге салса нөсерін.

Асфальтсіз көше бойында
Малтықса сазға аяғы,
— Болды,— деп,— мәлім жайың да»
Қылмай ма ажуа қонағы?

Нұрмолда содан қынжылып
Алматыға шауыпты.
Іскер, бірақ қу жігіт.
Гончаровты тауыпты.

«Төлеуге құнын жұмыстың
Жетеді колхоз байлығы,
Мөлшерін айт бұл істің,
Бітетұғын қай күні»,—

Деп жол жайын кеңесіп.
Сырғытпа түрін байқай кеп,
Тұжырыпты егесін,—
«Үкіметке айтам!» деп.

Содан ба, әлде ұқты ма
Шабандығын қимылдың,
Жол бөлімін ықтыра
Гончаров жазған бұйрығын,—

«Бір жұманың ішінде,
Төселіп асфальт бітсін!» деп,
«Бай колхоз шат пішінде
Қонақтарын күтсін!» деп.

## АТТАНАР АЛДЫНДА

Қалтасына салған соң,
Гончаров берген бұйрықты:
Бір шай ішіп алған соң,
«Волга» есімді жүйрікті

Баптады да Нұрмолда
Тартты тура аулына...
Тигеннен кейін күш қолға,
Жеп-жеңіл істің ауыры да.

Начальник айтқан мерзімде
Асфальтты да аяқтап:
Өтетін тойға кезінде
Билетті бөліп таратпақ.

Нұрмолда келді қалаға,
Аз уақытта айналып,
«Іс көп,— деп, — осы арада»
Жатпады тағы жайланып.

Әбігерлікпен өткізіп
Күндізін де, түнін де.
Екі-үш күндей күткізіп,
Бір күні соқты іңірде.

«Даяр шай болса ішем де,
Қазір-ақ, Мәке, аттанам!..
Абыржыған пішінде.
«Сыбағаң бар,— деп,— сақтаған.

Жібермеймін жегізбей!»
Мақұлдап мұны Нұрмолда
Басқа айтарын дегізбей,—
«Тез қамда, жеңгей, тез қамда!»

Нұрмолда қызық: демесек
Қонақ болған атағы,
Өзгеміз өндіре жемесек,
Ол жәй ғана татады:

Май дегеннен безеді,
«Жүрмін,— деп,— көптен диетте».
Тек қана, кейде өзеуреп,
Мүжуге құмар сүйекті.

Жасы елуден асқанмен,
Азу тісі балғадай,
Кеміреді қасқырдай,
Кез келгенін талғамай.

Арақ-шарап дегенді
Тигізбейді ерніне,
«Сіңірсін,— деп,— жегенді»
Айран — сүтті өндіре.

Тартады тершіп маңдайы,
Күрең шайды сүт құйған.
Тұрмаса қайнап, қанбайды
Самауырға бұқтырған.

Мәжілістің кезінде
Жаңа сырын білдірді.
Жидырмайтын езуді,
Адам боп шықты күлдіргі.

Ертегі емес, солары
Көргендері өзінің:
Бір герой өзі болады,
Қосып қимыл, сезімін.

Бос кеңес емес жәна да,
Бәрі істің пайдасы:
Ұмытылғанда жаңаға,
Жасайтын әдіс-айласы:

Қалжыңмен де, іспен де,
Мақсатын берік тұтуы,
Сөзімен де, күшпен де
Әр уақытта ұтуы:

Ұтқанының бәрі де
Өзіндік емес, қоғамдық:
Жастарға да, кәріге
Әрдайым үлгі боларлық.

Қоғамдық іс дегенде,
Көрмейді ұйқы, күлкіні.
Болмайды оны бөгеуге
Не күндіз де, не түні.

Бүгін де біздің Нұрекең
Мәжіліске біраз алданып,
«Айлы әдемі түн екен,
Жүремін — деді — қамданып».

Жалынды Мәкең: «Қайным,
Көзіңнің ал,— деп — шырымын!»
«Болмасын, жеңгей, уайымың:
Түнде жолға шығуым,—

Бұл ғана емес, сан рет,
Мезгілсіз жортып үйренгем.
Кездескен талай көр-түндер,
Көзге инедей түйрелген.

Тас қараңғы шақтарда,
Адым жер алдын көрмеген.
Нелер биік шаттарға
Ат жалын құшып өрлегем.

Нелер терең құздарға
Құлдырап төмен түскемін:
Кездесіп жаңбыр, мұз, қарға
Тоңазып, кейде үскемін.

Жаз аңызақ ыстықта,
Кезгемін құм, шөл арасын.
Ат жалын талай құштық та,
Үйтқып құмнан борасын.

Далада қасқыр, тауларда
Аюлар талай қамады.
Ұсап аспаннан жауғанға
Сар маса жаудай талады.

Жеңгенде ұйқы, кей шақта,
Мызғыдым үстінде аттардың:
Араласып құм, шатта
Жыландармен жатқамын.

Шетсіз шөлде, кей кезде
Таусылса азық, адасып,
Жан иесін кез келген
Шикідей жедік таласып.

Тамшы су таппай, аңырып,
Өлерлік халге түскенде,
Аттың күре тамырынан
Кез болды,— қанын ішкен де.

Демей ме қазақ, жеңгей-ау,
«Мал арыстанның аузында?»
Байлық та оңай келмейді-ау,
Жүрмей жан тары қауызында.

Қиындығын соғыстың,
Қояйын, жеңгей, айтпай-ақ.
Жауларды қолдан жеңістім,
Жоғалсын құрғыр қайтпай-ақ!..

Сондай күндер басынан
Өткенге бұл түн немене?
Дарияда шалқи тасыған,
Ақырын жүзген кемедей,—

Асфальт жолмен машине,
Ағады сырғи тербетіп,
Мейлің қалғып есіне,
Мейлі аяқты көлбетіп

Жатып ал, артқы диванға,
Қаласың қатты ұйықтап
Үйге жетіп тұрғанда,
Жатқан жағың ұйып қап...

Бізде де, жеңгей, қатын бар,
Ерінің тапқыш көңілін:
Дененің ұюы ұмытылар,
Сипаса баптап келінің!..»

Мәкең күліп, сол кезде:
«Мақтауың, қайным, жетті!»— деп.
«Деп ойласам: кербез бе?
Екен ғой, келін епті!» деп,

«Түн қататын жайыңды,
Енді ғана ұқтым» деп:
Деп маған да: — «Қайнымды
Көрдің бе? Сөзге ұтқыр!» деп.

Сонымен бітіп әзіл сөз,
Нұрмолда ұлықсат алды да,
«Даярла,— деді,— жеңгей, төз,
Кетейін ертіп шалды да.

Шақырмаймын алалап,
Өзіңіз де жүріңіз!
Той жабдығын бағалап,
Кемдігі болса біліңіз.

Біліңіз, жәрдем беріңіз,
Түзесуге кемдікті!
Шаттансын тойға көңіліміз,
Етейік риза ел-жұртты!»

«Той болар күннің алдында,
Қоналқаға жетем»,— деп —
«Жұмыстарым бар мұнда,
Сәкең жәрдем етер» деп,

Мәкең қалып қойды да,
Нұрмолдамен аттандым.
Сөйлесе отырып тойды да,
Тың сырын біраз ақтардым.

## ЖОЛҒА ШЫҚҚАНДА

Замандастар, ұрпақтар,
Алматыда тұратын!
Кездесе қалса бір шақтар
Серуендеп жолға шығатын.

Беттеп жүріп көрші бір,
Станция Ілеге!
Болсын, бірақ, түнде бұл,
Жолшыбай тоқтап түнеме!

Күз я болсын жаз айы,
Болсын айлы ашық түн.
Аспанның күмбез сарайы,
Тұндырсын жұлдыз жымыңын!

Қажет емес ол түні,
Желдің күшті, бәсеңі.
Автомобиль екпіні
Оятса, ызғындап еседі.

Бұзылған соң күйісі,
Жәй ызғын емес, екпіндеп:
Жусан сасып иісі,
Үрлейді ысқыра, өткір леп.

Сыртта ысқырма, келе ғой,
Терезені өзім ашайын!
Долданбай-ақ өбе ғой,
Ерніңе төсімді тосайын!..

Тегіс жол, жұмсақ машине,
Тербеліп қалғи бастасам,
Салқын леп үрлеп төсіме,
Сергіп ұйқымды ашпасам.

Қор ете ғап, қызығын
Көре алмас едім маңайдың.
Самалдың тыңдап ызыңын,
Төңірекке қараймын.

Артта ақ жон Алатау,
Ай сүтін еміп бөккендей,

Ақ жотаға ай тақау,
Еңкейсе ерінің өпкендей.

Биік шыңдар теңкие,
Тігілген аппақ отаудай.
Аласа шыңдар көп түйе
Қатарласа жатқандай.

Аспанды бөктерлей шұбалған,
Тұтас тау — шексіз қамалдай.
Жан жоқтай оған шыға алған,
Жау жоқтай оны ала алған.
Ұзаған сайын барады,
Алатау шөгіп, төмендеп.
Тіккен көз енді талады,
Құмартқан «тағы көрем!» деп.

Аласарған ақ жота,
Жер жиегін көбелей,
Жоғалды біржолата,
Теңізге батқан кемедей.

Іледен де бұл кезде,
Алыстап біз кеткеміз:
Ызғындатып, лезде,
Арқарлыға жеткеміз.

Шыққан шақта биіктен,
Арқарлының өріне,
Жұлдыздарды киіп кеп,
Шыққандаймыз төріне.

Құлдыраса ылдиға
Машина зулай лып беріп,
«Жардан теңізге ырғи ма?
Кете ме батып, күмп беріп?»—

Дегендей жүрек өрепкіп,
Шырадай көзің жанады.
Елемей, оны керек қып,
Машина заулап ағады.

Зауламақ түгіл ұшса да,
Тез таусылар дала жоқ.
Жалпайып жатыр сұстана,
Теңіздей шексіз қара көк.

Талай жаудың сан ғасыр
Тартса-дағы азабын.
Өзі кең және өзі асыл,
Алыпты-ау жерді қазағым!

Тоқсан сегіз Бельгия
Өлкеңе сияр халықсың,
Осыншама жерге ұя
Көшіп жүріп салыпсың!

Сонша жерге сан ғасыр,
Жүрдің-ау қазақ сыя алмай!..
Ұйтқыттап бай, хан — масыл,
Төбелестің-ау, ұялмай!..

Береке, бірлік таппадың,
Дау-жанжалың астаса:
Бітпейтін еді-ау лаққаның,
Басыңды Совет қоспаса!..

Тек Советтің тұсында
Ел болдың тұтас, ерікті.
Шарықтап бақыт құсың да,
Дәулетің тасты көрікті.

Іші-сырты кең жерің,
Екен толы қазына.
Игілікті мол меңгердің,
Қанатың кең жазыла.

Ұлы Одақтың бай, көркем,
Болдың бір ғажап отауы.
Жыл сайын биік өсті өркен,
Аспандап аброй, атағың,

Жайылды даңқың дүниеге,
Ел елдің шет жұрт білмейтін.
Енді жаудың бүйіріне
Ел болдың найза түйрейтін.

Талай жүйрік ере алмай
Сен сілтеген қарқынға,
Шаңыңды да көре алмай
Қалып қойды артында.

Көркем далам, кең далам,
Тіл жетпес сені бағалап.
Тауыса алмадым, мен балаң,
Үздіксіз қырық жыл аралап!

Түгел көрем десе егер,
Ешкімнің жетпес шамасы,
Өркендей бер, өсе бер,
Бақытты қазақ даласы!..

* * *

Тез қалғып және тез сергіп,
Тез ұйқтап, тез оянған,
Нұрмолда емес кем дерлік
Ең сақ құлақ қояннан.

Қалғысын я ұйықтасын,
Сыбырларды сезіп дәл:
Қараңызшы, ұмытпасын,
Қайталап айтып бере алар!

Сұрасаң өзінен, сергектік
Қылығына таң болып,
Жауабы: «Өстім өрлеп тік
Шыңына өмір, «аң» болып.

Көрген жоқ ешкім құс, аңды,
Ұйқыда қапы ұрылған.
Жыртқышты я адамды
Сезініп күн бұрыннан.

Жан сақтар жерге жармаса,
Жытпай ма жылдам бой ұрып?
Сезімі сондай болмаса,
Кетер еді жойылып.

Ірі аңды қойып, мысалы,
Алайық киіктің лағын,
Туа сала тосады,
Қатерлерге құлағын.

Ене емшегін ембестен,
Бет қойып өрге жатады.
Қауіпті сезсе, көрместен,
Биікке ырғып атады.

Ал, мен ше? Мен енеден
Туа көрдім таршылық.
Сезбесем қатар денемен,
Кететін болды жан шығып.

Жарты миым қалғыса,
Жарымы тұрды күзетте.
Кішкене күннен аң құсап,
Сақ құлақ болдым тыз етпе.

Өзіме кейде білінбей
Жүргенде, ұйқылы-ояуым,
Еш ісімде мүдірмей,
Атқарып мінсіз қоямын.

«Мақтанды» деп ойласақ,
Білетін сұра адамнан.
Балалық шақтан әрқашан,
«Құс-ұйқы» атым тараған.

Айтқанының шындығын
Өзім де көріп келемін.
Сондықтан дедім: »Шың бұның!»
Бір сөзін бекер демедім.

Уақ кеңеске таусылар
Емес екен мына жол.
Жүз емес, мыңдап бар шығар,
Кездесетін ылди-өр.

Пысылдап дем алғалы,
Нүрекең қалғып қояды,
Зымырауы «Волганың»
Секілді өгіз аяңы,

Түнере төнген бұл түнде
Зымырау түгіл, мейлің ұш!
Ағынды судай іркілген
Тұнжырай тұнып пысады іш!

Сондықтан ба, кім білсін,
Келеді ұйқым ашылып.
Аспанның жыпыр күмісін
Барады бұлт жасырып.

Бұлтқа ма, тауға ма?
Жоғалды барып, шөгіп ай.
Қап-қара түнек айнала,
Бейне қою қарамай.

Түн тонын тіліп қайшыдай
Фарлары көзге шағылған,
Біріндеп барып таусылды,
Машиналар ағылған.

Жыландай тұрқы тым қысқа,
Алда, асфальтті із ғана.
Жарысамыз кей тұста.
Қосаяқпен біз ғана.

Қосаяқ жалт бергенде,
Өтеміз ағып ілгері.
Мені де торлап меңдейді
Ауыр әсер түндегі.

— Нұреке, деймін, қалғыған
Нұрмолдаға сол кезде.
Бүркіттей түлкі аңдыған
Салт етіп ол лезде:

— Немене, Сәке?— десе, мен:
— Табайық ермек, ұйқы ашар!—
Десем, күліп Нұрекең
— Түн бе еді,— дейді — таң асар?

— Кеңесейік! деймін мен,
— Кеңесейік!— дейді ол.
— Қызық кеңес айтып бер!
Қысқарсын мына қашық жол.

Қашық жолға машина
Келе жатқандай аяңдап!..
Түскеніншe есіңе,
Бер өміріңді баяндап!..

Олай дейтін себебім:
Шаруа жайын сан айттың.
Табылып талай керегім,
Білімімді молайттың.

Мен ғана емес, талайды
Тамсандырды байлығың.
Үлгі деп халық қарайды,
Істеріңнің барлығын.

Талай ғалым, мамандар,
Арнады томдар көлемді,
Ақыннан бар адамдар
Шығарған топтап өлеңді.

Әр кезде алған әсері
Молайғанда құралып,
Көп нәрсе жазды көшелі,
Бір ғана Ғабдол Сланов.

Жасап талай жорықты,
«Роман жазу ауыр» деп,
Очеркті тоғытты,
Бақбергенов Сәуірбек.

Қалжыңдап айтсақ көрем деп,
Атқарған сендер зор істі,
Түк жазбаған, көп қой жеп,
Ақындар кейбір борышты.

Мен олардың іздерін
Қояйын шарлап баспай-ақ.
Сөздерімнің тізбегін
Құрайын бәлкім басқарақ.

Ұзын сөздің, Нүреке,
Қысқартқанда аяғын:
Бір тақырыбым жыр етер —
Сенің өмірбаяның.

Одан жұрттың білері:
— «Баяғы — батырақ, бүгін — ер».
Қазіргі сенен тілегім,—
Осы жәйді айтып бер!

Қайда тудың, қайда өстің,
Нелер көрдің бәрін айт!
Шол, бәрін өткен белестің,
Бүгінге жетіп бір-ақ қайт!

— Құрметті Сәке, бөлмей-ақ
Маған ғана уақытты,
Жырыңмен түрлей бер бояп,
Нұрманбетов Ақықты.

Ең құрметті ақсақал,
Жетпістен асты, бірақ, жас.
Алпысында ап тоқал,
Туды үш ұл қарбалас.

Көрмеген ол ұлдарды,
Күдіктеніп, етер сөз.
Көрсең тартып тұр бәрі,—
Орақ тұмсық, шегір көз.

Немесе, Сәке, сипатта
Ноғайбаев Саумалды.
Қызылшадан ойпатқа
Үйді талай тауларды.

Не жазып көр, агроном
Забрицкий Бористы.
Ақылы тапқыр, ойы кең,
Дәл болжайтын бар істі.

Қойшылардан жазуға
Дәл келеді Құрманбек
Жарыста ылғи озуда,
«Бар қойы егіз туған» тек.

Жұлдызды қойшы іздесең —
Асантаев Базарбай.
Қойшыны «жүз мың» десең,
Бірі де қойды оза алмай.

Бәрін тізіп кетейін,
Еңбектің Ері — он алты.
Бірінен-бірі өтеді,
Түйіндеп айтсам — бәрі алтын!..

Мың екі жүз үйдің мен
Таппас ем, жаман адамын.
Тек, іске қос, біліп жөн,
Жұмса тауып амалын.

Жұмса іске әрқашан,
Қолынан оның келерлік.
Дүниеде жан жоқ орасан,
Бағынған барлық шеберлік.

Дәрігерге көне ме,
Мысалға алсақ,— комбайн?
Қолынан іс өне ме,
Білмегеннің әрдайым?

Білгеніне жіберсең
Атқармайтын шебер жоқ.
Тапсаң ырқын түгел сен,
«Жалқау», «олақ» деген жоқ.

Колхозды десек,— «аса зор
Машинеңің денесі»:
Ондағы барлық еңбеккер
Не — бөлшек, не — шегесі.

Тұтаспаса солардың
Бір орынға қаруы
Ауырды жеңіп алар кім?
Биікке қиын баруы.

Он бес жыл бұрын бұл колхоз,
Болса да елдің сорлысы:
Кеткені бертін байып тез,
Ерлердің ғана қол күші.

Колхоздық атақ, әлі де
Әйгі боп, биік өссе бой,
Колхозшының бәріне
Ортақ осы абырой!

Ширек ғасыр басқартып,
Сыйламайды босқа көп.
Билейтұғын жасқантып
Бұл заманда патша жоқ.

— Қашсам да қалай бұлтарып,
Қойдың-ау, Сәке, құтқармай!..
Боп жүрмейін мен «алып»
Көлеңкеде жұрт қалып!

— Бұл сөзіңнің, Нүреке,
Жоқ артық я қатасы.
Дегенмен, сені жыр ете
Деседі олар: «атасы!»

Жемісті ағашқа жайыла
Өскен олар көп бұтақ.
Тоқтасақ жеке жайына,
Әрқайсысы бір кітап.

— Оларға да жетерміз,
Алдағы күнде аяңдап.
Әзірге ермек етерміз
Бер өміріңді баяндап.

— Ойбо-о-й,— деді Нұрмолда,—
Сілтедің тағы іріге!
Жетеді нақ, бұл жолға
Ол жайдың жүзден бірі де.

Сізге ненің керегін,
Айтпай-ақ іштей сеземін.
Қысқаша айтып берейін,
Өмірімнің кейбір кезеңін!

Тамағын кенеп алды да,
Нұрмолда кеңес бастады.
Жеткенше біз аулына,
Талайын айтып тастады.

## АТА-ТЕГІ ТУРАЛЫ

— «Мен жасымнан көргем жоқ,
Қатысып билік-ерлікке,
Сөзі түгіл бетпе-бет,
Би мен ерді көрдік пе?

Әй, көрмеген шығармын,
Батырды да, биді де,
Бейнеттен болмай шығар күн,
Көруге қолым тиді ме?

Тиген жоқ, алған үлгім жоқ
Биден, ерден, шешеннен.
Бұл жөнде басқа білгім жоқ,
Әжем менен шешемнен.

Алтымда өлген шешемнің
Аты еді Назира.
Салдарынан келселдің
Тап болды жастай ажалға.

Сымбатты, сұлу, аққұба,
Адам-ды биік денелі.
Сыйлатқан жақын, жатты да
Әлінше тиіп көмегі!..—

Қалжыңдамақ болдым да,
«Сен қалай тудың содан?»— деп,
Күн бар ғой әлі алдымда,
Тоқтадым «кейін соғам» деп.

— Ескі ауылда білесің
Барлығын қандай өнеге.
Әженің бауырына кіресің,
Боласың бірінші немере.

Мен көрген күні бейбақтың,
Өтті көген басында.
Тұрса да шыжып қайнап күн.
Қой сауды қосақ қасында.

Өнері ме немесе
Болды ма екен жан шері?
Тітірер адам денесі,
Даусы зарлы өнші еді.

Ауыр еңбек үстінде
Көмекейі бүлкілдеп,
Ән айтса, өтпей ешкім де,
Тыңдайтын тұрып, «шіркін!» деп.

Білмей де қалдым, сол халда,
Неден, қалай өлгенін.
Қыстыгүн, суық боранда,
Білемін, тек көмгенін.

Атам, әжем, әкемде,
Шықпаған тек жан қалды,
Долы жел биік көтерген
Құлағымда зар қалды!»—

Елестеп көзге сол өлім,
Кеткендей жаны түршігіп,
Нұрмолда тартып кең демін,
Алды бір ауыр күрсініп.

Осы бір тұста машине
Бір белестен әрі асты.
Кеңесін алып есіне,
Нұрмолда сөзі жалғасты.—

— Әжемнен, жұрттан естуім,—
Арғы атамыз — Жалайыр.
Етеді аңыз: «өскен,— деп —
Желкесіне жал айыр.

Нар түйеге теңдесер
Ірі екен,— дейді — денесі,
Қадала қалса тас тесер
Өткір,— дейді, жебесі.

Садақ тартса құлатқан,
Қиядан құлжа, текені.
Құланды ұстап қыраттан,
Жетектеп ұстап кетеді.

Жолбарыс пен аюды
Жекпе-жекте алған деп:
Сондықтан бүкіл руы,
Ұран еткен «Қаблан» деп.

Кейінгі біраз атаны
Созбайын бері шіреп тым:
Оның да шыққан атағы
Жалайырда — Шіпетпін.

О да батыр деседі,
Жаудан елін қорыған.
Өліпті ақыр деседі,
Шыңғыс ханның қолынан.

Шінеттен өрген бергісін
Дей алмаймын: «таратам».
Болмаған би, ер кісі,—
Білетінім: өз атам.

Атамның аты — Өренбек,
Әжемнің аты — Айтолыс.
Атамды атайды «мерген» деп,
Осы маңда ел тегіс.

Аспанда құс, жерде аңға
Атқаны бос кетпеген.
Өзі өскен заманда,
Одан мерген өтпеген.

Өмірінде бар малы,
Жалғыз ғана ат болған.
Жақсы ат болған арманы,
Сондай ат ылғи тап болған.

Әжемнен туған деседі,
Он екі ұл, сегіз қыз.
Аң етін жеп өседі,
Сол ғана боп бар дәм-тұз.

Әжем қолдан илеген,
Аң терісі кигені.
Өлтірмей сондай күйменен,
Атамның ғажап, сүйреуі!

Ұлдарының бәрі де
Өзіндей ірі дәу болған.
Денеге сәйкес әлі де,
Дендері түгел сау болған.

Мал түлігі болғаны —
Жалшылыққа бытырап:
Он ұлы қатын алмады,
Өмірінше болып батырақ.

Қайда өліп, қайда көмгенін
Он батырақтың бәрінің
Білетін жан жоқ елдегі
Адамдардан әлі күн.

Әкем болған ұлдардың
Кенжесі және күйкісі.
Батырақ өңшең құлдардың
Ең жасығы, шикісі.

Әкеммен туыс қыздардың
Болыпты бәрі ажарлы.
Заманда ауыр — қыздар күң,
Шетінен болған базарлы.

Бейбақтардың әкесі
Шықпай жатып қыз аты,
Қалың малын өтеуші
Алған да кеткен ұзатып.

Менімен құрдас бір қыздың
Еді аты — Тазагүл.
Күшігіндей құндыздың
Жан еді көркем, таза бір.

«Он алтыншы жыл» атты
Болмады ма дүрбелең?
Соққанда дауыл сол қатты
Ел қалды ма бүлмеген?

Білмей де қалдық сол кезде,
Көп «аға» қайда кеткенін.
Білмедік үйдің лезде,
Өлерлік халге жеткенін.

Әкем байғұс сол тұста
Болған еді сырқатты,
Күн көрерлік қол қысқа,
Жоқшылық бізге тым батты.

Сол кезде бір бай, сияқты,
Өңкиген кәрі күшіген.
Ақ сақал, ақ мұрт қияқты,
Жан шошырлық түсінен.

Тазагүлді он жасар
Сатып ап бір қап тарыға
Әкетті!.. Күш жоқ таласар,
Өлердей батты-ау, жаным а!..

## ЖАЛШЫЛЫҚ ТОНЫН ЖАМЫЛУ

Нұрмолда ауыр күрсініп
Тағы бір рет алды да:
Бастады кеңес құлшынып,
Тамағы аздап қарлыға.

— Біздің елде болды бай,
Қарақожа дейтұғын.
Биені бітеу, қақалмай,
Түйені түгімен жейтұғын.

Қожаларды демей ме:
«Пайғамбардың тұқымы?»
Кең болмай ма көмейге,
Мол болмай ма жұтымы?

Сырт қараған адамға,
Еді Қара — мүләйім.
Екі сөздің бірі «алла!..
Бере гөр, патша құдайым!»

Жылан өңді кісі де,
Қасқа бас, беті бір уыс.
Қанын тартқан ішіне,
Қара тастай суық түс.

Қарға тұмсық, қисық көз
Ойнақшиды түлкідей.
Қылығы да қатыгез,—
Жиырылған кірпідей.

Қапсырар қышқаш сияқты,
Имиген мұрын, иегі.
Таңқы мұрт, ұзын қияқты,
Сақалы — қошқар күйегі.

Қара дене қатыңқы,
Бурадай бейне жараған.
Жанырлық пышақ жақ-ұрты
Түрі иттей қабаған!

— Пау, шіркін! — дедім,— Нүреке,
Келтіріп бақтың келбетін!
Бояумен жарқын түрленте
Жасап бердің суретін!

— Асырып айтты дей көрме,
Жалғаны емес, расы.
Шығармас ешкім бекерге,
Білетін жұрттан сұрашы!

— Сұрайын оның несіне,
Сөзіңе көңілім иланды.
Қай малды мол өсірсе,
Айтып бер, енді жиғанды!

— Қарақожа болатын,
Кейде орташа, кейде бай.
Маңайға сыймай қалатын,
Сауда қойын келсе айдай.

Өз қолында бір мыңдай
Қой, ешкі ғана өсетін.
Сауда қойы бір ыңғай
Жиырма мыңдай десетін.

«Қарқарадан жиғаны,
Қояндыда өтеді.
Сонан соң елдің имамы
Болады да кетеді.

Сәлде орап, ел ақтап,
Жүреді бала піштіріп.
Аурулы үйде қонақтап,
Емдейді оқып, үшкіріп.

Пидия, зекет, садақа...
Сарқылмайтын бұлағы.
Жынын шашып бората,
Бақсылық та құрады.

Талақ, неке қиярдай,
Аз болып тағы олжасы.
Жеседі бірге, ұялмай
Қатындардың қалжасын.

Жиғандарын тасиды,
Арбалап та, дорбалап...
Жалшыларға ашулы,
Жүрсе де ылғи «аллалап».

Атқармаса ойындай,
Әлдеқалай бір ісін:
Қоймайды сыдырып айырмай,
Таспадай жон терісін.

Әбің Қожа әкесі
Болыпты одан да айуан:
Орыстан тамыр купесін
Өлтіріп, содан байыған.

Өренбектің ұлдары
Жалшысы болған кезекпен.
Батып ұрысқан-ұрғаны,
Ұзақ тұрмай, тез кеткен.

Талай жыл баққан малдарын,
Батырақ атам — Мерген де.
Күнелткен тістеп бармағын,
Шыдаған қорлық көргенге.

Айттым ғой мана әкемнің
Үйленбей он ағасы,
Қорлықта өтіп бекер күн,
Өшкен деп,— ақыр қарасы.

Қызы екен сорлы, Қожада
Жүретін бір жалшының.
Келісе ғапты өз ара,
Болмапты оған мал шығын.

Ал, әкемнің алғаны
Екенін айттым — Назира.
Болғанын әйел саңлағы,
Біткенін — сұлу ажар да.

Ажарына сай біткен
Мінезі мен қылығы.
Дейсін ғой, «қалай іліккен
Әкеңнің оған құрығы?

Құрығы түскен шешеме,
Әкемнің емес, әжемнің.
Шешемнің әкесі деседі:
Жалшы екен көрген әзер күн.

Ата-анадан Назира
Жасында жетім қалады.
Бермей төнген ажалға,
Әжем асырап алады.

Хал-қадары жеткенше,
Өз қызындай бағады.
Жорғалап алдында кептерше
Әжеме шешем жағады.

Әбеннің көзі түседі,
Назира оннан асқан соң.
Кетпей ме құрбан кесегі,
Аш қасқыр аузын ашқан соң?

Шешемді алмақ болады,
Төрт қатынның үстіне.
Табылмаса амалы,
Кім төтеп болмақ күштіге?

Әжеме сөз салғанда
Өтініп, қызды беруін.
Әжем амал қолданған,—
«Боп қойған деп келінім!»

Қожа зорлық жасауға,
Рулы елден батпаған.
Түсіп сондай тұсауға
Шешем жанын сақтаған.

Менсінді ме, жоқ па әлде,
Әкемді бейбақ «ерім» деп,
Абыройлы, тоқтаулы,
Жүре берген «келін» боп.

Қал-қадары жеткенше,
Әжем күткен қызындай.
Не қызметін өткерсе,
Шешем де жүрген бұзылмай.

Жетеді қайдан: қаршадай
Шағынан болса сауыншы!..
Жүретін күн жоқ шаршамай,
Басынан асқан бар ісі.

Қарындасым Бибіш пен
Мен-ақ тірі қалыппын.
Күн кешті Бибіш күйінішпен,
Мен-ақ көрдім жарық күн.

«Күйініш» дейтін себебі, —
Қытайлық қазақ — бір бай шал,
Әкемді алдап,— «Беремін
Матастырып қалыңмал» —

Деп он жасар Бибішті
Әкеткен... Содан хабар жоқ!..
Болдықта қалдық күйінішті,
Бірақ, істер амал жоқ!..

Бейнет пе, әлде қайғы ма,
Жасынан шешем байғұсты
Жеңді де, күштен айрыла,
Мен ес біле қан құсты.

Төсек тартып бірер жыл,
Айналып сорлы масылға,
Суалып ақыр бітті өмір,
Жиырма бір жасында.

«Әлдекалай қосылған
Жары еді» десек те,
Құса боп әкем тосыннан
Жатып алды төсекте.

Біраздан кейін байғұсқа,
Тіршілік жасар жан бітіп,
Жоқшылық айдап алысқа,
Алып кетті қаңғытып.

Осы бір түсқа килікті,
Көтеріліс,— дүрбелең.
Теңіздей шайқап ел-жұртты,
Қалмады ауыл бүлмеген.

Біздің үй де бүлініп,
Өлмеуге аштан тырбандық.
Құрыққа Тазагүл ілініп,
Болып кетті құрмандық.

Алыста әкем... бар салмақ
Түсті жалғыз әжеме.
Жүректі жүрдік жәй жалғап,
Қатықсыз, қара көжеге.

Біздің үйдің мен ғана
Жұмысқа жарар еркегі.
Бұған дейін көр-бала,
Далдаңдаған ерке едім.

Аштыққа қиын төзуім,
Қалды еркелік адыра,
Соңына түстім қозының
Жалшылық тонын жамыла.

## ТЕНТЕК ТАСЫҒАНДА

Барынша сілтеп көсілген,
Машинеміз бұзылып,
Кілт тоқтап, жіптей есілген
Әңгіме кетті үзіліп.

Шофер түсіп, көтеріп
Машинеңің капотын,
Деді: «Сабыр етелік,
Іс болды таңға жететін».

«Сусадым» деген сылтаумен,
Әлденені жұтып ап,
Тілдесіп үнсіз мылқаумен
Кетті әр жерін шұқылап.

«Сайтастың жоны, бұл» дейді,
Біз тоқтаған қыратты,
Ышқына жел үрлейді,
Тұндыратын құлақты.

Әрі, лебі өңменнен
Өтетұғын сұп-суық.
Бұл жотаны өңгерген,
Қалғандай бейне қыс туып.

Тойтарып демді ішіңе,
Тұншығып тыныс қысылып,
Болмасаң ие күшіңе,
Кетерліктей ұшырып.

Әлі де тас қараңғы,
Қоршаған бізді төңірек.
Нұрмолда ауыр дем алды,
— Болмағай,— деп,— керемет!

— Не керемет?— дегенде,
Делдие түсіп танауы.
Ыңыранып әреңге,
Қайтарған маған жауабы:

— Өзіңе мәлім, ауылдың
Шығысында Жоңғар бар.
Ежелден енесі дауылдың,
Қар жамылған заңғар бар.

Тау ішінде кезең бар,
Атанған «Жоңғар қақпасы»,
Тентек атты өзен бар,
Басы қардың нақ қасы.

Тасымаған шағында
Тізеден суы келеді,
Тасыса сел боп ағын да,
Дарияға төтеп береді.

Қарулы ат көлденең
Тырмысып әреңөтеді
Қой, ешкіні — бейне сең
Қалқыта алып кетеді.

«Жоңғар желі!» атанған
Сұрапыл қатты дауыл бар.
Іргесін түре қопарған,
Қорқады одан ауылдар.

Басталады құйын боп,
Ол да алғаш Жоңғардан.
Қашады қиыр-шиыр боп,
Жан қалмай жолда жануардан.

Қазандай тасты қаңбақтай
Домалатып кетеді.
Ызғары бетті қаратпай,
Өңменіңнен өтеді.

Биік таудың басынан
Мұз бенен қарды суырып:
Ағады Тентек тасыған,
Ел апшысын қуырып.

Бұрқанған Тентек үдетіп,
Тасыған бетте желігін,
Кетеді елді жүдетіп,
Ғарық қып малын, егінін.

Қирата қан-қақсатып,
Елдің бейғам кезінде.
Кетеді кейде оқсатып,
Тұрғындардың өзін де.

Өткен жылы Жоңғардың
Желі қатты есті де,
Тасыған Тентек долданып,
Қалдырды әрең ГЭС-ті де.

Сайдағы село үйлері
Жөнелді қалқып астаудай!
Талай зор үйлер күйреді,
Орнында шөкім тас қалмай.

Жасырмай айтсақ, жетерлік
Адамның да шығыны...
Ойласаң зәрең кетерлік,
Тентектің сондай қылығын.

Ол жайында айтатын
Әңгімем бар ілгері...
Себебім не қорқатын,
Осынау желкем түндегі?

Ұнамай тұр бұныңның
Ышқына соққан өкпегі,
Ғажап емес тым шұғыл
Тентектің тасып кетпегі.

Отары қойдың бар еді,
Жоғарырақ сағада.
Жусайтын жері тар еді —
Аталатын «Тал қора».

Тал қора тұсы кең ойпат,
Қазандай қайқаң шүңірек.
Малға пана — жел жайқап,
Өседі қалың тал, терек.

Ортасында обадай,
Құралған құмнан төбе бар.
Қарасаң тұрып анадай,
Ойпатқа тіккен сөре дәл.

Тасыса Тентек, сол тұсты
Кететін еді сел басып.
Ел жинап бойда бар күшті
Шығатын жанталасып.

Кейбір кезде елдің де
Күші жетпей қалатын.
Сыпырып кетіп сел мұлде,
Қойлар сеңдей ағатын.

Сөйте ме деп бүгін де
Жүрегім тұр өрепкіп.
Қиын болар бұл түнде,
Ел отырса керек қып.

Елге тезірек жетуге
Машина құрғыр бөгеді.
Сел басса жәрдем беруге,
Жаяу кеткім келеді!

— Не дедің?! — деппін «жаяулау»
Деген сөзге елеңдеп.
Тақырға да таяулау
Келіп қалдық төмендеп.

Қозы көш жер осыдан,
Жатыр ауылдың түйесі.
Маңайы ырыс сасыған,
Ауқатты адам түйеші.

Жетеміз тез жаяулап,
Өтіп бірер қыратты.
«Қой — деп едім,— даярлап,
Қайтарда ішем шұбатты».

Шіркін шұбат бұл кезде,
Қандай қою, қышқылтым!
Сімірсең жадырап лезде
Бітеді бойға күш бүтін! —

Сілекейім бұл сөзге
Кетті менің шұбырып.
Жететін болсақ лезде,
Бой жазғым келді тынығып.

— Жаяу-ақ, онда, барайық,
Бусанар аздап арқамыз.
— «Мақұл! Деме, «орайық»,
Төтелеп тура тартамыз!»

— Қараңғы түнде, дауылда,
Жолдан жазып кетпесек?
— Көзді жұмып табуға
Кепілмін, егер беттесек!

— Қамамай ма,— деп күлдім,—
Қырдың қорқау, қасқыры?..
— Қасқыр түгіл, Тентектің
Жеңбейді бізді тасқыны!—

Еркексініп мен-дағы
Бекіттім енді жүректі.
Жолда қаруланғалы
Алдым темір күректі.

— Не болмақ,— дедім,— жаяулап
Барғандағы ұтарың?
— Шұбатты қойған даярлап,
Сіміріп, ауылға жытамын!

— Немен?
— Ат та ермейтін,
Желмая — жүрдек гүйе бар.
Мәшіннен кем жүрмейтін
Жарау екі бие бар.

Қайсысы қолға түссе тез,
Мінеміз де тартамыз.
Аман болса қолқа, көз,
Машинедей жортамыз!

Нұрмолдамен екеуміз
Еңісті бойлай жаяулап,
Өткізбей уақытты, бекер біз,
Жол тарттық ілгері аяңдап.

Аздан кейін қараңғы
Түнге де көз үйренді.
Ентелей аттап қадамды,
Артынан бастым күйбеңге.

Біраздан кейін дауылдың
Күшті екпіні бәсеңдеп.
Ауғандай бастан ауыр күн,
Ашылы аспан әсем боп.

Елестетіп көзіме,
Ақ қылшық қара құндызды,
Тұрғандай көрдім, өзіме
Күлімдеп сансыз жұлдызды.

Кей жұлдыз ақты зымырап,
Қияға тартқан қиялдай.
Ауыр ой бастан ыдырап,
Ініне кірді жыландай.

Болмағанмен басылып,
Әлі де желден ызыңдау.
Түйткіл ойды жасырып,
Кеңеске кірдік қызулау.

* * *

Мен қазақпын, мекендеп
Өскен орман, жазықты.
Тауына кім тепеңдеп,
Бұлайша тақым жазыпты?

Тау түгіл, әрең шығамын,
Белеске көлбей жағалап.
Ылдида талай құладым,
Кей жерде кеттім домалап.

Қазір де сілем қататын
Түйешіге барғанша.
Халге жеттім жататын,
Серігім қолтықтап алғанша.

Ылдида да, өрде де,
Мен бассам аяқ ақсаңдап,
Болса да ауыр, зор дене,
Нұрмолда келеді қақшаңдап.

Ор я жартас жолықса
Секіреді лақтай.
Мен көтерем — арықша,
Баспаймын аяқ, сұратпай.

Көнбей де қоям кей жерде,
Дегеніне — «өтелік!»
Игеріп денемді әреңге,
Нұрмолда алады көтеріп.

Болдырған кезде серігім,
Деді: «Еңіске кетеміз.
Жер жоқ енді демігер,
Нысанаға жетеміз!»

Тайғанақтап қойғанмен,
Еңіске жеңіл аяңдау.
Нұрмолда еркін алды дем,
Басталды өмірін баяндау:

— Тасуын айтсам Тентектің,
Түседі еске балалық.
Қозышы боп мен кеттім,
Табанға шөгір қадалып.

Сол табанмен баспаған
Жер жоқ Жоңғар бойында.
Табылмастан басқа адам,
Қараның бақтым қойын да.

Табынмен жусап іңірде,
Табынмен бірге ерте өрдім.
Қыс тоңып шидің түбінде,
Жаз ыстыққа өртендім.

Жаз жаңбыр, қыс боранмен,
Болса да күнім алысу:
Көбіне ішіп қалам мен
Саптыаяқтан сары су.

Әйелі болды Қараның
«Сара сұлу» атанған.
Имамы бұл даланың
Оған да болды қатал жан.

«Бетінен басқа әйелдің
Бар денесі ғаурат» деп,
«Сазайыңды беремін,
Жүрмесең еркектен аулақ!» деп,—

Оқ жыландай ысқырды,
Дыбысынан ызғар сап.
Жолатпай ерден ешкімді,
Болды өлердей қызғаншақ.

Ұстады қорып бейбақты,
Жігіттер түгіл баладан.
Дейтін де «сенімен ойнапты»,—
Еркекті бетіне қараған.

Ашуланса перетін,
Түскенді алып қолына.
Көгере, талып өлетін,
Қояншық, тентек долы да...

Күн кешкенмен қорлықта
Бай болды Сара мінезге.
Қылығы жағып бар жұртқа,
Алды тартып лезде.

Ұстаса да қосағы,
Кетірмей таяқ төбеден.
Бар асын жұртқа тосады,
Кең пейіл, қолы береген.

Күйеуінің көп күні
Ат үстінде өтеді.
Халыққа жарқын беттігі
Сол күндерде жетеді.

Қолын тарта қояды,
Қожасы үйге оралса.
«Мырза» атын жұрт жаяды,
Сыйлайды жақсы адамша.

Осы Сара болмаса,
Өлер едім мен аштан.
Жең үшінен жалғаса,
Сол ғана маған қарасқан.

Қысқасы, содан басталды,
«Бармақ басты, көз қысты»,
Елемей алшақ жастарды,
Екі жүрек ұғысты.

Кездесе қалса оңаша,
Айтатыны «қарағым».
Жанымнан өтсе жанаса,
Кетеді беріп тамағын.

Белгілі жерге немесе
Ас апарып қояды.
Жабыса қалам кенеше,
Сіресе қарным тояды!

— Жетті,— дедім,— Нұреке,
Сұлуыңды мақтауың.
Толтырып аузыңды жыр ете,
Жегеніңді ақтадың.

Ақырында, сонымен,
Қайда кетті сол Сара?
— Кейінірек теңімен,
Қосылыпты бейшара.

Асықпасаң ол жайға,
Кейінірек оралам.
Келтірейік орайға,
Кеңесті айтқан манадан.—

Қостадым соны мен-дағы,
«Нұреке, сөзің мақұл» деп.
Жалғанды кеңес,— «Ел-дағы,
Алдымызда жақын»,— деп.—

Күшігінен өсірген
Болды ұялас қос итім.
Кетпейді әлі есімнен,
Сол бір, екі дос итім.

Бірі ұрғашы, бірі еркек,
Еркегін қойдық «Шыңдауыл»,
Ұрғашысын кеспелтек,
Атап кеттік «Қырғауыл».

Екеуі де көк қасқа,
Балуан дене, ірі еді.
Жаңғырып даусы тау-тасқа,
Арыстандай үреді.

Қоссаң батыл барады,
Білмейді аңнан таюды.
Кездесіп қалса жарады,
Қақпақылдап аюды.

Аю түгіл, тайыншадай
Бір рет қамап барысты,
Қан болса да шаршамай,
Қашырғанша алысты.

Аң шошырлық түріне,
Алыстан қорқып қарай ма?
Қасқырлардың бірі де
Жолаған емес маңайға.

Тек, айыбы — шабысқа
Жүйрік емес, долаңдау:
Болғанмен мықты алысқа,—
Қуып жетіп ала-алмау.

Ал, қылыққа келгенде,
Дерліктей «бетер адамнан».
Таниды бір көргенде,
Екенін адал, арам жан.

Қаппайды адал адамды,
Аттаса да басынан.
Жүргізбейді арамды,
Жолату түгіл қасынан.

Таң сәріден табынмен
Қабаттаса өреді.
Кешке тағы бағынмен
Ауылға қайтып келеді.

Малға босқа ермейді,
Күзетінде қабаған.
Ақсақ лақ бермейді,
Не қора, не даладан.

Бытырап шалғай жайылып,
Алдынан мал кетпейді.
Қалыңына қайырып,
Ұнатпайды шеттеуді.

Жұптарын жазып жүреді,
Табынның екі шетінде.
Сезілсе қауіп үреді,
Серігі жәрдем етуге...

— Иттеріңді мақтадың,
Сипаттарын жеткізе,
Аяқтамай тоқтадың,
Балалық шаққа бет түзе!

— Ескертпей-ақ, өзім де
Оралып соған келемін.
Қатпаған буын кезімде,
Айтайын иттің көмегін.

Айнымас жан серігім,—
Жүргенде қос ит қасымда,
Көншіп балалық көңілім,
Болмады уайым басымда...

Есіңде бар ма, ағажан,
Басыңнан өткен балалық?
Балдан да тәтті сол заман,
Шіркін-ай, келсе оралып!

Астыма мініп тал атты,
Тауларды кезіп кетер ем!
Тасыса, шытпай қабақты,
Тентектен де өтер ем!

Бөгелмей көңілім жұлқынған,
Не тұрса да алдында,
Тотыдай түсі құлпырған,
Күп берер едім шалғынға.

Тілді үйірте теріп жеп,
Қымыздықты жуамен,
Жалтылдап ұшса көбелек,
Жан таласа қуар ем!

Шаршамас ем ертеден
Қара кешке қуғанға.
Жидектей қызыл — бөртер ем,
Жүгіруден тынғанда!..

Бәйтеректен араның
Бал салған тауып қуысын,
Алар ем тыңдамай талайын,
Толғанша екі уысым!..

Шақса өлтірер жыланның
Тілі мен тісін суырып,
Түгі де кетпей шыдамның,
Алар ем белге буынып!..

Құрғақтардағы құстардан
Жұмыртқа қоймай шағатын,
Өлтірер едім дұспанды
Құмырсқаға талатып!..

Сақсынған ұшқыр аңдарды,
Жібермей-ақ ұзаққа,
Деп күліп — «байғұс алданды»,
Түсірер едім тұзаққа!..

Бір сәттерде сыймаған
Секілденіп жерге мен:
Жүк болмай жанды қинаған,
Шыңдарға шырқай өрлер ем!

Жып-жылтыр және тым тіп-тік,
Болмай бөгет қия-шың,
Көрер ем көзбен бүркіттің
Жан көрмеген ұясын.

Жетпес еді батылым,
Балапанын алуға.
Қалықтап ұшып ақырын,
Қымс етсем бүре қалуға,—

Қандыгөз ұя басары
Кетпес еді айналып.
Жамылып ылғи тасаны,
Құтылар едім айла ғып!

Сырғыр едім төменге,
Сарқырама суындай,
Ауырмас еді денем де,
Дем тартар едім буынбай!..—

Осы бір тұста төменнен
Ит үре қалды шәуілдеп,
Нұрмолда сөзден бөгелген
Тоқтады «жақын ауыл» деп.

— Кетіппін,— деп,—көлденең,
Балалық шаққа қызығып.
Айтайын!— деп,— енді мен,
Әңгімемді тұжырып.

Балалық шақты есіме
Алмадым, Сәке, босқа мен.
Жатпай бір күн шешініп,
Жарымай киім, асқа мен.

Қайнағанмен дамылсыз,
Қазанында бейнеттің:
Балалықпен уайымсыз,
Қорлықта жүріп ер жеттім.

Қожаның құрдас баласы,
Болмады биік кегейден.
Мен он бестер шамасы,
Жігіт болдым серейген.

Жалпаймасам көлденең,
Тұрқым содан артқан жоқ.
Шешемдей ірі — бар денем,
Кескінім, бірақ, тартқан жоқ.

Жалшылық жаншып жасымнан
Боп өскен соң бұйығы,
Басымнан сөз асырған,
Адамның болдым тұйығы.

Керкілдесіп кісімен,
Бетінен жанның алмадым.
Көптің қашып ішінен,
Жиылған жерге бармадым.

Біреулер: «Түсті,— деп жатты,—
Тағынан құлап ақ патша».
«Ақ қашып, қызыл кеп жатты —
Жоқ-жітікті жақтаушы».

Біреуі де бұл сөздің
Құлағыма кірмеді.
Бәрінен қызық, тау кезіп
Қойды бағып жүргенім.

Қара — қожа сол тұста,
Балалы қаздай байпаңдап,
Айналды, бейне «туысқа»,
Қожайынсымай айқайлап:

Итінен жаман ұстайтын
Жалшыларға күтім боп,
Ыстық, суық қыспайтын
Халде, киімін бүтіндеп.

Бір ісің бұрын жақпаса,
Бәріне қазір ырза боп,
Ас бермей бұрын боқтаса,
Енді ашық қол мырза боп...

Бара берсе осылай,
Жалшы боп мәңгі кетер ме ем.
Қойса Тентек тасымай,
Ашуымды көтерген...—

Серігімнің кеңесін,
Құлағыма құя кеп,-
Болсын деп оған демесін,
Дыбыс қостым «Иә» деп.

— Жиырма бірінші жылды біз,
Атаймыз ғой «тауық» деп,
Жер тақыр мидай, сол жаз, күз,
Жұтарлық төнді қауіп кеп.

Қайдан болсын,— ала жаз
Аспаннан жаңбыр тамбаса,
Тауға шығар кедей аз,
Байларменен тармаса.

Тауды барып жайлайтын,
Көлік қайда, күш қайда?!
Байдан сұрап алмайтын
Себебі,— ертең қыспай ма?

Тақыршылық соққан соң,
Осылайша төтеден:
Кедейде не күй сақталсын,
Мал болды жазда көтерем.

Жал-құйрығын жылқылар
Тауысты түгел жұлып жеп.
Қойда түк жоқ қырқылар,
Қызыл шақа — жүнін жеп.

Салқын тауда, биікте
Бай жатса малын семіртіп,
Ұшырап кедей күйікке,
Көбейді сасық өлімтік,

Тауға бағып жаз бойы,
Малдарын Қара қожа да,
Қауіпте жоқ еш ойы,
Ілікпеді бір мал қазаға.

Лажсыз жылжып етекке,
Таудың қары төмендей,
Күп перді жетіп Тентекке,
Шалғынға — жасыл берендей.

Сыдыртып Тентек сайларын,
Күз бойына жайлап ап,
Балқашқа қыс қойларын
Болды Қара айдамақ.

Мың шақты қойға әжеммен
Екеуміз ғана бақташы.
Бір сәтте қондық кезеңге, —
«Мал қораның» нақ қасы.

Қожаның үйі таудағы
Тоғайлы бір саяңда.
Ит, құспен аң аулайды,
Сирек кеп малды жаярда.

Айтпадым ба есуін,
Жонғардың желі кенеттен.
Ел қашып одан, көшуін
Жылдамдатып тез өткен.

Жабылып ел, малдың да
Тастамай бәрін айдаған.
Қалғанның дауыл алдында,
Ілезде соры қайнаған.

«Тақыр тауық» күзінде,
Біз де сорға іліктік:
Қаһары түтеп жүзінде,
Бас салды дауыл ұлып тік!

Күндіз емес және түн,
Жатқан шақ шырт ұйқыда.
Боп кетті дүние шу, ың-жың,
Тигендей қасқыр жылқыға.

Төбеге тіккен күркені
Әкетті дауыл ұшырып,
Тоғайды жайпай өртеді,
Жер ошақ оты ұшынып.

Шошынып біз оянып,
Ұйқыны ашып үлгірмей,
Тасқыны Тентек таянып,
Келе жатты күмбірлей.

«Ә» дегенше болмай-ақ,
Төбенің маңын сел басты.
Маңыраған малды аяп,
Қорғауға жан таластық.

Жүретін иттер бұл, мезгіл,
Алыста үріп аңсырап:
Талағандай жел ызғын,
Тығылды бізге қаңсылап.

Ағыны екпіндей су өсіп,
Кетті асып тізеден,
Сырғыта әкетті сіресіп,
Бұқадай, бейне, сүзеген.

Амалың жоқ, сонда да
Екпіндеген тасқынға.
Жөнелді толқын малды ала,
Ұқсап қуған қасқырға.

«Сақтайтын бар ма?!» дегендей,
Шуласты қойлар маңырап.
Үрей боп әжем өлердей,
Жіберді жылап, аңырап.

Мен түстім селге күп беріп,
Шықпақ болып қойды алып.
Әжем де түсті шылп беріп,
«Қайттім,— деп,— құдай?!» зарланып.

Жөнелді жұлқи Тентектің
Мені де қатты екпіні.
Десем де «мықты еркекпін»
Жедім одан тепкіні.

Ыққа ағып кеттім де
Әрең деп қана оңалдым.
Бір төбеге лектім де,
Алқынып зорға дем алдым.

Орала ғап басыма,—
«Әжем қайда?!» деген ой,
Қап-қара судай тасыған,
Дүрілдеп кетті тұла бой.

Бұндай халды көрмеген,
Қиынға талай төзе кеп,
Даусымды қоса желге мен,
Салдым айғай «әжелеп».

Қайталасам сан рет,
Қайтарар жауап дыбыс жоқ,
Барады сыздап жан жүрек,
Алқынды өкпе, тыныс жоқ.

Құм топарақты сапырып,
Кетті су, сары көже боп...
Зарлана бердім бақырып,
«Әже!.. Әже!.. Әже!..» — деп!..

Қасымда Нұрмолда тұрғандай,
Сол қалпында шырылдап.
Төбемнен найзағай ұрғандай,
Кетті бойым шымырлап.

Дедім: «Мына зарыңа,
Мен де өліп кетермін!
Түсір де жылдам жадыңа,
Тез айтшы, тоқ етерін!»

— Арт жағында көп сөз жоқ,—
Деді Нұрмолда — созатын.
Кетеді енді кек сөз боп,
Қайғы мен ашу қозатын.

Қояншық ауру секілді
Тасқын да Жонғар желі де.
Бұрқан-тарқан көпірді,
Ойнатып жынын өңірге.

Бір кезде буған жынынан
Екеуі де айығып,
Бәсеңдеп дауыл ұлыған,
Су да кейін жайылып,

Түксиген қабақ табиғат
Ашуын бойдан таратып,
Бола қалды рақат,
Арайлап алтын таң атып.

Мен тізеден саз кешіп,
Денемді сүйреп әзер деп,
Шықсам да қоймай төбешік,
Ешбір жерде әжем жоқ!..

Және де ешбір сыбыс жоқ,
Қойлардан я иттерден.
Зарландым «өлген дұрыс деп,
Тірі қор боп бүйткеннен!..»

Шөп оралса аяққа
Сүрініп, діңкем құрыды...
Сап ете қалды құлаққа,
Бір кезде иттің ұлуы.

Селк еттім де, селтиіп.
Тұра қалдым елеңдеп.
Құм төбеден үрпиіп
Келеді бір ит төмендеп.

Саз, топырақка бар дене
Ұйпа-тұйпа малшынған:
Зілді ауыр әлде не
Басқандай бойы жаншылған.

Секілденіп сүйегі
Күл-талқан боп қираған,
Сенделіп, жоқтай сүйері,
Басады аяғын қиралаң.

Таянғанда таныдым,
Өзіміздің Қырғауыл!..
Кеткен ғой алып қаруын,
Долы тасқын, сұм дауыл!

Атын атап «күшім!» деп,
Жақындап едім, жалт берді.
Айтқандай «өзің түсін!» деп,
Жалт бұрылған жаққа үрді!..

Ой келді: «Маған аңдатқан
Болмаған еді ишара!..
Әжеме алып бармақ па,
Бастап мені бишара?»

Жан ұшырып жүгірдім,
Қалмай иттің соңынан.
Жыңғылға жетіп кідірдім,
Шәуілдеп қаншық торыған.

Малшынған сазға киімі,
Жастанып құмды, қырынан
Жатыр әжем бұйығы,
Әл бітіп, сүлдер құрыған!..

«Әжетай!» деп бас салып,
Көтеріп алдым кеудесін.
Кеткендей бойға күш дарып,
Мені аман көрген соң,

«Нұржаным!» деді кемсеңдеп,
Бетіме бетін тигізіп.
«Тілеп ем тірі көрсем!» деп,
«Қоштасса,— деп ем,— сүйгізіп!»

Көрдім, сәулем, тірідей,
Тілегім теріс болған жоқ,
Енді іркіттей ірімей,
Өле қалсам арман жоқ!..»

Қысқарсын, ұзақ сөз енді,
Жаңартпайын жаңқалап,
Түйіні: әлсіз әжемді
Жеткіздім қосқа арқалап.

Жинастырып шошайттым,
Дауыл шашқан күркені.
Ақсарыбас қоса айттым
«Болғай,— деп,— әжем, тек тірі!»

Суға кеткен қойлардан
Не сыбыс, не хабар жоқ,
Сыздайды жүрек ойланған,
Бірақ, істер амал жоқ!

Бай да жетті іңірде,
Мінген атын борбайлап.
«Қалдырмай малдың бірін де
Қырдың ба?!» деп айғайлап.

Хал-жайды көріп, талықсып
Атынан аунай құлады.
Ашуы кернеп, ал өксіп,
Сақалын жұлып жылады.

Жұбатқан мені қамшымен
Жіберді тартып басымнан.
Жаңбырдан аққан тамшымен
Бір болды қаным жосыған.

Қараның халін түсініп,
Қол да, тіл де қатпадым.
Тек, «таяқтан ұшынып
Кетер» деп көзді сақтадым...

Әжем шықты ойбайлап,
Сенделіп жан таласа.
Қараға — «Тақсыр, қой-қойлап»,
Жылады тілеп араша.

Араша түгіл, әжемді
Жіберді түйіп кеудеге!..
Қарайып кетті көзім де,
Қалтырап кетті бар дене.

Сол бір шақта, Тентектей
Бұрқан-тарқан тасыппын.
Ұмар-жұмар жентектей,
Қараны астыма басыппын...

Шеңгелімді бүркіттей,
Әлдекімдер қайырып.
Қылғындырып өлтіртпей
Алыпты Қараны айырып...

Айырғаны құрысын,
Болған қайғы-зары көп!..
Тоқтатқан әжем тынысын!..—
Кеудесінде жаны жоқ!..

Зілдей қайғы басқанда,
Сылқ еттім сұлдем құрыды:
Қырғауыл қарап аспанға,
Үн қоса маған ұлыды!..

## МАХАББАТ ЖОЛЫ МЫҢ ТАРАУ

Алдағы бұйрат белесте,
Көсіле ойнаған, көмескі,
Әлде не жарық елестеп,
Жіберді бөліп кеңесті.

Жарқ-жұрқ сәуле көбейді,
Топала ойнаған түлкідей.
Нұрмолда кенеп көмейді,
Жиырыла қалды кірпідей.

Неге өйткен себебін,
Сұрап едім саумалап.
— Қауіптеніп келемін,—
Деді,— іштей «сауғалап».
— Неге?

— Тентек долданып,
Болмағай еді, тасыған!..
Қайтпағай еді көп жарық:
Бұзылған көпір қасынан!

Нұрмолда солай деді де,
Жүгірді ойға ентелеп.
Тырыстым мен де еруге
Күрегіммен жер тіреп.

Ұшты төмен, тың адам
Секілді, артына қарамай:
Кей кезде таудан құлаған
Тастай болып домалай.

Асфальтті жол сол сайды,
Тартылған екен жиектеп.
Жарқыратқан маңайды,
Фарлар жетті иектеп.

Ортасынан тар жолдың
Тігіле қалып, алшы боп,
Құлашын жазып қос қолдың,
Нұрмолда тұрды қалшиып.

Екпіндеген «Победа»,
Шұрр етіп, кілт тоқтады.
Ай-түйге шофер қарамай,
Сыбап бізді боқтады.

«Естерің дұрыс адам ба,
Бұл тұрыс, қай тұрыс?!» деп.
«Түнде байқай алам ба,
Жол ирелең — бұрыс?!» деп.

Қылмыстыдай біз тегі,
Болған кезде ұрарман,
Машинелер тізбегі
Тоқтай қалды шұбалған.

Қоршаған топтан таныдым,
Малдыбаев Ысқақты.
Тоқтатты басып қарығын,
Көрсеткен бізге қыспақты.

«Тұрмысын, шырақ, танымай?
Құрметті бұлар адам!» — деп,
«Қойсайшы, босқа налымай!
Шығын жоқ, бәрі аман»,— деп

Деді шофер: «Не пайда,
Бұлардың маған атынан?
Он бес жыл алу оңай ма?
Әрі кетсе,— атылам!»

Бізге шофер жекіріп,
«Жүріңдер! — деп,— абайлап!»
Руліне барып отырып,
Ілгері қарай кетті айдап.

Басқалар да ілесе,
Артынан оның шұбырды,
Өзгелерін түгесе,
Ысқақ қана кідірді.

Бірінші сөз: «Апыр-ау,
Жүрсіңдер жаяу қай жақтан?
Білдіңдер ме, батыр-ау,
Оқиғаны сорлатқан?!»

Қосарлана «Не?!» деп ек,
Жауабы: «Тентек қиратты!
Селге толып сай-өзек,
Қой атаулы суға ақты!»

Нұрмолда: «Шырақ, не дейсің?!
Ойының ба, шының ба?!»
Нүреке, баспен төлейсің,
Баттың ауыр шығынға!

Бүгін түнде кенеттен,
Дауыл мен тасқын бастала,
Ести сала көмекке,
Аттанды барлық астана.

Машинеге қарамай,
Самолетпен бардық біз.
Қауіптің алдын орамай,
Қапыда, бірақ, қалдық біз.

Біз жеткенше сел қаптап,
Отардың орны тып-типыл.
Құм төбеде қонақтап,
Қойшы тіккен құр үй тұр!..

Көмек ете барғанда,
Әлгілердің барлығы —
Санын соғып қалғандар,
Тасқынға өтпей жарлығы!»

«Бұл не деген масқара,
Бақытсыздық еді?!» деп,
Секілді, бейне, жас бала —
Жіберді Нұрмолда еңіреп.

Қайғыға шомып, қалтырап,
Нұрмолданың бүлгені,
Сұрлана қанын тартып ап,
Ысқақтың ойына кірмеді.

Тек айтқаны — «Таппадық,
Сізді қала, даладан,
«Бастық қайда?!» деп халық,
Арадай бізді талады!»

Жайдан-жай тұрып, менің де
Терлеп кетті маңдайым.
Жабырқаған көңілде,
Аз сөзбен айттым жол жайын.

Деді Ысқақ: «Мен-дағы,
Ендеше кейін орайын!
Ашулы ғой ел-дағы,
Өзім ертіп барайын!»

Машинеге бұрылған,
Сүмірейе отырдық.
Шығынға қатты ұрынған,
Қынжылып іштей өкіндік.

Ысқақ алда, біз артта,
Заулап мәшін сылаңдап.
Лезде ақ таңдақ та,
Білінді алдан қылаңдап.

Жел де енді бәсеңдеп,
Болды көзін ілгендей,
Күн шексе кесте әсемдеп,
Тұра ма бұлт түрленбей?

Түрленген бұлт өртене,
Өрледі аспанға асыла.
Кигізді ғажап сәукеле,
Шоқылардың басына.

Тоты қанат таң нұры,
Аспанға кең жайылып,
Құлпырды жердің ой-қыры,
Шәйі шапан жамылып.

Көркейгенмен табиғат,
Түспенен талай құбылыс,
Тіл қатыспай, жандай жат,
Біз отырмыз тым-тырыс.

Отырған шақта осылай,
Тартып ішке тыныстъ:
Қоя ма адам шошымай!
Естісе кенет дыбысты?

Ысқақтың даусы!.. «Жолдастар!»
Деді.— Атты-ау, таң ғажап!
Жақұттай жайнап сұр тастар,
Түрленіп кетті-ау, тау ғажап!

Керемет әсер береді-ау,
Ақындар түгіл, басқаға!..
Әдемі ойлар келеді-ау,
Күш жетсе, жазып тастауға!..

Осындай жарқын дүниеде,
Сіздерді келем кейітіп...
Жегізіп жанды жүдеуге,
Болған да жоқ, тегі түк!..

Мал да аман, жан да аман,
Тасқыннан тасты қалқытқан.
Жәй сөзім еді алдаған,
Сіздерді мана қорқытқан.

Шынын айтсақ, жолдастар,
Дауылдың рас соққаны:
Арнасына сыймай тар,
Тентектің таси аққаны.

Колхозшылар күн бұрын,
Сезініп осы қауіпті,
Болмаудың мал мен жан шығын,
Әдісін тез тауыпты.

Төсепті тақтай, тар торап
Темір жолдық көпірге,
Фар жаныпты жарқырап,
Қой айдалар бетінде.

Шулаған қой айдауға,
Жүрмепті, бірақ бұйығып.
Олар жатқан сайларға,
Кеп қапты Тентек құйылып.

Жан басы сүйрей жөнелген
Қойларды бірден-екіден.
Кейінгі қойлар бөгелген,—
Сөгіле ерген шетінен.

Артқы жағын қалқыта
Үлгергенмен су басып,
Айдаушы қойды малтыта
Ап шықты жан таласып.

Тасқынға бермей бір малын,
Өткізген түгел көпірден:
Құрытып Тентек амалын,
Екпіннен қайтқан лепірген.

Су сарқылып арнаға,
Басылған сол кез дауыл да.
Күзетіп аз жан ғана,
Басқалар қайтқан ауылға.

Самолетпен ұшып кеп,
Осы жайды көрдік те:
Оралдық кейін риза боп,
Жұрт жасаған ерліккеl..»

Түсініп енді «қыспақты»
Нұрмолда — буыны бекіген,
Қапсыра қысып Ысқақты,
Сүйіп алды бетінен.

Көншіп көңіл, қуанып,
Шүкіршілік еттік біз.
Кеткенін білмей су алып
Көпірге де жеттік біз.

Жалпақ, мықты көпірді,
Әкеткен тасқын суырып.
Әлі де жынды секілді,
Ағады Тентек буынып.

Кесек тастар түбінде,
Сырғыды сумен күтірлеп.
Ақ көбік ойнай жүгірген,
Бусанады түтін боп.

Жаңқадай қалқып барады,
Толқынға жуан бәйтерек!
Ілінсе бізге араны,
Күл болар ма ек, қайтер ек?..

Нұрмолда қарап тұрды да,
— Қатты екен,— деді,— екпіні!
Құшады сені қылғына,
Бассаң болды, тек, бұны!

Жаяу түгіл, ат түгіл,
Жығады грузовикті де.
Босатпай талай ақты бұл,
Ең жүзімпаз итті де!

— Арғы жаққа өтуге,
Ағын өткел бермесе,
Ауылына жетуге,
Не амал бар, ендеше?

— Темір көпір маңына
Машинемен барамыз.
Оның арғы жағына
Ат шақыртып аламыз.

Почтасынан Ақсудың
Қояйын ауылды хабарлап,
«Білмеді-ау, жайын,— деп,— судың»—
Отырған болар алаңдап.

Телефон соғып алған соң,
Көпірге тез жеттік біз.
Ысқақпен қоштасып қалған соң,
Ар жағына өттік біз.

Әлденедей себеппен,
Күткен аттар келмеді.
Киімнен қызу лебі өткен,
Күн аспанға өрледі.

Саябыр салқын самал да,
Осынау кезде тына ғап,
Бұлыңғыр ауа заманда,
Көгілдір түспен тұна ғап:

Желпінген сайда сағымның
Жібегі жұқа, күлтілдеп,
Манағы долы ағынның,
Екпіні енді бүлкілдеп.

Сарғылттау сүттей, бетінен.
Сыпырып алған қаймағын,
Егіннің орны шетінен
Көз жетпес кеңдік аймағың.

Әлдеқайда... жырақта...
Жұмыстан жүрген босамай,
Трактор үні құлаққа
Ызыңдайды масадай.

Белгісіз тұста тағы бір,
Қояды поезд қиқулап.
Ін маңында суыр жүр,
Сақсына оттап, шиқылдап:

Ешкібас пен Тақырдың
Жан біткендей тасына,
Өрген малдар жыпырлап,
Өн бойына шашыла.

Жоңғардың қарлы жотасын,
Шыжыта күн қыздырып,
Жайнатып жалт-жұлт оқасын,
Қырқада шың, құз күліп.

Бозторғай біткен «жаз қайтты»
Дегендей шырқап аспанға,
Арасын үзбей соза айтты
Жырлаған үнін қосқанда:

Көз әрең деп шалатын
Биікте тырна тыраулап,
Қимылсыз жайса қанатын,
Кететіндей жерге аунап.

Одан төмен тізіле,
Ұшады қаздар қаңқылдап,
Жөнелердей бізді іле,
Жапалақ жүр жалпылдап.

Түрлі түс гүлдер аспаннан,
Жауғандай бейне, себелеп,
Жалтылдай ұшып жасқанған,
Нелер көркем көбелек.

Биыл да шексіз көп болған,
Жемісінің шығымы,
Халқы бөге жеп тойған,
Жанға рахат шырыны,—

Бал сорған гүлден араша,
Жан құмартып іздеген,
Осы екен-ау, тамаша,
«Қоңырсыған күз» деген!..

Жылы күн, жым-жырт табиғат,
Жанға рахат,— жер жұмақ,
Тербеткендей бөлеп ап,
Кетті дене маужырап.

Нұрмолда да сол кезде,
Аңырайта ауызын есінеп,
«Келетін аттар лезде,
Кешіккені несі?!» деп.

«Қисая қалғып алуға,
Жердің беті дымқос» деп,
«Аяңдап ақырын баруға,
Сонау тұста тұр қос» деп.

«Ұйқы — дұшпан қамады,
Төңіректі қоршай кеп,
Шеңберіне алады,—
Деп,— Қәзір-ақ құрсау боп».

Деп,— «одан да ерінбей,
Қосқа аяңдап баралы!
Қалғысақ қатып темірдей,
Қоста тез ұйқы қанады!»

Біз осыған келістік,—
«Жазған құлда шаршау жоқ»
Кеңеспен ұйқы бөлістік,
Ақырын ілбіп, алшаң жоқ.

Нұрмолданың әйелін,
Атайды «Ақжарқын» деп,
Көп қойылтпай бояуын,
Үйленген қалай қалпын, тек,—

Білмек боп, қойшы қасына
Келе жатып, аяңдап,
— Болайық,— деп,— ашына
Өтіндім — бер,— деп, баяндап!

Білгенімді бұл жайда —
Деді Нұрмолда, аянбан.
Сүюім басқа, алай да,
Қозы Көрпеш, Баяннан.

Ақжарқынға Қозыдай
Туа ғашық болғам жоқ.
Бесікте жылап азынай,
Лапылдай от боп жанғам жоқ.

Не Төлеген болғам жоқ,
Көш бойлап, қыз таңдаған,
Қособада қалғам жоқ,
Жібекке жету боп арман.

Мәжінүндей, немесе,
Санадан солып кепкем жоқ,
Ләйлі не демесе,
Жынды болып кеткем жоқ.

Бірақ, мен де әйелге,
Ұйыған жоқпын көрінген.
«Әу, Ақжарқын!» дегенді
Атаймын сүйген көңілден.

Қайтемін жұрттың, ол барда,
Баяны мен Жібегін?
Байланып соған қалған да,
Өмірлік жан жүрегім.

Неліктен оны таңдауды,
Болғанымменен әйел көп,
Қысқаша ғана толғаулы.
Берейін сөзбен дәлелдеп.

Бұл сөзге құлақ елеңдеп.
Кетті ұйқым ашылып,
«Тыңдауға әзір келем» деп,
Құлақ түрдім асығып.

— Бастайын,— деді,— кеңесті,—
Бұл жолы да әріден.
Боп қалған сөзден көмескі,—
Қажетті маған, бәрінен.

Өмірімде ең ауыр
Батты әжемнің ажалы.
Жыртыла жүрек боп жауыр,
Жанымды жеді азабы.

Тіріде сүйген әжемді,
Өлген соң сүйдім мың есе,
Бұдан гөрі төзер ем,
Пышақпен денемді іресе!

Өткізгем жоқ еш түнді,
Әжемнің қабырын күзетпей,
Тыйдым ойын-күлкімді,
Жүдетті қайғы сүзектей.

Қатынынан айрылып,
Қаңғырған әкеме бармадым.
Қытайдан келген қайрылып
Атамның тілін алмадым...

Бауыры мұздай қара жер,
Біртіндеп көңілді суытты.
Еңбекте төккен қара тер,
Таратты бойдан уытты.

Селге аққанмен қойлары,
Бай адам, тегі жұтай ма?
Кім білсін, нені ойлады,—
Қашты Қара Қытайға.

Содан кейін жалданып
Мен қақпаған есік жоқ.
Аспабын қажет қолға алып,
Атқармаған кесіп жоқ.

Олардың бәрін жазбақ боп,
Қалам алсаң қолыңа,
Кең жайыла қоздап кеп,
Сыймайды нелер томыңа!..

— Нүреке, келер оның да,
Алдағы күнде кезегі.
Әңгімеңнің — жадыңда,
Үзілмесін өзегі!

— Болсын!.. Бірақ, керек қой,
Оған да шығар баспалдақ.
Тонналарым бөлек қой,
Айтайын азын мысқалдап.

Жүре бердім сол бетпен,
Айдалғанша ірі бай,
Жалшылық жастан терлеткен,
Бітпеді олар құрымай.

Байлардан кейін жалдандым,
Бірер жылдай кулакқа.
Бейнетпен ауыр, сандалдым
Ауылдан кетіп жыраққа.

Жүргенде, сөйтіп, жойылды,
Село мен ауыл кулагы.
Кедейлер қосып мойынды,
Бірігіп басын құрады.

Қинамадым мен жанды,
Кесіп іздеп, жүріс қып.
Құшақ жая қарсы алды
Құрылып жатқан Түрксиб.

Жапыра істеп жұмысты,
Еңбегім болды өнімді.
Ұнаттым қатты бұл істі,
Күйге түстім көңілді.

Осы бетпен, мүмкін, мен
Жұмысшы болып кетер ем,
Айырған ойын-күлкімнен,
Келмесе пәле төтеден.

Дегенім «пәле» — әкемнің
Ашығып маған келуі.
Қосыма әрең әкелдім,
Жақын екен өлуі.

Жаяулап зорға жетіпті,
Қолына ұстап тал таяқ.
Денесі күп боп кетіпті,
Бет-аузы да жалқаяқ.

Сұрастырсам сорлыдан,
Атам да осы күйде екен.
Жоламайтын жан бұған,
Екеуі бір үйде екен.

Кедейлерге бұлар да,
«Қосқан екен мойынын».
Өзге түгіл, ұлы арман
Етіпті асқа тоюын.

Оған-дағы жарымай,
Аштықтан кеуіп ісіпті,
Әкемді қалдым танымай,
Жан шошыр халға түсіпті.

Тарығып, солай несіпке,
Қалса да кеуіп бірі боп,
Мен атқарған кесіпке,
Өлсе келер түрі жоқ.

Қиын болды безуім,
Жүдеген әке, атадан.
Қайталанды төзуім,—
Бейнетке қолды матаған!..

— Матауың не? — дегенде
Нұрмолданың жауабы,—
— Асыра сілтеу бұл елге,
Қырын кеп, жүдеп-жадады.

— Жаңа еңбек — ТОЗ-ында,
Тақыр кедей — қырық үй бар.
Құдайдың жалпақ жазында
Қырық сиыр — арық, тыртиған.

Он ат және бес бие,
Шетінен бәрі көтерем.
Жарамды көлік — үш түйе,
Бар жүрісті өтеген.

Түрені өтпей ескірген,
Жеті ескі омаш бар.
Кемпірдей тісі кетілген
Тоғыз тырма ағаш бар.

Тұрманы тозған ер-тоқым.
Табыла қалса, жүген жоқ,
Басқа асбап та қоң-қоқыр,
Кей сайманнан сілем жоқ.

Жаралы жандай өн бойын,
Шандыған екі арба бар.
Өзгесін тізе бермейін,—
Он күрек, бес балға бар....

Адамның «ас» дегеннен,
Мысық құйрық татқаны.
Күнде «қашан өлем мен?» —
Жан біткеннің айтқаны.

Голощекин антұрған,
Осындай халға келтірген.
Күн көрер күші сарқылған,
Айырылды ел түрден.

Бұл қатені партия
Тез көріп, тез түзеді,
Еткенді зиян халқына,
Күлкі ғып елге күзеді.

Алғаш колхоз егінді,
Сепсе де жыртып күрекпен,
Ісіне болып сенімді,
Атқарды адал жүрекпен.

Мен де жүрдім, сол топтың
Қатарында алдыңғы.
Рахатын көрмекпін,
Жұмысым жүртты таң қылды.

«Қырсыққанда іриді,—
Дегендейін,— қымыран»,
Демеп ем,— «діңкем құриды,
Тағы кеп дүние қырынан».

«Байғұстың мұрны қанайды,
Тисе,— депті,— аузына ас».
Аш табы өткен талайғы
Әке, атама қылдым қас,

«Қас қылдым» демей не дейін:
Оңалудың орнына,
«Ішейін де өлейін»
Дегендей майға тойды да,—

Қара құрт шаққан адамдай,
Молайды ісіп-кебуі,
Шөкті де қалды тұра алмай
Мәлім боп енді өлуі.

Өлігімен қоштасып,
Екеуін де жерледім.
Қайғыға қайғы ұштасып,
Еш болды, еткен еңбегім.

Сыздаған ескі жараны
Жаңа қаза білтелеп,
Даланың жеке дарағы,—
Қуарған болдым, бір терек.

— Жығылғанның үстіне,—
Дегендейін,— жұдырық».
Әкетті әл-күшті де,
Безілдеп безгекке ұрынып.

Жатып алдым жүре алмай,
Шеттегі есіз кепеде.
Сілем қатты, тың алмай,
Қысылып өкпем жөтеле.

Колхозда бастық ол кезде
Ауғанбай сұм Қайықов.
Жұрт мүлкін жеп лезде,
Жіберді өзін байытып.

Аясын ба, арзанды,
Ақшаны төкті араққа.

Сормағаны аз қалды.
Күн-түн жүріп қонаққа.

Бұғалтыр ғып бай ұлы —
Алдамжаров Сейітті,
Болмай тұк те қайыры,
Екеуі қатты кейітті.

«Өлді»-ге жорып маңыма,
Жан жоламай безгенде,
Шипа болып жаныма,
«Өлі балық» кез келді.

«Өлі балық» дегенім,
Тірі балық — Ақжарқын.
Сол ғана берді көмегін,
Төнген шақта ажал тым.

Жатқанда жан таласып,
Жөтелге бір күн булығып,
Есікті біреу кірді ашып,
Қарауға әл жоқ, дым құрып.

Еппен басып аяғын,
Қасыма таяу келді де,
Сыбырлай айтып аяуын,
Басымды сүйей берді де:

«Бүйенге құйған мына бір
Көжеге қатқан сүт» деді,
«Жүректі жалғап сусын қыл,
Кәзір де аздап жұт!» деді.

Сімірсем көже орасан,
Қышқылтым және сап-салқын!..
Әкелгенге қарасам,
Жәй жүз таныс — Ақжарқын!..

Естігем: «Ата-анасы
Құлдықта шіріп өлген» деп,
«Бірер ай бұрын шамасы,
Қытайдан ауып келген» деп.

Не себепті?.. Кім білсін,
Түскенін маған мейірі?

«Жаным-ау, қалай тірісің,
Бұл түрмен!..» деп кейіді.

Содан кейін, күн сайын,
Үздіксіз келді қасыма.
Түзеліп ішкі сарайым,
Оңала бердім асына.

Оңалған сайын бәсеңдеп
Айыға берді безгегім.
Әрі әкем, әрі шешем боп,
Көрмесем бір күн төзбедім.

Азғантай күннің ішінде,
Тар дүнием кең жайылып,
Толықты бойда күшім де,
Құлан-таза айығып.

Ұзын сөздің түйіні:
Ақжарқын болды періштем!
Қалтқысыз көңіл ұйыды,
Жұбай болдық сеніскен!..

Нұрмолданың кеңесі
Болмағанымен қымқалау:
Кәне, оқушым, демеші,—
«Махаббат жолы мың тарау?!»

## ШАЛҚЫҒАН БАЙЛЫҚ ІШІНДЕ

Алыстан төбесі қылтиған,
«Қос» деген кигіз үй екен.
«Үйген тезек томпиған» —
Дегендер шөккен түйе екен.

Ар жақтағы сайларға,
Шашырап көп үй тігілген.
Жайылған мал, ойнаған
Балалар зыр жүгірген.

«Біреу жаяу, біреу салт» —
Дегендей жұрт әбігер.

Ақ киіп, мініп ақбоз ат
Шоқытқан болар дәрігер.

Шапқылар кәзір кезі ғой
Қызып жатқан күземнің.
Баққаны істің тезі ғой,—
«Қалайша жылдам күзер кім?»

Машине я қолқырықтық
Қой терісін кесіп алмағай!
Бір шөкім түгіл, бір жіптік
Жүн қырқылмай қалмағай!

Аяғы ұзақ байланып,
Қой іші кеуіп кетпегей!
Шалағай боп байламы,
Күземшіні теппегей!

Кей семіз қой өлмегей,
Тарылып тыныс пысынап!
Қырықтықтан шошып көрмеген,
Қалмағай тоқты қысырап!

Жел де, қол да қымқырмай,
Күзем жүні жиылғай!
Киініп халық құлпырғай!
Қой түгі түгел бұйырғай!..

Осы істің бәріне
Жауапкер болар дәрігер.
Жеткенше уақыт, әлі де,
Жүрген болар әбігер.

Дәрігердің тисе көмегі,
Жақсы өтсе, күздің күземі,
Қырық мың костюм береді,
Бұл колхоздың бір өзі!..

Ауылға жақын қарсы алды
Бізді екі ит көкшолақ.
«Жат адам бар!» деп жар салды.
Айнала үріп, қоршап ап.

Аздан кейін таныған
Сияқтанып бастығын,

«Босқа үрдік» деп налыған
Тәрізді кезіп тас түбін

Кете барды, өз ара
Әлдеқайда жарысып:
Мас болған жандай бозаға:
Қаша, қуа, алысып.

Бозғылдау үйге таяисақ,
Қаңтарулы екі ат тұр,—
Тұсамай-ақ шідер сап,
Бастастырған матап құр.

Үйге кірсек, әлдекім
Диванға қырынан жатыпты.
Көзін жұмып жатқан тың,
Тани кеттік Ақықты.

Одан басқа бұл үйде
Бой жетіп қалған қыз отыр.
Европалық киімде,
Сәнденген бойын түзетіп.

Стиляга сияқты.
Тар киім емес тылтиған.
Ұмытып әдеп, ұятты,
Бар мүшесі бұлтиған.

Қызартқан жоқ ерінін,
Қан жалаған қаншықтай.
Бұзбаған бояп көрігін,
Саздағы жылтыр шалшықтай.

«Қыз» я «ұлы» белгісіз,
Бұйралап шашын кеспеген.
Әр талы тебенге бергісіз
Жалғанып қасы өспеген.

Оңбайтындай тырналған,
Қоймаған тырнақ сүйритіп.
Қасын да тонап қырмаған,—
Қалдырып қыядан бір-бір түк.

Қыз — көзіміз тоқтаған,
Түр-тұлғасы келіпті.

Жас сұлу бұзбай сақтаған,
Табиғат берген көрікті.

Шілдеде піскен жидектей,
Қызғылт көркем кескіні.
Кеудесі — кегер үйректей,
Шұбалған соған қос бұрым.

Дөңгелек қара көздерін
Қорғаштап ұзын кірпігі.
Жанары құбыла өзгеріп,
Жаутаңындай түлкінің .

Қою қасы имиген
Қанатындай қарлығаш.
Арық емес кілбиген,
Сом денесі — талдырмаш.

Құмырсқадай қыпша бел,
Қалайша тұр үзілмей!..
Қысқасы,— адам тоймай жер
Піскен, бейне, жүзімдей...

Қыз екенін ұмытпай,
Сыпайы, сұлу киінген,
Денесі тал шыбықтай
Ықшамдап іске түйінген.

Несіне тізе берейін,
Сұлулығын тағы да.
Қандай жігіт «өбейін»
Деп жүр екен бағына!..

Әркімдер ғашық болмауға,
«Екен,— деп — мынау, тым сұлу!»
Адресін бермей, алдауға,
Қояйық атын — «Нұрсұлу».

Бұл үйдің іші — бай, көркем
Кабинеттей жиылған:
Хабарды радио, таңертең
Айтып тұр қақсап қиырдан.

Мәлімет беріп ортадан
Қосарлана рация,

Қиын боп тыңдау қатардан,
Саңғырап жатыр састыра.

Не істің қалай жүруін.
Сызыққа тізе құратын,
Оп-оңай жайды білуің
Сайрап тұр айтып график.

Қаз-қатар қойған кітаптар,
Оң жақта, жалпақ шкафта.
Қалыңдар яки ұсақтар
Тізіліпті бәрін әр сапқа.

Бастарын қоса топталып,
Дегендей «кәні, ойнаңдар!»
Тұр түгел бәрі бапталып,
Музыкалық саймандар.

Емшінің дәрі-дәрмегін
Жөн-жөнімен тәптіштеп,
Бір шкафта көргенім,—
Медикалық аптечка.

Жаңа, сәнді мебельдер
Жасалған қоңыр еменнен.
Фотода түгел тұр ерлер,
Керегеге ілінген.

Бәрінің де түрінде,
Жеңіске берік сенім тұр.
Жоғарырақ төрінде,
Күлімдей қарап Ленин тұр.

Уықтарға салбырай
Ілінген нелер плакат.
Жан сүйсінер балбырай,
Бұл үйде ғажап рахат!

Кигіз үй іші жайнаса,
Секілді, бейне, жаз гүлі.
Ұлттық түрді ойласа,
Осы емес пе мазмұны!..

Біз үйге кірген сыбдырдан,
Оянып кетті Ақық та.

«Ұйқыдан, көзді тұндырған,
Қалғып ем аз уақытқа».

Деді ақсақал, әжімсіз
Беті қызыл күрең боп.
Жымиғанда жылы жүз,
Тістерін тұрдық түгендеп.

Амандық-саулық сұрасып,
Көншіге түсіп көңілді,
Білмек болдым сыр ашып,
Жаз қыздан жаңа өмірді.

Сөйлесе келе білесің
Бұл заманның баласын.
Іштей шат боп жүресің,
Сырттай қайран қаласың.

Шыққаныменен Нұрсұлу,
Жаңа ғана қауыздан.
Жұлдыздай жайнап тұр сұлу,
Күн сәулесі тамызған.

Он жылдықты шаққанмен
Өткен жазда бітіріп,
Білімді талай ұққан кең,
Құйма, құлақ — тым түрік!

Қажетті түрде хабардар
Егіннен де, малдан да.
Кететін бастап түрі бар,
Керегі, егер, болғанда...

Кітапты көп сімірген
Өмірде бар сусыннан.
Көсемсімей, кідірген,
Сыпайы қыз — қымсынған.

Ұялшақтық мінезін
Жіберсең аз жетектеп,
Біледі қалай жүзерін,
Ағады өзендей, кейде өктеп.

Домбыраға саусағы
Кем емес жортса Динадан.

Ойлама,— «сарқып таусады»
Ән-күйлерін жинаған.

Бүгежектеп әуелі,
Артынан, кезде, сыр ашқан.
Аузыңды жаппай, тек, «па-а», де,
Бір кем емес Күләштан.

Әр өнерден өскенмен,
Тұтанарлық от алып,
Мол және кең тексерген,
Білімі — радио-механик.

Малмен көшкен шақтарда,
Жайлаған я қыстаған,
Ракета аспанда аққанда,
Дыбысын талай ұстаған!..

Бұл кигіз үй боп шықты
Колхоздың «Қызыл отауы».
«Мәдени іске ұқыпты» —
Шыққан екен атағы.

Кино, концерт дегендер,
Бірінен соң бірі кеп,
Би-ән, күй, жыр, өлеңдер,—
Өнердің талай түрі кеп.

Көңілді боп көп күндер,
Осылай тез өтеді.
«Қырда оқимын» дегендер,
Кітапты алып кетеді.

Ішінде баққан көп малдың
Шүйгінді шола жайылған,
Бақташы болған адамның,
Бытыратпай малын қайырған.

Кеңесері жазушы,
Бір елден емес, әр елден.
Бірдей үлгі алушы,
Жамбылмен қатар Гомерден.

Ал, «радио» дегенің
Жер шарын ұстап уысқа,

Табады малшы керегін.
Тастамай ешбір қуыста...

Өнерге мұнша көңілді.
Отырған шақта тасытып,
Есіктен кіре көрінді.
Парторг — Әбен Сасықов.

Қоңыр өңді, толықша
Бұл жігітті танимын.
Іркілмей бұрынғы қалыпша
Бәрін де айтты жай-күйдің.

Іле кірді түйеші,
Атантай қарт Мәулімов.
«Колхоздың сусын — үлесі,
Тұрмын,— деп,— іңген саудырь

Қойшы келді ілесе,
Балақаев Құрманбек:
Тау толып кетті күн өсе,
Далада жатқан қырман боп,

«Зампред» деп атайтын.
Нысамбаев Сойдақты.
Дауылда, кеше қақайтын.
Сақтаған бес мың бойдақты.

«Электрлік аппарат,
Түзу ме,— деп,— өрісте?»
Болыпты бәрін баптамақ,
Есболатов Меңіс те.

Сексендегі қарт ұста,
Қораласов Байсары,
Жаяулап келген алыстан,
Күземге ауып аңсары.

Әжімі қатпар, қара өңі
Темірге ұқсап тоттанған,
Деп кепті «күземді көрелі»
Мүсәпіров Аппақ та.

Қажет болса күзетке,
«Сырқатпын демей тұрғалы,

Келіпті, ашуға тыз етпе,—
Нұрпейісов Тұрғали.

Қосылып ән салғанда
Жаңғыртып тау-тасты үні,
Артистер кепті бұл маңға.
Нұров Жұмат бастығы.

Қайсыбірін танимын,
Жиналғандар және бар.
Ұясындай қырғидың,
Шуласты бала-шағалар.

Нұрмолда соның бәрімен,
Сұрасып болып амандық,
Білдірді көңілін, алмай дем
Малды аралап қарарлық.

— Сәкең барып тынықсын
Иманқұлдың үйіне,
Шұбатына құныққсын,
Теріс емес, басқа күйі де:

Он бес мың сом, үш тонна
Астық,— еңбек ақысы.
Басқаннан соң іс оңға,
Шіренген байдай жатысы.

Қонағына, Имеке,
Бір бағланды бауызда!
Пісір, етін жидіте,
Бал татып тұрсын ауызға!

Сыпайысып — «Бір жанға
Қайтесін қозы сойғызып?
Дегенде: «Талай адамға
Береді ас тойғызып.

Биыл ғана қырық тоқты
Алады санап ақыға.
Үйінде оның той боптьі,
Келіпті әдейі шақыра».
— Не қылған той?

— Көріпті,
Жақында ұл — немере.

Шалқи шат боп келіпті,
Той жасау оған немене?!

— Ә, ендеше мақұл! деп,
Қостай кеттім мен-дағы.
«Қонақты көбірек шақыр!» деп,
Шуласа қалды ел-дағы.

— Ақа, Әбен екеуің,
Бұл қонаққа ере бар.
Беріңдер айтып керегін,
Әуелі, жатып дем алар.

Өзгелерің тараңдар,—
Деді Нұрмолда,— жұмысқа!
Кәне, ойлап қараңдар,
Осылай істеу дұрыс па?

— Дұрыс! — десті шуласып,
Жиналып тұрған халайық.
— Жатқан жоқ па, іс басып,
Тиісті жерге тарайық!

— Бола тұрсын осылай,—
Деді Нұрмолда, әзір іс.
Жамыла ымырт, туа ай,
Бастармыз үлкен мәжіліс!

Бұл сөздер жұртқа болғандай
Бытырасты жан қалмай,
Командирдің бұйрығы,
Шапшаңдап жүріс-қимылы.

Иманқұл тартты үйіне
Әбен, Ахық, мені ертіп,
Таң қалдым тұрмыс-күйіне,
Ең бай үйге теңелтіп.

Мәдениет мұрасын
Шамаласаң, өлшемі,—
«Емес пе,— деп тұрасың,—
Қызыл отау бөлшегі!».

Бұнда да сырнай, домбыра...
Әр тұста кітап — қыстырған.

Бір күйді, қайран қалдыра,
Радио ғажап ысқырған.

Болғанменен азырақ,
Бұнда да сәнді мебельдер.
Жүз жылы, қабақ жазып ап,
Жылтылдайды келіндер.

Жайнаған барлық жасаулар,
Қарасаң көзді тұтып қап,
Қышқылтым шұбат,— ішсе бал,
Тұр мұрынды қытықтап!..

Нұрмолда қалғыр дегенмен,
Келе ме ұйқы мұндайда?
Сергіп барлық денеммен,
Серуен жасау кірді ойға.

Шұбатқа мол сусындап,
Жасап қонақ-кәдемді.
«Келейік жортып, болса ат»,—
Деп көндірдім Әбенді.

Әбенменен екеуміз,
Салт міндік те аттандық.
Жайнай түсті көркем күз,
Жаңа сыр тағы ақтардық.

Түстікке дейін, кеңірек
Айналаны шолғалы,
Жүрісі тиышты, белі бек,
Міндік екі жорғаны.

Қаңқайған қалың көп таудан,
Бойы кіші, өзі жас.
Жекелеп көрсең қамаудан,
Ғажап тау екен Ешкіөлмес!

Жемісті ағаш тәрізді,
Бітіпті бойы жатаған.
Жасырған бойға бар ізді,
Өсімдік — аяқты матаған.

Белуардан бетеге,
Жабағыдай ұйысқан.

Еңсесін биік көтере,
Тек құрайлар құнысқан.

Солғанменен бұл кезде,
Түрлі-түсті қырда гүл.
Келіншектей боп көзге
Ағараңдайды құлқайыр.

Тұлғасы тықыр көрінген.
Қырқа да көзге толымды,
Шоқталып әр өңірден,
Көрінді күрең тобылғы.

Шылқы май боп жаралған,
Қой, ешкі және түйе үшін,
Рахаттана адам дем алған,
Аңқытты жусан иісін.

Мақтанды Әбен: — Ешкіөлмес
Жарықтық жердің құты! — деп.
Жамылған көде бұнда тас,
Жерінде жоқ жұты! — деп,—

— Жаздайды,— деп,— жарыла,
Малдар мұнда семірген.
Жеген оты ағыла
Саулайды,— деп,— желіннен!

— Ендеше,— деймін,— ел малды,
Алысқа неге айдайды?
Ешкіөлместен табанды
Аудырмай неге қалмайды?

— Кәзір, Сәке, мал көп қой:
Бір бізде қой — отыз мың.
Тақырлап түгел жемек қой,
Қалың мал шалса отыз күн!

Сондықтан күзге арнаймыз.
Қалдырып бұны кезекке,
Малды қысқа айдаймыз.
«Ақдала,» Ортаөзекке».

Бұл екі жер — Балқаштың
Жынысты қалың — түбегі.

Оның да оты асыл тым,
Мал семіріп түледі...

Жобалап жайын қараймын:
Болғанмен Әбен ойлы жас.
Шамалап халін талайдың.
Көп істе өзі болған бас.

Тайпаңдаған жорғадай,
Сөзге де қақпай ағып тұр.
Бірақ, босқа зарламай,
Барлық іске қанық бұл.

Отарларды аралап,
Қайтқанда кейін айналып,
Нұрмолда ісін бағалап
Беруін айттым, жайланып.

Деді Әбен: — Ондайға,
Сәке, менде жетпес күш.
Баяндаушы болмай ма,
Ашылғанда ескерткіш?

Колхозшылар атынан
Ескерткішті ашқанда,
«Оқы» деген хатынан,
Партком менен басқарма,—

Берейін айтып қысқаша,
Ауызша түрде ұзынды.
Нұрекең тізгін ұстаса
Етеміз несін біз үлгі.

*Бірінші үлгі* — бойына
Біткен жақсы кісілік.
Жүреді деме, жайына
Сені отқа түсіріп.

Әр кезде өзі көтеріп,
Алдымен істің ауырын.
«Сыннан бірге өтелік»
Дейтін қамқор бауырың.

*Екінші үлгі* — бойына
Дарыған мөлдір тазалық.

Алысты алса ойына,
Бітеді беймаза ғып.

Мемлекеттік, қоғамдық,
Үйлік яки әдеттік,—
Істерді түгел адалдық
Қылықты кеткен әдет қып.

*Үшінші үлгі* — сақ құлақ,
Аң мен құстан елгезек.
Жүреді тынымсыз шапқылап,
«Шаршадым,— демей,— талды өзек».

Жұрттан бұрын көресің,
Қайдағы қиын-қыстауда.
Қаласың көріп төбесін,
Болмайды жетіп ұстауға.

*Төртінші үлгі* — түп-түгел,
Жаңашыл ой-санасы.
«Қайтсем тез қолға ілігер?»
Деп, көрінсе, қарасы,—

Қалмайды қыр соңынан,
Жаңаны қуа жөнеліп,
Мол қармап, ақыр, қорынан
Игереді кенеліп.

*Бесінші* — аса сауатты
Болмағанмен оқымпаз,
Әр ісіне жауапты,
Көңіліне тоқымпаз.

Тәжірибелік істерде,
Ақыл-ойы толуы,
Сондықтан, сынға түскенде
Академик болуы.

*Алтыншы үлгі* — әкелік
Бойына біткен мейірім...
Дейді «жәрдем етелік»
Кәрі бол, жас бол — мейілің.

Саулықта, күн көрісте,
Жәрдемге біреу зар болса,

Салады аямай бөліске,
Қолында не бар болса.

*Жетінші үлгі* — тәртіпке,
Қаталдығы темірдей,
Жақпасаң, мейірім сен күтпе,
Тынбайды мүжіп кемірмей.

Түзеліп қашан болғанша,
Құлағыңа маза жоқ.
Ауыр сөздер қолданса,
Одан артық қаза жоқ.

*Сегізінші үлгі* — сүйеді,
Балаларын, жұбайын,
Бұл жөнде берік тиегі,
Демейді,— «теріс бұрайын».

Халық үлгі аларлық,
Мызғымас мықты семья.
Қосылмайды арамдық,
Кіршіксіз таза бұл ұя.

*Тоғызыншы үлгі* — жән-тәні
Кіршіксіз таза,— коммунист,
Айтары,— «құрығыр, құлқының,
Партия дәмін адал іш!

Жөнге тарт, ылғи, керекті,
Жалғандық емес, растық!
Партиялық билетті
Ұстамайық лас қып!»

— Осы айтқаның жетеді! —
Деп жібердім Әбенге.
Қалайша аты кетеді деп
Ойлаушы едім әлемге!

Ғажап болды-ау, еңбектен
Осындай да ер шығып!
Байлықты солай көлдеткен,
Еріңде бар ма кемшілік?

— Неге, Сәке, болмасын,
Періште емес, пенде ғой.

Қанша биік шарласын,
Аспанда емес, жерде ғой.

Ұлы Ленин айтпай ма,
Қатасыз адам жоқтығын?
Қаталаспай аттауға,
Кітаптық онда жоқ білім.

Мектептік оның білімі,—
«Әліп», «би» ғана бастауыш.
Сонымен білек түрініп,
Кете барды бастап іс.

Жетекшісі бұл істе.
Заманға адал жүрегі.
Нелер ауыр күресте
Жұртты жұмсай біледі.

Бақыламай сыртынан,
Жүреді қайнап ішінде.
Үкіметтен, жұртынан
Ірікпейді, білім күшін де.

Ал, кей кезде қатадан
Шалыс басса аяғын,—
Себебін айтып матаған
Асқындырмай жояды.

Оның да бар, өзінше,
Досы менен дұшпаны.
Дұшпаны мақтап көзінше,
Сыртынан пышақ ұстады.

Арыз айдап сан рет,
«—Жаман жан» деп көрсетті.
«Алдаушының бірі» деп,
Астығын, малын өлшетті.

Өлшегенде шықпай кем,
Түсті бәрі артылып.
Демесе жәй,— «бұның нең?!»
Көрген жоқ жазаға тартылып.

Кеткенде соғысқа тіленіп,
Бола тұра «броны»,

«Келсе,— деп,— аман!» тіледік,
Колхоздың көріп тірегі.

Өзі кетті соғысқа,
Жауды жеңіп келем деп,
Түрлері шаруа,— тоғысқан,
Келгенше кетті төмендеп.

Қызыметті атқарып,
Ауыр артиллерияда.
Сан жерді жаудан құтқарып,
Кетті алыстап қияға.

Жарылған доптан жарты жыл
Боп қалса да саңырау.
Әдеттен танбай жүрген бұл,—
Қиындыққа налымау.

Командирі сол кезде,
«Қайт!» десе де қайтпаған.
Ерлікпен түсіп сан көзге,
Азамат атын ақтаған.

Жеңістен кейін кеудеге
Тізіп келді орденді.
Онда да ісі өрлеуде
Болғандығын ел білді.

Орындады айтқанын,
«Жауды жеңіп келем!» деп,
Келе көрді жатқанын
Шаруа түгел төмендеп.

Ол бар кезде қақаңдап
Жүретұғын «білгіштер»,
Ол жоқта босқа қоқаңдап,
Жоқ болды жәйі түк істер.

Соғыстан келе Нұрекең,
Кірісті іске сыбанып.
Шынында ісі ірі екен,
Қайтадан байлық құралып.

Тауға өрлеген өрттей боп,
Жайыла жанды лезде,

Тез айыққан дерттей боп,
Бола қалды түрі өзге!

Ұзын сөздің, сонымен,
Қорытқанда қысқасын,—
Коммунизм жолымен,
Басқарудың нұсқасын,—

Аз ғана жылдың ішінде
Көрсетіп-ақ тастады.
Аямай ақыл, күшін де,
Колхозды дұрыс бастады.

Екі мыңдай қой басы
Отыз мыңға барды айдап.
Бұрынғы «байлар» қарасын
Көре алмады маңайлап.

«Отан сәнді киінсін»,—
Деген бастап дәстүрді,
«Игілікке бұйырсын!» —
Деп бердік миллион костюмды.

Соғымға тартқан малдарды
Кеміне жүз жыл асар ек.
Үйсек сары майларды
Ондаған мая жасар ек.

Пулеметтің оғынан
Кем емес, жауға атылған,—
Балапандар ағылған
Тынбай инкубатордан.

Байлыққа жұртты кенелтті,
Шаруаны түгел көтерді.
Он жылда колхоз жөнелтті
Екі мың вагон шекерді.

Жетістіктен биіктеп
Кетсе талай тау өсіп,
Кемдікті айтсақ түйіп кеп,—
Қасында оның төбешік!

Сондықтан да кеудеге
Қадайды ол сан жұлдыз.

Бұдан да биік өрлеуге
Дайын болып біз тұрмыз.

Ұлан-асыр халыққа
Жасалғанда тойымыз.
Нұрекеңді тарихта
Мәңгі сақтау ойымыз.

Батырдың ерлік істері
Мәңгілік болып еске түс!
Дегендей колхоз істеді
Нұрекеңе ескерткіш!

Байлықтың осы жеріне
Жеткенде, біз, санаған.
Сайдан қалтиып көріне
Шыға келді көп адам.

Самбыр кеңес дүсірге
Түре қалдық құлақты.
Шалқыған байлық ішінде
Теңедім оған бұлақты!

## ЕҢБЕК ЕРІНІҢ БЕЙНЕСІ

Эпилог

Бұл колхоздың мекенін
Атайды екен «Шұбар» деп.
Айнала еңсесін көтере,
Қаз-қатар өскен шынар көп.

Және жуан терек көп,
Сыймайтын екі құшаққа,
Екпе қайың бөлек боп,
Түр орманға ұсап та.

Таласа өскен әр ағаш,
Тіккен қауырсын қаламдай.
Тұтасқанда бар ағаш
Еңсесі биік қамалдай.

Бұл маңайда «бір» емес,
Бұл сияқты көп «қамал»,

Жалпая өскен, тік емес,
Әр қамалға боп арал,—

Нелер ғажап жемістің
Мол құнарлы дарағы,
Пайдасындай егістің
Одан да өнім алады.

Осынша қалың орманнан
Жайыла өскен шұбар боп,
Ойларлықтай бүгін жан
Орманнан қалың шығар! — деп.

Қоршаған тау да жан-жақтан
Құйылып жатқан өзендей,
Ағыла шұбап кеп жатқан
Жанға жер әрең төзердей.

Екі күн бұрын осында
Жіберіп әдейі өкілді,
Бетондап, тас қып тастаған
Тентек бұзған көпірді.

Ағылған жанға бөгет жоқ,
Келсе-дағы қай жақтан.
Ат, машине, самолет
Таусылар емес андатқан.

Күннің де бүгін ажары,
Жайма-шуақ, тамаша!..
Бейне гүлдің базары,
Адамдарға қараса.

Кеп жатқанда шұбырып
Көлікті және жаяулы,
Түрлі түспен құбылып,
Асылын киген аяулы.

Бәрінің құйылар теңізі —
Колхоздың кең алаңы.
Толғанып адам сезімі,
Қараған көз талады.

Жиналған бұлар колхоздың
Отыз жылдық тойына.

Айнала тіккен көп көздің
Оралған бір сөз ойына:

Алаңда биік бір зат тұр,
Жамылып ақ жібекті.
Арманы болып көптің бұл,
«Тез көрсет!» деп тілепті.

Көрмегенмен тасадан,
Халыққа бұл мәлім түс:
Наурызбаев жасаған,
Нұрмолдаға ескерткіш.

Бұдан бұрын жасаған,
Наурызбаев «Абайды»
«Түскен — деп, аумай— осы адам!»
Қайран ғап халық қарайды.

Одан кейін жасаған,
Уәлиханов Шоқанды.
— «Зор шебер,— деп,—осы адам!»
«Ғажап мүсінші!» атанды.

Нұрмолданы тағы да ол
Жасаған болар айнытпай! —
Деседі халық,— берген мол,
Табиғат бұған байлықты-ай!

Митинг те ашылды.
Бітті сөздер сөйленіп.
Халық құмары басылды,
Ескерткішті тез көріп.

Әлдекімдер үстінен
Сыпырғанда жібекті,
«Өзінен аумай түсті!» деп,
Қоршаған халық шу етті.

Жасалған бұл ескерткіш
Сұрғылт түсті қоладан,—
Дәл Нұрмолда,— жылы түс
«Қола» болып қараған!..

Уа, ғажап, бұл бюстің,
Болсайшы жері айныған!

Бір биеден бұл түсті
Туа да қоймас тай, құнан!

Нұрмолда мына мүсінде
Айнадан өзін көргендей,
«Мүсіннің жан бар ішінде»
Десе де адам сенгендей.

«Өзекті жанға өлім бар»
Нұрмолда өлсе қартайып.
Тұруға мәңгі сенім бар
Осы алаңда шалқайып.

Осы емес пе жақсының
Мәңгі-бақи өлмесі?
Қатасы жоқ, нақ шыны,—
Еңбек Ерінің бейнесі!

* * *

Әрбір ісі маңызды,
Жақсылыққа бастаған.
Тудырған талай аңызды,
Осындай біздің жақсы адам.

## МАЗМҰНЫ


Сұлушаш . . . . . 5
Балбөле . . . . . 80
Жетім қыз . . . . . 90
Батырақ . . . . . 109
Қанды көл . . . . . 143
Құланың құны . . . . . 153
Жүйткі, қара айғырым . . . . 174
Ақ аю . . . . . 185
Жұпархан . . . . . 228
Алдабергенов туралы ақыз . . 297



ИБ 481

**Сабит Муканов**

ИЗБРАННЫЕ В ШЕСТНАДЦАТИ ТОМАХ

ТОМ XII

**ПОЭМЫ**

(На казахском языке)

Редактор *Шона Смаханулы*. Художник *В. Григорьев*. Худ. редактор *Б. Табылдиев*. Тех. редактор *П. Вальчук*. Корректор *О. Танкишева*.

Издательство «Жазушы», г. Алма-Ата, 480091, проспект Коммунистический, 105.

Сдано в набор 20.II—77 г. Подписано к печати 8.IV—77 г. Бумага тип. № 2 Формат 84×108¹/₃₂=12,25 п. л.—20,58 усл. п. л. (Уч.-изд. л. 19,2).
Тираж 12 000 экз. Цена 2 р. 27 к.
Заказ № 116. Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли.